

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 81'42

Қолжазба құқығында

ЕРСУЛТАНОВА ГАУХАР ТИЛЕУКАБУЛОВНА

**Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға
(қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)**

6D021300 - Лингвистика

Философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған
ДИССЕРТАЦИЯ

Ғылыми кеңесшілер:
ф.ғ.д., профессор
Қ.Ө. Есенова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, профессор
Г. Гульсевин
Түркия, Измир

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ «ТІЛДІК ТҰЛҒА» КОНЦЕПЦИЯСЫ	
1.1 Публицистикалық дискурстың инвариант белгілері	8
1.2 «Тілдік тұлға» теориясының тарихи-лингвистикалық аспектісі	17
1.3 Публицистикалық дискурс үлгілеріндегі тілдік тұлғаның ерекшелігі	23
1.4 Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы лексикалық қабаттар	32
1.5 Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсындағы көріктеу құралдары	39
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	62
2. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК СИПАТЫ	
2.1 Тәуелсіздік жылдарындағы публицистикалық дискурстағы негізгі концептілер	68
2.2 «Тұлға» концептісінің когнитивтік репрезентациясы	72
2.3 Публицистикалық дискурстағы «Қазақ» концептісінің когнитивтік моделі	84
2.4 Тілдік тұлғалардың дискурсындағы «қоғам» концептісі	98
2.5. Публицистикалық дискурстағы сентенция құбылысы	105
Екінші бөлім бойынша тұжырым	112
3. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ	
3.1 Публицистикалық дискурстағы стратегия мен тактика	114
3.2 Публицистикалық дискурстағы тақырыптың мотивация тудырудағы қызметі	129
3.3 Публицистикалық дискурстағы конъюнкциялар және сөз ықпалдастығы	134
3.4 Публицистикалық дискурстағы когезия және ретроспекция тәсілдері	141
3.5 Публицистикалық дискурстағы субституция тәсілі	147
3.6 Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарындағы паремиялардың прагматикалық қызметі	151
3.7 Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы тезаурустары	157
Үшінші бөлім бойынша тұжырым	160
ҚОРЫТЫНДЫ	162
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	168
ҚОСЫМШАЛАР	175

АНЫҚТАМА

Адресант және адресат – мәтіндегі қатысымдық өзара әрекеттің басты нысаны. Адресант адресатқа мәтін арқылы қандай да бір ақпарат жолдайды. Ақпарат өзінің функциясын толық атқару үшін контекст болуы қажет. Контекст адресат арқылы тілдік немесе тілден тыс формада қабылданады.

Аялық білім – тілдік ұжымның ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі, концептінің мазмұнына негіз, фон болатын білім.

Авторлық діттем (интенция) – шығарманы жазудағы мақсат пен мазмұн, автордың стратегиялық мақсаты; көркем шындыққа деген адресаттың көзқарасын қалыптастыру.

Ғаламның концептуалдық бейнесі – санада танылған ақпараттар мазмұны.

Ғаламның тілдік бейнесі – нақты бір тілдік қауымдастықтың санасында тарихи қалыптасқан және әлем туралы түсініктердің тілде бейнеленген жиынтығы, нақты тілдік құрылымдағы семантикалық категориялар мен семантикалық өрісте бекітілген мағыналардан тұратын бейне.

Денотат мағына – тілдік бірліктердің (сөздің) тура немесе нақты мағынасы, лексикалық мағынасы.

Дискурс – автордың танымы арқылы ішкі және сыртқы әлемін жасаған тұлға үлгісі ретінде оқырман алдында бас-аяғы бар, нақты шегі бар, біртұтас мәтін.

Интерпретация (лат. *Interpretatio*, түсіндіру, мағынасын айшықтау) – мәтін мағынасын интерпретациялау, яғни түсіндіру, ұғындыру.

Коммуникация (лат. *communication*, байланысамын, қатынасамын), (қатысым) – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу. Олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы.

Коммуниканттар – пікір айтушылар, оны түсіндірушілер, қарым-қатынасқа түсушілер.

Коммуникативтік актілер – қарым-қатынасқа түсушілердің өзара сөйлесуі, ой бөлісуі, түсінісуі.

Коннотат мағына (лат. *connotation*, мағына) – сөздің кейінгі, қосымша мағынасы.

Концепт (*conceptus*, ұғым) – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі.

Контраст – прагматиканың негізгі құрамдас бөлігі, екі қарама-қарсы ұғымды, құбылысты қарсы қоя суреттеу.

Мәнмәтін (лат. *contextus*, байланысу, бірігу) – аяқталған тиянақты ойды білдіретін ауызша немесе жазбаша тілдік құрылым. Сөз контексте ғана тиянақты мағынаға ие болады. Контекст – қарым-қатынас жасаудың қажетті шарты.

Метатіл (грек. *meta*, арқылы, кейін) – тілді теориялық жағынан сипаттайтын арнайы тіл. Метатілде метамәтін жасалады. Зерттеу нысаны болып отырған тіл жөніндегі пікірді баяндауда пайдаланылатын тіл.

Прагматика (грек. *pragma*, *ілік септікте pragmatos ic, әрекет*) – семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. Прагматиканың зерттеу нысанына сөйлеуші субъект, адресат, олардың өзара қарым-қатынасы, автордың мақсаты, білімі, интенциясы (діттемі), адресат пен адресанттың бір-бірін түсіну мүмкіндіктері жатады.

Стереотип (көне грек. *қатты, кеңістік және қолтаңба*) – құбылыс, оқиғаны қалыптасқан таным негізінде қабылдаудың тұрақты формасы. Стереотип әлеуметтік және мәдени нысандар туралы таптаурын ұғымдарды сақтай отырып, белгілі бір мәдени-тілдік ұжымның менталитетіне қатысты әлем бейнесін сипаттайды. Стереотиптер жүйесі арқылы дүниетаным қалыптасады.

Сөйлеу стратегиясы – «маңызды мақсат» бақылауында жүзеге асатын сөйлеу тәртібінің арнайы тәсілі. Сөйлеу стратегиялары әңгімелесу барысында өзара

Стратегия (көне грек. *Стратегία*, «әскербасы өнері») – белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қарым-қатынастың түрлерін пайдалану бағыты.

Тактика (көне грек. *такτικός*) – стратегияны жүзеге асыру құралы, стратегияның негізгі мақсатына тәуелді.

Тезаурус (көне грек. «қазына, байлық») қазіргі лингвистикада белгілі бір семантикалық қатынастағы жалпы және арнайы лексиканың жиынтығы.

Тілдік сана – белгілі бір ұжымның қоғамдық өмірі мен мәдениетінде көрініс тапқан, психикалық сипаты мен тілінде айқындалатын ерекшелік.

Тілдік тұлға – адам және оның тілі арқылы танылатын бейнесі. Тілдік тұлғаның қуаты – сөзінен, ойы қоғамдық ісінен көрінеді, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Тілдік тұлға сипатына ену мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына қозғаушы күш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар әсер етеді.

Прецедентті мәтін – белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдас өкіліне жақсы таныс, сөзжұмсамда жиі қолданылатын, әртүрлі дәйексөздер мен жалқы есімдер, шығармалар атаулары нұсқасында қайталанып отыратын, білдіретін мәні, оны құрайтын жекелеген сөздер контекстен тыс алынғанда да тіл тұтынушыға түсінікті болатын мәтіндер.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаңа лингвистикалық парадигмада алдыңғы қатарға семантикалық тіл кеңістігін айқындайтын «тілдік тұлға» ұғымы басты орынға шықты. Когнитивтік зерттеулерде ақиқат және бейақиқат дүниеге қатысты көзқарасты қайта қарау қажет болып отыр, себебі сол арқылы нақты ғылымдарда тәжірибе жүзінде нанымды нәтижелер алып, жеке адамдар мен әлеуметтік топтарға қатысты жаңа мәліметтер арқылы үнемі өзгеріп отыратын «ішкі әлемнің» үлгісін жасауға болады, ол адамдардың өзара қарым-қатынасындағы келісімдер мен қайшылықтарды, саяси және идеологиялық жүйелердің негізін анықтауда таптырмайтын әдіс болып табылады. Бұл орайда тіл мәлімет беру мен мәлімет қабылдаудың когнитивтік жүйесі ретінде сипатталады.

Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде тілдік тұлғаның өзіндік ерекшелігін, болмысын нақтылау үшін тілді концептуалды-құрылымдық тұрғыдан зерттеу қажет. Бұл орайда ғаламның тілдік бейнесі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық, қоғамдық-саяси аспектіде қарастырылады. Тіл семиотика принципі тұрғысынан сипатталып, мәтіндегі бағалауыштық, мәдени, ұлттық, эмотивті мәнді бірліктерді зерттеуде пресуппозиция, прагматикаға ден қойыла бастады. Тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейі автордың шығармашылық мәтіндегі (публицистикалық дискурс) сөздерге толық талдау жасауға, олардың мағыналық реңктерін айқындауға, тілдік бірліктердің автордың сөз саптауында қандай өзгерістерге ұшырайтынын, айшықтала бедерленуін, түрленуін көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмыстың өзектілігін осы тұрғыдан негіздеуге болады.

Жұмысымызда тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде Бекен Қайратұлы («Егемен Қазақстан»), Бауыржан Омаров («Ана тілі»), Нұртөре Жүсіп («Айқын»), т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселерін талдауға негіз еттік. Бұл қаламгерлерді таңдап алуымыздың бірнеше себебі бар: біріншіден, үшеуі де тәуелсіздік алған жылдары өнімді еңбек етіп келе жатқан тұлғалар, екіншіден, үшеуінің де қаламы ұшталып, басқа журналистерге үлгі болатындай, төселген, өзіндік ойы, жазу мәнері қалыптасқан; үшіншіден, қаламгерлердің көтерген тақырыптары да ұқсайды, бір мәселені бәрі де сөз еткен. Бірақ әрқайсысы түрліше танытып, түрліше сипаттаған; төртіншіден, үшеуі де ана тілін, ұлттық ділді, ұлттың тарихын жетік меңгерген, элитарлық деңгейдегі тұлғалар; бесіншіден, үшеуі де – қатарлас, замандас адамдар. Осы уақытқа дейін Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсы арнайы зерттеу нысаны болған емес. Сондықтан диссертациялық жұмысты осы бағыттағы алғашқы зерттеуге жатқызуға болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жеке тілдік тұлға мен жиынтық тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарын талдай отырып, вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық тұрғыдан сипаттау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- публицистикалық дискурсты семиотикалық тұрғыдан сипаттап, ерекшелігін көрсету;
- тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін түрткіжайттарды (факторларды) анықтау;
- тілдік тұлғалардың коммуникативті діттемін, аялық білімін, тәжірибесін, т.с.с. анықтау;
- жеке тілдік тұлға мен жиынтық тілдік тұлғаны прагматикалық тұрғыдан сипаттап, публицистикалық дискурстағы қызметін талдау;
- тілдік тұлғалардың концептосферасын анықтау;
- тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын лингвокогнитивтік тұрғыдан талдап, «Қазақ халқы», «Қоғам», «Тұлға» концептілерінің когнитивтік модельдерін танымдық қырынан сипаттау;
- тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын жазарман тұрғысынан сипаттап, журналисті оқырманына әсер етуді көздейтін сөйленім әрекетінің субъектісі ретінде қарастыру.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі, журналистика салаларындағы ғалымдардың тілдік тұлға, дискурс, публицистикалық дискурсқа қатысты зерттеулері мен тұжырымдары алынды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның орнын, саяси-экономикалық, мәдени ақпаратты жеткізудегі, насихаттаудағы қызметін айқындау үшін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері назарға алынды. Тілдік фактілерді жинақтап, талдау мақсатында қазақ тілді медиамәтіндер (негізінен «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын» газеттері) негізге алынды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес когнитивтік (концептуалдық), прагматикалық талдау, мәтінтанымдық талдау, синхрондық, диахрондық сипаттау, баяндау, жіктеу, жүйелеу, қорыту, компоненттік талдау әдісі, мәтіндік-контекстуалдық, эксперимент, бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Публицистикалық дискурс семиотикалық тұрғыдан сипатталып, үш деңгейде – тілдік әлеует (нақты дереккөзден алынған ақпарат, білім); автордың коммуникативті діттемі; ықпал ету, сендіру тәсілдеріне сәйкес қолданылған тілдік бірлік ретінде қарастырылды.

- Қазақ тіл білімінде Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды журналистердің публицистикалық дискурстары алғаш рет жеке және жиынтық тілдік тұлға ретінде арнайы зерттеу нысанына алынып, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен түрткіжайттар (факторлар) анықталды, әрқайсысының идиостилі айқындалды

- Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы когнитивтік зерттеулерге негізделіп, журналистің таным деңгейі, аялық білімі, дискурсында тілдік құралдарды пайдалана білу деңгейі сарапталды.

- Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы прагматикалық тұрғыдан сипатталып, қаламгердің ұстанымы, коммуникативті діттемі, мәтіндегі ойдың

берілуі, дәйектердің жеткізілуі, т.с.с. көрсетілді.

- Публицистикалық дискурстарын талдау негізінде тілдік тұлғалардың концептосферасы анықталды.

- Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы негізгі құндылықтары айқындалып, «Қазақ халқы», «Қоғам», «Тұлға» концептілерінің когнитивтік модельдері танымдық тұрғыда сипатталды.

- Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы антропоэзектік ұстаным тұрғысынан зерттеліп, тілдік тұлға сөйленім әрекетінің субъектісі ретінде сипатталды.

Зерттеу жұмысының теориялық мәні. Зерттеудің нәтижелері мәтін лингвистикасы, журналистика, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникативті грамматика, функционалды стилистиканың теориялық және практикалық деңгейінің жетілуіне, дамуына үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні. Зерттеу нәтижелерін қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, қазақ публицистикасының дамуы, қазақ терминологиясы мен сөзжасамы, антропоэзектілік, мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникативті грамматика, функционалды стилистика, журналистика, т.с.с. бойынша арнайы курстар мен семинарларда, т.с.с. пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Публицистің тілдік тұлғасы лингвистика мен журналистиканың тоғысуын қажет етеді әрі ол ұжымдық және жеке тілдік тұлғалардың публицистикалық концептілері негізінде ашылады.

- Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсы автор пікірінің ашықтығымен, баға берушілігімен, позициясының нақтылығымен ерекшеленетін, адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізетін, күрделі прагматикалық бірлік, оқырманға әсер ететін құрал болып табылады.

- Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды тілдік тұлғалар публицистикалық дискурсында ұлттық дүниетанымға негізделген концептілері арқылы оқырманға ықпал етуді мақсат еткен. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын талдау арқылы әмбебап концептілердегі ғаламның тілдік бейнесін айқындауға болады.

Тәуелсіздік алған кезеңдегі тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы негізгі концептілер ретінде көрінетін «Қазақ халқы», «Қоғам», «Тұлға» концептілері жағымды және жағымсыз мәнде сипатталған. Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсынан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың концептосферасын көруге болады. Тілдік тұлғалар замана жаршысы ретінде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтерген, заманның озығы мен тозығын сөз етіп, қазақтың шынайы болмысын таныта білген, азаматтық ұстанымдарында ұлттық мүддені көздеген, елді имандылыққа, адамгершілікке үндеген.

- Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын лингвокогнитивтік, прагматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде қаламгерлердің коммуникативті діттемін, аялық білімін, дүниетанымын, тәжірибесін, тілдік санасын, т.с.с.

айқындауға болады.

- Қазақ тілді публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға өзіндік әлеуметтік қызмет атқаратын, қазақтың тілін, ділін, салт-дәстүрін меңгерген жиынтық тұлға болып табылады.

- Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстағы сентенциялары қоғамды толғандырып жүрген көкейтесті мәселелерге арналған әрі қазақы дүниетанымға негізделіп, шариғат қағидаларына, мақал-мәтелге, Абай философиясына, ғұлама-ғалымдардың тұжырымдарына сәйкес түзілген.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды: 11 мақала жарияланды: 5 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда: Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы – «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы: 2017. – №3, Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы – филология ғылымдары сериясы. – Көкшетау: Ш. Уалиханов атындағы КМУ, 2017. – №3, Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы – «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы: 2020. – №1 (71), Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – №6 (50), Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2018. – №2, 4 мақала отандық және халықаралық конференцияларда: А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, XX ғасыр басындағы жазу реформасы: Телжан Шонанұлы мұрасы Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары, Regional academy of management, European Scientific Foundation Institute of Innovation: Materials of the III International-Practical Conference «Quality management: search and solutions (Kuala Lumpur, 2017), 1 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Opcion (Volume 34(87-2), 2018), 1 Web of Science компаниясының деректер базасына кіретін 'Journal of International Disciplinary Research. Relevant results and theoretical developments of science and research (Volume 9. 2019)' ғылыми журналында мақұлданып, жарық көрді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ «ТІЛДІК ТҰЛҒА» КОНЦЕПЦИЯСЫ

1.1 Публицистикалық дискурстың инвариант белгілері

Бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі зерттеулер жанданып, когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, прагматика, т.с.с. жаңа парадигмаларға сәйкес дамып келеді. Тілдегі заңдылықтарды, нормалардың қалыптануын адаммен сабақтастыра, байланыстыра қараудың нәтижесінде антропоэзетік бағыттағы зерттеулер қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарауға мүмкіндік беріп отыр.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның орнын, маңызын айқындау үшін алдымен публицистикалық дискурстың негізгі (инвариант) белгілерін, басқа функционалдық стильдердегі дискурстардан айырмашылығын нақтылап алу қажет. Публицистикалық дискурста қоғамдағы маңызды оқиғалар туралы ақпарат беріледі, осы оқиғаны баяндап отырған публицист ақпарат беруде өз көзқарасын, ұстанымын да білдіреді; оқырманға ой салып, пікірін қалыптастырады, іс-әрекетіне түрткі болады [1]. Көпшілікке түсінікті болу, баурап алу мақсат етілетіндіктен, публицистикалық дискурс сөйлеу тіліне біршама жақын болып келеді. Ғалым Р.Әмір газет бетіндегі сөйлеу тіліне тән ерекшелік ретінде 1) образдылығы, эмоциялылығы; 2) конструкцияны жеңіл, ықшам болып құрауға талап қылуы; 3) ауызекі сөйлеу тілі тіркестердің, сөйлемдердің ылғи бір тұрпатта шаблонмен құрылуына қарсы, параллель, синоним амалдарының молдығын көрсетеді [2, 123-б.]. Профессор О.Бүркітов бұл үдерісті «әдеби тілдің демократиялануы» деп атап: «ПС-дің (публицистикалық стильдің) өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның ауызша сөз стиліне жақындығы. Бұл байланыс ПС-дің барлық деңгейінде көрініс табады. ПС-дің бұл ерекшелігі оның қалың бұқарамен тығыз байланысты болуында. ПС әдеби тіл мен ауызша сөз стилінің арасындағы дәнекер қызметін атқарып, олардың жақындасуына игілікті әсерін тигізеді», – деп жазады [3, 10-11-б.].

Публицистикалық дискурста бірнеше функционалдық стиль тоғысады. Ақпарат жеткізу барысында публицистикалық дискурста қалыптасқан стандарттарды басшылыққа алып, нақты аргумент келтіруде ғылыми стильге, ресми іс қағаздар стиліне жүгінсе, оқырманға ықпал ету, өз ойын жеткізуде экспрессивті, эмоционалды бірліктерді пайдалану арқылы көркем әдебиет стилі мен сөйлеу тілінің ұстанымдарын негізге алады [4]. Журналист фактілер туралы хабарлай отырып, оған баға да береді. Ғылыми стиль мен ресми-іскери стильмен салыстырғанда, публицистикалық стильде экспрессивтілік басым болады. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Тілдік нормаларды функционалдық стильдерге қарай ажыратып тануда олардың бір стиль шеңберіне тұйықталатын сипаты жоғын білу керек... Нормалардың бір функционалдық стильдің өз ішінде ғана емес, азды-көпті стильаралық «ауыс-түйістер» де жүріп жатады. Мысалы, ғылыми стильге жататын кейбір әдебиетте публицистикаға тән белгілер (нормалар) кездесуі

мүмкін және керісінше. Ресми іс қағаздары мен құжаттар тілінде ғылыми стильге тән реттілік (санамалылық), нақпа-нақтықты көрсететін лексика-грамматикалық бірліктер норма үдесінен шығып тұруы әбден ықтимал. Бұл фактілерді әрбір функционалдық стиль үлгілерін талдаған ғылыми-танымдық ізденістерден көруге болады... Публицистикалық стиль жалпы әдеби тіл нормасын қатаң сақтайды, әдеби нормадан тыс лексикалық тұлға-бірліктерді: диалектілік, қарапайым, жаргон сөздерді – пайдаланбайды, морфологиялық тұлғалардың да бәсең нормаға жататын варианттарын (мысалы, *-тұғын, менен, дағы*) қолданбайды, жалпы синтаксистік нормаларды да қатаң сақтайды, яғни сөйлем мүшелерінің, құрмалассөйлем компоненттерінің орын алмасып келуі кездеспейді деген белгілер аталады. Бұл белгілер осы стильдің тілдік нормасы болып та есептеледі», – деп жазады [5, 79-б.].

Алайда публицистикалық дискурста нақты мақсат көзделіп, мәтін тұтас жүйе құрайды. Осыған байланысты М.Н.Кожина: «Под речевой системностью функционального стиля (или другой, более частной речевой разновидности) понимается функционально-семантическая взаимосвязь на текстовой плоскости разноуровневых языковых единиц (включая и текстовые), обусловленная экстралингвистической основой соответствующей речевой разновидности и выполнением общего коммуникативного задания (этой сферы), взаимосвязь, создающая и выражающая стилевую специфику данной группы текстов (речевой разновидности отдельного ее текста) по сравнению с другой, и обладающая общей стилевой чертой (или их комплексом)», – дейді [6, 9-с.].

Сонымен, публицистикалық дискурс бірнеше қызмет атқарады:

- 1) ақпарат таратады, хабарлайды;
- 2) коммуникация орнатады;
- 3) болған оқиғаға баға беріп, экспрессивті қызмет атқарады;
- 4) оқырманын сендіріп, пікір қалыптастырады, яғни ықпал етеді.

Публицистикалық дискурстың негізгі міндеті – жаңалықты хабарлау, оларға түсініктеме беру, фактілер мен оқиғаларды бағалау. Осылайша, публицистикалық дискурста тілдің екі функциясы – ақпараттық (ақпарат беретін) және әсер ететін – жүзеге асады. Бұл – публицистикалық дискурстың ерекшелігі. «Ақпарат беруші қызметі құжаттық, фактологиялық, мазмұндаудың ресмилігі, объективтілік сияқты стильдік ерекшеліктерінен көрінеді. Әсер етуші қызметі ашық, әлеуметтік бағалау, пікірін анық айту, эмоционалды сөздерді қолдану, іс-әрекетке шақыру, тілінің түсінікті де қарапайым болуынан көрінеді [7, 79-б.]. Т.Г. Добросклонская сипаттау (интерпретация) үшін түрлі тәсілдер қолданылатынын, материалдың іріктелуінен бастап, лингвостилистикалық құралдардың пайдаланылуына дейін осы мақсатта жұмсалатынын ескертеді [8, 22-с.]. Публицистикалық дискурста әлеуметтік бағалау тән. Ол публицистиканы этносоциуммен байланыстырады, тілдік құралдарда көрініс тауып, жиынтық тілдік тұлғаға әсер етеді.

Публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктері:

- дәйекті болады (жеке атаулар, дата, статистикалық мәлімет, дәйексөздер пайдаланылады);
- ақпараттың нақтылығы, дәйектілігі, сала терминологиясын пайдаланып, фактілер егжей-тегжейлі сипатталады;
- қоғамдық-саяси лексика, стандарт, клише көп қолданылады;
- сөйлеу тіліне тән элементтермен қатар көркем айшықтар қолданылады.

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде тілдегі семиотикалық бірлік ретінде сөйленімге; тілдің синтагмалық тізбесіндегі сөздердің семиотикасы, тілден тыс семиотикалар жиынтығынан құралған сөйленім бірлігі ретінде дискурсқа, оның ішінде публицистикалық дискурсқа ерекше мән беріледі. Публицистикалық дискурсты семиотикалық тұрғыдан сипаттаған кезде сөйленім тілдік бірлік ретінде қарастырылып, тілдік тұлғалардың концептосферасын анықтауға мүмкіндік береді [9].

Сөйленім дегеніміз – автордың дискурстық ойын білдіретін, мәтіндегі аяқталған ойды, коммуникативті діттемін көрсететін бөлік. Сол себепті ол публицистикалық дискурстың бірлігі, семиотикалық таңба саналады. Дискурс бір не бірнеше сөйленімнен құралуы мүмкін. Сөйленімді зерттеу арқылы жазарманның таным-түсінігін, ұстанымын, көзқарасын, мақсатын, діттемін айқындауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, семиотикалық белгі ретінде сөйленімнің ішкі белгісі – автордың діттемін, ойын білдірсе, сыртқы белгісі тілдік бірлік ретінде көрініс тауып, оқырманға әсер етеді. Сөйленімді талдауда модальді-коммуникативті аспект, актуалды мүшелену, қосымша лексика-грамматикалық құралдар, сөйлеушінің өзіндік сөзқолданысы ескеріледі.

Сөйленім коммуникация актімен байланысты болғандықтан, хабарламаның таңбасы ретінде де қарастыруға болады. жалпы тіл білімінде сөйленім Н.Д. Арутюнова [10], Г. Фреге [11], Ю.С.Степанов [12], Е.В. Падучева [13], Т.М. Николаевалардың [14], т.с.с. еңбектерінде сөз болды.

Публицистикалық стиль сипатталған еңбектерді жинақтай келе публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшелігін былайша көрсетуге болады:

- көпшілікті қоғамдағы жаңалықтармен, болып жатқан оқиғалармен тез арада хабардар ететіндіктен, публицистикалық дискурсқа тездік тән [15, 16]. Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір жаңалықты бірінші боп жеткізуді мақсат етеді;
- публицистикалық дискурс көпшілікке арналғандықтан, тілі жеңіл де түсінікті болуына мән беріледі [17, 18, 19];
- публицистикалық дискурста автордың өзіндік ұстанымы, көзқарасы көрінеді [20]. Көбінесе автордың көзқарасы мен БАҚ-тың (газет-журнал, теледидар арнасы, т.с.с.) ұстанымы тоғысып жатады.
- публицистикалық дискурста қызық болуы, соны, жаңа болуы, танымдық сипаты арқылы оқырманын баурап әкетуді көздейді [21];

- публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға баяндап отырған оқиғаға қатысты өз сезімін, өз көзқарасын білдіріп, өз тарапынан баға береді [22];
- публицистикалық дискурс қоғамдық пікірді қалыптастырады [23];
- публицистикалық дискурста қоғам мүшелерін қандай да бір іске жұмылдыру көзделеді.

Бүгінгі таңда публицистикалық дискурстың түрлі жанрлары (репортаж, мақала, хронологиялық ақпарат, интервью, есеп, очерк, фельетон, эссе, рецензия да және т.с.с.) қалыптасқан. Профессор О.Бүркітов публицистикалық стильде 1) берілген материалдың деректілігі, ресми деректермен сәйкестігі; 2) берілген материалдың қалың көпшілікке түсініктілігі; 3) берілген материалдың оқырманға әсерлілігіне ерекше мән берілетінін айтады [24, 9-б.].

Газет қоғамдық қызығушылық туғызарлық нәрселерді басты назарға алып, барынша кең ауқымда бейнелейді. Тілші қандайда бір адамның не болмаса азғантай топтың атынан емес, миллиондаған пікірлестердің сөзін, позициясын сөйлейді. Публицистикалық дискурстың қызметі идеологиялық бағытына байланысты. Публицистикалық дискурста автор белгілі бір құбылысты жан-жақты суреттеуге талпынады. Публицист қоғамның белгілі бір тобын қызықтыратын, толғағы жеткен мәселелерді жазуға тырысады. Профессор Н.Уәли функционалды стильдердің прагматикалық шарттылығы туралы: «Әдеби тілдің кез келген функционалдық түрі белгілі бір прагматикалық шарттылықпен байланысты жүзеге асады. Мысалы, ауызша тілдесуде *сөйлеуші – жағдаят – тыңдаушының* болуы шарт болса, жазба коммуникацияда бұл шарттылық, *жазушы – жағдаят – оқырман* түрінде болды. Мұндай прагматикалық шарттылықта, біріншіден, коммуникативтік ситуация айқындалады, екіншіден, тілдесудің мақсаты нақтыланады, үшіншіден, тілдік құралдарды талғап, таңдауда, олардың басын қосып, біріктіруге мүмкіндік болады... Ситуацияға лайық мәтін түзу – шығармашылық процесс. Бұл айтылғандар әртүрлі прагматикалық жағдайда әдеби тілдің функционалдық түрлерін қолдана білу мәдениетіне жатады. Ситуацияға қарай мәтін түзудің коммуникативтік ережелеріне автордың сөз саптау шығармашылығына сөз қолданыстағы авторлық дербестігіне мүмкіндік беретіндей икемділік сипаты болады. Ал тілдік нормамен байланысты ережеде мұндай шығармашылық еркіндік бола бермейді, адресантқа екінің бірін таңдауына тура келеді», – дейді [25].

Публицист оқырманға хабарламаны дәйекті етіп жеткізуге тырысатындықтан, дискурс ойды жеткізуде маңызды орын алады. Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистің ойын қалай жеткізетініне, тілдік құралдарды шебер пайдалана білуі, мақсат-діттеміне сәйкес дәйектерді қолдана білуіне ерекше мән беріледі [26]. Яғни дискурста ақпараттың қалай берілгені, қандай құралдар қолданылғаны ескеріледі. Дискурстағы ой прагматикалық мақсат – оқырманын баурап, әсер ету, мәтіндегі материалды бере отырып, әрекетке ұмтылдыруды көздейді. Сол

себепті жұмыста публицистикалық дискурс концептуалды ойды жеткізетін ұғымдық категория ретінде қарастырылады. Публицистикалық дискурстың көркем шығармадағы, философиялық, ғылыми әдебиеттердегі мәтіндерден айырмашылығы екі факторды – субъект (тілдік тұлға) мен объектіні (оқырманның) ескерілуіне байланысты. Осыған байланысты публицистикалық дискурста тілдік тұлғаның коммуникативті діттемі басты орын алады. Публицистикалық дискурста ақпаратқа негіз болатын жағдаят, дәйек; идеология, автордың ұстанымы, көзқарасы, тілдік тұлғаның коммуникативті діттемін, прагматикасын білдіретін тілдік құралдар ескеріледі. Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсы концептілер түрінде көрініс берген, оқырманға ықпал етуді мақсат еткен, көркем әдебиет пен публицистикалық стильдердің тоғысында өрбіген тілдік құралдардың қолданысы арқылы көрініс табады. Филология ғылымдарының докторы Қ.Есенова жазбаша түрдегі газет мәтінін «біріншіден, сондағы адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізуші көп қырлы, терең мәнді, имплицитті түрде жеткізілетін астарлы ойға негізделген күрделі прагматикалық бірлік, екіншіден, қоғам мүшесі болып табылатын адресатқа психика-эмоционалды жағынан әсер ететін, сөйтіп белгілі бір деңгейде оның әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге қатысатын маңызды прагматикалық құрал» түрінде сипаттайды [27, 25].

Публицистикалық дискурста ақпараттың берілуі, оны жеткізуде қолданылатын тілдік құралдар да қатаң сұрыпталуы керек. Осыған байланысты зерттеуші Н.Уәли: «Автор өзі үшін емес, тыңдаушы (оқырман) үшін сөз саптайды. Сөз авторының қарама-қарсы жағында мәтінді қабылдаушы (адресат) тұрады. Адресат жеке адам, көп адам болуы ықтимал. Сонымен қатар адресат уақыт, кеңістік жағынан автормен тұспа-тұс келмеуі немесе бетпе-бет отыруы мүмкін. Сонымен қатар адресат белгілі бір мақсатқа орай жиналған шаршытоп болуы (ғылыми конференция, поэзия кеші, бала тәрбиесі, денсаулық күтімі т.б. жағдайында дәріс тыңдаушылары), я болмаса белгілі бір мақсат көздеп жиналмаған шаршытоп (мысалы, митинг, жиын, саяси акциялар кезіндегі жиналыстар т.б.) түрінде де бола алады. Автор мен адресаттың білім деңгейі әртүрлі, олар бір саланың немесе әр басқа саланың маманы т.б. болуы мүмкін. Міне, бұл айтылғандар – тілдік емес мәнділіктер. Коммуникациядағы осы аталған тілдік емес құрылымдардың автор-адресатқа ықпалы ерекше болатыны белгілі. Коммуникациядағы тілдік емес құрылымдарды ескере білген коммуникатор сөйлеген (жазған) сөзінің құрылымын адресат факторына қарай бейімдеп отырады. Олай болмаған жағдайда сөз адресін таппауы, коммуникация сәтті, ойдағыдай аяқталмауы мүмкін. Адресат факторын ескеру сөздің (речь) тілдік құрылымына енетін таңбаларды дұрыс, тиімді, діттеген мақсатқа орай таңдауға ықпал етеді», – деп жазады [25].

Публицистикалық стильдің экспрессивтілікпен байланысты стильдік белгісі – стандарттың болуы. Қысқа уақыттың ішінде қоғамда өтіп жатқан соңғы жаңалықтар мен өзгерістер жайлы жедел ақпарат беруге тырысу

коммуникативті міндеттердің сапасына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Газеттің оқырман көпшілікке ықпал ету қызметі эмоционалды-экспрессивті сипатымен тығыз байланысты. Бір жағынан, публицистикада тілде белгілі бір дәрежеде қалыптасқан штамптар, қоғамдық-саяси және т.б. терминдер қолданылса, екінші жағынан, оқырманды иландыруға тырысудың өзі көбірек ықпал ететіндей жаңа бір тілдік құралдар қолданылады. Соған байланысты көркем әдебиет және сөйлеу тілі элементтері қолданылады.

Публицистикалық дискурс автор пікірінің ашықтығымен, баға берушілігімен, позициясының нақтылығымен ерекшеленіп тұрады. Әрі осы ашық баға берушілік белгісі – публицистикалық дискурстың маңызды қасиеті саналады.

Әдеби туындыларға қарағанда, публицистикалық дискурста тілдік тұлғаның фактуалды ақпаратқа қатысы білінеді. Ол стилінде бейнеленеді. Мысалы: *Қай күні бұрынғы әріптес жігітті кезіктірдім. «Бұл – соңғы аялдама ма?» деген таныс дауысқа жалт қарағанмын, жанарымыз түйісіп қалды.*

– Ой, сен қайдан жүрсің? *«Тәп-тәуір жұмысқа орналасты» деп естіп едім, – дедім ыңғайсызданып тұрғанын сөйіткім келіп. – Сіз осы жақта тұратын ба едіңіз? – деп қапелімде не айтарын білмей қалған жігіт сегіз ай жұмыс істегенін, алайда сол айлардың еңбекақысын ала алмағанын, ұжым басшысының әбден сергелдеңге салғанын айта келе, «бәріне қолды бір сілтеп, мына жұмыспен айналысып кеттім, мұны бір жігіттен үйреніп едім, көмегі тиді», – деп, жанында сүйеулі тұрған құралға қарап қойды.*

«Өзім қалаған істің барлығы қалды ғой... Есік-терезе, тағы басқа орнату қажет болса, хабарласарсыз» – деп, асығып кетіп бара жатты. Қазаған ызғарлы қыста алды ашық жеңіл күртке киген, қолы күстеніп кеткен оның соңынан ұзақ қарап, болашағының жарқын болуын тіледім. Тағы бірде 25-тегі жап-жас жігіт атағы елге танымал бір ағамыздың қоластында екі жыл жұмыс жасағанын, еңбекақысын «әне беремін, міне беремін» деп жүріп, ақыр аяғы уәденің сиырқұйымшақтанып кеткенін айтып қалған-ды (Біреудің ақысын жеу – күнә //«Ана тілі», 8 - ақпан, 2018).

Мәтінде алдымен жағдаят сипатталып, кейін мақала авторы соған қатысты өз ойын, позициясын білдіреді: *«Осы екі жағдай қатты ойландырды. Құрылыста, базарда, т.б. жалданып, жұмыс жасап жүргендердің жалақыларын ала алмай, оның соңы ішкілікке салынып, отбасының ойраны шыққаны еске түседі. «Мен» деген талай қазақ жігіттерінің сағы сынды. Іштегі өкініштің, уайымның еңсені тіктетпейтіні айқын. Біреудің еңбегін жеу, бағаламау – үлкен күнә. Ал зәбір көрген адамның көз жасы, наласы күндердің бір күні қиянат жасаған адамның өзінің болмаса да ұрпақтарының алдынан шығуы әбден мүмкін ғой. Осы неге ойландырмайды?!...» [28].*

Яғни автор прагматикалық ұстанымды басшылыққа алып, өзіндік позициясын, ұстанымын айқын көрсеткен. Ал басқа функционалдық стильдерде (ресми стиль, ғылыми стиль, көркем әдебиет) автордың мұндай

мүмкіндігі болмайды. Көркем шығармада автор баяндаушы, бақылаушы позициясында қалып, жағдаяттың қабылдануын оқырманның өз ықтиярына қалдырады. Оған өз ұстанымын, көзқарасын білдірмейді. Тіпті дұрыс-бұрыстығын ашып айтпай, құпия ұстап, оқырманның шығарманы соңына дейін оқып шығуына итермелейді. Мысалы, «Күнікейдің жазығы» атты повесінде Жүсіпбек Аймауытұлы шығарманың басында Күнікейдің ауыр халін сипаттай келіп, оған не себеп болғанын шығарманың өн бойында бейнелеп қана береді.

...Күзден жатқан Күнікей жазға жетті ілініп: күндері зой, жан шіркін, үзілмейтін созылып... Күнікейдің серігі – әйнектен ескен жел болады. Күнікей жалғыз жатқанда қозы-лақ пен қарлығаш бейне бір дүйім ел болады. Ауыл-үйден Күнікейге келушілер кем болады. Қашан жатқан Күнікей? Қашан өлген Күнікей? Қашанғы көңілін сұрарсың? соған қарап отыр ма? Шаруасы бар әркімнің...

Баласы қайда Күнікейдің «апалап» бір уақ келетін? Жұбайы қайда Күнікейдің, қияметтік жолдасы? Күнікей бүйтіп жатқанда, жастық қойып басына, қолынан сусын беретін? Ауылы қайда Күнікейдің, келіп-кетіп жүретін? Жалғыз перзент демесең, аулы да бар он шақты үй, байы да бар соқталдай, бауыры да бар байының – немерелес әмеңгер. Күнікей сауда үйінен үйірімен шықпайтын, өңшең қортық кеген кез. Бар болса, олар қайда жүр бірі басын көрсетпей? Ауылды қойшы, ауыл зой, жайшылықта бауыр зой. Байы қайда Күнікейдің? Қосағы бүйтіп жатқанда, қолының ұшын бір бермей, жанына жақын бір келмей?

Келмек тұрып сұңқа адым, шұлық жамап қаңғып жүр, «қатқан бар деп қай үйде көкше түтін аңдып жүр, жамауменен жан сақтап, қара басын қамдап жүр. Қамдағаны құрысын! Күнікейдін көзі тіріде бір қатынмен сөз байлап, алуға соны оңтайлап, төртті-бесті қараның бір-екеуін беруге, бүгін-ертең қам қып жүр.

Күнікейдің көзі төрт, көкірегі жанған өрт. Бәрінен де жанына батып жатқан – осы дерт.

Ауыл-аймақ, абысын, не жақыны-алысы, не тамыры-танысы, не алғансерігі, жетіжылғыжолдасы–бәрі бірдей безгендей, Күнікей сонша не жазды?... [29].

Жазушының мақсаты – біреуді кінәлау, жазғыру емес. Сондықтан жазушы өзіндік ұстанымын, позициясын білдірмейді. Терең түсінген оқырман Күнікейдің осы халге түсуіне жеке адамдар ғана емес, тұтас қоғам да себепші екенін аңғарады.

Дискурсты зерттеуде семиотика принциптері басшылыққа алынып, тіл мен әдебиет тығыз байланыста қарастырылады. Бұл орайда сөйленім түзетін тіл бірліктері жеке-дара сипатталмай, денотативті, коннотативті белгілері тұтастықта алынып, журналистердің ұстанымы, көзқарасы да зерделенеді. Коннотацияда публицистикалық дискурс бірліктерінің қосымша мәндері, журналистің астарлы ойы сипатталады. К. А. Долинин мәтінді түсіну үшін оның астарын білу керектігін ескертеді [31, 56-с.]. «Мәтіннің астары»

дегеніміз – тікелей айтыла қоймаған, қандай да бір оқиғаның ішкі қыры. Мәтіннің астары бастапқы эксплициттік ақпаратпен қатар дами отырып, қосымша ақпарат береді. Оқырман мәтінді оқи отырып, автордың діттемін, мәтінді жазудағы мақсатын түсінеді. Коммуникативті жағдаят не хабарланатын фактінің ар жағынан қосымша ақпарат табады.

Сонымен, мәтін – дискурспен тығыз байланысты әрі дискурстың нәтижесі. Қоғамдағы түрлі келеңсіздікті көрсеткен журналистік мәтін БАҚ дискурсына жатады [31, 68-б.]. Яғни контекст осы категориялардың арасында «медиатор» болады. Зерттеушілер контекстің семантикалық және стилистикалық қызметін арнайы қарастыру керектігін айтады. Мәтінді семантикалық-лингвистикалық тұрғыдан талдаған кезде сөздің контекстегі мағынасына мән беру қажет.

Газет мәтіндері (медиамагн) корпусы этномәдени менталитетті сипаттай отырып, публицистикалық стиль ұғымдары теориялық тұрғыдан талданады. В. А. Кухаренко автор түрлі жағдаяттарға байланысты тілдік бірліктерді таңдай отырып, мәтін түзетінін ескертеді [32, 4-с.]. Ғалым мәтінді үш мүшелі құрылым: автор (адресант) – мәтін — оқырман (адресат) ретінде сипаттайды [32, 4-с.]. Әрбір бұқаралық коммуникация актісінде төрт компонент бар: хабарлаушы субъект, қабылдаушы тұлға, хабар — оның мазмұны мен тұрпаты, коммуникация құралы [33, 119-121-с.]. Журналистің белсенділігі ақиқат болмысты танып-білуінен ғана емес, ол туралы өзіндік пікір білдіруінен көрінеді.

БАҚ-тағы лингвистикалық өзгерістер экстралингвистикалық факторларға да негізделген: БАҚ-тың қоғамдағы мәртебесі мен қызметінің өзгеруі, демократиялық еркіндік, цензураның жойылуы, қоғамның саяси, идеологиялық бөлінуінен БАҚ жүйесінің қайта құрылуы, БАҚ арасындағы бәсекелестік қатынастардың дамуы, аудиторияның коммуникативтік мәртебесінің өзгеруі. Публицистикалық дискурсы өзгерістерге тез бейімделіп, өзгерді.

Соңғы жылдары публицистикалық дискурста бірқатар өзгерістер орын алды:

- 1) БАҚ-тың ақпараттық қызметі күшейді;
- 2) адресант пен адресаттың арақатынасы өзгерді;
- 3) жанрлық жүйесі өзгерді;
- 4) түрлі топтардың БАҚ стилистикасы өзгерді.

Бұл өзгерістер барлық БАҚ тілдеріне қатысты [34, 664-б.].

Қоғамдағы түрлі өзгерістерге байланысты публицистикалық стильдің де қызметі артып, күрделене түсті [35, 27-с.]. «Мыңжылдықтар тоғысындағы орыс журналистикасы» атты еңбегінде А. А. Грабельников қазіргі басылымның типологиясын келтіреді:

- сапалы / көпшілік;
- мемлекеттік / коммерциялық;
- ресми / тәуелсіз;
- басқарылатын / оппозициялық;

- саясаттандырылған /саясаттан тыс;
- іскери (экономикалық) / ойын-сауық;
- заңды/заңсыз;
- ұлттық / ұлтаралық [35, 27-с.].

Көпшілікке бағытталған БАҚ-тың бұл типологиясы қазіргі заманғы баспасөздің әртүрлілігін көрсетеді. Бұқаралық басылымдар публицистиканың жанрлық-стилистикалық жүйесіне ықпал етеді. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі деген олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сахна мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық нормаларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті. Ал баспасөз қалың оқырман қауымның тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті, – дейді [5, 36-б.].

Бүгінгі таңда сөз бостандығы, саяси плюрализм, тұрмыстық техниканың озық үлгілері, т.б. жайттар публицистикалық дискурсқа бірқатар өзгерістер әкелді. Сол себепті тілдік тұлғаны БАҚ дискурсы арқылы қарастырудың маңызы зор. Себебі БАҚ тілдік тұлғаның санасына стереотип қалыптастырады. Н.Уәлиев көркем әдебиет стилі мен ғылыми, публицистикалық, іскери стильдердің ерекшелігіне тоқтала келіп, былай дейді: «Әдеби тілдің публицистикалық, ғылыми, іс қағаздар стилі әдетте тұйық системаға жатады. Басқаша айтқанда, осы аталған стильдерде жалпыхалықтық тілдің әдеби тілі аймағынан алшақ жатқан диалектизм, бейәдеби қарапайым тіл, жаргон тәрізді формаларына тән элементтердің қолданылу ықтималдығы жоққа тән болады. Ал көркем әдебиет стилі – ашық система. Сондықтан бұл стильде әдеби тіл аймағындағы сөздермен бірге одан тысқары жатқан бейәдеби қарапайым атаулар, диалектизмдер, жаргон сөздердің қолданылу ықтималдығы жоғары болады» [25, 83-б.]. Ғалым публицистикалық, ғылыми, іскери стильдерді «кітаби тілге» жатқызады: «Жіктеліс процесінің нәтижесінде кейбір тілдік құралдар мен амал-тәсілдер қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында жиі әрі белсенді жұмсала келіп, сол салаға тән сипат алады. Осылайша көркем әдебиеттің, іс қағаздары тілінің, сөйлеу тілінің өзді-өзіне тән белгілері қалыптаса түседі де, бұл белгілердің барлығы тағы бір ортақ системаға топтаса келіп, сөйлеу тіліне қарама-қарсы тұратын кітаби тіл (книжная речь) жүйесін түзеді. Кітаби тіл жүйесіне жататын тілдік құралдарға негізінен көтеріңкі леп, асқақ үн (публицистикалық стиль), интеллектуалдық (ғылыми стиль), пунктуалдылық

немесе дәлме-дәлдік (іс қағаздар стилі) тәрізді функционалдық-стильдік реңктер басым болып келеді» [25, 73-б.].

Сонымен, публицистикалық дискурс семантика, синтактика, прагматикалық тұрғыдан жіктеледі. Публицистикалық дискурс адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізетін, күрделі прагматикалық бірлік, қоғам мүшесі ретінде оқырманға әсер ететін құрал болып табылады. Соған сәйкес публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға вербалды-семантикалық (лексикон), когнитивтік (тезаурус) және мотивациялық-прагматикалық (прагматикон) ерекшеліктерге ие болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының дискурсын зерттеудің маңызы зор. Себебі БАҚ дискурсы қоғамның тұрмыс-тіршілігінің қалыптасуында елеулі орын алады. Баспасөз дискурсы лингвориторикалық құрылым ретінде риторика талаптарына сай ұйымдастырылған семиотикалық кеңістікті құрайды. Ол БАҚ құралдарының дискурстік мәтін құру үлгісін көрсетеді.

1.2 «Тілдік тұлға» теориясының тарихи-лингвистикалық аспектісі

Адамзат қоғамында болып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен жаңарулардан тіл де тыс қалмақ емес. Осымен байланысты қазіргі ғылымда орнығып келе жатқан антропоэзектік бағыт дәстүрлі құрылымдық лингвистикадан бөлек адам факторын түпқазық етіп алған білімнің жаңаша сипаттағы бірнеше саласы қатар дамып келеді. Олар: когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, лингвостилистика, т.б. Когнитивті лингвистикада тіл мен таным бірлікте қарастырылады [36]. Яғни тіл мен таным сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынады да *тілдік тұлғаны* анықтауға негіз береді. Құрылымдық тіл білімінде тіл – дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау тәрізді түрлерінің объективтенуі деп сипатталатыны белгілі. Осыған орай тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Кез келген мәтін негізгі элементтерінің бірі, автордың негізгі құралы – тіл. Ал тіл тек ойды білдірудің құралы, я оның тікелей құрылысы емес. Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал [37].

Бүгінгі таңда «тілдік тұлға» мәселесі өзекті де күрделі мәселелердің қатарында. Жаңа лингвистикалық парадигмада семантикалық тіл кеңістігін айқындайтын «тілдік тұлға» ұғымы басты орынға шықты. Когнитивтік зерттеулерде ақиқат және бейақиқат дүниеге қатысты көзқарасты қайта қарау қажет болып отыр, себебі сол арқылы нақты ғылымдарда тәжірибе жүзінде нанымды нәтижелер алып, жеке адамдар мен әлеуметтік топтарға қатысты жаңа мәліметтер арқылы үнемі өзгеріп отыратын «ішкі әлемнің» үлгісін жасауға болады [38], ол адамдардың өзара қарым-қатынасындағы келісімдер

мен қайшылықтарды, саяси және идеологиялық жүйелердің негізін анықтауда таптырмайтын әдіс болып табылады. Бұл орайда тіл мәлімет беру мен мәлімет қабылдаудың когнитивтік жүйесі ретінде сипатталады [39].

«Тілдік тұлға» мәселесін тілдік, экстралингвистикалық (тарихи, мәдени, әлеуметтік, психологиялық) факторларды сабақтастыра отырып, кешенді түрде талдау қажеттігі туып отыр. Тілдік тұлғаның публицистикалық стильдегі сипаты, өзіндік болмысы, әлеуметтік қызметі, тілді тұтыну деңгейі арнайы талдауды қажет етеді. «Тілдік тұлға» мәселесі көптеген ғылым салаларында зерттеліп келеді. Атап айтқанда: философияда, әлеуметтануда, психологияда, мәдениеттануда, педагогикада, лингвистикада және т.б.) сөз болып келеді. Тіл білімінде тілдік тұлға гендерлік лингвистикада, когнитивті лингвистикада, лингводидактикада, лингвомәдениеттануда, лингвопрагматикада, лингвосоционикада, нейролингвистикада, психоллингвистикада, әлеуметтік лингвистикада, этнолингвистикада қарастырылды. Тілдік тұлға психоэтикалық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-мәдени, салыстырмалы-салғастырмалы, аксиологиялық аспектіде де зерттелді [40]. Тілдік тұлғаны кешенді түрде қарастырған кезде оның жеке, әлеуметтік, психологиялық, қоғамдық сипаты айқындала түседі. Тілдік тұлғалардың типологиясы сол тілдің тұлғаны зерттеу әдісімен байланысты. Тілдік тұлға көп қырлы болғандықтан, зерттеу әдістері де алуан түрлі. Олар: теориялық-әдіснамалық, психоллингвистикалық, социоллингвистикалық, лингвистикалық-танымдық, лексикографиялық, т.б.

Тіл білімінде тіл мен тұлғаның арақатынасына ертеден көңіл бөлініп келеді. Бұл бағытта еңбек еткен шетелдік ғалымдар қатарында В. фон Гумбольдт, Л. Шлейхер, Г. Штейнталь, Г. Остгоф, К. Бругман, Г. Пауль, И.Д.Бодуэн де Куртенэ, Б. Дельбрюк, Ф.Ф. Фортунатов, Г. Шухардт, К. Фосслер, Ф. де Соссюр, Ж. Вандриес, Э. Сепир, В.В. Виноградовтарды атауға болады. «Тілдік тұлға» құбылысына XX ғасырдың соңғы жылдарынан бастап ерекше назар аударыла бастады. «Тілдік тұлға» мәселесін зерттеуде С.Г.Воркачев, В.В.Воробьев, М.А.Канчер, В.И.Карасик, Ю.Н.Караулов, К.Ф.Седов тілдік тұлғаны адамның сөйлеу қабілетімен байланыстыра отырып, оны шығарма тілін қабылдау мен жасаудың әлеуметтік және жеке тұлғаның сипаттамалық тұтастығы ретінде анықтайды.

«Тілдік тұлға» ұғымының тарихына көз жүгіртсек, В. фон Гумбольдттың еңбектері [42] тілдік тұлға ұғымын қалыптастыруда маңызды роль атқарды. Тіл мен ойлауды саралай келе, ол ойлауды белгілі бір тілге байланысты болады деген қорытындыға келеді. В. фон Гумбольдт теориясының маңыздылығы ұлттық танымда, ол өз еңбектерінде «Weltbild» терминін «әлемнің бейнесі» қолданды. Л.Вайсгербер В.фон Гумбольдттың идеясын әрі қарай жалғастырып, «sprachliches Weltbild» терминін «әлемнің тілдік бейнесі» енгізеді [43]. Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектерін атап өтпеуге болмайды, олар «әлемнің бейнесі» мен «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарын ашуда өз үлестерін қосты [44].

«Тілдік тұлға» терминін алғаш рет 1930 жылы академик В.В. Виноградов қолданған болатын [45, 91-с]. В.Виноградов тілдік тұлғаны «автор тұлғасы» және «кейіпкер тұлғасы» ретінде қарастырып, екі түрлі ұғымды қалыптастырды [45], А.Леонтьев оны «сөйлеуші тілдік тұлға» ретінде сипаттайды [46]. Г.Богин [47] «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын» адамды тұлға деп қарастырып, оған өзінше анықтама берді. Ол тілдік тұлғаны лингводидактика үшін актуальді моделін ұсынды. Г. И.Богиннің тілдік тұлға моделі тілді меңгеру деңгейіне қарай жіктелген. Г.И.Богин тілдік тұлғаны 1) фонетика, грамматика, лексика салалары бойынша; 2) сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу деңгейлері бойынша; 3) тілді меңгеру деңгейі бойынша (дұрыстығы, интериоризациясы, сөз байлығы, сөз саптауы, түсіне білуі) жіктейді [47, 31-с.].

Тілдік тұлғаны сипаттауда бірнеше бағыт бар:

1) тілдік тұлға болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру [48].

В.В.Красных тұлғаның түрлерін былайша көрсетеді: а) сөйлеуші адам – тұлға, сөз өнерінің иесі; б) нағыз тілдік тұлға – сөз өнерінде өзін таныта білген, білім-пайым иесі; в) сөйлеуші (речевая) тұлға – өзін өзгелермен қарым-қатынас жасау үстінде көрсететін тұлға, ол қай жерде қандай стратегия мен тактика қолдану керектігін жақсы біледі; г) коммуникативтік тұлға – нақты коммуникативтік актінің қатысушысы, шынайы коммуникацияның шынайы әрекет етушісі [49, 35-с.].

Тілдік тұлға ұғымының заманауи көзқараста кең зерттелуіне себепкер болған – Ю.Н. Караулов. Ол бұл ұғымға айрықша теориялық мазмұн беріп, тілдік тұлғаны өзі ұсынған тілдік тұлғаның бүкіл өмір бойы қолданып келген мәтіндерін модель ретінде қарастыру арқылы зерттеуді ұсынады. Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаны «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі; ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын; анық мақсатты бағыты бар адам» деп сипаттайды [50]. Ғалым «Русский язык и языковая личность» атты еңбегінде тілдік тұлға теориясына қатысты тәсілдерді жинақтап, В.В. Виноградов пен Г.Богиннің еңбектерінде қарастырылған «тілдік тұлға» ұғымын толықтырды [51]. Ю.Караулов тілдік тұлғаны «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі; ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын; анық мақсатты бағыты бар адам» деп анықтайды [30].

Тілдік тұлға қазіргі уақытта бірнеше бағытта психикалық, әлеуметтік, гендрлік, когнитивтік, жанрлық сипатта талданып жүр [52]. Әр сипатта жасалған талдаулар тілдік тұлға құбылысын анықтауда өз үлесін қосып келеді.

Тілдік тұлғаны зерттеудегі екі бағытты бөліп көрсетуге болады:

1. *Лингводидактикалық*, ол жеке тұлғаны сөйлеу қабілеттерінің жиынтығына ие тұлға ретінде және көбіне, заманауи синхронды материалдар негізінде қарастырылады (Г.И.Богин, Ю.Н.Караулов, Л.П.Клобукова, М.Р.Львов және т.б.)

2. *Лингвомәдениеттанымдық*, мұнда тілдік тұлға белгілі бір ұлттық-мәдени дәстүрлердің иесі және белгілі бір тілде сөйлеушілердің жинақтық бейнесі ретінде қарастырылады (С.Г.Воркачев, Л.И. Гришаева, Т.А.Ивушкина, В.И.Карасик, О.Клапп, В.В.Колесов, Т.В.Кочетков және т.б.).

Осы екі бағыт аясында тілдік тұлғаны зерттеуде төмендегідей аспектілер қарастырылады:

1. *Когнитивті* (А.П.Бабушкин, Г.И.Берестиев, Ю.Н.Караулов, Е.С.Киреев, В.В.Красных и др.). Когнитивті тәсілдемеге негіз болатын қағида ол- «адам санасында тілдік және тілдік емес білім жүйесінің жиынтығы, тілдік мінез-құлық – бұл тілдік білім» [5; 6; 7; 8]. Тілдік тұлғаның танымы жинақтаған білімін бейнелейтін мәтіндері негізінде қалыптасады. Когнитивистер пікірі бойынша тілдік тұлғаның негізгі қасиеттері - тіл бірліктері арқылы түрлі деңгейлерде ұлттық концептілерді вербалдау болып танылады, яғни тілдік тұлғаның санасындағы әлем бейнесі таңбалар арқылы белгіленіп, вербалданады.

2. *Прагматикалық (прагмалингвистикалық)* (Ю.С. Степанов, И.П.Сусов). Тілдік тұлғаны прагмалингвистикалық аспектіден зерттеу мәтіндегі тілдік әрекетіне талдау жасау жүзеге асады.

3. *Коммуникативті* (Т.Е.Демешкина, К.Ф.Седов, И.В.Сентенберг, В.И.Шаховский және т.б.). Бұл жағдайда тілдік тұлға коммуникативті тұлға ретінде қарастырылады, яғни «мәдени-тілдік құндылықтарға және коммуникативтік әрекеттерге, білім мен мінез-құлыққа ие жалпы сөйлеуші бейнесі» [9; 10].

4. *Ұлттық* (В.В. Воробьев, Д.И. Терехов, К.Ф. Седов және т.б.) тілдік тұлға ұлттық тіл мен коммуникацияның ұлттық түріне қарай ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде айқындалады.

5. *Гендерлік аспект* (В.П.Нерозняк, О.Л.Каменская, О.Л.Аптинескул, Т.В.Юдина және т.б.) ерлер мен әйелдердің «тілдік әрекеттеріндегі» айырмашылық зерттеледі.

6. *Жанрлық аспекті* (Л.С.Выготский, И.Н.Горелов, О.А.Козакова, К.Ф.Седов және т.б.) – бұл жанрлық номенклатураны құруға негізделген тілдік тұлғаның жанрлық тіл аспектісінде қолданатын коммуникативтік қажеттіліктерін кешенді сипаттау әрі олардың қызметін талдау тілдік тұлғаны сипаттауға мүмкіндік береді.

7. *Психоллингвистикалық аспект* (И.Н.Горелов, К.Ф.Седов), бұл жерде тілдік тұлға жеке дара психологиялық аспектте қарастырылады.

8. *Әлеуметтік-лингвистикалық аспект* (Т.В.Кочетков, О.Б.Сиротинина және т.б.) [54].

Тілдік тұлғаны зерттеудің жоғарыда аталған аспектілерінің әрбірі талданып жатқан феноменнің сипаттамасына өзіндік үлес қосады. Дегенмен тілдік тұлға феноменін қарастыруда түрлі көзқарастарға қарамастан зерттеушілер Ю.Н.Караулов ұсынған тілдік тұлға моделіне жүгінеді. Түрленіп өзгеріп тұратын бұл модель тілдік тұлғаның түрлі типтеріне талдау жасау үшін пайдаланылады.

«Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде ертеден сөз болып келеді. Қ.Жұмалиев тілдік тұлғаны ақын не жазушының өз образы ретінде сипаттап, әдеби және тілдік тұрғыдан зерттеді [55]. Сондай-ақ Р.Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» [56], «Абай шығармаларының тілі» [57], «Абайдың сөз өрнегі» [58], Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі» атты еңбектерде [59] суреткер тілінің сипаты, көркемдік ерекшелігі, сөз байлығы, көріктеу амалдарын (метафора, теңеу, эпитет, т.б.) шебер қолдануы, стильдік қолданысы талданды. Тілдік тұлға мәселесі Э.Сулейменова [60], З.Ахметжанова [61], Ж.Манкеева [62], Н.Уәли [25], Г.Смағұлова [63], Рахымжанов К. [64], Б.Нұрдәулетова [65], Г.Мұратова [66], Нұрмұқанов Х. [67], Оспанов Е. [68], А.Зекенова [69], Ф.Қожахметова [70], Г. Сынасапова [71], Ш. Елемесова [72], Ф. Терекоева [73], Г. Сапарбекова [74], Г.Имашева [75], Ермекова Ж. [76], А.Тымболова [77], А. Кушкимбаева [78], [79], Қ.Есенова [27] және т.б. зерттеулерінде сабақтастық тауып, жеке сала ретінде дамып келеді. Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыттағы зерттеулердің жандануына байланысты Абайдың тілдік тұлғасын [66], Махамбет Өтемісұлының [80], Тұрмағамбет Ізтілеуовтің [70], Олжас Сүлейменовтің [81], Міржақып Дулатовтың [75], Жүмекен Нәжімеденовтің [82], М.Жұмабаевтың [68], І.Жансүгіровтің [83], М.Әуезовтің [84] тілдік тұлғасын зерттеген диссертациялық жұмыстар көбейді.

Ғаламның тілдік бейнесінің жеке тілдік тұлға мен жиынтық тілдік тұлғаның санасындағы бейнесі өзара тығыз байланысты [85]. Алайда жеке индивидтің ой-өрісі ерекше болғандықтан, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты жеке тілдік тұлға мен жиынтық тілдік тұлғаның қабылдауы, бейнелі қолданыстары алуан түрлі болады. Жеке тілдік тұлға ұлттың қалыптасқан, тілде орныққан сөзқолданыстарын пайдаланып, ойын жеткізеді [86]. Осы тұрғыдан алғанда, **әрбір** сөйлеуші ұлттық тілдік тұлғаның өкілі, белгілі бір мәдениеттің жеткізушісі саналады. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады», – деп жазады [87, 369 б.].

Жеке тілдік тұлғаның сөзқолданысы жиынтық тілдік тұлғаның қабылдауымен тығыз байланысты. Себебі тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі көрініс табады. Сондықтан профессор Ж.Манкеева: «...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антрополингвистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді [88, 86-б.].

Халық лексикасын, ұлттық тіл құралдарын шығармашылықпен қолданатын ақын-жазушыларды ғалым Н.Уәли ұлттық элитарлық мәдени-тілдік типке жатқызады [25, 15-б.]. Ұлттық тілдің лексика-грамматикалық заңдылықтарын меңгеріп, қолдана білуді, әдеби тіл нормаларын ұстануды қамтитын вербалды-семантикалық деңгей тілдік тұлғаға ана тілінде ойлап, сөйлеп, өз ойын түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді.

Филология ғылымдарының докторы А.Ислам тілдік тұлғаны былайша сипаттайды: «*Тілдік тұлға* дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени күзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет күзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегіңсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» [89], ғалым Г.Мұратова: «Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда, тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын ұстаным болуға тиіс» [66, 63-б.], – деп түсіндіреді.

Адамның жалпы интеллектуалдық деңгейі тілдік тұлғаның қалыптасуы баспалдақтарының іргетасы болады. Әсіресе, тілдік тұлғаның ақыл-парасаты, өзіндік білім көкжиегін анықтауда когнитивті сипат жетекшілік қызметке ие болады. Тілдік тұлғаның таным позициясы дәстүрлі тілдік талдауларда анық байқала бермейді. «Тілдік тұлға – прототип, сондықтан оның когнитивтік моделі концептілік құрылымы деңгейінен айқын көрінеді. Прототип – типтік бейне, сондықтан ол тілдік мазмұнмен ұштасады, екеуі бірігіп келіп семантика өзегін құрайды» деген зерттеуші Н.Аитованың анықтамасы когнитивті сипатқа негізделген [90, 23].

А.Кушкинбаева тілдік тұлға қалыптасуы үшін 1. ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2. ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған,

кабылданбаған құндылықтар); 3. мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4. рухани сана (дін қағидалары); 5. үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6. озық білім жүйесі; 7. тектілік интеллектісі сияқты алғышарттар болуы қажет екенін айта келіп: «...Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз», – дейді [84, 11].

Сонымен, тілдік тұлға – көпқырлы әрі көпқұрамды парадигма. Ол қазіргі тіл білімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді: 1) нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау; 3) бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеу; 4) шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығу; 5) тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер. Жұмыста тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы жазарман тұрғысынан сипатталып, семиотика бағытындағы зерттеулер ескерілді. Публицистің тілді қолдануының коммуникативті қыры адам мен тіл сабақтастығында қарастырылып, журналист оқырманына әсер етуді көздейтін сөйленім әрекетінің субъектісі ретінде сипатталады.

Антропоэзектік бағытта ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық ділді, ұлттық тілдік мұраны, ұлттық психологияны терең меңгерген жеке тұлғаны зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашуда түрлі тұжырым жасауға мүмкіндік туады. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға мәселесі қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін арнайы зерттелмеген болатын. Сол себепті жұмысымызда осы мәселені қазақ тіл біліміндегі жаңа парадигмалармен байланыстыра отырып сипаттауды жөн көрдік.

1.3 Публицистикалық дискурс үлгілеріндегі тілдік тұлғаның ерекшелігі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистердің көзқарасы, ұстанымы, тілдік құралдарды пайдалануы когнитивтік, прагматикалық тұрғыдан қарастырылуы керек. Сол себепті тілдік тұлғалардың дүниетанымын, тілдік санадағы ғалам бейнесін түсіну үшін концептілерді қарастыру қажет. Тәуелсіздіктен кейінгі тілдік тұлғалардың мақалалары, публицистикалық дискурстары негізінде өзіндік концептосфера қалыптасқан. Ол концептосфера тілдік тұлғалардың ой-өрісін, дүниетанымын ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар оқырманын адамгершілікке баулиды, қоғамға пайдалы істерге шақырады, кейінгі буын журналистерге үлгі болады [91].

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистің коммуникативті діттемі, аялық білімі, тәжірибесі, тілдік санасы ескерілуі

керек. Яғни тілдік факторлармен қатар тілден тыс факторларға да ерекше мән берілуі керек. Себебі газет мәтіндерін толыққанды тексеру үшін тілдің өз ішіндегі факторларды ғана ескеру аздық етеді. Себебі мәтіннің түзілуінде тілден тысқары (экстралингвистикалық) факторлар маңызды орын алады. Тілдік тұлғаның қалыптасуына үш түрлі экстралингвистикалық фактор ықпал етеді: әлеуметтік; ұлттық-мәдени; психологиялық факторлар [92]. Біріншіден, кез келген тұлғаға әлеуметтік заңдылық әсер етеді. Екіншіден, ол – өзі шыққан этностың тарихи дамуы нәтижесі. Үшіншіден, оның уәждемелік бейімділіктері биологиялық қажеттіліктерінің, әлеуметтік және физикалық шарт-жағдайдың адамның психикалық сферасына (күйіне) ыңғайлануынан, икемделуінен туындайды.

Жұмысымызға өзек болған бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік тұлға мәселесінде публицистикалық дискурс өзіндік тілдік тұлға қалыптастыратынын айтуға болады. Публицистикалық дискурс автордың тілдік тұлғасын айқын бейнелейді. Ол эмоционалды бояулы фактіге қатысты автордың ұстанымын білдіреді [93]. Публицистикалық дискурс иландыру арқылы оқырманға эмоциялық жолмен ықпал етеді. Когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл жеке тілдік тұлғаның қоршаған орта туралы әсерін жинақтаумен қатар жиынтық тілдік тұлғаның зерттеушілік ойларын да жеткізіп, жиынтық тілдік тұлғаның этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Сол себепті С.Исаев: «Тіл – қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы. Осы себептен де, ол бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты және қоғамдық өмірде белгілі бір қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік т.б.) атқарады», – деп жазады [94, 4-б.].

Тілдік тұлғаның өзіндік дүниетанымындағы ғаламның тілдік бейнесі белгілі бір тарихи кезеңде тілдік құралдар арқылы көрініс тапқан концептілер жүйесінен тұрады. Бүгінгі таңда З.Д. Попова, А.В. Рудакова, Т.А. Фесенко, О.Ю. Кустова, В.А. Маслова, В.А. Новосельцева, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жеке тұлғаның концептосферасы мен жиынтық тілдік тұлғаның (әлеуметтік топтың) концептосферасы арнайы зерттелуде. Жиынтық тілдік тұлға дискурсы – тарихи тұрғыда қалыптасқан, синхронды түрде көрініс тапқан, жалпы немесе типологиялық ұқсас (инварианттың вариациялары), негізгі, жиі қолданылатын дискурс. Ол жазба деректердегі сөз қолданыс, лексикографиялық өңдеудегі және ассоциативті-вербалды желідегі сөздік корпусы, белгілі бір тарихи кезең мәдениетінің негізгі сөздері, жиі қолданылатын номинативті модельдер, тілдік ойынның репрезентативті массивіндегі метафоралар, жаңа сөздер, бейнелі қолданыстар арқылы көрініс табады [95]. Жиынтық тілдік тұлғаның сөзқолданысы түсіндірме сөздіктер мен фразеологиялық сөздіктерде көрініс табады, ал қазіргі заманғы жиынтық тілдік тұлға публицистикалық дискурста, ауызша сөйлеуде, көркем шығармада бейнеленген. Қоғам дамуына байланысты жиынтық тілдік тұлғаның қабылдауы, таным-түсінігі де өзгеріп, толықтырылып отырады.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаны талдау барысында ғаламның тілдік бейнесі іргелі де негізгі категория болып саналады [96]. Тілдік тұлға дүниетанымының өзегін құрайды және әрбір адамның санасында оған тән индивидуалды ерекшеліктер мен заңдарға сәйкес қалыптасатын ғаламның аса ауқымды бейнесі болып табылады. Тілдік тұлға а) құндылықтар жүйесі; ә) мәдениеттанытушы; б) жеке адам ретінде көрінеді [97, 109-б.]. Әрбір тұлға өзіне дейінгі сөздік қорды, тілдік байлықты игеріп, бойына жинақтау арқылы нақты адам болып қалыптасады. Нақты тұлғаның тілі жеке тілдік ерекшеліктерден тұрады. Тұлғаның ұлттық өзгешелігі барлық этнос элементтеріне тән қайталанбас сәйкестіктен тұрады, қарым-қатынас жүйесі мен құндылықтарды қамтиды, ол белгілі бір ұлт өкілінің басқалармен қарым-қатынасынан, яғни диалогінен көрінеді [98].

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға қоғамнан, мәдени қауымнан және этностан тыс болмайды. Сондықтан публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға этос, логос, пафоспен сабақтастықта сипатталуы керек. Этникалық бірлік ортақ тілі, мәдениеті, жер-аумағы, тұтастығы мен бірізділігі бар белгілі бір көлемдегі адамдардың топтасуына негізделеді. Публицистің бойында мәтін қалыптастыратын үш ерекшелік – қоғамдық-психологиялық қыры; әлеуметтік-ментальдік аурасы, оқырманын баурап алып, әсер ететін тілі жинақталады. Г.А. Золотова мәтінде жазарманның коммуникативті діттемі қалай көрініс тапқанын ескеру қажеттігін айта келіп, оның бірнеше түрін: репродуктивті (бақылап жүргенін хабарлау), генеративті (ақпаратты жалпылау), волюнтативті (адресатты қандай да бір іске құлшындыру) [99, 68-с.] көрсетеді.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаны талдау барысында ғаламның тілдік бейнесі іргелі де негізгі категория болып саналады [96]. Тілдік тұлға дүниетанымының өзегін құрайды және әрбір адамның санасында оған тән индивидуалды ерекшеліктер мен заңдарға сәйкес қалыптасатын ғаламның аса ауқымды бейнесі болып табылады. Тілдік тұлға а) құндылықтар жүйесі; ә) мәдениеттанытушы; б) жеке адам ретінде көрінеді [97, 109-б.]. Әрбір тұлға өзіне дейінгі сөздік қорды, тілдік байлықты игеріп, бойына жинақтау арқылы нақты адам болып қалыптасады. Нақты тұлғаның тілі жеке тілдік ерекшеліктерден тұрады. Тұлғаның ұлттық өзгешелігі барлық этнос элементтеріне тән қайталанбас сәйкестіктен тұрады, қарым-қатынас жүйесі мен құндылықтарды қамтиды, ол белгілі бір ұлт өкілінің басқалармен қарым-қатынасынан, яғни диалогінен көрінеді [98].

Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаның үш деңгейін, атап айтқанда:

1. вербалды-семантикалық деңгей;
2. когнитивтік деңгей;
3. прагматикалық (мотивациялық) деңгейді көрсетеді [50, 63-с.].

Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті қарым-қатынас тілін меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, сема ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік

тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғаны үшін ол кей кезде «нөлдік деңгей» деген атауға ие болып, тілдік тұлғаның тілді қалай қолданатыны басым түрде сөз болады.

Лингвокогнитивтік деңгейде тілдік тұлғаның сөздік қоры ғана айқындалмайды, сонымен бірге коммуникацияның танымдық аспектілері де қамтылады. Лингвокогнитивтік деңгейде коммуникативтік қарым-қатынастың екі негізгі жоспары анықталып, сарапталады: 1) жалпылингвистикалық аспект (кез келген дискурста, кез келген тілдегі коммуникацияға ыңғайлы; 2) ұлттың өзіне ғана тән ерекшелікті анықтайтын ұлттық дискурстағы өзектілік [100]. Бұл деңгей коммуникациядағы әмбебаптықты талдауға мүмкіндік беріп, коммуникацияны кешенді сараптауға, коммуникацияға ықпал етіп, барлық факторды ескеріп, коммуникацияны жүйелеуге мүмкіндік берумен қатар коммуникациядағы ұлттық белгілерді анықтап, зерттейтін және коммуникацияға тән ұлттық ерекшеліктерді сипаттап, суреттейтін, сондай-ақ ұлттық мінез көрінетін негізгі ментальды-лингвалды кешенді анықтап, зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен бірге коммуникациядағы ұлттық ерекшелікті көрсетеді [25, 355-357-б.]. Бұл деңгейде өзіндік қолданыстар: метафоралар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологизмдер айқын көрініс табады. Тілдік тұлға осындай құрылымдық ерекшеліктерден тұратын кешенді категория ретінде сипатталған. Алайда оның тілді қолдануды арнайы жоспарлауда, мәтін түзудегі сипаты, сөздерді тілдік айналымға енгізудегі кейбір ерекшеліктері назардан тыс қалып жатқанын айта кеткен жөн. Ал үшінші деңгейге, яғни тілдік тұлғаның прагматикалық сипатына сөйлесімнің жүйелік қасиеттерін тілдік және иллокутивтік актілер ретінде айқындау жатады. Прагматикада коммуникативтік жағдаяттағы тіл бірліктерінің оны ұйымдастырушыға, жіберушіге, қабылдаушыға деген қатынасы көрініс табады.

Сонымен, тілдік тұлғаны зерттеудің бірінші деңгейі оның әлемдік бейнесінде жинақтаған білімі негізінде оның вариативті бөліктерін айқындауды шамалайды [101]. Тілдік тұлға «толыққанды тұлға», тұтас бейне ретінде қарастырылады, Ю.Н. Карауловтың айтуы бойынша, оның әлеуметтік рөлдері, кәсіби, жас ерекшелігі, гендерлік және басқа да сипаттары зерттеледі.

Жұмысымызда Ю.Карауловтың еңбектерін негізге ала отырып, публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаны өз кезеңінің тамыршысы бола білген тұлғалардың еңбектерін негізге ала отырып, жиынтық тілдік тұлға ретінде қарастырамыз. Осыған байланысты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген баспасөз құралдары мен кейінгі газет-журналдардағы мақала авторларын өзара салыстыра, байланыстыра отырып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетуге тырысамыз.

Қазақ тіліндегі публицистикалық дискурстың дамуын шартты түрде үш кезеңге жіктеуге болады:

- қазақ публицистикасының қалыптасып, дами бастаған кезеңі (1870-1917);

- публицистика дамуының кеңестік кезеңі (1917-1990);
- тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистика (1991 жылдан қазірге дейінгі кезең).

Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Публицистика дамуының тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңін профессор Н.Уәли былайша сипаттайды: «Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистиканың дамуы пікірдің ашықтығымен, ұлттық мемлекет құруға деген талпыныспен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда еліміз тәуелсіздігін алып, сөз бостандығы үстемдік құрған кезеңде, пафос, этос, логос да түпкілікті өзгерістер болып, жаңаша сипат алды. Қазіргі кезде дамыған елдердің қатарына енуді мақсат еткен заманда ғылыми-техникалық жаңалықтарға сәйкес халықтың көзқарасы, тұжырымдары, өмірлік ұстанымдары да өзгеріп, белгілі дәрежеде логосқа ықпал етуде» [25].

Жұмысымызда тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп, т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселерін талдауға негіз еттік. Жұмыста жекелеген тұлғаларды негіз ете отырып, тұтас сол кезеңдегі жиынтық тілдік тұлғалардың ұстанымдарын, өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге, талдауға тырысамыз. Әрине, қажет тұстарда публицистика дамуының кеңестік кезеңі де салыстырылып, этос, логос, пафостағы ерекшеліктер көрсетіледі.

Этос, логос, пафос негізгі құндылықтарды түзіп, тезаурус, прагматика қалыптастырады, автордың тілдік тұлғасын танытады. Публицистикалық дискурстың авторы – адресант белгілі бір журналистер қауымдастығының өкілі, интервью жанрында әлеуметтік мәртебесі бар сұхбаттасушы болуы мүмкін. И.П.Сусов тілдік тұлға типологиясын құру үшін сөйлеу актісінің, тілдік тәсілдері, тактикалары, стратегиялық жиынтығы, сөйлесу постулаттары, сөйлеуші сөзінің мақсатқа сәйкес болуы, тілдік әрекеттерін осыған ұқсас немесе басқа да прагматлингвистикалық сипаттағы тілдік әрекеттермен байланысты болуы қажет екенін ескертеді [102].

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның қалыптасуына көптеген фактор әсер етеді. Тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторларды шартты түрде екі топқа жіктеуге болады: *интралингвистикалық* және *экстралингвистикалық*. Интралингвистикалық факторларға тілдік жүйедегі өзгерістер мен тілдің дамуына ықпал еткен ішкі түрткіжайттар, заңдылықтар жатады. Экстралингвистикалық факторға тілдік аядан тыс, бірақ тілдегі барлық өзгерісті қамтитын болмыс жатады. Оған демографиялық параметрлер (сол тілде сөйлейтін халықтың саны, орналасуы, сол тілде сөйлеушілердің жас ерекшелігі және т.б.), қоғамның әлеуметтік құрылымы, тілдік-мәдени ерекшеліктері (жазу дәстүрінің болуы, мәдени тұрғыдан негізделген тілдік байланыстары) және т.б. жатады.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің беташар мақаласында газеттің (публицистиканың) 4 түрлі қызметін атайды: «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі, екінші газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы

халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп, халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады [103, 556-б.].

Қазақ публицистикасы қалыптаса бастаған кезең мен тәуелсіздік кезеңіндегі тілдік тұлғалардың ұстанымы бір-бірімен үндес, сабақтас екенін байқаймыз. Оған журналист Нұртөре Жүсіптің төмендегі сөздері дәлел: *Қазақтілді баспасөз қашан да жанашыр сөзді айтып келеді. Біз Тәуелсіздікті, Қазақ елін, мемлекеттілік пен мемлекеттік тілді, ұлттық салт-дәстүрді көздің қарашығынан бетер қорғап келеміз. Ұлттық мүдде қашан да бәрінен жоғары тұруы керек. Осы орайда қазақ журналистикасының иығына артылатын жүк те аз емес. Қазақ журналистері ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздік мәселелерін ұдайы назарында ұстап отыруға тиіс. Қорғаныс саласындағы қауқарымыз қандай? Қазаққа қандай қауіп-қатер бар? Қайткенде оның алдын аламыз? Елімізде қабылданған заңдардың озық жағы қайсы, тозық жағы қайсы? Экономикалық реформалардың ұлтымызға берер ұтымды тұстары қандай? Әртүрлі одақ, кеңес, құрылымдардың елге пайдасы қаншалықты? Халқымыздың әлеуметтік жағдайын қалай жақсартуға болады? Білім мен денсаулық салаларында қазақтың қағажу көре беретіні неліктен? Меніңше, осы тақырыптар күн тәртібінен түспеуі керек. Мемлекет біреу. Қазақтың мемлекеті біреу болған соң оның ақпараттық саясаты да біреу болуы керек (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018).*

Журналистің бұл сөзін бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалардың тақырыпаттары да айғақ болады: Ерлан Әбдиев Ақпаратқа «екі шоқып, бір қара!» («Айқын», №45 (2921), 2016, 29 наурыз); Сейсен Әмірбекұлы Қарызға батқан Қытай өзгені жарылқай ма? («Айқын», №45 (2921), 2016, 29 наурыз); Жұмагүл Оралбаева Құт қонған елде Қызыр қыдырар («Айқын», №45 (2921), 2016, 29 наурыз); Данагүл Махат «Айтылған тарих» ақиқатқа жетелейді («Айқын», №45 (2921), 2016, 29 наурыз); Гүлзина Бектас Алматы – алты алаштың алтын тәжі («Айқын», №44 (2920), 2016, 25 наурыз); Сейсен Әмірбекұлы Мұнайым бар – мұным бар («Айқын», №39 (2915), 2016, 17 наурыз); «Қазақстандық арманды» жүзеге асырамыз («Айқын», №22 (2898), 2016, 12 ақпан); Қазақ батырлары ескерусіз қалмаса екен («Айқын», №6 (2882), 2016, 15 қаңтар); Қайрат Жаңабеков Ел болашағы – оның Темірқазығы («Айқын», №6 (2882), 2016, 15 қаңтар); т.с.с. Яғни қазақ публицистикасының қалыптасып, дами бастаған кезеңі мен тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі, қазіргі кезеңдегі журналистердің ұстанымдары бір.

Диссертация көлемінде баспасөздегі мақалалардың бәрін түгел талдап шығу мүмкін болмайтындықтан, республикамыздағы ең танымал, тиражы мол газеттерден бір-бір өкілден – Бекен Қайратұлы («Егемен Қазақстан»),

Бауыржан Омаров («Ана тілі»), Нұртөре Жүсіп («Айқын») алып, тілдік тұлға ретінде талдауға тырысамыз. Бұл қаламгерлерді таңдап алуымыздың бірнеше себебі бар: біріншіден, үшеуі де тәуелсіздік алған жылдары өнімді еңбек етіп келе жатқан тұлғалар, екіншіден, үшеуінің де қаламы ұшталып, басқа журналистерге үлгі болатындай, төселген, өзіндік ойы, жазу мәнері қалыптасқан; үшіншіден, қаламгерлердің көтерген тақырыптары да ұқсайды, бір мәселені бәрі де сөз еткен. Бірақ әрқайсысы түрліше танытып, түрліше сипаттаған; төртіншіден, үшеуі де ана тілін, ұлттық ділді, ұлттың тарихын жетік меңгерген, элитарлық деңгейдегі тұлғалар; бесіншіден, үшеуі де – қатарлас, замандас адамдар, Нұртөре Жүсіп пен Бауыржан Омаров қазіргі Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Нұртөре Жүсіп Павлодар облыстық қазіргі «Сарыарқа самалы» (бұрынғы «Қызыл ту») газетінде, «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ақжол Қазақстан», «Астана хабары» газеттерінің бас редакторы, «Егемен Қазақстан» газетінің Бас директоры қызметтерін атқарды. Ал 2008 жылдан бері «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетіне жетекшілік етіп келеді. Нұртөре Жүсіп – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан халқы ассамблеясы кеңесінің, ҚР Жазушылар Одағының, Журналистер одағының мүшесі, Президент сыйлығының, Қазақстан Журналистер одағының, Б. Бұлқышев, С. Садуақасов атындағы сыйлықтардың иегері.

Бауыржан Омаров 1986-1994 жылдары «Жас Алаш» газетінің тілшісі, аға тілшісі, аудармашысы, бөлім меңгерушісі; Литер-Media» ЖШС атқарушы директоры, «Астана хабары» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, «Айқын» газетінің бас редакторы, Қызылорда облысы әкімі аппаратының жетекшісі, 2006-2009 жылдары «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, 1993 жылы «Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 2001 жылы «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы (генезис, типология, поэтика)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған; 100-ден астам мақала мен 10 ғылыми, публицистикалық кітаптардың авторы.

Бекен Қайратұлы – 1991 жылы Моңғолия Республикасынан Қазақ жеріне келген, 1992 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» газетінің, «Парасат» журналының беттерінде өлең, мақалалары жарияланып келе жатқан, бастапқыда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы газетте (аудандық) мақалаларын жариялап, 1997 жылдан бері Ақмолаға көшіп келіп, «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет етіп келе жатқан танымал журналист. Мектепте жүрген кезінен бастап «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын, Ілияс Жансүгіровтің, Сәбит Мұқановтың еңбектерін оқып, сусындап өскен.

Жұмысымызда осы үш журналистің еңбектерін негізге ала отырып, қазіргі кездегі – тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі публицистік дискурстың авторларының – тілдік тұлғалардың мақалаларын зерттеу нысанымызға алдық. Үш қаламгер де қазақы ортада өскен; қазақ мектебінде оқыған; ұлттық тәрбие алған; ұлттық құндылықтарды бағалай біледі; салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа жетік; дін қағидаларын біледі; қазақ тарихын біледі,

үлгі тұтатын тұлғалары да ұқсас; т.с.с. Бұл жағынан алғанда, тілдік тұлғалардың әлеуметтік-этникалық сипаты ұқсас. Соған сәйкес ұлттық дүниетанымы, көзқарасы да ұқсас. Яғни үш тілдік тұлғаның ғаламның тілдік бейнелері де ұқсас. Сондықтан Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп сынды қаламгерлерді қазіргі кездегі публицистикалық дискурстағы типтік тілдік тұлғаларға жатқызуға болады. Алайда әрқайсысының өзіндік танымы, көзқарасы, ұстанымы, сөз мәнері ерекше болуына байланысты әрқайсысын жеке (индивидуалды) тілдік тұлға ретінде де қарастыра отырып, ұқсастығы мен ерекшелігін сөз етеміз. Жиынтық тілдік тұлға бір-біріне тәуелсіз, жекелеген тұлғалардан құралады. Олар зерттеуші тарапынан ғана дискурсындағы ұқсастық, пікір тоқайластығы бойынша біріктіріледі.

Тілдік тұлғаны зерттеуде құндылықтарға ерекше мән беріледі. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың тұлғалардың концептосферасында отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, имандылыққа шақыру, адамгершілік, т.с.с. құндылықтар маңызды орын алған. Осыған байланысты тілдік тұлғалардың негізгі концептілерінде қоғам, тұлға, халық жағымды, жағымсыз мәнде көрсетіледі. Тілдік тұлғалар қоғамды жалаң мақтай бермей, орын алып жатқан келеңсіздіктерді көрсетіп, теріс әдеттен аулақ болуға үндейді. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында заман ауысса да өзгермейтін, адамгершілік, имандылық, т.с.с. мәңгілік құндылықтар дәріптеледі. Д.С. Лихачев концептосферада автордың дүниетанымы, ұстанымы көрініс табатынын айта келіп тұрақты концептілер жиынтығы тіл концептосферасын құрайтынын, сол арқылы ұлттың мәдениеті көрінетінін айтқан болатын [104, 3-с.].

Концептосферадағы концептілер арқылы автордың танымы ұлттың ділі (менталитеті), рухани әлемі, мәдениеті, салт-дәстүрі көрінеді. Сол себепті тілдік тұлғаның концептосферасы рухани, мәдениеттанымдық құндылықтарын, қоғамдық-саяси ұстанымын, адамгершілік ұстанымын білдіреді. Тілдік тұлғаның концептосферасын сөз еткенде 1) шынайы болмыс, қоғамдағы жағдаят; 2) рухани әлем; әдебиет пен өнердің, мәдениеттің дамуы; 3) азаматтық ұстанымы: халыққа қызмет ету, қоғамға пайдалы болу; 4) аялық білімі: дүниетанымы, ұстанымы; 5) публицист ретінде қалыптасуына әсер еткен тұлғалар да ескеріледі. Концептосфера персоносферамен тығыз байланысты. Г.Г. Хазагеров персоносфераны «живое, одушевленное население планеты концептов, через которые отражается мир персоналий» [105, 133-с.] деп сипаттайды. Персоносфера екі түрлі көрініс табады: біріншіден, ол әсер ететін тұлға, екіншіден, өзі де басқалардың әсері арқылы қалыптасады. Бір кездері «Қызыл ту» аталған, қазір «Сарыарқа самалы» деп аталатын Павлодар облыстық газетінде жеті жылдай еңбек еткен Нұртөре Жүсіп сол кезде тәлімгерлік еткен Айтжан Бәделханов, Төлеубек Қоңыров, Қажымұрат Смағұлов, Мұхаметжан Дәуренбеков сынды қаламгерлерді үлгі етеді. Әсіресе өзінің ұстазы – Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Камал Смайылов, Қалтай Мұқамеджанов, Нұрлан

Оразалин, Оралхан Бөкей, Марат Қабанбай, Ақселеу Сейдімбек, Сейдахмет Бердіқұлов, Марат Тоқашбай, Сауытбек Абдрахманов, Жұмабек Кенжалин, Жанболат Аупбаев, Сапарбай Парманқұловтарды үлгі тұтады.

«Астана ақшамы» газетінің «Қазақстан журналистикасындағы қандай тұлғаларды қадір тұтасыз?» деген сауалнамасына Нұртөре Жүсіп: «Біз, менің тұрғыластарым, үлкен шығармашылық мектептен өттік. Біз Шер-ағандай өткір де батыл, Әбіш аға Кекілбаевтай парасатты, Камал Смайыловтай ақмылтық, Қалтай Мұқамеджановтай сергек адамдардың мектебін көрдік. Мен Шер-ағамен, Әбіш ағамен, Нұрлан Оразалинмен тікелей жұмыс істедім. Қарамағында болдым. Бұл кісілерден шығармашылық және ұйымдастырушылық салада көп нәрсе үйрендім. Сондай-ақ, марқұм Оралхан Бөкей, Марат Қабанбай, Ақселеу Сейдімбек ағаларымыздың тәлімін алдым. Өнегесін үлгі тұттым. Сейдахмет Бердіқұловтың алдын көрдім. Алғысын алдым. Соның бәрі қазір ойлап отырсам тау тұлғалы азаматтар, менің өмірімде ерекше орны бар, журналист ретінде қалыптасуыма айрықша ықпал етіпті. «Егемен Қазақстанның» ардагері Ержұман Смайылдың жеке басынан да табандылықпен жұмыс істеудің қыр-сырын үйрендім. Бүгінгі басылым жетекшілері Марат Тоқашбай, Сауытбек Абдрахманов, Жұмабек Кенжалин, Жанболат Аупбаев, Сапарбай Парманқұловтардың да үлгі тұтар жақсы қасиеттері көп. Тіпті өзіммен тұстас Шәмші Паттеев пен Еркін Қыдыр, Жүсіпбек Қорғасбек, Қали Сәрсенбай, Мақсат Тәжі-Мұрат, Срайыл Смайыл, Қазыбек Иса секілді азаматтармен ақпарат майданында қатар жүргенімді ардақ тұтамын», – деп жауап берсе, Бауыржан Омаров: «Жарылқап Бейсенбайұлы, Сауытбек Абдрахманов, Жанболат Аупбаев, Қуаныш Жиенбай, Қайнар Олжай, Мақсат Тәжімұрат сынды ағаларымды, Нұртөре Жүсіп, Жүсіпбек Қорғасбек, Әлімжан Сабыржанұлы, Талғат Батырхан секілді қатарластарымды, Дәурен Қуат, Талғат Ешенұлы, Сәкен Сыбанбай сияқты інілерімді құрметтеймін. Сөйлемді сауатты құратын қаламгерлерге бүйрегім бұрады. Мінезі кедір-бұдыр, қимылы шәлкем-шалыс, ой-пікірі ойлы-қырлы журналистерді де тәуір көрем», – деп жазыпты [106].

Қаламгер Нұртөре Жүсіп ұлт мүддесі ең алдымен тәуелсіздік ұғымына табан тірейтінін ескерте келіп: «Осы тұрғыдан алсақ, қазақ басылымдарының барлығы дерлік осы мақсаттан ауытқыған жоқ. Бұл қуанышты жағдай. Мемлекеттік, елдік мәселелерге келгенде қазақ баспасөзі бекем бағыт ұстанып отыр. Меншік түріне қарамастан қазіргі қазақтілді баспасөз барынша ұлт мүддесі үшін қызмет етіп келеді. Мемлекеттік тілімізді тұғырына қондыру, ұлттық салт-дәстүрді, қасиет-қалыбымызды сақтау жағынан келгенде қазақтілді басылымдар ылғи да «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жүр. Ұлт ұпайын түгендеу – бір күндік шара емес. Оған күн сайын кірпік қақпай қызмет ету керек. Менің ойымша, біздің ұлттық баспасөз осы бағытты Темірқазық етіп отыруы тиіс», – дейді. Бұл – барлық публицист үшін ортақ ұстаным.

Нұртөре Жүсіптің «Біз кімнен кембіз?», «Қазақтың қызы», «Елес пен белес» атты публицистикалық шығармалар жинағы бар. Жинақтарға енген

мақалалардың («Елдің рухын көтеретін не нәрсе?», «Қиын-қыстау күн туса... қайтеміз?», «Қазақтың көбею мәселесі қалай болады?», «Ел тумайын демейді, үкімет туғызбай отыр», «Біз кімнен кембіз?», «Желкеге мінген жалқаулық», «Жерден жерігендер», «Қазақ – көңілшек халық, ал нарық көңілге қарамайды», «Сауатсыз әкім сорға бітеді», «Мәселені шешпейтін адам себеп іздейді, шешетін адам әдіс іздейді», «Құлық және құлқын», «Алдымызда – Ақмола, артымызда – Алматы», «Айдалада отырып алақайлағаны несі», «Жиырма екінші баптың астындағы жылан», «Отанымызды отап тастамасақ болғаны», «Алтаудың алауыздығынан төртеудің түгелдігі қымбат», «Құлдан құл туады», «Тіл төңірегінде түйткіл көп», «Бұл қазаққа тойдан гөрі ой керек», «Қазақы қамсыздық» «Мәртебелі мырзалар мелшиіп отыр», «Қалғыма, қазақ!» «Үйге үндемей кірген бәле», «Кеңкелес ұрпақ көбейді», «Мұнайдан түскен табыстың белгілі бір бөлігін тілді дамытуға жұмсау керек», «Бір орыс келіншек базарда бесік іздеп жүр», т.с.с.) тақырыптарынан-ақ қаламгердің қарымы анық байқалады.

Бекен Қайратұлының сөз еткен мәселелері өте ауқымды, кең екені мақалаларының тақырыпаттарынан да байқалады: «Сато Иуя – қазақ күресінің үздігі» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 тамыз), «Мылтықсыз майдан» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек), «Үржарда туып, Ұлан-Батырда атылған қазақ» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан), «Толық адам һәм бақытты отбасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз), «Ақмышта туып, АҚШ-тан озған» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 шілде), «Жалған тарих жарға жығады» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 тамыз), «Рухани кәмпеске» (Егемен Қазақстан, 17 қазан), «Ұлттық спорт үздіктері анықталды» (Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан), «Жаңа емле ережесі түсіндірілді» (Егемен Қазақстан, 2019, 4 желтоқсан), «Қандастарға қамқорлық» (Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде), «Адамтану ілімі» (Егемен Қазақстан, 2019, 3 қыргүйек), «Ұлттық код һәм қазақтың жады» (Егемен Қазақстан, 2017, 24 тамыз), «Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым), «Надандықтан туған мақтан» (Егемен Қазақстан, 2018, 11 сәуір), «Жаңғырық жайлы хикая» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 мамыр), «Бата берудің әдебі» (Егемен Қазақстан, 2018, 29 наурыз), «Оразаның нығметі» (Егемен Қазақстан, 2018, 16 мамыр), «Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша), «Темекінің тауқыметі» (Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша), т.с.с.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың сөз еткен мәселелерінен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың концептосферасын нақтылауға болады: шынайы болмыс: оқиғалар, тарих, тұлғалар; рухани әлем: мәдениет, дін, діл, тіл, өнер-білім; әлеуметтік мәселе, азаматтық қоғам: халықтың тұрмысы, ахуалы, мақсат-мүддесі; т.с.с. К. Поппер концептосфераны 1) шынайы болмыс; 2) ой-сана; 3) ғылыми таным, өнер туындылары негізінде сипаттайды [107, 347-б]. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын сөз еткенде де осы ұстанымды басшылыққа алып, публицистикалық дискурстың прагматикасын ашуға тырыстық.

1.4 Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы лексикалық қабаттар

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы әлеуметтік-этникалық сипатына сәйкес мақалаларында қазақтың байырғы сөздері көп қолданылған. Мұның екі түрлі себебі бар: біріншіден, газет тілі көпшілікке түсінікті, жеңіл болуы үшін шеттілдік сөздерден гөрі қазақтың сөздік қорынан алынған сөздер қолданылуы керек; екіншіден, тілдік тұлғалардың туып-өскен ортасы қазақы болғандықтан, аталған тілдік тұлғалардың оған мүмкіндігі әбден жетеді. Мысалы: *Ұста адамдар болады: қолына түскен мысты алтынға айналдырады – әбігерлі тірліктің әдібін тапқан жандар зергерлік өнердің шыңына жетіпті; Қазақстаннан табылған «Алтын адам» мен Берелдегі, Сарайшықтағы, Орталық Қазақстандағы кез келген сондай алтын адамдардың моласынан табылған бұйымдарға назар салыңыз – зауыты жоқ, фабрикасы жоқ замандарда темірден түйін түйдің, жезден жейде тоқудың, алтыннан әбзел жасаудың небір қыры мен сырын меңгергенін көресіз. Көресіз де «шын ұста екен» деп баға бересіз. Таңдай қағасыз. Тамсанасыз. Сол сияқты «Сөзге ұста» адамдар да болады. Журналист-жазушы, «Алматы ақшамының Бас редакторы, Президент сыйлығының лауреаты, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының БАҚ саласындағы және Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбайдың «Шал мен шындық» атты кітабын қолға алып, ішіне парақтай үңіліп, жазған дүниесіне шұқшия назар салсаңыз – нағыз сөзге ұста адамның қолтаңбасын анық табасыз* (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан).

Нұртөре Жүсіп *ұста* сөзінің тура мағынасы мен ауыспалы мәндерін шебер ойната отырып, әдемі картина түзеді. Алтын адамның киімдеріне зер салған (зерлеген) шеберлер мен сөзбен өрнек салған сөзге ұста шебер – Қали Сәрсенбайды салыстыра отырып, діттеген ойын осы салыстыру арқылы жеткізеді. Яғни журналист қазақ танымындағы түсінікті пайдалана білген.

Бауыржан Омаров көрнекті көсемсөзші Нұрмахан Оразбекті «ақпараттың қатардағы сарбазынан саланың сардарына дейінгі жолдан өткен» журналист ретінде Махамбетпен сабақтастыра отырып, «Ереуіл атқа ер салмай», «Егеулі найза қолға алмай», «Еңку-еңку жер шалмай», «Ерлердің ісі бітер ме?!» сияқты бөлімдерге жіктей отырып сипаттайды. Мақаланың тақырыпаты да «Махамбет-мінез» деп аталған (Ана тілі. №2 (1312), 2016, 14-20 қаңтар).

Байқап отырғанымыздай, қаламгерлер публицистикалық дискурстарында қазақы танымды негіз еткен: *Содан бері осы жер «Бес маршал» деп аталады. Тіпті Жезқазған жаққа қатынайтын автобус аялдамасының аты да «Бес маршал» делінетін көрінеді. Шекпен-шені жоқ осы «бес маршалдың» нөқта азасы Смайыл көкеміз сол жерден мәңгілік орын теуіпті* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Осы уақытқа дейін араб тілінен енген хабарлану сөзінің орнына құлақтану сөзі қолданылғанын байқаймыз: *Ал ол кісінің тазалығы мен адалдығын көрмейсің бе?! Бірден аудандық партия комитетіне барып: «Мына жас журналист керемет баяндама жазып шықты», – деп басшыларға жар салады. Бірінші хатишы Шаймұқан Сәпиевтің өзі құлақтанады* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Бұл жөнінде «Science» журналында мақала жарияланды. Бүкіл дүниежүзіне тарайтын ғылыми басылым арқылы төрткүл дүние түгел құлақтанды (Бауыржан Омаров Генетик // Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз).

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақтың қолданыстан шығып бара жатқан сөздерін «тірілтіп», қайта қолданысқа енгізуді мақсат етеді. Мысалы: *Әттең, жиырма бірінші ғасырдың көшіне әлдеқашан ілесіп кеттік, баяғы заман болса, академиктің киген киімінің шалғайынан шалғай, түймесінен түйме қалмас еді. Ырымшыл қазақ жақсының жамылған шапанының шалғайын шолтитып кесіп, бешпентінің түймесін қырқып алып, пышақ үстінен бөлісіп әкетеді ғой. Қазір ол дәстүр жоқ. Сондықтан текті тұлғаның шалғайы бүтін, түймесі түгел* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Шағын мәнмәтінде публицист қазақтың салт-дәстүрін тілге тиек ете отырып, бүгінгі қоғамда танымның, дәстүрдің өзгергенін айтады. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген ұстанымды негіз еткен қазақ баласы өмірде жолы болған, көп жасаған адамдардың затын тәбәрік көріп, «өзіне, балаларына жұғысты болсын» деген ниетпен ырым қып алғанын айтады.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурсқа тән тілдегі дайын стандарттарды, штамптарды да орынды пайдаланған. Мысалы: *Сонымен қатар биылғы 19-22 сәуір аралығында Алматы қаласында Дүниежүзілік этносport конфедерациясының II халықаралық құрылтайы өтіп, оған әлемнің 40-тан астам елінен 150-ге жуық өкіл келіп қатысса, 30 мамыр мен 2 маусым аралығында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырған «Nur-Sultan Ethno Fest» мерекесі елорда тұрғындары тарапынан кең көлемде қолдау тапқан екен* (Бекен Қайратұлы Ұлттық спорт үздіктері анықталды // Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан). *Қазіргі таңда күн тәртібінде тұрған басты мәселе 2021 жылы елімізде өтуі тиіс Бүкіләлемдік этносport ойындары, – деді Қарлығаш Әсетқызы* (Бекен Қайратұлы Ұлттық спорт үздіктері анықталды // Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан).

Публицистикалық дискурста мұндай стандарт, штамптардың өзіндік қызметі бар. Себебі бұлар оқырманның тілдік санасында орнығып, қалыптасып кеткен. Сондықтан автордың мұндай сөзқолданыстарын оқырман екі ұшты түсінбей, бірден қабылдайды. Әрі мұндай штамп, стандарттар журналистің ақпаратты тез беруі, дер уақытында жеткізуі үшін де аса қажет.

Алайда тәуелсіздік алған жылдардан бері барлық атаулар қазақ тілінде ғана, қазақы ұғымға сәйкес беріледі деп айтуға болмайды. Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғасы ретінде қаламгерлер басылым бетінде бірқатар атаулардың тұрақтануына белсенді атсалысып келеді. Мысалы:

Сол болмыс түйсігі ерте жетілген ұланның ұлттық иммунитетін оятты (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез //Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Мамандықтың маркасы* дейміз бе, *баспасөздің бренді* дейміз бе, *қазіргі күні тілімізден түспейтін тіркестердің мағынасын танытатын үздік үлгі іздесеңіз, алысқа бармай-ақ қойыңыз* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез //Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Бұдан да сорақысы *ұлттың генетикалық жадысында берік орныққан «жылқытану» ілімі жойылды* (Бекен Қайратұлы Жылқыға төнген зауал //Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан). *Шара барысында атқарылған өзекті жұмыстардың бірі – шетелдегі қазақ тілді БАҚ өкілдерінің басын қосқан панельдік сессия* (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде).

Келтірілген мәнмәтінде газет, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тілімізге сіңісті болып бара жатқан құрылымдармен қатар жекелеген тілдік тұлғалардың қаламына тән құрылымдар да бар.

Сонымен қатар журналистер бүгінгі таңда қалыптасып келе жатқан атауларды тілімізге енгізуге, қалыптандырып, нормаға айналдыруға талаптанғаны да байқалады. Мысалы: *Британдық «The Economist» басылымының әлемдік рейтингінде Қазақстан ажырасу саны бойынша 10-орында тұр* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол //Айқын. 2019, 25 қазан). *Бұл ретте өзара іс-әрекеттер конструктивті диалог форматында болуы тиіс екенін ескертті* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол //Айқын. 2019, 25 қазан).

Келтірілген мәнмәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен тіркестер – журналистердің қаламдарынан жасалмаған атаулар. Тілдік тұлғалар бұл атауларды нормаға айналдыру мақсатында өзгеріссіз пайдаланған.

Сонымен қатар журналистердің қолданысында қазақ тілінде әлі орныға қоймаған тілдік бірліктер бірнеше нұсқада жұмсалған. Мысалы: *Соңғы жылдары спортшылардың арасында бәрнаут (vurnout) синдромымен ауыратындар жиі кездесетіні байқалып отыр. Бұл дертті қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, қобалжу-қорқу немесе күйзеліс деп айтуға болады. ...Қазіргі таңда мазасыздық дертімен кәсіби спортшылар көп ауыратын болып барады. Мысалы, Германияның Бундеслигасында өнер көрсетіп жүрген «Шальке» футбол командасын 2004-2005 жылдары жаттықтырған Ральф Рангник өзінің мазасыздық дертіне ұшырағаны туралы команда басшыларына шағым түсірген. Дәрігерлер бапкерді тексеріп бір ауыздан бәрнаут сырқатына ұшырағаны туралы шешім қабылдаған* (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Мұндағы бәрнаут (vurnout) синдромы мазасыздық дерті, бәрнаут сырқаты түрінде бірнеше нұсқада қолданылған. Бұл сырқаттың қалың

көпшіліктің түсінігіне ауыр болатынын түсінген журналист оны «**қобалжу-қорқу немесе күйзеліс**» деп те сипаттайды.

Сөзінің түсінікті болуын, ойын дұрыс қабылдануын мақсат еткен журналистер көп ретте жалпы қолданысқа ие бола қоймаған атауларды нақтылап, түсіндіріп отырады. Мысалы: *Жоғарыдағы оқиғалардан біз қазақта аса керемет адамтану ілімі болғанын аңғарамыз. Бұл ілімді аталарымыз «сұңғылалық» деп атаған. Бірақ екінің бірі сұңғыла бола бермейді. Ғылымда адамтану, яғни сұңғылалық ілімін **физиономистика** деп атап, бұған: «Адамның сыртқы табиғи қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін негіздей отырып, тұлғаның жеке мінез-құлқын аңғару арқылы ішкі сырын аңдай алатын ғылыми психологиялық сала» деген анықтама берінті. Ал мұсылман әлемі бұл ғылымды «Илмул фироса» деп атап, оны үйренуге өте-мөте мән берген. Қазіргі қолданыстағы «**парасат**» сөзі осы «**фиросаның**» қазақыланған түрі... (Бекен Қайратұлы Адамтану ілімі //Егемен Қазақстан, 2019, 3 қыргүйек).*

Байқап отырғанымыздай, журналистер жаңа атауларды ұсынумен қатар оның түсініктемесін қазақтың дүниетанымымен байланыстыра отырып, ұғымды етіп жеткізуге, қазақ тіліндегі баламасын ұсынуға тырысқан. Мысалы: *физиономистика – сұңғылалық ілімі; фироса – парасат, т.с.с.*

Бұл жағынан келгенде, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары еңбек етіп жүрген тілдік тұлғалардың ұстанымдары А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының ұстанымдарымен үндеседі. Журналист кейде мұндай жаңа атауларды қазақ тіліндегі баламасымен қатар береді: *Міне, бұл спорттағы **күйзелістің, яғни бёрнаут дертінің** салдары. Айтпағымыз, болашақта осы дерттің алдын алатындай мүмкіндік жасалған ба бізде?* (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Бауыржан Омаров шеттілдік атау мен қазақ тіліндегі баламасын айқындауыш ретінде дефис арқылы береді: *Айтпақшы, Қуаныш аға баяғыда Төлеген Адамсөпиев сыйға тартқан **строкомер-сызғышты** әлі күнге дейін сақтап келеді* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Яғни жаңа атауларды беруде бүгінгі таңдағы тілдік тұлғалар үш тәсілді пайдаланып келеді: 1) қазақ тіліндегі баламасын беру; 2) мәнін нақтылап, түсіндіру, сипаттау; 3) қазақ тіліндегі баламаларымен қатар, синоним ретінде беру; 4) айқындауыш ретінде жарыстыра беру.

Публицисттиклық дискурстағы сөзқолданыстарды талдай отырып, журналистердің шеттілдік атаулардан қашпағанын көреміз. Алайда оқырманның аялық білімін ескере отырып, ойы түсініксіз болып қалмауы үшін түрлі тәсілдермен шеттілдік сөздердің мағыналарын нақтылап отырған.

Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары қазақтың ұғымына жақын, сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді жиі қолданатыны байқалады. Сол арқылы публицист оқырманын баурап алуға, жақын тартуға тырысады.

Мысалы: ***Жарықтық**, нағыз толысқан шағында, бар-жоғы 33 жасында Мәскеу-Донбасс темір жол құрылысында апаттан қайтыс болып,*

өртелген сүйегі Дон **қабірстанында** топыраққа көмілмей, құмыра ішінде сақталып келген еді. Арада 78 жыл өткенде, яғни 2011 жылдың қаңтар айында **марқұмның** күлі туған топырағына жеткізіліп, елорданың ескі қорымына жерленген болатын (Бекен Қайратұлы Тұлғаға тағзым жасалды //Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан). Бір қарағанда оп-оңай секілді, бірақ мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу – тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді. **Жұмағанның** жұртқа сүйкімі жоғары болса, тап осы қасиетінен дер едік (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №17 (2893). 2016, 4 ақпан). **Не болып, не қойып жатқанына** біз секілді жас журналистердің **миы жете бермейді**. Әйтеуір, жағдай онша жақсы емес. Абайлап басып, ақырын сөйлеп, **ағаларды жағалап көрсек**, түнеріп үн қатпайды. Талайдың **жүйкесіне бір-ақ күнде салмақ түсті**. Жариялылық келгелі еңсесін көтеріп, қаламын еркін сілтеген қазақ журналистері дәл сол кезге дейін **не жазып, не қойғанын** еске алды. Кім біледі, ертең нақ осы мақалалары үшін қудалануы да мүмкін зой. Беделді басылымдар ТЖМК-ның **салақұлаш құжаттарын ет қызуымен** жариялап жіберді. Біздің жастар газетін **Құдай сақтап қалды** (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Публицистикалық дискурста сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілінің элементтерін пайдалану арқылы тілдік тұлға адресатпен байланысты күшейтуді мақсат етіледі. Мысалы, қайтыс болған кісінің аты аталғанда қазақ діліне сәйкес **жарықтық, марқұм**, т.с.с. тілдік бірліктер қолданылады. Әдетте ол сөйлеу барысында ескерілгенмен, ғылыми стиль, публицистикалық стильде көп кездесе бермейді. Ал Бекен Қайратұлы осындай қолданыстарды публицистикалық стильде ұтымды бере білген. Сонымен қатар Нұртөре Жүсіптің Жұмабай Шаштайұлын қазақы дәстүрмен **Жұма-аға** деп беруі де қазақы діл, әдет-ғұрыпқа негізделген. Әрине, ғылыми, ресми-іскери стиль сияқты қатаң функционалдық стильдерде бұлайша қолдану мүмкін емес еді. Ал публицистикалық дискурста қаламгерлердің қазақтың дүниетанымына, діліне негізделген мұндай қолданыстарын да публицистикалық тілдік тұлғаның шеберлігі ретінде қарастыруға болады.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында көнерген сөздерге, көне атауларға, тарихи сөздерге деген қызығушылық артып келеді. Бұл ретте публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалар да көне түркі сөздерін, араб-парсы сөздерін мақсатты түрде қолданғанын байқаймыз. Мысалы: **Ал шәкірттер кейін қала ма сол қалада? Қаламын деп бек шешкен балаға баспана, жұмыс тауып беру керек** (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). **Өйткені Ата заңда қазақ тілі деп бекітілген зой. Егер соның орнына қарашай тілі, құмық тілі немесе өзге аз ұлттардың тілі бекітілсе, сол тілде жазып-сызуға һәм сөйлеуге міндетті** болар едік (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз //Айқын. 19.09.2018). **Ілгеріде әйгілі журналист-жүһангерлер Василий Песков пен**

Борис Стрельниковтің автомобильмен бүкіл Американы аралап шығып, «Земля за океаном» деген кітап жазғанын білетін едік. Сол үлгінің біздің елде де бар екеніне қуандық (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Ақын ағасының өлеңін әуелі қымбат гранитке бәдізден жазып, оны шоқпар тастың қабырғасына ойып орналастырған азаматтың есімі – Жұмағұл Жолдықов екен. Бұл жігіт де Көктерек ауылының тумасы, аймаққа белгілі кәсіпкер. Жұмағұл Шаяхметұлы болашақта Әулие тастың басына келуші туристерге арналған үй салуды да жоспарлап қойған көрінеді (Бекен Қайратұлы Тасқа қашалған жыр // Егемен Қазақстан, 2019, 16 шілде).

Келтірілген мысалдарда бәдіз сөзінің қатысуымен жасалған етістіктер (*бәдізден, бәдіздепті, бәдізделсе, бәдізделінті, т.с.с.*) мен *бек, һәм* жалғаулық шылауының жиірек қолданылғанын байқаймыз. Қазіргі кезде көне түркілік бәдіз сөзінің орнына жазу сөзі, соған сәйкес етістіктер жиі қолданылады. Алайда журналист (Бекен Қайратұлы) осы сөзді қайта жаңғыртуды мақсат еткенге ұқсайды. Көп жағдайда *жазыл* етістігін қайталамау мақсатында, сонымен қатар жәдігерге көнелік сипат үстеу үшін әдейі қолданған. Сол сияқты ХХ ғасырдың басында жиі қолданыста болған *һәм* сөзін де жаңғыртып, *және, әрі* сияқты шылаулардың орнына пайдаланған. Бұл сөз Бекен Қайратұлында жиі кездеседі, Нұртөре Жүсіпте сирек, ал Бауыржан Омаровта мүлде кездеспейді. Бауыржан Омаров *батыр* сөзімен қатар *баһадүр* сөзін қолданады: *Ал тоқсан бірінші жылғы тамыз бүлігінен кейін ол баспасөздің нағыз баһадүріне айналды* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Қуатты жүйеден қаймықпаған батыр* бас редактордың арқасында күллі Қарағандыны даңқ кернеп тұрды. *Тек сол күнгі әрекет үшін ғана кеншілер қаласына егеулі найза мен семсер сөзге ескерткіш қойса да жарасар еді* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Публицист субституция тәсілін метафорамен сабақтастыра отырып, Қарағандыда Нұрмахан Оразбекке ескерткіш қою қажет екенін *кеншілер қаласына егеулі найза мен семсер сөзге ескерткіш қойса да жарасар еді* деп білдіреді. Бұл жерде тілдік тұлғаның *егеулі найза мен семсер сөз* қолданыстары батыр, баһадүрдің атрибуттары ретінде сәтті қолданылған.

Әсіресе ислам қағидаттарына негізделген мақалаларында тілдік тұлғалардың терең білімі байқалады. Оны сөздерді орынды қолдана білулерінен аңғарамыз: *Алланың кәлемі Құран; «Исра» сүресінің 34-аяты; пайғамбардың (с.ғ.с) хадисі; тәпсір айтқан; қасиетті Құран мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннеті; Имам Науауи бұл хадисті тәпсірлегенде; риуаят етіпті; Атақты тақуа имам Насаий; ислам әлемінің төртінші халифасы Әли Әбутәліп; табиғиндер дәуірінде өмір сүрген исламның үлкен пірәдары Хасан Басри; оразаның бірінші нығметі – тәубе ету. Яғни бұл адам баласының тәубесі мен тәуекелі қабыл болатын ай. Тәубесі қабыл болған жанның сыйлығы қиямет-мақшарда пайғамбарлармен бірге бір сапта тұрады; бес парыздың бірі – ораза құлшылығы, т.с.с. Әрине, бұл*

тілдік бірліктерді талдауға алынып отырған тілдік тұлғалар ойлап тапқан жоқ, бірақ қазақ тілінде, дүниетанымында қалыптанып, орныққан сөзқолданыстарды орынды пайдалана білген. Сол арқылы терең ілім иесі екенін аңғартады.

Сонымен қатар шарифатқа қатысты тілдік бірліктердің мәні жалпыланып, көпшілік сипат ала бастағанын да аңғарамыз: *Журфактағы сабағын үзбей, бақылау, сынақ жұмыстарын мерзімінде орындап, сессиясын қаза қылмайды* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Обкомның идеология жөніндегі хатшысының қаламның қадірін білетін журналист екеніне мың мәрте шүкіршілік етеді* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Мұндай жағдайда әйтеуір біреу-міреу жазалануға тиіс. Сол күні кезекші болған секретариат қызметкері Қали Сәрсенбай мен корректор Сәдуақас Жұбатов құрбандыққа шалынып кете барды* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). *Махмұт Базарқұлұлына Мемлекет басшысының күнбе-күнгі қат-қабат жұмыстарын жүйелі түрде реттеу, күн сайын алдына кіріп, ұлт Көшбасшысының үлгісі-өнегесін көру, небір тарихи маңызды шешімдердің қабылдануына куәгер болу бақыты бұйырыпты* (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

Мұндағы қаза қылмау тіркесі негізінен намазға қатысты болса, соңғы кездері жалпыхалықтық қолданысқа еніп, міндетті, орындалуы тиіс шараларға да қатысты қолданыла бастаған. Сол сияқты *шүкіршілік ету* тіркесі «Аллаға шүкірлік ету» мәнінде қолданылса, бұл мәнмәтінде «риза болу, көңілі толу» мәнінде қолданылған. *Құрбандыққа шалу* тіркесі Құрбан айт мейрамында шалынатын малға қатысты, ислам дінінің жоралғыларына қатысты тіркес болғанмен, публицистикалық дискурста адамдардың жазалануына қатысты қолданылған.

Сонымен, тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сөздерді саралауда тілдік бірліктерді оқырманның тілдік санасындағы білім деңгейіне қарай, қабылдауына жеңіл болуын мақсат еткен. Бұл орайда әсіресе белгілі бір атауларды қайталамау, стандарттан қашуды көздеп жасалған бағалауыш мәнді сөздер көбейе түскенін байқаймыз.

1.5 Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсындағы көріктеу құралдары

Публицистің тілдік тұлғасы журналистика мен лингвистиканың тоғысуын қажет етеді. Негізгі концептілерді талдауда тілдік тұлғаның әлеуеті (компетенциясы) – білімі, коммуникативті діттемі, сендіру үшін қолданатын тәсілдері ескеріледі. Публицистика дискурсы арқылы автор белгілі бір оқиғаға қатысты ойын, көзқарасын білдіріп, оқырманға әсер етуді көздейді. Ол үшін публицист нақты ақпарат алу үшін зерттейді, анық-қанығына көз жеткізеді, өзіндік ойы, ұстанымы болады. Публицист оқырманға ықпал етуді мақсат етеді. Сондықтан мәтін

экстралингвистикалық факторларға байланысты болады [17, 68-б.]. Сол себепті адресат пен адресанттың аялық білімі, пресуппозиция да ескерілуі керек.

Публицистикалық дискурс адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізетін, күрделі прагматикалық бірлік, қоғам мүшесі ретінде оқырманға әсер ететін прагматикалық құрал болып табылады. Соған сәйкес публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға вербалды-семантикалық (лексикон), когнитивтік (тезаурус) және мотивациялық-прагматикалық (прагматикон) ерекшеліктерге ие болады. Профессор Қ.Есенова болмыстағы оқиғалар БАҚ арқылы реципиент санасында белгілі бір бейнеде көрініс табатынын айта келіп, осы бейненің қалыптасу жолдарын былайша көрсетеді: «Мәтін ақиқат болмыстағы қандай да бір оқиғаға, фактіге негізделеді; ол фактілерге қатысты материал іріктеледі; адресант ақпаратты іріктейді және оған өз субъективті бағасын береді; ақпараттың мәтін түрінде ұсынылуы үшін белгілі бір тілдік құралдар таңдалып, модельге түсіріледі, сөйтіп мәтін түзіледі; дайын мәтін реципиентке ұсынылады. Газет мақаласына арқау болған ақпарат бастапқы, пайда болған сәтінен оқырманға ұсынылғанға дейін осындай басқыштардан өтеді. Мұнда негізгі күш те, жауапкершілік те адресантқа (журналиске) түседі [27, 68-б.].

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста «автор – мәтін – реципиент» үштігін басшылыққа алып, реципиентінің санасында ассоциация тудыруды мақсат етеді. Оқырманның мәтінді 1) қабылдауына, 2) түсінуіне, 3) ой елегінен өткізуіне (интерпретациялау) т.б. түрткі болу үшін түрлі көріктеу құралдарын пайдалана білген. Сол арқылы оқырманның коммуникативтік әрекетінің белсенділігіне әкеледі. Бұл орайда журналистер эпитеттерді көбірек пайдаланғанын көреміз: *Қалидың жаңа жинағындағы кез келген мақала шындықтың сауытына батырылған қалам ұшынан төгілген екен* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан). *Қазақ баспасөзінде қаламы қарымды жүйрік журналист жүздеп саналады. Ал барған жеріне береке үйірілетін, редакцияны ұлағатты ұстаханаға айналдыра алатын бас редакторды санап шығуға қос қолдың саусағының өзі жеткілікті* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). *Мұса келмей тұрғанда, перғауынның қол астындағы Исрайыл ұрпақтарының жағдайы осындай еді. Осы бір тұла бойына құлдық үрей сіңген адамдарды Мұса жарықтық 40 жыл бойы (кейбір деректерде 60 жыл) қу мекиен далада ертіп жүріп, құлдықтың қара таңбасы сүйегіне сіңген ұрпақ алмасқанша (өліп таусылғанша) тәрбиеледі* (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Журналистер эпитеттерді екі түрлі мақсатта қолданған. Біріншіден, сөзге экспрессия үстеу үшін бағалауыштық мәнде қолданған. Ондай эпитеттерге *Осы бір тұла бойына құлдық үрей сіңген (адам), құлдықтың қара таңбасы сүйегіне сіңген (ұрпақ), бұрын-соңды болмаған сұмдық (зауал), ешқашан орны толмас нәубет (аштық), атан түйе тарта алмас*

(жүк), *азаттық үшін басын бәйгеге тіккен ұлтшыл (тұлға)*, т.с.с. жатады. Мұндай эпитеттері арқылы автор өзінің соған қатысын, ұстаным-көзқарасын да білдіріп отырған. Екіншіден, эпитеттерді нақтылау, айқындау мақсатында қолданған. Мысалы: *өздерінің ежелгі астанасы (Қарақорым қаласы), Әдебиетші-қаламгер отбасында туып, қазақы тәрбиеге шомылып өскен (Анар қарындасымыз)*, т.с.с.

Тілдік тұлғалар коммуникативті актіде сөздерді таңдап, талғап қолдануда иллюкутивтік кезеңде оқырманның аялық білімін ескере отырып, тілдік бірліктердің, көркемдеуіш құралдардың коммуниканттың санасындағы білімінің мән алуына түрткі болуын ескергенін байқаймыз. Мұндай ерекшелік журналистердің теңеулерді пайдалануынан да анық аңғарылады: *Бала отау иесі жасына жетті. Оны ел иесі, жер иесі, халықтың бары һәм нары ретінде сезіндіру үшін әке баласын өзімен тең көреді, бірдей ұстайды, қарт қыран сияқты бірге ұшып, бірге қонып жүріп баулиды. Осы үрдіс бұзылмаса, бала үшін әкеден асқан асқар тау, әкенің иығынан биік шың болмайды* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). *Кітап оқығанда алдына жан салмайды. Екі тілге де жорғадай жосылып тұр* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Ақорда секілді қасиетті мекеннің шырақшысы тәрізді – Тәуелсіз елдің шежірешісі, абыз Махаң, абзал Махаң – ұлтжанды, елшіл, мемлекетшіл Махмұт Қасымбековтей тұлғалар барда Елбасының да, елдің де мерейі үстем бола бермек* (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

Байқап отырғанымыздай, публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың қазақы танымға негізделген теңеулері синтетикалық жолмен де, аналитикалық жолмен де жасалған.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста теңеулерді үсті-үстіне синоним ретінде қолданады: *Иілмеген емендей, мәуелі бәйтеректей тұтастық танытады. Әдемі ақсақалдық, қадірлі қарттық деген осы шығар. Міне, сондықтан бұл белесті тұғырлы тоқсан дейміз* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Синонимдерді қолдануда публицистер ойын нықтап, шегелей түсуді мақсат етеді: *Осы уақытқа дейін Семей полигонының зардаптары тұқым қуалайды делініп келген-ді. Бұл жөнінде үздіксіз айтылатын, дамылсыз жазылатын. Тіпті ғылыми зерттеулердің де тұрақты тақырыбына айналған* (Бауыржан Омаров Генетик //Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз). *Бұл жылдардағы басылым елдің рухын көтерді, жұрттың санасын оятты* (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. №6 (1368). 2017, 9-15 ақпан). *Өйткені ақындардың дәстүрлі жырлары әдетте бір-біріне өте ұқсас болады, тұтас толғамдар мен жеке жолдар шайырлардың өлеңдерінде мидай араласып, сеңдей сапырылысып жатады* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір).

Көп ретте синонимдердің алдынан анықтауыштарды қолданып (*иілмеген емендей, мәуелі бәйтеректей*) контекстік синоним түзеді немесе синоним сөздерді бір сипаттағы сөздермен байланыстыра отырып (*үздіксіз айтылатын, дамылсыз жазылатын, тіпті ғылыми зерттеулердің де тұрақты тақырыбына айналған*) градация тудырады.

Журналист ойының ұшқырлығы, таным-түсінігінің кеңдігі метафораларды шебер қолдануынан да көрінеді. Мысалы: *Бірақ сол салиқалы саясат сардарының абыройлы асуларына ақпарат ауылынан келгенін ұмытпағанымыз абзал* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Олар да мұның тегін жігіт емес екенін тез аңғарып, көкіректегі кенішін ақтаруға тырысты* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) // Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). *Мысалы, соңғы кездері ақпарат көздерінде жарияланған мақалаларға пікір білдіру алаңы (комментарий жазатын жер) ақиқатты жұлмалайтын қасапқа айналды* (Бекен Қайратұлы Шаңырағымыз шайқалмасын! // Егемен Қазақстан, 2019, 13 маусым).

Мұндағы қолданыстардан журналистің метафоралары ұлттық танымға негізделгенін байқаймыз. Мәселен, қазақ тілінде, қазақ мәдениетінде орныққан «Әке – асқар тау» деген қолданысты дамыта отырып, әкенің иығын биік шыңға балайды. Сол сияқты пікір алаңын ақиқатты жұлмалайтын қасапқа ұқсатады; имандылық, адамгершілік, мінездегі көркемдік пен өмірдегі сабырлықты адами бірліктің туына теңестіреді; отандастарды қолдаудың жаңа тәсілдерін жаңа тетікке – жаңа механизмнің қызметімен теңестіреді. Сол арқылы оқырманына түсінікті әрі ықпалды болары сөзсіз.

Журналистер метафорадан эпитет түзеді: *Көкірек кеніші қазынаға толы кейуана бұл жолы тағы да біраз сыр шертті* (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы // Ана тілі. №6 (1368). 2017, 9-15 ақпан).

Тілдік тұлғалар метафораларды өрбіте отырып символ түзеді: *Қазыналы Қирабаевтың қырық қатпарлы құпиясының бірі осы. Оның да құлпын өзі ашады. Үзеңгілес досы айтты. Кілтін таппаған қаншама сыр көкірек кенішінде шөгіп жатыр десеңізші* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Келтірілген мәнмәтінде публицист *кілт, құлып* сөздерін ауыспалы мәнде пайдалана отырып, соның негізінде символ жасаған.

Сонымен қатар публицистер синекдохаларды да ұтымды пайдалана білген: *Секретариат пен баспахананың арасында зыр жүгіріп, саусағын күйелеп, майға былғанып, қорғасын әріптің уын жұтты* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). *Шетелдерді ерте аралады. Ең алғаш бөгде жұртқа табаны тигеніне жарты ғасырға жуықтапты* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Содан бері бас киімін ғана емес, бар киімін қадірлеп, кез келген адамның басын бағалауды өмір салтына айналдырды* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Сөз зергерлері адамның дене мүшелеріне қатысты атаулардан түзілген синекдохаларды көбінесе тұрақты тіркестің құрамында қолданған. Мысалы: *бой жасыру, көздері құрығанмен, көзден таса болды, көз алдымызда сайрап тұрды, қабағымыз ашылмайды, тұяқ серпіген, басын бағалау, көз сұғын қадады, бел буган, арқа сүйеген, т.с.с.* Сол арқылы тіркестерге жаңа өң берген. Бұл орайда Бауыржан Омаров синекдохаларын қазақ танымына негіздей отырып, сақал сөзін жас ерекшелігін, ұрпақ сабақтастығын көрсету үшін тиімді пайдалана білгенін көреміз: *Сол есіктен әр кіріп шыққаны олжаға баланатын, абыройы асқақ, ақырын сөйлеп, анық басатын, асықпайтын ақсақалдар. Соларға еліктеп, әр сөзін баппен бастап, бипаздап ұқтыратын қырмасақалдар* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Әр синекдоханы эпитеттерді пайдалана отырып сипаттау арқылы (*сол есіктен әр кіріп шыққаны олжаға баланатын, абыройы асқақ, ақырын сөйлеп, анық басатын, асықпайтын; соларға еліктеп, әр сөзін баппен бастап, бипаздап ұқтыратын*) атаулы сөйлемдерді синоним ретінде құрып, көркем картина түзеді.

Көз сөзін «тұрғысынан», «тарапынан» деген мәнде қолдана отырып, екеуін салыстыра сөз ете келіп, Бауыржан Омаров Асанқайғы бабамыздың сөзін прецедентті мәтін ретінде қолданып, көркем кесте түзген: *Абайға әдебиетшінің көзімен үңілу бір басқа да, философтың көзімен қарағанның жөні бөлек. Әдебиеттанушы сөздің астарын көбірек қаузаса, философ ойдың қатпарын терең қопарады. Алғашқысы ой түбінде жатқан сөзге мейлінше зер салса, соңғысы сөз түбінде жатқан ойға барынша қадалады* (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. №7 (1421). 2018, 15-21 ақпан).

Тілдік тұлғалар метафораны синекдохамен шебер астастырған: *Шуағы мол шаңыраққа алғаш қызметке келгенде мен осындай ой түйген едім. Әлі де сол пікірім өзгере қойған жоқ. Қирабаевтың қас-қабағы – біз үшін өмірдің оқулығы. Жекімей-ақ жолға салатын, жасқамай-ақ тезге салатын сол қабақтарды кәдімгідей сағынасың кейде...* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Публицистикалық дискурста тілдік тұлғалар экспрессияны күшейту үшін троптарды үсті-үстіне қолданған: *Ақберендей өткірлік, жинаққа енген ақын-жыраулардай сұңғылалық оның өз бойында да бар еді. Жыр маржанын дамылсыз жинап, ақ алмастай жарқыраған жақұт дүниелердің алтын қорын жасаған оны әдебиеттанудың Ақберені деуге әбден болатын-ды* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). *Саясат әлемінің сырттандары туралы сары майдан қыл суырғандай сыр суыртпақтайды* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Өр мінезді өлең өріп, ақ жауындай жыр селдеткен әдебиетші ғалым көне құндылықтардың көзін ашып, жыраулар әлеміне жол бастады* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір).

Тілдік тұлғалардың публицистік дискурстағы экспрессивті қолданыстары, троптары негізінен қазақы танымға негізделген. Бұл тұрғыдан алғанда, журналистердің сөздік қоры бай екені, қазақы дүниетанымды бойынша сіңіріп, қанып өскені байқалады.

Журналистер қазақ болмысының өлеңге жақын екенін ескеріп, қара сөзін ұйқасқа құрады. Мысалы: *Қазақ баспасөзінде өзі айтқандай, «Жұлдыз» журналынан басқасының есік-төрін көріп, дәм-тұзын татқан Жұмабай Шаштайұлының толғаныс пен сырға, жан тербелісі мен кейде мұңға толы жазбаларын оқып шығуға бір түн көз майымызды арнадық. Енді сөз майын тамызудан тартынар жөніміз жоқ: – себебі Жұмабай ағамен өткен ғасырдың 80-жылдары танысып, табысып кеткенбіз; ағалық өнегесін, жазгалық жөнегесін көргенбіз; тонның ішкі бауындай тығыз араласып, күнде бірге жүрмесек те сырттай тілекші, іштей ілекші, ең бастысы, жан жарастығы жақындатқан рухани туыстығымыз бар; ақпарат саласы деген мылтықсыз майданның қылтықсыз жауынгерлері санатынан болғандықтан бір ауыз пікірімізді ортаға салғанды жөн көрдік (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №17 (2893). 2016, 4 ақпан). Оның батылдығын батылдар ғана бағалады (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Қалидың қайрағы баспасөздің байрағына айналатын күн де келер (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Жекімей-ақ жолға салатын, жасқамай-ақ тезге салатын сол қабақтарды кәдімгідей сағынасың кейде... (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Сүзін ал! Үзін ал! (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан).*

Бекен Қайратұлы Құлшық Жұбаевтың сөзін негізге ала отырып, мақаласының атын «Ақмышта туып, АҚШ-тан озған» деп ұйқасқа құрады.

Сонымен қатар дыбыс ойнату, буын ойнату тәсілдері жиі кездеседі. Мысалы: *Бірақ сол салиқалы саясат сардарының абыройлы асуларына ақпарат ауылынан келгенін ұмытпағанымыз абзал (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Баяғыда әкесі «Найзагер» деген сәйгүлігінің жалына ұлының қарын шашы түйілген ақ шүберекті байлап тұрып, «балам бақытын алыстан тапсын» деп ырымдап, тілек айтқан екен. Сол тілек қабыл болып, биліктің биік белесіне шықты, тілшіден елшіге, ақпаратшыдан аппаратшыға дейінгі жолдан өтті (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Осы тәмсілді сәл тәпсірлеп көрсек, яғни баланың отбасы ошақ қасында көрген тәрбиесі мен үйренген өнегесі оның өмірлік ұстанымына айналады (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). Кейбіреулердің том-том кітабынан осындай үзік те үздік ойдың бірін де таба алмайтыныңыз анық (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан). Осындай ұшқыр ойлы, ұлт-шыл тұлғалар жиналған бір ұя – «Ұшқын» газеті еді... (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша).*

Тіпті мақалалардың тақырыпаттары да дыбыстық ойнатуға – аллитерацияға (*Жазықсыз жазаланған журналистер*, Қандастарға қамқорлық, т.с.с.), ассонансқа (*Ұлық ұлыс ұлықталды, Ұрпағы мықтының ұлысы мықты, Ақмышта туып, АҚШ-тан озған*, т.с.с.) құрылған. Бауыржан Омаров мақаланы өз ішінен шағын тақырыпшаларға жіктегенде де осы тәсілді ұтымды пайдаланған. Мәселен, «Генетик» (Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз) атты мақаласын өз ішінен *«Жұртты жұбатқан жаңалық»*, *«Үш үрдістің үлгісі»*, *«Биікке бастаған белестер»*, *«Ұлттық ұстаным ұлағаты»* сияқты тақырыпшаларға жіктелген. Сондай-ақ публицист «Сарбалаевтар сабақтастығы» атты мақаласын да, ішкі бөлімдерін де аллитерация, ассонансқа құрған: «Сынның сарбазы», «Тілдің тілекшісі», «Әулеттің әлеуеті» (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы // Ана тілі. №6 (1368). 2017, 9-15 ақпан), т.с.с.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста дыбыстарды, сөздерді ойната отырып, каламбур түзеді. Мысалы: *Жаңа оқытушымыз алғашқы сабағында «лид» және «ақпараттық ілік» деген ұғымдарды тәптіштеп түсіндіруден бастады... Ілік септігінен басқа ілікпен байланысып көрмеген басымыз әп-сәтте көп нәрсе біліп қалдық. Дүниеде хабар жазудан оңай нәрсе жоқ деп жүрсек, ол дегенің қиынның қиыны екен. Нұрмахан аға ол үшін асқан біліктілік қажеттігін, орыс тіліне жетік болу талап етілетінін қадап айтты* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Келтірілген шағын мәнмәтінде Бауыржан Омаров журналистикадағы *ақпараттық ілік* ұғымын лингвистикадағы *ілік септік* ұғымымен және қазақ тіліндегі *ілік* сөзін сабақтастыра отырып, әдемі өрнек түзген.

Сонымен қатар публицистер *ақ* сөздерін (сусын – ағарған, ақ бата, ақ ниет) қиюластыра отырып каламбур түзеді: *Нұрмахан Оразбек мектеп бітірер жылы әкесі: «Балам тыңыңа барасың ба, мыңына барасың ба, өзің біл. Бірақ қайда барсаң да, табылса, ағарған ішіп жүр» депті. Ағарған ішсе, ішкен шығар... Бірақ жолға шыққанда оған ақ бата мен ақ ниет үнемі серік болғаны анық* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Сол сияқты *дам* сөзін ойната отырып, көркем айшық түзген: *Еңбекпен келген дам тәтті болады. Дәметуде дам болмайды* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Публицистер көріктеу құралдарын пайдалана отырып, әдемі өрнек түзіп, кейіптеу жасайды. «Егемен Қазақстан» газетінің 2019 жылдың 10 маусымындағы санында жарияланған «Тілдер соғысы» атты мақаласында Бекен Қайратұлы тілдерді адам (ел) бейнесінде көрсетіп, көркем образ түзген:

Қазір жер бетінде әрбір тіл өзінің билігін арттырып, ықпал аумағын кеңейту үшін қиян-кескі соғыс жүргізіп жатыр. Бұл соғыста жеңген тіл қуаттанып, әскері көбейеді, иелік аумағы ұлғаяды, көкжиегі кеңейеді. Жеңілген тіл күндердің күнінде жерленеді.

Қазақ тіліне шабуылды XX ғасыр басында орыс тілі бастады. Осы тұста қазақ тілінің қолбасшылары қорғанысты күшейтіп, әскердің саны мен сапасын арттыруды көздеді. Сарбаздарға арнап оқулықтар жазды, мектептер ашты. Әріп реформасын жасап, төте жазуды дүниеге әкелді. Яғни, қазақ тілінің қолбасшылары қолынан келгеннің бәрін істеді. Соғыс заңы бойынша алдымен қолбасшыларды құрту керек. Қолбасшыдан айырылған әскер қайда бармақ. Сөйтіп жаулар қазақ тілінің ғаламат, талантты қолбасшыларын құртып тынды. Әскерінің тоз-тозын шығарды (1931-1932 жылдардағы аштық пен 1937-38 жылдардағы репрессия).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тіл соғысы тіпті үдей түсті. Қазақ тілі мыңдаған жыл қолданған араб әліпбиі 1929 жылы латынға, 1940 жылы кириллицаға ауыстырылды. Соғыс тілімен айтқанда қазақ тілі әскерінің қолындағы қаруын қысқа уақыт ішінде екі рет сапасыздандырды. Осылай қазақ тілінің әскерлері мүжілді, жасыды.

Әліпби өзгерту аяқталғаннан кейін тіл заңдылықтары сақталмаған оқулықтар шығарылды. Орысша терминдер қазақ терминдерін ығыстырды. Үндестік һәм буын заңы әдейі бұзылды. Қазақ тілі сингармонизмінде жоқ әріптер тықпаланды... (Бекен Қайратұлы Тілдер соғысы //Егемен Қазақстан. 2019, 10 маусым).

Бүгінгі таңда қазақ тілі мен орыс тілінің арасында тіл кеңістігі үшін жүріп жатқан күресті тілдік тұлға соғысқа балайды (Бұл соғыста жеңген тіл қуаттанып, әскері көбейеді, иелік аумағы ұлғаяды, көкжиегі кеңейеді. Жеңілген тіл күндердің күнінде жерленеді); соғыстың сипатын – әділетті-әділетсіздігін, зардабын көрсетеді (Соғыс үкімі бойынша «жеңімпаз – патша, жеңілген – қарақшы». Қазақша айтсақ «жеңілгеннің сөзі құрсын». Жеңілген қазақ тілінің қолбасшылары мен қалың қолы «қарақшы» іспетті. Орыс тілінің қолбасшылары Ресейде отырып-ақ қуатты оқты зымырандары радио, кино, теледидар, интернат, баспа өнімдері арқылы қорғанысы әлсіз қазақ тілінің шебін қалаған уақытында бомбылайды. Онымен қоймай Қазақстанда өмір сүріп жатқан әскерлері мен өзімізден шыққан «сатқындарды» еркін пайдаланады. Соғыс заңы бойынша «ит жеңгенін талайды». Бұл «талау» қоғамның төменгі деңгейінен мемлекеттік деңгейге дейін жетті. Соғыс – әділетті және әділетсіз деп бөлінеді. Қазақ тілінің қазақ еліндегі үстемдігі үшін соғыс – әділетті соғыс. Бұл соғыста қазақ тілінің жеңіске жетуіне заңдық та, моральдық та, құқығы бар).

Мақала тұтастай астарлы мағынаға құрылған. Сондықтан метафоралар, әрбір тілдік бірлік кейіптеу туғызудың құралы ретінде қолданылған:

Қазақ тіліне шабуылды XX ғасыр басында орыс тілі бастады. Осы тұста қазақ тілінің қолбасшылары қорғанысты күшейтіп, әскердің саны мен сапасын арттыруды көздеді. Сарбаздарға арнап оқулықтар жазды, мектептер ашты. Әріп реформасын жасап, төте жазуды дүниеге әкелді. Яғни, қазақ тілінің қолбасшылары қолынан келгеннің бәрін істеді. Соғыс заңы бойынша алдымен қолбасшыларды құрту керек. Қолбасшыдан айырылған әскер қайда бармақ. Сөйтіп, жаулар қазақ тілінің ғаламат,

талантты қолбасшыларын құртып тынды. Әскерінің тоз-тозын шығарды (1931-1932 жылдардағы аштық пен 1937-38 жылдардағы репрессия).

Мәтінде автор тілді иеленушілерді сарбаздарға, әскерге теңеп, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялыларын қолбасшыға теңеп, әліпби түзу, оқулық жазу, мектеп ашу, елді ағартушылыққа үндеу сынды тарихи қызметін, отаршылардың қазақ зиялыларына жасаған қиянатын, озбырлығын, ұстанған саясатын астарлы тілмен дәл жеткізеді. Жәкшаның ішінде нақтылап көрсетеді. 1929 жылғы, 1940 жылғы әліпби реформаларын «қазақ тілі әскерінің қолындағы қаруын қысқа уақыт ішінде екі рет сапасыздандыруға балайды.

Қазақ даласында орыс тілінің үстемдігін, кеңістігін сақтап қалғысы келетіндерді «ішкі жау» ретінде көрсетіп, оларға қарсы санамалап отырып уәж айтады:

«Орыс тілінсіз күніміз жоқ» деу – ішкі жаудың сөзі? Олай емес. Талдап көрейік:

Біріншіден, қазақ тілі – орыс тілі келмей тұрғанда тұтас қазақ хандығының мемлекеттік тілі болып, өз функциясын толық атқарған. Демек, қазақ тілі мемлекеттік тіл функциясын атқаруға қарымы әлі де толық жетеді.

Екіншіден, орыс тілі қазақ даласына отты қарудың күшімен кіріп, қазақ тілінің мәртебесін зорлықпен тартып алған. Сондықтан ол қазақ тілінің алдында – қылмыскер.

Үшіншіден, қазіргі дүние жүзіндегі тілдердің жұрт мойындаған ықпалдылығы жағынан орыс тілі – 3-санаттағы тіл. Ендеше, орыс тілін жақтаушылар құдықтағы құрбақа секілді «аспанның үлкендігі құдықтың аузындай ғана» деп орыс тіліне жармасып алуы ешқандай ақылға сыймайды...

Әскери терминологияны шебер меңгерген тілдік тұлға мақаласында сол саладағы атауларды орнымен, ұтымды пайдалана білген:

Қазақ тілінің соңғы «окобы» – отбасы. Әлі талай әскерлер келер-кетер, әлі талай қолбасшылар туар, ұрандатар. Тек қазақ тілінің өз даласындағы үстемдігі мәңгілік болсын деп тілейік!

Қазақ тілінің әрбір сарбазына айтарымыз: «Автобуста қазақша билет сұрадың ба? Дүкенде қазақша саудаластың ба? Мінбеде қазақша сөйлей алдың ба? Қазақ тілі үшін, тіпті кішкентай пайдалы іс істей алдың ба? Сен қазақ тілінің өлуіне мүдделі болмасаң, онда сол тілде сөйле! Сол тілді пайдалан!» Өз ана тілін білмейтін адам – өзге тілдің жауынгері.

Мәтіннің өн бойындағы соғыс, әскер, сарбаз, қолбасшы, жауынгер, окоп, ұран, жау, шабуыл, қалың қол, қорғаныс, шеп, бомбылау, сатқын, т.с.с. сөздерді ауыспалы мәнде метафора ретінде шебер пайдаланған.

Мақала авторы диспозициясында оқиғаны көркем тілмен ғана кестелеуді мақсат етпеген. Негізгі мақсат – стратегия – сол арқылы оқырманға ықпал ету. Сондықтан мақаланың соңында автор «Қазақ тілінің әрбір сарбазына айтарымыз: «Автобуста қазақша билет сұрадың ба?

Дүкенде қазақша саудаластың ба? Мінбеде қазақша сөйлей алдың ба? Қазақ тілі үшін, тіпті кішкентай пайдалы іс істей алдың ба? Сен қазақ тілінің өлуіне мүдделі болмасаң, онда сол тілде сөйле! Сол тілді пайдалан!» Өз ана тілін білмейтін адам – өзге тілдің жауынгері» деген тұжырым жасайды.

Тілдік тұлға белгілі бір ақпаратты жеткізе отырып, реципиенттің санасында ассоциация туғызып, ақыл-ойына қозғау салуды мақсат еткен.

Нұртөре Жүсіптің публицистикалық дискурсында кейіптеу әдемі берілген: *Шал өлгенмен, шындық өлген жоқ. Ол арамызда жүр. Баяғы Әйтеке би бабасы секілді көнетоздау шапанын жамылып, ел аралайды. Егемен елдің әр таңымен бірге еркін тыныстайды. Азаттық жолы – азапты жол. Сол жолда кең даланың әр тасының түбінен ақиқат іздейді. Іздеген інжу табады* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан).

Сөйленімде тілдік тұлға шындықты шалға балап, өрнекті кейіптеу тудырған. Ойы оқырманына түсінікті болу үшін автор: «Шалды таптық. Шал дегеніміз – шындық екен!» – деп түсіндіреді.

Сонымен қатар Бауыржан Омаровтың публицистикалық дискурсында да кейіптеу мол: *«Алдаспаннан» үлгі алған «Ақберен» де қазақтың намысын жаныды, санасын серпілтті. Әр үйдің табалдырығынан аттаған «Ақберен» сол шаңырақта ұлт рухын әлдилеп тұрды* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір).

Тілдік тұлғалардың шеберлігі параллель түзулерінен де анық байқалады: *Мысалы, қазақ халқын алайық. Басқасын айтпағанда зеңгір көкте емін-еркін ұшып жүретін аспан серісі бүркітті қолға үйретіп, оны құлдық ұрғызатын бірден-бір жұрт. Осы қазақта «құсты ырғаққа отырғызу» деген тәсіл бар. Оны құсбегілер түз бүркітін құлдық ұрғызу үшін жасайды. Яғни, адамға бағынып көрмеген асау құсты, екі діңсектің басын шалып байланған арқанның ортасындағы белағашқа отырғызады да басына томаға кигізіп ұйықтатпай тербетеді. Екі-үш күн ұйқысы қашып шаршаған бүркіт белағашты шеңгелдеп қыса-қыса ақыры әлі құрып есінен танып құлап, іштегі шерін (ақыл-есін) құсып тастайды. Сол сәтте құсбегі оны өзінің шапанына орап ұйықтатады. Әбден ұйқысы қанып оянған қыран қайта тугандай болады. Ол өзінің өткен өмірін құсықпен бірге ұмытады да шапан иесінің иісіне бағынып қалады... Яғни, аспан сермендесі, құс патшасы бүркіт пен жердегі қаһарлы жануар жолбарысты құлдық ұрғызуға жеткізген мұндай тәсіл ұзақ жыл отарланған халықтың өмір-тіршілігінен де көрініс береді екен* (Бекен Қайратұлы Құлдық ұрғызудың құпиясы //Егемен Қазақстан, 2018, 17 қазан). Мысалы, соңғы кездері ақпарат көздерінде жарияланған мақалаларға пікір білдіру алаңы (комментарий жазатын жер) ақиқатты жұлмалайтын қасапқа айналды. Яғни, бұл іс шындықты көлегейлеп қауымның миын шайқап жатыр. Миы шайқалған қауымның – шаңырағы да шайқалады. Мысалы, ұйып бара жатқан айранды сәт сайын шайқап тұрса, қайтеді. Ұйымайды. Іріп сарысуға айналып кетеді. Дәл осы сияқты тыныш өмірді қайта-қайта шайқай берсе, ол да іриді

(Бекен Қайратұлы Шаңырағымыз шайқалмасын! //Егемен Қазақстан, 2019, 13 маусым

Келтірілген мәнмәтіндердегі параллельдер қазақы дүниетанымға негізделгенін көреміз. Қоғамдағы келеңсіздіктерді сынай отырып, отарлаудың, құлдық ұрғызудың құпиясын сөз еткен журналист қазақ мәдениетінде, саятшылықта ертеден орын алған құсты ырғаққа отырғызу тәсілін қолдана отырып, сабақтастырады. Құс патшасы – бүркіт сияқты метафораларды мақсатты түрде пайдалана отырып, патшаның құлдық ұруы сияқты парадокс тудырады. Сонымен қатар «Шаңырағымыз шайқалмасын!» атты мақалада қазақ тұрмысындағы айран ұйыту әдісінің негізінде айранды шайқау мен миды шайқауды өзара параллель қоя отырып, көркем де түсінікті тілмен сипаттайды. Бүркітті қолға үйреткен қазақ, айран ұйытып күнелткен қазақ үшін мұндай қолданыстар түсінікті әрі жанына жақын.

Сөзі әсерлі болуы үшін тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста прецедентті мәтіндерді де шебер пайдаланған. Мысалы, Бекен Қайратұлының «Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын» атты мақаласындағы прецедентті мәтін өте сәтті берілген: *Ал қазір адамдар тілімен, саяси таяздығымен, надандығымен, әсіре ұлтшылдығымен айбалтадан да қатты зиян келтіріп жатыр. Оның себебінен: татулық, береке, ынтымақ жойылуы мүмкін. Себебі жалған үрей адамдарға күмән салады, жақсы ниеттерінен қайтарады, достарды араздастырады және күнәға итермелейді. Сөйте тұра осындай бүлікке ұрынған пенделер – ниетім жақсы, ұлтымның қамы, қазақтың болашағы деп ақталады һәм солай ойлайды. Бірақ олар кемеңіз баяғыда тесіліп қалғанын түсінбейді. Кез келген амалды істемес бұрын адам ниетін дұрыстап, ақыретке деген пайдасы мен зиянын өлшеу керек. Жалпы, «демократия» дегенге елітіп, кемеңіз бүлінуіне еркіндік беруге болмайды* (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Мақаласында автор «демократия» дегенге елітіп, кемеңіз бүлінуіне еркіндік беруге болмайды дей отырып, оқырманның прецедентті мәтінді, ондағы астарлы ойды түсіне алмай қалуы мүмкін екенін ескеріп, ол туралы арнайы дерек береді: *Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтқан хадис-қиссада: «Бір қауым кемеңіз мінеді. Жартысы үстіңгі қабатта қалады да ал екінші жартысы төменге түседі. Кемеңіз түбіндегілер шөлдеген сайын үстіндегілерден барып су сұрап мазаларын алады. Жоғарыдағылар ренжіп су бермей қояды. Кемеңіз түбіндегілер: «Кемеңіз астында су бар емес пе, мына жерді тесейік те, аналарды мазаламай, суды емін-еркін ішіп отыра берейік» дейді. Сөйтіп біреуі айбалтамен кемеңіз түп ағашын шаба бастайды. Егер де, бұл ақымақты еркіне қалдырса, барлығы құриды, ал тоқтатса, барлығы құтылады»* (Бұхари, Термези, Ахмад). *Осы хадисті тәпсірлеген Нұғман ибн Башир: «Бүлікшілер кемеңіз астыңғы қабатындағы адамдар сияқты, олардың қолындағы балтаны алыңдар»* дейді (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Прецендентті мәтінді осылайша сипаттау арқылы журналист кодқа салынған ақпаратты оқырманына ашып береді. Сол арқылы сөзін өтімді етіп, публицистикалық дискурстың ақпарат беру, иландыру сияқты негізгі қызметін толық жүзеге асырады.

Қайрат Бекенұлы тәмсілді пайдалана отырып ойын жеткізуге өте шебер. Оны «Шаңырағымыз шайқалмасын» (Егемен Қазақстан, 2019, 13 маусым), «Тыныштықты сөз бұзады» (Егемен Қазақстан, 2018, 28 тамыз), «Шүкіршілік нығметі» (Егемен Қазақстан, 2018, 5 маусым), «Жылқыға төнген зауал» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан), т.с.с. мақалаларында ұтымды қолдана білген.

Сонымен қатар Бауыржан Омарұлы да «Қайраткер-қалам» атты мақаласында Әбіш Кекілбаевтың «Мен сол қаралай пұшайман болған қарбалас жылдарда амалым таусылғанда шыр айналып, ұйымдастыру бөліміндегі Қуанышқа барушы едім» деген сөзін келтіре отырып: *«Кешегі өткен ер Әбіш, абыз Әбіш, аңыз Әбіш осылай депті. Сөз өнерінің піріне айналған әйгілі жазушы біздің кейіпкерімізбен ұзақ жыл бірге қызмет істеген»*, - сипаттайды (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Бұл жердегі *Кешегі өткен ер Әбіш* тіркесі Абайдың ұлы – Әбіш қайтыс болғанда шығарған өлеңінен алынған. Ұлы ақынның жоқтау сипатындағы өлеңін прецендентті мәтін ретінде ұсына отырып, журналист те заңғар жазушыны жоқтайды. Әрі қарай дамыта отырып, жазушының атын қайталай отырып, эпитет, ұйқастарды шебер қолданған.

Абай шығармалары көпшілікке етене таныс болғандықтан, публицистикалық дискурста прецендентті мәтін ретінде көбірек жұмсалады: *Журналистика саласында үлкен-кішінің түгел ықыласына бөленген, қажет кезінде ешкімнен қаймықпай, ақырып теңдік сұраған көсемсөз шеберлері көп емес. Тіпті саусақпен санарлықтай ғана шығар. Олар туралы әңгіме қозғалса, сөз арасын былғайтын бөтен сөз айтылмайды. Себебі, елдің қадір-құрметі бөлек. Сол мүлтіксіз мойындалған аз ғана журналистика жампозының бірі – көрнекті көсемсөзші Нұрмахан Оразбек* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Бұл мәнмәтінде публицист Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бейшарасы» деген өлең жолдары ұтымды пайдаланылған.

Бауыржан Омаров публицистикалық дискурсында Абай, Махамбет ақын, Сырым батырдың сөзсаптауларын шебер пайдалана білген: *Жол мұраты – жету. Ал журналистің мұраты – жолға шығу. Бұл жағынан да Нұрмахан ағамыздың бағы бар. Оның бүкіл ғұмыры жол жүру мен сапарға шегуге арналды. Яғни, өзіне мінезі дарыған Махамбетше айтсақ, еңбектегеннен еңкейгенше еңку-еңку шер шалды* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Өрімдей жас кезінде орта мектепке арналған әдебиет оқулығын жазды. Жазбасқа лажы жоқ еді. Алдыңғы толқын ағалар* зобалаңға ілініп, жазықты болып кетті.

Таңдау жиырмадан енді ғана асқан үш жас зерттеушіге түсті (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Сонау жылдары мектепте сабақ берген шәкірттерінің арасынан **қазақ поэзиясының қызғыш құсы** Меңдекеш Сатыбалдиев бастаған арқалы ақындар шықты (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). Абай айтқандай, сол **сабырды сақтайтын сауытының** – салмақты мінезінің арқасында мән-жайға байсалды баға береді (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан).

Нұртөре Жүсіп Мұқағали Мақатаевтың өлеңіндегі жыр жолдарын прецедентті мәтін ретінде ұтымды пайдаланған: *«Казахская правда» жоқ бұл күнде. «Казахстанская правда» бар. Алдан Әйімбетов те келместің кемесіне мініп кеткен...* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).

Сонымен қатар тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста антономазия тәсілін пайдалана отырып, сипаттамалардың орнына жалқы есімдерді қолданады: **Аймауытов** болып ақтарылады, **Шанин** болып ширығады, **Байзақов** болып термелетеді, **Марғұлан** болып тебіренеді. Соның бәрін жүрегіңе жеткізе жөнімен айтып отырғанда, Сыр бойы перзентінің баяғыда-ақ Баянауылмен бауырласып кеткеніне қапысыз сенесің (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. №6 (1368). 2017, 9-15 ақпан). Біздің кейіпкеріміздің қарамағында қызмет істеген жас әріптестеріміз кейінгі кезде **«Қалидың қайрағында қайралдық»** деген тіркесті қолданып жүр. **«Шерханның шекпені», «Бердіқұловтың бешпенті»** деген ұғымдардың соңын ала **«Қалидың қайрағы»** деген түсінік қалыптасса, несі айып?! **Қалидың қайрағы** баспасөздің байрағына айналатын күн де келер (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Тілдік тұлғалардың көркемдеуіш құралдарды пайдалана отырып түзген фреймдік құрылымдары тұтас картина құрайды. Ұлттық танымға, ұлттық кодқа негізделгендіктен, қазақ оқырман оны жатсынбай, бірден қабылдайды: Әсіресе, *«Тазарғың келсе, театрға бар»* деген айдардың жөні бөлек. Бұл – **газет ішіндегі театр**. Басқа айдармен берілетін мақалаларды жұрт тек қана оқыса, **мұны көңіл көзімен көреді. Жай көрмейді**, қол шапалақтап отырып көреді. Кейіпкерлердің даусын естиді, демін сезінеді, автордың көңіл күйін ұғады. Мұндағы дүниелер қайта қойылатын **спектакль секілді** түрленіп тұрады. Өйткені шебер бас редактор бұл айдарға айрықша жан бітіріп, осындай мәртебелі міндет жүктеген (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап атажұртқа әлемнің әр тарапынан миллионнан астам ағайын оралды. **Ұлы дала еліне бет түзеген көштің тізгінін ұстаған** азаматтардың қатарында қарапайым қазақтар, білімді жастармен қатар білікті мамандар да көп (Бекен Қайратұлы «Отандастар қоры» үлкен мақсат жолында қызмет етеді //Егемен Қазақстан, 2019, 11 қыргүйек). Қазақтың дарынды ақындарының бірі Серік Ақсұңқарұлының

өлеңдері айлап жатып қалатын көрінеді. Сірә, биліктегілер үнемі ширығып жүретін мінезді шайыр артық-ауыс бірдеңе деп қоя ма деп қауіп ойлайтын болуы керек. **Секеңнің селдей екпінді жырлары тосқауылды бұзып-жарып ағыла жөнелді** (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). **Айтпақшы, қазір бір кездегі шалы көп шаңырақтың ақсақалы едәуір азайған. Солардың ішіндегі әдебиеттанудың алып бәйтерегінің діңі берік тұр** (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). **Тобырлар құнжың қаға қылмыңдап тұрғанда аталы сөзді алқалы басылымның маңдайшасына жазып қоюының өзі батылдық емес пе!?** (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).

Нұртөре Жүсіп қаламдардың өзгеруін хронологиялық түрде өзара салыстыра отырып, көркем кестесіне сипат болған картинаны айшықтай түседі: **«Авторучка» шыққанға дейін сия сауытты пайдаланатынбыз. Қаламұш деген болатын. «Алтын сия» деген де бар еді... Қалидың жаңа жинағындағы кез келген мақала шындықтың сауытына батырылған қалам ұшынан төгілген екен** (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).

Тілдік тұлғалар коммуникативті діттеміне қол жеткізу мақсатымен синонимдерді көп пайдаланады. Мысалы: **Шерағаң алып беретін төрт бөлмелі пәтері қазақтың жақсылары мен жайсаңдары бас қосатын қасиетті құтханаға айналды. Дара дарындар мен тарпаң таланттар оны өнердің жылнамашысы ретінде қадір тұтты. Олармен ағынан жарылып емін-еркін сырласты** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). **Біздің қазақ қаншама тағдыр теперішін көрді, аштықтың, ашаршылықтың, қуғын-сүргіннің құрбаны болды** (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). **Сондықтан да атамыз қазақ ұрпағының баянды, байсалды, байыпты, иманды болуына қатты мән берген** (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты // Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). **Ерікті тұлғалар ерікті қоғамды түзейді. Қоғамда бір-бірін сүйіп, сүйіспеншілікпен отау құратындар көбейеді. Сөйтіп елдің, мемлекеттің іргетасы бекиді** (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас // Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Бұл ретте публицистер синонимдерді ұйқасқа құрғаны байқалады: **Санасы сергек, зердесі ерек Жабайхан Әбділдин осы екі қасиетті де бойына тоғыстыра алған сияқты көрінеді бізге** (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) // Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан). **Сүрінсе де сұламады, қисайса да құламады** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Сонымен қатар дыбыстық ойнатуға құрылған синонимдер де көп кездеседі: **Алайда ХХІ ғасырды қазақ халқы тыныштық пен тұрақтылық жағдайында, үрейлі үркінішіліксіз, жойқын жортуылсыз, мамыражай**

қалыпта бастап отыр (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Әсіресе эпитеттерді синоним ретінде қолдану жиірек: *Президент өзінің көрегендік саясатымен Қазақстанды ырысы артық, ынтымағы жарасқан елге айналдырды* (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков //Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). *«Кешегі өткен ер Әбіш, абыз Әбіш, аңыз Әбіш осылай депті. Сөз өнерінің піріне айналған әйгілі жазушы біздің кейіпкерімізбен ұзақ жыл бірге қызмет істеген»*, - сипаттайды (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Сол сияқты танымал ұстаз бүгінгі қоғамдағы бала тәрбиесі жайлы әдістемелік нұсқаулық авторы Анар Аманкелдіқызы бала өзін жабыққан сәтте жұбататын, уақтылы тамағы мен киіміне көңіл бөлетін, ауырғанда қарайтын сенімді біреудің әрқашан қасында болуы оның өзіне сенімді болып өсуінің негізі болып табылады* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). *Сананы сілкілеп, жүйкені жұқартатын секретариаттан бөлімге енді ауысқалы жүргенде редакцияда төтенше жағдай болды* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). *Айталық, 1973 жылы одақ біріншілігінде жүлдегер атанып, 1975 жылы Бүкілхалықтық спартакиада чемпионы болған сәттен бастап, 1980 жылға дейін Жақсылық балуанды кеңестік бапкерлер әлемдік һәм құрлықтық деңгейдегі ешқандай жарысқа қатыстырмады. Қарсыластарынан күші басып, айналасы асып тұрса да, жолы болмады* (Бекен Қайратұлы «Сабырлы жетер мұратқа» //Егемен Қазақстан, 2018, 15 наурыз).

Сонымен қатар метафоралар да синоним ретінде қолданылады: *Алдымен, біз оны ақпараттың жолынан айнымағаны үшін сыйлаймыз. Ол журналистен жазушы болуға ұмтылған қалың нөпірдің қатарын толықтырған жоқ. Өмірдің өз бояуын өрнектейтін пәрменді публицистикалық дүниелер жазумен ғана шектелді. Көркем сөзді қалауынша кестелеп, кеңінен көсілуге қабілеті мол жетсе де, журналистикадан өзге арнаға бұрылмады* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Синонимдерді сатылай дамуына қарай қолдана отырып, градация жасайды. Мысалы: *Осындай диктаторлық шаңырақта өскен баланың рухы езіліп-жанышылып, санасы залымдыққа бейімделеді. Мүләйім, насық болып өседі* (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). *Қазір дәмету тым көбейіп кеткендей. Дәметудің арты сұранишақтық, жалтақтық, жалпақтаушылыққа, жалқаулыққа жеткізеді. Оның соңы – еріншектікке әкеледі. Еріншектіктен масылдыққа жету – бір-ақ қадам* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Алаштықтар сол Абай идеясын жүзеге асыруға ұмтылды. Бірақ тағдырдың тезіне түсті, солақай саясаттың сығымына тап болды, қанаттары тым ерте қырқылды. Ұлт жолында құрбан болды* (Нұртөре Жүсіп Елбасының ұлттық идеясы // Егемен Қазақстан. 2017, 17

сәуір). Сондықтан Елбасының мақаласын барша қазақ баласы **жата-жас-тана оқуы, ой тоқуы, бел буып, білек түрініп, жүзеге асыруға жаппай атсалысуы тиіс** деп есептеймін (Нұртөре Жүсіп Елбасының ұлттық идеясы // Егемен Қазақстан. 2017, 17 сәуір). Осы турнир 1965 жылы Киевте ұйымдастырылып, алып империя Кеңес одағының абыройын қорғау үшін Әмин Тұяқов, Ғұсман Қосанов, Эдвин Озолин, Николай Политико төрттігі жасанып жарыс жолына шығып, бір жыл бұрын Олимпиада чемпионы болған АҚШ эстафеташыларын **шаңға көміп, құмға бөктіріп, айды аспанға шығарады**. Жоғарыдағы Құлишқы қария осыны айтып отыр (Бекен Қайратұлы «Ақмышта туып, АҚШ-тан озған» //Егемен Қазақстан, 2019, 10 шілде).

Публицистер антонимдерді де шебер пайдалана білген. Мысалы: Қазақ баспасөзінде өзі айтқандай, «Жұлдыз» журналынан басқасының **есік-төрін** көріп, дәм-тұзын татқан Жұмабай Шаштайұлының толғаныс пен сырға, жан тербелісі мен кейде мұңға толы жазбаларын оқып шығуға бір түн көз майымызды арнадық. Енді сөз майын тамызудан тартынар жөніміз жоқ: – себебі Жұмабай ағамен өткен ғасырдың 80-жылдары танысып, табысып кеткенбіз; ағалық өнегесін, жағалық жөнегесін көргенбіз; тонның ішкі бауындай тығыз араласып, күнде бірге жүрмесек те **сырттай** тілекші, **іштей** ілекші, ең бастысы, жан жарастығы жақындатқан рухани туыстығымыз бар; ақпарат саласы деген мылтықсыз майданның қылтықсыз жауынгерлері санатынан болғандықтан бір ауыз пікірімізді ортаға салғанды жөн көрдік (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №17 (2893). 2016, 4 ақпан). **Азырақ** сөйлеп, **көбірек** тыңдайды. Ешкімге дауыс көтермейді, біреуді орынсыз сөкпейді (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Жиынның тағы бір мәртебелі қонағы – «Отандастар қоры» КЕАҚ құрылтайшыларының бірі Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев бұл жиынның басты маңызы **өткенді** саралап, **келешекті** бағамдауға арналғанын айтып, ең бастысы тұңғыш рет шетелдегі қазақ тілді ақпарат құралдарының өкілдері мен сыртта жүріп жетістікке жеткен жас кәсіпкерлердің басы қосылып отырғанын ерекше атап айтты (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде).

Бұл орайда тілдік тұлғаның өз қолынан шыққан, контекстік антонимдері мақаласына ерекше әсер үстейді: Әрине, бүгінде жұрт журналист **Сұлтановтан** гөрі **қайраткер Сұлтановты** көбірек біледі (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). **Шалдар өтеді, кетеді. Шындық қалады!** (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан). **Қаламгер Сұлтановтың** шыққан биігі **қайраткер Сұлтановтың** алған асуларынан кем емес екенін осыдан-ақ біле беріңіз (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Сондықтан **қауырсын қаламды** әлдеқашан **қайраткер қаламға** айналдырған, **бұрынғыша** толғанып, **бүгінгіше** жазатын Қуаныш Сұлтановты баспасөздегі дәстүр сабақтастығының өлшем бірлігі десе де

болғандай... (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Контекстік антонимдерді шебер үйлестіре отырып, журналист шендестіру (антитеза) түзеді: *Өз қатары жастықтың желігімен сайран салып, сауық құрып жүргенде бұл добалдай магнитофонын арқалап, белі майысып, ерінбей ел кезді. Сол тірнектеп жиган дүниелері кейін бүкіл өміріне азық болды* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) // Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). **Азырақ** сөйлеп, **көбірек** тыңдайды. Ешкімге дауыс көтермейді, біреуді орынсыз сөкпейді. Өзіне ұнамаған кісіні кекетіп-мұқатып, қажап-қыжырту әдетінде жоқ (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Мысалы, жақында бұрын Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан еліміздің V жазғы спартакиадасы өтті. 102 кило салмақта бақ сынаған Илья Ильин жұлқа көтеруде 170 кило, серпе көтеруде 200 килоны еңсеріп, қоссайыс қорытындысы бойынша 370 килоны бағындырды. Жеткен жері – осы. Бұл азамат 2012 жылы Лондон олимпиадасында қоссайыс бойынша 418 килоны бағындырса, 2015 жылы Грозныйда өткен РФ президенті кубогында екі бірдей әлем рекордын жаңартып, қоссайыста 437 килоны еңсерген еді. Қараңыз: қазіргі қоссайыс қорытындысы мен $(437-370=67)$ бұрынғы нәтижесінің айырмасы: – 67 кило. Міне, бұл спорттағы күйзелістің, яғни бәрнаут дертінің салдары (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы // Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Соңғы мәнмәтінде Бекен Қайратұлы Илья Ильиннің бұрынғы жетістігі (2012 жылы Лондон олимпиадасында қоссайыс бойынша 418 килоны бағындырса, 2015 жылы Грозныйда өткен РФ президенті кубогында екі бірдей әлем рекордын жаңартып, қоссайыста 437 килоны еңсерген еді) мен қазіргі көрсеткіштерін (102 кило салмақта бақ сынаған Илья Ильин жұлқа көтеруде 170 кило, серпе көтеруде 200 килоны еңсеріп, қоссайыс қорытындысы бойынша 370 килоны бағындырды. Жеткен жері – осы) өзара қарсы қоя отырып, антитеза құраған. Сол арқылы спортшының күйзелісте жүргенін, бәрнаут дертіне ұшырағанын нақты дәйектер келтіру арқылы (Қараңыз: қазіргі қоссайыс қорытындысы мен $(437-370=67)$ бұрынғы нәтижесінің айырмасы: – 67 кило) дәлелдейді. Сол арқылы жағдайдың қаншалықты ушыққанын, қазақ спортының қазіргі ахуалын көрсетеді.

Кереғар мәнді сөздерді қиыстырып, контекстік антоним түзумен қатар ойын нақтылау, оқырманға ықпал ету мақсатында үстемелей отырып, контекстік синонимдер құрастырады: *Мұндай келеңсіз үрдіс кадр мәселесінде де көрініс тапты. Тұлғаны талантына, қабілетіне қарап емес, оның партиялығына, тілалғыштығына қарап бағалау әдеті орнады. Сондықтан жоғары билікте іскер, талантты адамнан гөрі ортаңқол, жылпос, жағымпаз адамдар тез көтерілді* (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске // Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Сол сияқты «Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан) Бекен Қайратұлы болымсыз мәнді

құрылымдарды антоним ретінде қолданып, контекстік антонимдерді синонимдермен шебер оюластыра білген: *Егер «әулетім өссін, тұқымым құрымасын, шаңырағым шірімесін» десеңіз – үй ішіңізде сүйіспеншілік орнатыңыз. Отбасындағы сүйіспеншілік шартсыз болуы керек. «Осылай істесең сені сүйемін, өйтпесең сүймеймін» деу шартты сүйіспеншілік белгісі. Бұл баянды, берекелі болмайды. Ықыласқа емес, есепке құрылғандықтан бір күні бір жерден жарылады* (Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). Мәнмәтінде публицист *шартты сүйіспеншілік – шартсыз сүйіспеншілік, сүйемін, сүймеймін; осылай істесең – өйтпесең* болымсыз құрылымдар мен *ықылас – есеп* контекстік антонимдер мен *әулетім өссін, тұқымым құрымасын, шаңырағым шірімесін; баянды, берекелі* болмайды, *бір күні бір жерден жарылады* сияқты синонимдерді шебер пайдаланған. Осылайша журналист ойын, тұжырымын нақтылай түсуге, оқырманын иландыруға тырысқан.

Мұндай қолданыстар Бауыржан Омаровтың публицистикалық дискурсында да жиі кездеседі: *Кейіпкерлерінің өмірін ұңғыл-шұңғылына дейін зерттейді. Белгілі жәйттердің белгісіз қырларын іздеп табады* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Журналистер болымсыз тұлғалы етістіктерді тізбелеп, синонимдер шоғырын құрау арқылы сөзінің әсерін, экспрессиясын күшейткен: *Күллі батыстың қастерлі мұрасын шашау шығармай, мұртын бұзбай, сынын кетірмей жұртшылыққа жеткізу үшін жоғары жауапкершілік арқалаған абзал аға саған ғылымдағы еңбек жолын енді ғана бастаған бала деп қарамайды* (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). *Талай белестен абыроймен өткен ардақты ағалардың әлі күнге дейін сынын бұзбай, сипатын өзгертпей* бабында келе жатқанына әрі қызығасың, әрі қайран қаласың (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан).

Тілдік тұлғалар публицистік дискурстарында атаулы сөйлемдерді тиімді пайдалана білген. Мысалы: *Шайқалған шаңырақ. Жәудіреп жетім қалған бала. Жағдайсыз ана. Алименттен жалтарған еркек. Осындай келеңсіз көрініс өмірдің нақты бейнесіне айналды* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол //Айқын. 2019, 25 қазан). *Қали қалай сөйлейді? Қалай-қалай сөз саптайды? Сұмдық! Көркем! Өткір! Қорғасындай ауыр!* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Съезд ұсынып отырған кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев – елге танымал тұлға. Бәріміз жақсы білеміз. Мемлекет және қоғам қайраткері. Аты-жөні әлемге мәшһүр. Ұлт зиялысы. Қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне шынайы жанашиыр жан* (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Қаламгерлердің сөз саптауында атаулы сөйлемдер қым-қуыт, бір-біріне ұқсас жағдайды қысқа да нұсқа түрде бейнелеу, сипаттау үшін қолданылған: *Аяңдап «Хабарға» келсем, қарбалас тіршіліктің үстінен шығам.*

Бақайшағына дейін су жаңа техникамен жарақтанған әбжіл репортерлер жан алысып, жан берісіп жатады. Қайнаған өмір, ағынды ақпарат. Найзағайға нан пісіріп алатын өңкей жұлымыр жастар. Екі иығын жұлып жеп, жанығып жүрген жұрт. Сол ерекше екпінмен институтқа арындап кіріп келсең, бүкіл тіршілік тоқтап қалғандай көрінеді. Телегей теңіз тарихтың зіл салмағына иығын тосып, төбені тіреп тұрған қалың қабырғалар. Талайдың табаны тиген, түгі азайған көнетоз кілемдер. Елу жылдан бері жақсыға да, жайсаңға да табалдырығын төсеп, төрге оздыратын екі құлаш емен есіктер. Сол есіктен әр кіріп шыққаны олжаға баланатын абыройы асқақ, ақырын сөйлеп, анық басатын, асықпайтын ақсақалдар. Соларға еліктеп, әр сөзін баппен бастап, бипаздап ұқтыратын қырмасақалдар (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Келтірілген мәнмәтінде Бауыржан Омаров атаулы сөйлемдерді көріністі сол қалпында көрсету үшін қолданған. Бұл ретте қаламгер «Хабар» агенттігі мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын өзара салыстыру арқылы екеуінің ерекшелігін нақ көрсете білген.

Бұл тәсіл адамдардың портретін беруде де жиі қолданылады: *Қали Сәрсенбай кейін осы басылымға бас редактордың бірінші орынбасары болып қайтып оралды. Қазір – «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы. БАҚ саласындағы Президент сыйлығының лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Алматы қалалық мәслихатының депутаты. Түрксой халықаралық ұйымының БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). 1976-1983 жылдары Фрунзе аудандық, Алматы қалалық және облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы, республика комсомолы Орталық Комитетінде бөлім меңгерушісі болып істеді. 1983-1990 жылдары Алматы облыстық және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде еңбек етті. 1990 жылдан – Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты, кейіннен Мемлекет басшысының Әкімшілігі Жалпы бөлімінің меңгерушісі. 1996 жылдың наурызынан – Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің меңгерушісі, ал кейіннен бастығы қызметін атқаруда. Махмұт Қасымбеков 100-ден астам ғылыми мақалалар жариялаған, ол 25-ке тарта кітаптардың авторы, телавторы және құрастырушысы. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев», III дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков //Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). Тіл-аузымыз тасқа, әзірге найзадай тіп-тік. Шашының әр талы шашау шықпай, орнында тұр. Жүріс-тұрысы ширақ. Адымдап жүргенде жанына ерген елудегілерді ентіктіреді. Еске сақтау қабілеті есіңді тандырады. Кеудесі – көмбе, зердесі – қазына. Бүтіндей бір ғасырдың бүкіл құпиясын көкірегіне хаттаған алтын сандық дерсің (Бауыржан Омаров Тұғырлы*

тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Бұл орайда қаламгер атаулы сөйлемдер мен өрнекті метафораларды әдемі астастырған.

Мұндай құрылымдар кейде атаулы сөйлемдермен берілмей, синонимдер ретінде нүктелі үтірмен берілетін кездері де жиі кездеседі: *Баспасөзге де судыратып сұхбат беретіндердің сұрыбынан емес. Олай болатын да жөні бар: Қазақстан Президенті Кеңсесінің бастығы сөзден гөрі істің адамы; жылтырап көрінгеннен гөрі өз жұмысын жарқырата жүргізгенді қолай көреді; артық дабыра мен дақпыртты жақтыра бермейтіндігі бірден аңғарылады, сонысымен де мемлекеттік қызметкерлер арасында өте құрметті, айрықша сыйлы (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков //Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). Біртұтас ұлт болу, бәсекелік қабілетті арттыру, мәдени және сана ашықтығына ұмтылу, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлету, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік сияқты болмыс-бітімге қол жеткізу – ұлт мұраты. Әсіресе, ұлттық біртектілікті сақтау, ұлттық кодты жойып алмау деген өзекті мәселелерді соқырға таяқ ұстатқандай етіп, көрсетіп беруі Елбасы мақаласының салмағын арттыра түседі (Нұртөре Жүсіп. Елбасының ұлттық идеясы).*

Портрет жасауда атаулы сөйлемдермен қатар ауыспалы осы шақ, өткен шақ тұлғалы етістіктер жиі қолданылады: *Сол баяғы қалпынан өзгерген емес. Әредік әңгіме бастаса, дерек пен дәйектен ешқашан жаңылыспайды. Батырлар жырларын әлі күнге дейін жатқа соғады. Әр сөзін шегелеп айтады. Әдепкіде атап өттік қой, ағынан жарылса, ұзаққа сілтеп, жуық арада тоқтай алмай, елді де, өзін де әбден мезі ететін көкезу қартың ол емес. Аз сөйлеп, берекелі пікір айтады. Үнсіз отырып-ақ саған көп нәрсені аңғартады. Тек сергек сана, көреген көз болса болды. Тұнжыраса – тартынасың, күлімсіресе – көңілденесің. Алматы мен Астананың арасына еркін қатынайды. Тұрпатынан тектілігі байқалып тұрады. Уәдесін ешқашан бұзбайды. Тиянақтылығы жағынан ешкімге ұпай бермейтін жапондардың өзін жолда қалдырады. Иілмеген емендей, мәуелі бәйтеректей тұтастық танытады. Әдемі ақсақалдық, қадірлі қарттық деген осы шығар. Міне, сондықтан бұл белесті тұғырлы тоқсан дейміз (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Азырақ сөйлеп, көбірек тыңдайды. Ешкімге дауыс көтермейді, біреуді орынсыз сөкпейді. Өзіне ұнамаған кісіні кекетіп-мұқатып, қажап-қыжсырту әдетінде жоқ. Қабағын сәл шытқанының өзі жетіп жатыр. Жайылып сала берген езуіңді лезде жинап аласың. Айтар сөзің көмейіңе жұтылып, қапелімде дыбысың шықпай қалады (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Жазу-сызуға икемі бар біздің кейіпкерімізге қабырға газетін шығару жүктелді. Ол редколлегия мүшелерімен бірлесіп газеттің мақаласын әзірлейді. Одан соң суреттерін салады. Бар өнерін салып, әрлеп-әсемдейді. Қабырға газетін тек бұлар емес, басқа кластың оқушылары да шығарады. Дәулет ағай солардың арасында*

қызу жарыс ұйымдастырады (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Әсіресе тындырған ісін, жұмысын санамалап көрсету үшін жедел өткен шақ тұлғалы етістіктер жиі қолданылған: *Шетелдерді ерте аралады. Ең алғаш бөгде жұртқа табаны тигеніне жарты ғасырға жуықтапты. Алғаш көрген мемлекеті – Мажарстан. Бұдан соң комсомолдың Орталық Комитетінде қызмет істеп жүргенде Америка Құрама Штаттарына он сегіз күндік сапарға барды. Алып елдің бірнеше ірі қаласын аралады. Көргенін көңіліне тоқи жүрді. Пролетариат көсемі Лениннің жүз жылдығын АҚШ-та қарсы алды. Әйгілі Марк Твеннің кейіпкерлері Том Сойер мен Гекльбери Финнің атамекені – Сент-Луисте аялдады. Нұрмахан аға бұл елге сапарының алдында ғана америкалық жазушылар Флетчер Нибель мен Чарльз Бейлидің «Май айының жеті күні» деген романын аударған еді (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Серік аға өзі мүше болған сегіз жылда қазақтың талай талантты перзенттерінің жолын ашты. Қиналғанына қол ұшын берді. Біразын ВАК-қа диссертациямен ілесе жеткен арыздардан, дүниені дүрліктірген дау-дамайдан арашалады. Мәскеу марқасқаларының алдында жерлестері үшін сан рет күйіп-жанды. Ғылыми еңбегі бекіген әріптестерінің дипломын елге ала келіп, көл-көсір қуаныш сыйлады... (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Бұл тәжірибе оларды ұқыптылыққа үйретті, мәтіннің сапасын қадірлей білуге машықтандырды. Бұрын да сөйлеміне селқос қарамайтын жігіттердің қаламы одан әрі ширай түсті. Бұлар корректорлықты тиянақтылықпен атқара жүріп, үзбей мақала жазды. Сол жазуға қабілеттілігінің арқасында түбінде өзгелерден озып шықты. Көбісі корректорлықтан бас редакторлыққа дейінгі жемісті жолдан өтті. Сүрінсе де сұламады, қисайса да құламады (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).*

Публицистикалық дискурста өткен шақтық мән ауыспалы келер шақ тұлғаларымен де беріледі: *Намысы биік Нұрмахан факультет комсомол ұйымының жиналысында «Бұл басқосу неге қазақша өтпейді?», – дегені үшін сыңа түскен бірінші курс студенті Мұхтар Мағауинді қорғап сөйлейді. Орыс тіліне өте жүйрік жігіт көсемдерден түйдек-түйдек мысалдар келтіріп, жұрттың аузын аштырмай қояды. Сол жиында Әбіш Кекілбаев та суырылып шығып, ұлттың сөзін айтады (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Серік ағамыз басшылық қызметтерді де абыроймен атқарды. Елдің ең үлкен кеңсесі – Орталық Комитетте идеологияға жауапты бөлім меңгерушісінің орынбасары болды. Беделді бұқаралық ақпарат құралдарын басқарды. Жоғары оқу орнының кафедра меңгерушілігінен проректорлығына дейінгі жолдан өтті. Абыроймен келген қызметін дер кезінде абыроймен табыстай білді. Өз еркімен орнынан түсіп, үнемі жастарға жол ашты. Директорлықты да, бөлім меңгерушілігін де лайықты шәкірттеріне*

қалдырды. Содан соң олардың шаруасына өмірі араласпайды. Өзі қатардағы қызмет иеленіп, бөлмесінде елеусіз ғана отырады. Бірақ оны осыдан соң елемей көріңіз. Кейінгі буын ардақты ағаны осы қасиеті үшін де Құдайдай сыйлайды (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Көбінесе өткен шақ пен ауыспалы осы-келер шақ тұлғалары қатар қолданылып, өткен шақ мәнінде жұмсалады: *Сөйтсе, сірескен «Правданың» өзі ұлт мәселесін жазудай-ақ жазыпты. Әсіресе, кейін халық жауы атанған Георгий Сафаровтың түркі халықтарының мүддесін қорғаған мақалалары мұның назарын аударды. Лениннің өзі Инесса Армандқа жазған хатында «Сафарчик» деп еркелететін Г.Сафаров «Қызыл Шығыс» пойызымен Түркістан республикасына келіп, елдің жағдайымен танысқан. Сексеуіл станциясына дейін жетіп, қазақ ұлтының мүшкіл халін көріп, дабыл қаққан. «Правданың» бетінен оның «Қазақ істері» деген мақаласын оқып, өз ұлтының тыныс-тіршілігімен танысқан студент жігерлене түсіп, қаламын еркін сілтейді. Ақыры басы дауға қалып, ғылыми жаңалығы мол жұмыстың иесі «төрттікке» әзер табан іліктіреді* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста етістік тұлғаларын әрдайым III жақта бермей, II жақта беретін тұстары жиі кездеседі. Мысалы: *Аудиторияға жалғыз өзің кіресің. Экранға көпшіліктің бейнесі шығады. Мінберде тұрып, тақырып таңдайсың. Сөйлеген сөзіңді аудитория қабылдамаса, жаңағы экрандағылар айқайлап, шуылдап, ысқырып, әбден есіңді шығарады. Ақыры, күштеп тоқтатады. Ал енді сенің сөзің ұнаса, толық тыныштық орнайды. Біздің кейіпкеріміз бұл сынақтан да сүрінбей өтті* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *«Шал мен шындықта» Сіз осы әлемге еркін сұңгисіз. Өз қажетіңізді табасыз. Ақиқатқа тік қарауға талпынасыз. Намысыңызды жанисыз. Жасықтық пен насықтығыңыз үшін ұяласыз...* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Қаламгер Сұлтановтың шыққан биігі қайраткер Сұлтановтың алған асуларынан кем емес екенін осыдан-ақ біле беріңіз* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Ол аз десеңіз, көк базардың маңайында шабыт шақырып жүрген адуынды ақын жігіттер секретариатқа сәлем бере келеді. Мұндайда қайдағы жазу... Адам аяғы сәл басылды-ау деп қағазға енді **үңіле бергеніңде** желке тұсындағы ақпарат құбыры арқылы жеткен патрон тұғырына сарт ете қалады. Ресми хабар әкелген жұмыр құтыға **тұра ұмтыласың**. Кейде көрші басылымдардың жігіттері патронға салып, бір-екі тал темекі жолдайды. Осындай ерекше тәсілмен жеткен шылымды қалай шекпейсің?!* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Бұл тәсіл оқырманның сол сезімді өз басынан өткендей болып, шынайы қабылдауы үшін қолданады.

Сол сияқты публицист өз сезімін бірінші жақтан да жеткізеді: **Өз басым** ісіне мығым, тиянақты Серік аға ішкі істер қызметінде жүре берсе, бүгінде сымдай тартылған сымбатты генерал болатынына титтей де күмәнданбас едім (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Бірақ атақты академикті үнемі арқа-жарқа болып, көңілді жүреді деп айта алмаймын. Негізінен оны біз аса бір салиқалы кейіпте көреміз. Біреу-міреуге ұзын-сонар ақыл айтып, ауызекі дидактиканы қайта-қайта қазбалап тұрып алғанын да байқаған емеспін. Бірақ, соның бәрін қас-қабағымен, іс-қимылымен-ақ ұқтырады. Ағамыздың қас-қабағы ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үнсіз-ақ аңғартып тұрады (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Қорғасын әріппен теріліп, бағанаға бөлініп, жол-жол болып жататын қазақтың қара сөзінің алмағы мен салмағын өлшейтін сол строкомермен бірге көп құндылық ілесе кеткен секілді көрінеді **бізге...** (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Бала кезімізде «Кішкентай генералдар», «Жұлдыздар неге жылайды?» повестерімен танылған Пернебай ағамызды жақсы **білетінбіз** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Сөйтіп, **Пернебай ағамыз** қаламға құмартқан Қали інісінің сыршыл сезімінің пернелерін дөп басып, қабілет-қарымының құлақ күйін келтіріп берінті (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Кейде бірінші және екінші жақ тұлғалары араласып келеді: Сөйтіп, кезінде бір емес, екі бірдей болашақ бас редакторды **жұмыстан шығарып жіберіппіз. Ұятын айтсайшы...** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Осы жерден **тоқтайық. Әйтпесе, кітапты оқымай қоярсыз. Қали Сәрсенбайдың қалам сілтесін осы бір қысқа да нұсқа үзінділерден-ақ байқаған боларсыз** (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). **Біздің балалық шағымыздың куәсі – Радж Капурдің әйгілі «Господин 420» фильмінде қаңғыбас бас кейіпкердің әндетіп жүретін сәті есіңізде ме?** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Мақалаларын оқып шыққан соң **сәтті спектакль көргендей әсер аласың. Сөз өнерінің сахнасындағы бұл «спектакльдердің» қай-қайсысы да адам айтқысыз анилагпен өтіп жатқанын сезесің.** Сондықтан біз оны «Қазақ көсемсөзінің Қаллекиі» деп сеніммен **атаймыз** (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). **Оны айтасың, біздің кейіпкеріміз** ақындар айтысына да қатысты. Айтыс болғанда, анау-мынау айтыс емес, 1944 жылы Жаңаарқада өткен бүкіл аймақ ақындарының сөз сайысы (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Ал енді **сіз менің Серік ағамның** аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері болғанын білесіз бе? Ол аудандық бөлім жанындағы еңбекпен түзеу инспекциясының бастығы қызметін атқарды (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Публицистикалық дискурста жиі қолданылатын тәсілдің бірі – қайталау: *Елдің ең сауатты, ең білікті, екі тілге жүйрік журналистері осы агенттікке жиналатын* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). Содан бері **бас киімін** ғана емес, **бар киімін** қадірлеп, кез келген адамның басын бағалауды өмір салтына айналдырды (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Түстен кейін-ақ көштің басы «Ақсайға» бұрылды. **Жеттім бе, жетпедім бе** деп жанығып келіп жатқан жұрт... (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Ақорда секілді қасиетті мекеннің шырақшысы тәрізді – Тәуелсіз елдің шежірешісі, абыз **Махаң**, абзал **Махаң** – ұлтжанды, елшіл, мемлекетшіл Махмұт Қасымбековтей тұлғалар барда Елбасының да, елдің де мерейі үстем бола бермек (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). Осыдан бес жыл бұрын жазған мақаламызды «Сәулетті сексен бес өзіңізді тұғырлы тоқсанға, жоталы жүзге жеткізсін, аға! Әудем жерде төбесі көрініп тұрған **он бес** жылды да аман-есен аттап, аттай желіп өткеніңізді көруге жазсын! **15-қазан күні 15-линиядағы 15-үйде** шаңырақ көтерген сізге бұл сан жағатын еді ғой...», – деп аяқтап едік. Сол **сөзіміз – сөз!** (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). **Ерікті** тұлғалар **ерікті** қоғамды түзейді. Қоғамда бір-бірін сүйіп, сүйіспеншілікпен отау құратындар көбейеді. Сөйтіп елдің, мемлекеттің іргетасы бекиді (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас // Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Қайталаулар оқырманның назарын аударту, сол сөзге екпін түсіру, ойын нықтау, шегелеу мақсатында қолданылған.

Нұртөре Жүсіп публицистикалық дискурсында синонимдерді қайталай отырып, дыбыстарды ойнатады: **Сөзде сәуле бар. Сөзде сиқыр бар. Бәріміз де сөйлейміз. Сөз айтқан боламыз. Сөз саптаған боламыз. Ал Қали қалай сөйлейді? Қалай-қалай сөз саптайды?** (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).

Мұнда **Сөзде сәуле бар. Сөзде сиқыр бар** деген сөйлемдегі **сәуле, сиқыр** сөздерін аллитерацияға құра отырып, одан әрі қарай сөйлеу, сөз айту, сөз саптау синонимдерін қатар қолдану арқылы Қали ақсақалдың сөзінің ерекшелігіне оқырман назарын аудартады. Кейіпкердің атын (**Қали**) дыбыстық жағынан ұқсас сұрау есімдіктерімен (**қалай, қалай-қалай**) қатар беріп, құбылта отырып, әдемі өрнек түзеді: **Ал Қали қалай сөйлейді? Қалай-қалай сөз саптайды?**

Публицист бір сөзді қайталап, анықтауыштарын өзгерту арқылы оларды өзара қарсы қойып, контекстік антоним түзген. Мысалы: **Бастығының да, өзінің де абыройын ойлап, оқырманға сапалы дүние жеткізу үшін жанталасып, қате қуалап отырған қара бала корректор Сұлтановтың кейін қайраткер Сұлтановқа** айналатынын бұл кезде ешкім де білмейтін еді (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Қаламгер **Сұлтановтың** шыққан биігі қайраткер

Сұлтановтың алған асуларынан кем емес екенін осыдан-ақ біле беріңіз (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Құдай біледі, ол сөз өнерін емес, сахна өнерін қалағанда да, ешкімнен кем болмас еді (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). Өнер адамдарымен жақын болғаннан Қали тек қана ұтты. Ол бірте-бірте өнер әлемінің өз перзентіндей бағалана бастады. Ал Қалимен сыйлас болғаннан өнер иелері де ұтылған жоқ. Атағы жер жаратын ағаларымыздың біразы жас ортасынан ауған шақта қаламгерлікке бет бұрды... (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары тақырыпаттарын да қайталауға құрған. Мысалы, Нұртөре Жүсіптің «Масыл болма, асыл бол» атты мақаласының (Айқын, 2019, 25 қазан) тақырыпатындағы қайталаулар ұйқас, дыбыс ойнатуларға құрылған.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Публицистикалық дискурста қоғамдағы маңызды оқиғалар туралы ақпарат беріледі, осы оқиғаны баяндап отырған публицист ақпарат беруде өз көзқарасын, ұстанымын да білдіреді; оқырманға ой салып, пікірін қалыптастырады, іс-әрекетіне түрткі болады. Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде тілдегі семиотикалық бірлік ретінде сөйленімге; тілдің синтагмалық тізбесіндегі сөздердің семиотикасы, тілден тыс семиотикалар жиынтығынан құралған сөйленім бірлігі ретінде дискурсқа, оның ішінде публицистикалық дискурсқа ерекше мән беріледі. Публицистикалық дискурсты семиотикалық тұрғыдан сипаттаған кезде сөйленім тілдік бірлік ретінде қарастырылып, тілдік тұлғалардың концептосферасын анықтауға мүмкіндік береді.

Дискурстағы ой прагматикалық мақсат – оқырманын баурап, әсер ету, мәтіндегі материалды бере отырып, әрекетке ұмтылдыруды көздейді. Сол себепті жұмыста публицистикалық дискурс концептуалды ойды жеткізетін ұғымдық категория ретінде қарастырылады. Публицистикалық дискурстың көркем шығармадағы, философиялық, ғылыми әдебиеттердегі мәтіндерден айырмашылығы екі факторды – субъект (тілдік тұлға) мен объектіні (оқырманның) ескерілуіне байланысты. Осыған байланысты публицистикалық дискурста тілдік тұлғаның коммуникативті діттемі басты орын алады. Соған сәйкес публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктері:

- дәйекке жүгінеді (жеке атаулар, дата, статистикалық мәлімет, дәйексөздер пайдаланылады);
- ақпараттың нақтылығы, дәйектілігі, сала терминологиясын пайдаланып, фактілер егжей-тегжейлі сипатталады;
- қоғамдық-саяси лексика, стандарт, клише көп қолданылады;
- сөйлеу тіліне тән элементтермен қатар көркем айшықтар қолданылады.

Публицистикалық дискурс адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізетін, күрделі прагматикалық бірлік, қоғам мүшесі ретінде оқырманға әсер ететін құрал болып табылады. Соған сәйкес публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға вербалды-семантикалық (лексикон), когнитивтік (тезаурус) және мотивациялық-прагматикалық (прагматикон) ерекшеліктерге ие болады. Жұмыста тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы жазарман тұрғысынан сипатталып, семиотика бағытындағы зерттеулер ескерілді. Публицистің тілді қолдануының коммуникативті қыры адам мен тіл сабақтастығында қарастырылып, журналист оқырманына әсер етуді көздейтін сөйленім әрекетінің субъектісі ретінде сипатталады. Публицистің бойында мәтін қалыптастыратын үш ерекшелік – қоғамдық-психологиялық қыры; әлеуметтік-ментальдік аурасы, оқырманын баурап алып, әсер ететін тілі жинақталады.

Сонымен, публицистикалық дискурс

- көпшілікті қоғамдағы жаңалықтармен, болып жатқан оқиғалармен тез арада хабардар ететіндіктен, публицистикалық дискурсқа тездік тән. Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір жаңалықты бірінші боп жеткізуді мақсат етеді;
- публицистикалық дискурс көпшілікке арналғандықтан, тілі жеңіл де түсінікті болуына мән беріледі;
- публицистикалық дискурста автордың өзіндік ұстанымы, көзқарасы көрінеді. Көбінесе автордың көзқарасы мен БАҚ-тың (газет-журнал, теледидар арнасы, т.с.с.) ұстанымы тоғысып жатады.
- публицистикалық дискурста қызық болуы, соны, жаңа болуы, танымдық сипаты арқылы оқырманын баурап әкетуді көздейді;
- публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға баяндап отырған оқиғаға қатысты өз сезімін, өз көзқарасын білдіріп, өз тарапынан баға береді;
- публицистикалық дискурс қоғамдық пікірді қалыптастырады;
- публицистикалық дискурста қоғам мүшелерін қандай да бір іске жұмылдыру көзделеді.

Жұмысымызда тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде республикамыздағы ең танымал, тиражы мол газеттерден бір-бір өкілден – Бекен Қайратұлы («Егемен Қазақстан»), Бауыржан Омаров («Ана тілі»), Нұртөре Жүсіптің («Айқын») мақала-очерк, эсселерін талдауға негіз еттік. Жұмыста жекелеген тұлғаларды негіз ете отырып, тұтас сол кезеңдегі жиынтық тілдік тұлғалардың ұстанымдарын, өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге, талдауға тырысамыз.

2. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК СИПАТЫ

2.1 Тәуелсіздік жылдарындағы публицистикалық дискурстағы негізгі концептілер

Публицистикалық дискурс арқылы автор белгілі бір оқиғаға қатысты ойын, көзқарасын білдіріп, оқырманға әсер етуді көздейді. Ол үшін публицист нақты ақпарат алу үшін зерттейді, анық-қанығына көз жеткізеді, өзіндік ойы, ұстанымы болады. Публицист оқырманға ықпал етуді мақсат етеді. Журналист мәтіндерінің құрылымы, тілдік қолданыстары туралы Е.П. Прохоров [108], А.И. Станько [109], Г.В. Лазутина [110] еңбектерінде сөз болды. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілін талдай отырып, Ю.В. Рождественский фактілердің нақты болуы, берілуі, мәтіннің стилистикалық құрылымы туралы сөз етеді [111, 172-б.]. Публицист тілінің көпшілікке түсінікті болуына, концептуалды пайымы оқырманның санасында берік орнығуына ерекше мән бере отырып, В.М. Горохов оқырманға ақпарат жеткізуде нақты ұстанымдар болуы керектігін айтады [112, 85-б.]. Ғалымдар тілдік тұлғаның өзіндік дүниетанымы болумен қатар әлеуметтік топтардың ықпалы күшті болатынын айта келіп, ол мәтіндерде көрініс табатынын айтады. Тілдік тұлғаның қалыптасуына ұлттық, мәдени ерекшелігі, дүниетанымы, тілдік қабілеті әсер ететінін ескертеді.

Концептіде тілдік тұлғаның дүниетанымы, көзқарас-ұстанымы көрініс табады. Зерттеу жұмысында негізгі концептілер тіл арқылы көрінетін ғалам бейнесі көрініс табады. Осыған байланысты А. Вежбицкая концепт түзуде мәнмәтін ерекше қызмет атқаратынын ескертеді [113, 24-с.].

Тілдік тұлғаның тілін зерттеуде 1) концептілерді ортақ белгілеріне қарай жіктеу қажет; 2) концептілердің қалай көрініс тапқанын, концептуалды ойды қалыптастыруда публицист ғалам туралы білімін ғалам бейнесінің үзгі ретінде концептіге қалай жіктегенін айқындау қажет; 3) негізгі концептілерді анықтай отырып, идеялық-тақырыптық жіктелісін, публицистің аялық білімін нақтылау керек.

«Функционалды-семантикалық өріс» ұғымын [114] негізге ала отырып, тілдің когнитивті (адресат ойының қалыптасып, көрінуі), ақпараттық (адресантқа қажет білім мазмұны), коммуникативті (адресатқа қажет, пайдалы ақпаратты алуы, қатынас жасау) қызметі көрінеді.

Концепт ақиқат болмыспен, адамдардың көзқарас, дүниетанымымен, ұстанымымен байланысты болады. Сондықтан концептіні екі жақты сипаттау қажет: бір жағынан, ол мәтінде сөз түрінде көрініс табатындықтан, лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді; екінші жағынан, адресант пен адресаттың ақпаратты қабылдауы, ойын түсінуі ескерелетіндіктен, когнитивтік тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Яғни мән – журналист – оқырман – мән коммуникативті тізбегі түзіледі. Автор діттеміне сәйкес журналистің айтайын деген ойын оқырман дұрыс түсініп, қабылдауы тиіс. Бұл жерде журналистің аялық білімі, ойын жеткізуі, тілдік бірліктерді дұрыс

қолдана білуі ғана маңызды емес, сонымен қатар оқырманның ақпараттағы кодты дұрыс аша білуі, аялық білімі соған сәйкес болуы қажет. Осыған байланысты Қ.Жұбанов: «*Танымадық* – дегеннің мәні: «танымай тұрмын, өз жөніңіз қалай еді?» «Кім едіңіз?» дегенге келіп саяды. Ал біреуге «Жол болсын!» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, «Неғып жүрген адамсың?» дегендей сұрау жатыр», – деп, коммуникация сәтті болуы үшін сөйлеуші мен тыңдаушының тең дәрежеде болуы керектігін айтады [115, 71-72-б.].

Тілдік тұлғаны зерттеуде сөйлеуші (не жазушы) ғалам туралы білімді қалай алатыны, оны қалай көрсететіні, яғни ғаламның тілдік бейнесіне қалай айналдыратыны қарастырылады. Публицистикалық концептіні зерттеуде 1) нақты дәйектер; 2) дәйек арқылы негізделген ғалам бейнесінің үзіктерінің концептуалдануы; 3) пресуппозиция (логикалық, экзистенциалдық, лингвистикалық); 4) концептідегі тілдік білім; 5) тілдік құралдар; 6) жазарманның мақсатына сәйкес тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу қабілеті ескеріледі.

Публицистикалық концепті ретінде қолданылған сөз жаңа мазмұнға ие болуы мүмкін. Сөз мағынасының құбылуы пресуппозицияға, автордың діттеміне, нақты жағдаятқа байланысты болады. Осыған байланысты В.В. Виноградов: «Слово является одновременно и знаком мысли говорящего, и признаком всех прочих психических переживаний, входящих в задачу и намерения сообщения», – дейді [116, 19-с.]. Яғни концепт жеке сөздің мағынасы ғана емес, сол сөз арқылы берілетін жиынтық білімді, түрлі мәнді қамти алады. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға сол білімді жеткізетін информатор ретінде көрінеді.

Концептіде 1) негізгі, маңызды ақпарат, 2) қосымша, тарихи ақпарат, 3) ішкі, субъективті-бағалауыштық ақпарат қамтылуы мүмкін. Мысал ретінде публицистикалық дискурстағы *ауыл* сөзінің қолданысын алуға болады: *Соның әсері болар, қазақтың ауылда өскен бар баласы секілді біздің Серік ағамыз да ақын болмаққа бел буып, жыр жазыпты* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). *Ауылдың көркемөнерпаздар үйірмесі қойған Бейімбет Майлиннің «Шұғасын» тамашалап, Шұғаның, Әбіштің монологтарының өңін өзгертіп, сол үлгімен нағашылары мен жеңгелеріне арнап өлең өрді* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). *Қысқасы, бұл институт маған аталар мен әкелерді бір шаңырақтың астына жинаған кәдімгі ауылдың жарасымды тіршілігін елестетті* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Келтірілген мысалдарда *ауыл* сөзі тура мағынасында берілген. Онда қазақы танымға сәйкес 1) негізгі, маңызды ақпарат, 2) қосымша, тарихи ақпарат қамтылған.

«Қазақ сөздігінде» *ауыл* сөзінің мағынасы былайша сипатталған:

АУЫЛ з а т. 1. Көне. Бір жерге қоныстанған он-он бес шаңырақтан тұратын, өзара туыстас киіз үйлі қауым. 2. Тұрғындарының

негізгі бөлігі ауыл шаруашылығының белгілі бір салаларымен айналысатын шағын елді мекен. 3. Қоғ.-әлеум. Шығыс халықтарында, әсіресе ертеде көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ, қырғыз, түрікмен, баиқұрт, татар, Солтүстік Кавказ т.б. елдердегі қоғамның белгілі бір әлеуметтік құрамы. 4. Ауыс. Белгілі бір ауылда тұратын халық, ел-жұрт, белгілі бір жерде тұратын адамдар [117].

Публицистикалық дискурста ауыл сөзі сөздікте көрсетілгеннен басқа мәндерге ие болған: Ә дегеннен Қали да **шалдықтың ауылына** қарай шұбар атын қамшылап бара жатыр ма деген ойда қаласыз (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). Әсіресе кемел жасқа жетіп, **ақсақалдықтың ауылына** еркін енген, соған қарамастан ширақтығымен ерекшеленетін, санасы сергек аға буын өкілдері кейінгі ұрпаққа үнемі үлгі болып келеді (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) // Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан). Әйтеуір жұмбағы мол философия оны **адуынды ақындықтың ауылынан** алыстатып әкетті (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) // Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан). Генетика – о бастан медицинамен **ауылы іргелес қонған ғылым** (Бауыржан Омаров Генетик // Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз). Бірақ сол салиқалы саясат сардарының абыройлы асуларына **ақпарат ауылынан** келгенін ұмытпағанымыз абзал (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Ауыл сөзін қатыстыра отырып, жаңа мәндермен толықтырған тілдік тұлғалар **шалдықтың ауылы, ақсақалдықтың ауылы, адуынды ақындықтың ауылы, ауылы іргелес қонған ғылым, ақпарат ауылы** сияқты тіркестер түзеді. Мұндағы **шалдықтың ауылы, ақсақалдықтың ауылы** сияқты тіркестер адамдардың жас ерекшелігіне қатысты болса, **адуынды ақындықтың ауылы, ауылы іргелес қонған ғылым, ақпарат ауылы** адуынды ақындықтың ауылы, **ауылы іргелес қонған ғылым, ақпарат ауылы** сияқты тіркестер белгілі бір саланың адамдарына қатысты қолданылған. Яғни ауыл сөзі қандай да бір ұқсастығына, жақындығына қарай топтастыруға негіз болған. Сол арқылы қазаққа түсінікті сөзді құбылта отырып, қазақы дүниетанымға негізделген көркем метафора түзген. Мұнда субъективті-бағалауыштық ақпарат қамтылған.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың концептілерін сөз еткенде концептуалды ұстанымдарын, қоғамдық-саяси, мәдениеттанымдық дүниетанымын ескеру қажет. Концептілерді қолданудағы мақсатын, діттемін айқындау қажет. Ақиқат болмысты бейнелей отырып, оқырманына айтпақ болған ойын түсіну қажет. Тілдік тұлғалардың дүниетанымын, көзқарасын нақтылай отырып, неге басымдық бергенін, себебін түсіну қажет. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың негізгі концептілерін сипаттау арқылы журналистердің азаматтық ұстанымын, халықты неге үндегенін, нені мақсат ететінін түсінуге болады. Бұл орайда еліміз тәуелсіздік алуына байланысты қоғамдағы жаңару мен жаңғыру да ескеріледі. Яғни этос, логос, пафос өзара сабақтастықта сипатталуы керек.

Ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде зерттеуге негіз болған Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп, т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселері тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жазылған. Бұл кезеңде еліміз егемендік алып, қоғамдық-саяси жаңалықтарға, өзгерістерге байланысты публицистикалық дискурс та жаңа серпінге ие болды, этос, логос, пафостың өзгеруіне байланысты қоғамдық санада да өзгерістер болды, Бұл кезеңдегі тілдік тұлғалардың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауы мен танытуында ұқсастық көп болды.

Ұлттық публицистикадағы концептілерді зерттеуде

- қазақы танымға негізделген жекелеген концептілерді автордың түсінуі мен оқырманның қабылдауы;
- тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстағы концептосферасы, қазақ журналистикасындағы негізгі концептілер,
- тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі өзекті концептілер;
- публицистикалық дискурстағы әмбебап концептілердің функционалды-стилистикалық ерекшелігі ескерілуі қажет.

Бұл мәселелер қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу өзегі болған емес.

Тәуелсіздік алған кезеңдегі тілдік тұлғалардың дискурсында негізгі концептілер айқын көрініс тапқан. Бұл кезеңдегі публицистикалық дискурстағы негізгі концептілер ретінде «Қазақ», «Қоғам», «Тұлға» концептілерін атауға болады. Тілдік тұлғалардың ұстанымдары, көзқарасы, ұстанымдары осы концептілер арқылы көрінеді. Жиынтық тілдік тұлғалардың шығармаларында «Қазақ», «Қоғам», «Тұлға», «Ауыл» концептілері аксиологиялық концепті ретінде сипатталды. Себебі олар ғалам бейнесін эстетикалық, утилитарлық тұрғыдан көрсетеді. Яғни аталған концептілер өзіндік концептосфера түзген. Жиынтық тілдік тұлға бір-біріне тәуелсіз, жекелеген тұлғалардан құралады. Олар зерттеуші тарапынан ғана дискурсындағы ұқсастық, пікір тоқайластығы бойынша ғана біріктіріледі. Жиынтық тілдік тұлға белгілі бір кезеңде өмір сүріп, нақты оқиғаларды суреттеген, қоғамда өзіндік орны бар, тілдік шеберлігі ұшталған қайраткерлерден құралады. Тілдік тұлғаның жиынтық тілдік тұлғаның лингвориторикалық бейнесі риторикалық дәйектердің заңдылығы бойынша құрылып, ұлттың мәдениеті, ділі, дүниетанымын танытады.

Публицистикалық дискурстағы концептілерді тақырыптық топтарға жіктеуде бірқатар концептілер өзара тоғысатынын байқауға болады. Соған байланысты концептуалды құрылымында біртекті ұқсатулар да бар. Мысалы, «Қазақ» концептісі «Қазақ елі», «Жер», «Ұлт» концептілерімен мәндес, кейде бірінің орнына бірі қолданыла береді.

Мысалы: *Бір нәрсені анық ескеру қажет. Бізде бір-ақ мемлекет бар. Бұл – Қазақ елі. Оның іргесін шайқауға ешкімнің құқы жоқ* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Негізгі мақсат – Қазақстанның демографиялық ахуалын дұрыстап алу. Халқы аз облыстардың санын арттыру. Ұлтын, елін, жерін сүйетін жастармен іргені бекіту* (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен

келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). **Қара жер** – қасиетті ұғым. Қазақстанда Құдайға шүкір, игеремін деген адамға жер жетеді. Мың гектарлап демей-ақ қояйық, есігінің алдындағы бес-алты сотық жерін қайратына сүйеніп, игеріп жатқан қанша қазақ бар?! (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Құдайға шүкір, жаңа ғасырды қазақ үлкен серпінмен бастады. Үнемі қорқыныш пен үрейден еңсесі түскен **ұлт** тұңғыш рет басын көтерді. Жаңа ғасырға жасампаздықпен қадам басты (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Алайда ХХІ ғасырды **қазақ халқы** тыныштық пен тұрақтылық жағдайында, үрейлі үркіншіліксіз, жойқын жортуылсыз, мамыражай қалыпта бастап отыр (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Кейде қазақ елі, қазақ халқы, ұлт сөздерімен қатар қазақстандық, Қазақстан азаматы, қоғам мүшесі сөзі де қолданылады: Кез келген **қазақстандық** «Пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге» неге құмармыз?» деп терең ойлануы тиіс (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласы, барлық **Қазақстан азаматы үшін** баға жетпес құндылық (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Ұлт жаппай еңбекқор болғанда ел еңсесі биіктейді. Ешкім ешкімге алақан жаймайды. Масылдық пизгыл жоғалады. Сондықтан **халқымыздың** «Масыл болма, асыл бол!» деген ақ батасы кез келген **қоғам мүшесінің** қаперінде болғаны жөн (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Тілдік құрылымның барлық деңгейінің бірліктері контексте ғана нақты көрінеді. Мәтіндегі маңызды ақпарат, оның экспрессивтілігі мәтін элементтерінің орнына, мәтіннің тұтас құрылымына байланысты. Мысалы:

Социализмнің сәбиге жасаған қамқорлығы көп еді. Бала 3 жасқа толғанша «молочная кухнядан» сүт пен сүзбе алып тұратынбыз. Аузы кемсеңдеп ішіп болғаннан соң бөтелкесін дереу өткізіп, жаңасын алатынбыз. Осының бәрі тегін еді. Қазір сол сүт пен сүзбені ақшамызға таба алмай шарқ ұрып қалдық. Іші өткен немереңді дәрігерге апарсаң: «Не ішіп еді?» дейді қабағын түйе қарап. Сол жеке дүкеннің сүті мен сүзбесін айтасың. «Тамақ сапасыз, құрамында микробы бар» деп бәріміздің мазамызды кетіреді. Бар ақшамызды сарп етіп микроб сатып алғанбыз ба деп біз тұрмыз. Оның бағасы қандай. Адамды сеспей қатыратын удай. Бірақ ұрпағымыз үшін неден де болса аянбаймыз. Енді қайда барамыз? Ұрпағымыз азарған деп аузын ашып отыр. Қой мен сиыр ұстайтын ата-ана болса өмірден өтіп кеткен. Момын қой мен мүйізді сиыр «сендерден қалмаймыз» деп соңдарынан еріп кетті. Анда-санда сақалы жалт етіп тоқал ешкі көрініп қалады. Ешкінің сүтін ішкен бала іші қатып, қаныпезер болады. Заман бұларды туғаннан қаныпезер қып қарсы алды. Оған уақыт кінәлі. ...Баяғы «молочная кухняның» тұсынан өтсем, маңдайшасында ағылшыниша жазу тұр. Бұл бізге түсініксіз. Жақын жерде аудандық прокуратураның зәулім кеңсесі. Бұл жазудың не екенін солар білмесе, біз

білмейміз. Біздің білетініміз – сәбиге сапалы сүт пен сүзбе керек. Ағарған – атамның асы емес пе?! (Көзбояуы жоқ көріністер //Ана тілі. 2018, 25 қаңтар).

Мәтіндегі негізгі ой бірінші сөйлемде (социализмнің сәбиге жасаған қамқорлығы көп еді) берілген де әрі қарай сол ой таратылып, бүгінгі күнмен салыстырыла отырып, олқылықтары мен әттегенайлары баяндалған.

Қазіргі кезде жастар үшін *социализм; «молочная кухня», бөтелкесін дереу өткізіп, жаңасын алу; Осының бәрі тегін; Ағарған деп аузын ашып отыр; Қой мен сиыр ұстайтын ата-ана болса өмірден өтіп кеткен. Момын қой мен мүйізді сиыр «сендерден қалмаймыз» деп соңдарынан еріп кетті. Анда-санда сақалы жалт етіп тоқал ешкі көрініп қалады. Ешкінің сүтін ішкен бала іші қатып, қаныпезер болады. Заман бұларды туғаннан қаныпезер қып қарсы алды; Ағарған – атамның асы емес пе?! Т.с.с.* сөзқолданыстар түсініксіз. Ол үшін аялық білім керек, сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілікті білуі керек, қазақы таным-түсінікті меңгеруі керек. Ұлттық кодты түсінбейінше мұндай мәтінді түсініп кете алмайды.

Қазақ тіліндегі жекелеген адамдардың жасы мен кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасып келе жатқан тілдік тұлғаның сипатын айқындау мақсатымен Алматы қаласындағы мектептер мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ассоциативті эксперимент жүргіздік. Ассоциативті эксперименттің мақсаты ассоциативті кұрылымындағы бейнені анықтау; бейнелі ұқсатуларды айқындау; слот не фреймдердің жандандырудағы бейненің ролі; төменгі сыныптың оқушылары мен жоғары сынып оқушыларының бейнелі ассоциацияларын салыстыру; студент пен қалыптасқан маманның бейнелі ұқсатуларын салыстыру арқылы филогенездегі бейнені айқындау; гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен техника саласындағы мамандардың, суретші, музыкант сияқты өнер саласындағы қызметкерлер мен заң саласындағы қызметкерлердің бейнелі ассоциацияларын салыстыру арқылы әрқайсысының ерекшеліктерін анықтай отырып, оның себебін, уәжін табу. Ассоциативті экспериментке 8 бен 40 жас аралығындағы азаматтар мен жасөспірімдер қатысты. Барлығы 819 сауалнама таратылды. Алынған реакциялар зерттеу проблемаларына сәйкес өңделді: стимул сөздерді қалай қалай бейнелегеніне, яғни бейнелі *ассоциат*тың болуына, оны сөз арқылы қалай жеткізгеніне, қандай сөздерді қолданғанына мән берілді. Информанттардың жауаптары 1. Заттың бейнелену деңгейі, қалай бейнелегені (фрейм, слот); 2. Берілген сөзді дәл айқындап, бейнелі түрде сипаттауы; 3. Бейненің сипаты: қоғамда қалыптасқан бейне не сауалнамашының өзіндік таным-түсінігі бойынша жіктелді. Зерттеу нәтижесінде онтогенездегі имидж; жас ерекшелігін; кәсіби ерекшелігін; әр кезеңдегі тілдік тұлғаның өзгешеліктерін айқындауға болады. Ол қатысушылардың интеллектуалдық деңгейін, ассоциативті схемасының гипотетикалық үлгісін көрсетеді (А қосымшасы).

Эксперимент нәтижесінде тілдік тұлғалардың бағалауыштық ерекшелігін былайша көрсетуге болады:

- бірқатар информанттар саналы түрде жіктеген (дифференциалды жіктеу: түпкі мәні – бүкіл мағынасы);
- бірқатары біртіндеп екінші, жанама номинацияны енгізген (түрлі метафоралар);
- бірқатары тілдік механизмді түсінген;
- бірқатары әлемді танып-түсінуде денотаттық ойлаудан бағалауыштық, әлеуметтік бағытқа ойысу, пән бойынша өткендеріне сүйенген;
- 35-40 жастағы информанттардың таным-түсінігі тереңдей түскен, диалектикалық тұрғыдан қабылдаған.

Эскперименттен қоғам дамуына қарай, қоғамдағы өзгерістерге байланысты ұрпақтар арасындағы сабақтастық біртіндеп үзілетінін, әсіресе идеологияға қатысты дүниелер өткінші екенін байқаймыз. Ал имандылық, адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, т.с.с. мәңгілік құндылықтар ешқашан мәнін жоймайды.

Публицистикалық дискурстағы жиынтық тілдік тұлғаны зерттеу нәтижесінде журналистердің ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлгенін, әр мақаланы жазу барысында тынбай ізденгенін, аялық білімі өте ауқымды, элиталық деңгейдегі тілдік тұлға екенін аңғаруға болады. Оны шеттен енген сөздерге тамаша балама ұсынуынан, философиялық категорияларды қазақы дүниетанымға негіздей отырып сипаттауынан байқаймыз. Әсіресе Бекен Қайратұлының ислам, шариғат туралы білімі өте терең екенін көреміз. Оған журналистің төмендегі сөз саптаулары дәлел: *Содан 1985 жылы Алматы қаласында келіп құрылыста несібесін айырып жүрген* (Бекен Қайратұлы Қаламгердің қайсар қызы //Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан).

Сүйіспеншілік күллі жаратылыс атаулының – себепкері. Өйткені Алла адамды Абай атамыз айтқандай сүйіспеншілікпен жаратқан (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Өйткені адамның болмыс-бітімі мен жаратылысында тағдырдың үлесі бар. Ал тағдырдың иесі – Алла. Ақылды адам өз тағдырының болмысын бағалай отырып, кейбір келеңсіз оқиғаға тап келсе, оған көне отырып, сабырлықпен сүйіспеншілік танытуы керек. Қасиетті кітапта: «Расында, жақсы көргендеріңді дұрыс жолға сала алмайсың. Бірақ Алла кімді қаласа оны тура жолға салады» дейтін ашық мағыналы аят бар. Осы аятқа тәпсір жасаған ғалымдар біреуді жақсы көру үшін одан тек жақсылық талап ету дұрыс емес екенін айтады (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Жалпы алғанда отбасы мүшелеріне еркіндік сүйіспеншілік арқылы беріледі. Өйткені сүйіспеншілік арқылы берілетін бұл нығымет – отбасылық бірлік-берекені арттыра түседі (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Келтірілген мысалдардан Бекен Қайратұлының шарифатқа жүйрік екенін аңғарамыз. Аят, хадистерді, сахабалардың сөздерін өте ұтымды пайдалана білген. Сол арқылы айтайын деген ойын негіздеп, дәйектей білген.

Журналист тарихи мәселелерді сөз еткенде публицистикалық дискурстың ықпал ету қызметіне иек артып, сендіру, иландыру тактикаларын қолданады. Ол үшін тарих қойнауында жатқан соны деректерді мол қамтиды. «Тұрардың Қытайға құпия сапары» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 2019, 16 тамыз) Тұрар Рысқұловтың қайраткерлік қабілеті Кеңес Одағы деңгейінен асып, Коминтерн өкілі ретінде әлемдік масштабтағы саяси істерге араласқаны, Моңғолияның конституциясын жасап, елдің саяси-экономикалық дамуына ықпал еткені, сол елде 1924 жылдың қазанынан 1925 жылдың шілдесіне дейін 9 ай қызмет еткені, сонымен қатар Қытай Республикасына құпия барғаны, «қазақ князі – Қасықбай» атанғаны, Қытай елінде отырған Жапония елшісі Кэнкити Ёсидзавамен жолыққаны жайында сөз қозғайды. Мақаланы жазардан бұрын автордың көп ізденгені, түрлі әдебиеттерді оқығаны, жазушы Шерхан Мұртазаның еңбектерімен танысқаны байқалады. Сондай-ақ «Абылай ханның хаттары» (Егемен Қазақстан, 2019, 7 тамыз), «Әбілпейіздің хаты» (Егемен Қазақстан, 2019, 9 тамыз) атты мақалаларында да журналистің біліктілігі, тарихтан терең хабары бары аңғарылады.

Елордадағы Қазақстан Қарулы күштері Әскери-тарихи музейінің көшпелі көрме ұйымдастырылатын залында Омбы мұрағатынан жеткізілген, қазақ тарихына қатысты XVIII ғасырға тән құжат-хаттарды көргенін, құнды жәдігерлер қатарында қазақ ханы – Абылайдың әр жылдары Қытай елінің императоры – Цзяньлунға жазған хат-хабарлары болғанын айта келіп, көрме төріндегі 7 хаттың бесеуі ойрат-моңғол тілінде, тод жазуымен жазылғанын ескертеді. Тод жазуын 1648 жылы Зая Банди деген ойрат-моңғол оқымыстысы ұйғыр-моңғол жазуын реформалау арқылы ойлап тапқанын айтады. Жан-жақты ізденудің нәтижесінде Бекен Қайратұлы: «Бұл жазудың басты ерекшелігі – тибет, санскрит, манжу тілдеріндегі әріптердің дыбысталу үндестігін толық сақтай алады. Сол себепті XVIII-XIX ғасырларда бұл жазу қытай-моңғол-қазақ қатынасының хат алмасу құралы болған сыңайлы. Бұл жазуды қазіргі Қалмақия Республикасы 1924 жылға дейін керектенсе, Шыңжаң өлкесіндегі моңғолтекті халықтар күні бүгінге дейін қолдануда», – деп жазады. Автор Қазақ ордасы қытай және ойратпен қатынас қағаздарын тод жазуымен жүргізгенін айта келіп, Шоқан Уәлихановтың «Малайсары батырға жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен «тархан» атағын бергені жайлы құжат қалмақ тілінде тод жазуымен жазылған екен. Оны батырдың ұрпақтарынан алып, туысым Абылай Ғаббасұлына оқыттым» деген сөзін келтіреді.

Журналист хаттың мәтінін Бейжіңдегі Қытай Халық университетінің магистрі, ойраттанушы Л.Энхсаруыл (Энхсаруул) мен Моңғолия Ғылым академиясы Тарих және археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, ойрат тілінің маман С.Амарбайырларға жіберіп, олардың оқыған

нұсқасын ресейлік ғалымдардың аудармасымен салыстыра отырып, мәтінді қазақшалап шыққан.

«Әбілпейіздің хаты» (Егемен Қазақстан, 2019, 9 тамыз) деген мақаласында автор нақты дәйектерге сүйене отырып, Әбілпейіз сұлтанның кім болғаны, «буруд» сөзінің мағынасы жайында деректер келтіреді. Екі хаттың да фотосуреті, тәржімасы берілген. Бұл мақалалардан тәуелсіздік кезеңіндегі журналистердің ізденімпаздығы, жауапкершілігі, жан-жақты зерттеушілігі, біліктілігі көрінеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалар қоғамның тыныс-тіршілігін түсініп, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне жауапкершілікпен қарағаны байқалады. Оған Нұртөре Жүсіптің төмендегі сөзі де дәлел: *Жалпы, БАҚ деген – ұлтты тәрбиелейтін, бағыт-бағдар беретін құрал. Идеологиялық міндетті мойнына алып отырған сала* (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018).

Елбасымыздың барлық бастамаларының мәні мен маңызын халыққа жеткізу, түсіндіру, насихаттау жолында БАҚ өкілдерінің еңбегі өте зор. Ақиқатты жоқтаған, аталы сөзге тоқтаған елміз! Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласы, барлық Қазақстан азаматы үшін баға жетпес құндылық. Осы орайда бір нәрсені баса айтқым келеді: Бүгінгі қазақ журналистикасы – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың, береке мен бірліктің ұйытқысы. Әсіресе қазақтілді басылымдар Ұлттық Тәуелсіздіктің шынайы жанашырлары болды. Қиналғанға – демеу, мұңайғанға – медет болды (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Біздің ұлттық журналистика ешқашан жат пизгылды бола алмайды! Елдік пен Мемлекеттік идеясы, Ұлттық Тәуелсіздік мәселелері басты басымдық бола береді. Ұлттық құндылықтар – Ел, Жер, Отан, Отбасы, Салт-дәстүр мәселелері басты назарда болуы керек. Рейтинг қуамыз деп жүріп жақсы қасиеттерімізден – ата салтымыздан, қазақтық қалпымыздан айрылып қалуға болмайды. «Сөз бостандығы шексіз емес. Ол – табындыратын да, талқандайтын да қуатты күш», – деген сөзіңізді журналистердің бәрі біледі. Осы «қуатты күшті» біздің әріптестеріміз Қазақ елінің мүддесі үшін дұрыс пайдалануы қажет деп білемін. Қазақстан журналистері қай сала, қай арнада қызмет атқарса да, негізінен – Халық, Мемлекет алдындағы азаматтық жауапкершілігін терең түсінеді, сезінеді (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Сонымен, публицистің тілдік тұлғасы журналистика мен лингвистиканың тоғысуын қажет етеді. Публицистің тілдік тұлғасы ұжымдық және жеке тілдік тұлғалардың публицистикалық концептілері негізінде ашылады. Негізгі концептілерді талдауда тілдік тұлғаның әлеуеті (компетенциясы) – білімі, коммуникативті діттемі, сендіру үшін қолданатын тәсілдері ескеріледі. Публицистикалық концепт публицистің коммуникативті міндетіне сәйкес адресатқа шындықты жеткізудегі

прагматикалық ұстанымы бойынша іріктеп алатын тілдік құралдары арқылы айқындалады.

2.2 «Тұлға» концептісінің когнитивтік репрезентациясы

Қоғамдағы өзгерістер сол қоғамның перзенті – тұлғаға әсер етпей қоймайды. Сондықтан тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы негізгі концептілердің бірі тұлғаға арналған.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *тұлға* сөзі былайша сипатталған: 1. Белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат. 2. Фил. Әдеб. Жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым [119, 236-б.].

Публицистикалық дискурстағы «тілдік тұлға» осы мағыналарды қамтыған. Мұнда тұлға ретінде кез келген адам емес, адамгершілігі жоғары, қоғамдағы орнын, азаматтық борышын түсінген, ұлтын сүйген патриот, тілін, ділін, дінін қастерлеген, Абай үлгі еткен «толық адам» ретінде көрінеді. Соған сәйкес «тұлға» концептін өз ішінен модельдерге жіктеледі. Мысал ретінде журналистердің публицистикалық дискурстарындағы тұлғаның сипаттамаларын келтіруге болады:

- Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі
- Шыншыл
- Қарапайым, атаққұмар емес
- Істің адамы
- Алдына жан салмайтын жүйрік
- Бала тәрбиесіне ерекше мән береді
- Дін жолын ұстанады
- Уәдеге берік
- Сұңғыла
- Елшіл азамат, т.с.с.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Тұлға» концептісі екі қырынан сипатталғанын көреміз: 1) қазақ қоғамына, ел-жұртына еңбегі сіңген нақты адамдарды үлгі ету; 2) адам бойындағы ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, нақты адамды емес, жалпы стандартты көрсету. Тұтас алғанда, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі публицистикалық дискурстағы журналистердің сипаттамасындағы «тұлға» концептісі өзара ұқсас болғанмен, өзіндік ерекшеліктері де бар [120]. Публицистер көбінесе елге тұлға боларлық азаматтардың өмірін, еңбек жолын көрсетіп, дәріптеген. Ондай тұлғалардың қатарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Нұрмахан Оразбек, Серік Қирабаев, Махмұт Қасымбеков, Илья Ильин, Әмин Тұяқов, Ғұсман Қосанов, Эдвин Озолин, Николай Политико, Қали Сәрсенбай, т.с.с. бар.

Тілдік тұлғаны сипаттауда бірнеше қырынан сөз еткендері байқалады:

1) Публицистер тұлғаларға нақты бір тарихи кезеңдегі ұстаным тұрғысынан баға береді: *Бұл кезеңде Нұрсұлтан Назарбаев коммунистік партия заманға сай өзгеруге қабілетті деген ұстанымда болды. Сол*

тұстағы жоғары дәрежелі талай жиналысқа журналист ретінде қатысқанда өзіміз де көрдік. Шынын айту керек, Горбачев бастаған қайта құру бастамасына көптеген кеңес адамдары сияқты бәріміз де сөзсіз иландық. 1989 жылдың 18 тамызында қалалық және аудандық партия комитеттері бірінші хатшыларының республикалық кеңесі өтті. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы «Шын мәнінде, қайта құру жылдарында кадрлар құрамын тереңнен «қайта сілкілеп», тоқырау кезеңін жанына жақын көргендерден арылуға қол жеткізілді. Алайда адамдар кеткенімен, дәстүрлер қалатыны белгілі» деген мазмұнда сөз сөйлеген болатын (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

2) Тарихтағы орнын көрсетеді: Нұрсұлтан Әбішұлы қоғамдық өмірді демократияландыруға баса көңіл бөлді. Орталықтың әкімшіл-әміршіл тәсілдерінен бас тартуға ұмтылды. Ол республика партия ұйымдарын өз бетінше жұмыс істеуге бағыттағысы келді. Осы негізде партия комитеттерінің жетекшілерін баламалы негізде құпия және тікелей дауыс беру арқылы сайлау тетігін іске қосты. Бұрын баламалы сайлау дегенді көзге елестетудің өзі қиын еді. Енді екі және одан да көп үміткерден 141 қалалық және аудандық комитеттер хатшылары, оның ішінде 59 бірінші хатшы сайланды (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

3) Қазақ мәдениетіне, спортына қосқан үлесін көрсетіп, үлгі етеді: АҚШ пен КСРО мемлекеттері бір-біріне дес бермей, үзеңгі қағысып тайталасып тұрған 1960 жылдары екі ел арасында «Ғасыр жарысы» деген атпен 4x100 метрлік эстафеташылар сайысы өтіп тұрды. Осы турнир 1965 жылы Киевте ұйымдастырылып, алып империя Кеңес одағының абыройын қорғау үшін Әмин Тұяқов, Ғұсман Қосанов, Эдвин Озолин, Николай Политико төрттігі жасанып жарыс жолына шығып, бір жыл бұрын Олимпиада чемпионы болған АҚШ эстафеташыларын шаңға көміп, құмға бөктіріп айды аспанға шығарады (Ақмышта туып, АҚШ-тан озған

4) Өз ісінің шебері, майталман: Бүкіл қазақ журналистері кәсіби тұрғыдан жаппай үлгі тұтатын тұғырлы тұлғалар бар. Олардың әрқайсысы әр қырынан елге танылған. Бірі көркем жазуымен елді ұйыта алады. Екіншісі қай басылымға басшы болса да бақ-береке әкеледі. Үшіншісі өзгенің ойына келмейтін тосын тақырыптарды терең қаузады. Төртіншісі от пен судың ортасында жүріп, алашапқын ақпарат беруге бейімделген (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

5) Адамгершілік қасиеттерін дәріптейді. Атап айтқанда:

- Батыл, ержүрек: Ал осы қасиеттеріне қоса, тәуекелге бел байлай білетін батылдығымен айрықша із қалдырған әріптестеріміз өте сирек. Өйткені ағысқа қарсы жүзу үшін мінез керек. Ал ондай мінез екінің бірінің бойынан табыла бермейді. Журналистика саласында үлкен-кішінің түгел ықыласына бөленген, қажет кезінде ешкімнен қаймықпай, ақырып теңдік сұраған көсемсөз шеберлері көп емес. Тіпті саусақпен санарлықтай ғана

шығар. Олар туралы әңгіме қозғалса, сөз арасын былғайтын бөтен сөз айтылмайды. Себебі елдің қадір-құрметі бөлек. Сол мүлтіксіз мойындалған аз ғана журналистика жампозының бірі – көрнекті көсемсөзші Нұрмахан Оразбек (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Қайсар, жігерлі: Кейіпкеріміздің бойында «беркініп садақ асынып, біртіндеп жауды қашырған» Махамбеттің мінезі болды. Сол болмыс түйсігі ерте жетілген ұланның ұлттық иммунитетін оятты. Махамбет-мінез оның публицистикадағы тұғырлы тұлғасын танытты. Осы ерекше жаратылысы қаламын өткірлеп, намысын шыңдады (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Өз ісіне адал: Алдымен, біз оны ақпараттың жолынан айнымағаны үшін сыйлаймыз. Ол журналистен жазушы болуға ұмтылған қалың нөпірдің қатарын толықтырған жоқ. Өмірдің өз бояуын өрнектейтін пәрменді публицистикалық дүниелер жазумен ғана шектелді. Көркем сөзді қалауынша кестелеп, кеңінен көсілуге қабілеті мол жетсе де, журналистикадан өзге арнаға бұрылмады. «Капитал қамалындағы 18 күн», «Қағажу көрген өмірден», «Бар айласы – бас пайдасы», «Мұхиттың арғы жағы, бергі жағы», «Көрген жерден көз кетпейді» атты кітаптары деректі дүниелерге ғана негізделді. Ол әлем тынысын тыңдай білетін кәсіби халықаралық шолушы болды. Жас күнінен таңдаған ісіне бүкіл саналы ғұмырын арнады. Ақпараттың қатардағы сарбазынан саланың сардарына дейінгі жолдан өтті (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Салиқалы да салмақты: Сонымен қатар ақпарат майданындағы салиқалы да салмақты тұлғаның бірі болғаны үшін қадірлейміз (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Беделді: Оның есімі бүгінде баспасөздегі бедел деген ұғымның баламасы секілді аталады. Ол ешқашан өз тірлігінің төңірегіндегі өнбейтін дауды қуалаған жоқ. Әрқашан өзін пенделіктен жоғары ұстады. Нұрмахан Оразбектің болмыс-бітімі қай қырынан қарасаң да, еліктеуге тұрарлық жанның бейнесін аңғартып тұрады. Мамандықтың маркасы дейміз бе, баспасөздің бренді дейміз бе, қазіргі күні тілімізден түспейтін тіркестердің мағынасын танытатын үздік үлгі іздесеңіз, алысқа бармай-ақ қойыңыз (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Тәжірибе жинақтаған, сын тезінен өткен: Оның өмір жолына зер салсақ, өз ортасына, қоғамдық өмірге деген көзқарасы бала кезінен қалыптасқанын аңғарамыз. Анасынан тым ерте айрылып, ағайынның қолында өсті. Майданға кеткен әкесі жаудың тұтқынына түсіп, одан кейін кеңестік түрмеге қамалып, арғы-бергі абақтының азабын тартты. Соның бәрі болашақ қаламгердің өзіндік пікірін орнықтырды. Бүкіл жұрт құлдық ұрған тегеурінді жүйенің көлеңкелі тұстарын көңіл көзімен көре білді. Сондықтан қай жерде де жаппай жалпылдауға жаны қас болды...

(Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Тәуекелшіл, күрескер: *Қазақ жұртында журналистиканы берекелі белеске шығарған ағаларымыз аз емес. Бірі осынау мәртебелі мамандықты игеру арқылы биліктің биік сатысына дейін өрледі. Екіншісі публицистиканың көркем дүниеге айырбастамайтын өрелі өнер екенін дәлелдеп, қара сөзден құйын ойнатты. Үшіншісі журналистіктен артық кәсіп жоқ деген қағиданы ту етіп көтерді. Төртіншісі бұқаралық ақпарат саласын көлденең көк аттылар мен жолдан киліккен жолбикелерден қызғыштай қорыды. Ал Нұрмахан Оразбеков ұлт журналистикасының қорғаны болды. Басқа жұрт бұғып қалғанда басын бәйгеге тігіп, күрескерлік мінез көрсетті. Жүректінің өзі жылыстауға жол іздейтін сәт туғанда тәуекелге бел байлап, ереуіл атқа ер салды* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

- Уақыттың ырқына бағынбайтын: *Ал әдебиеттанудың алыбы саналатын атақты академикті бұлардың ешқайсысының қатарына қоса алмайсың. Тіл-аузымыз тасқа, әзірге найзадай тіп-тік. Шашының әр талы шашау шықпай, орнында тұр. Жүріс-тұрысы ширақ. Адымдап жүргенде жанына ерген елудегілерді ентіктіреді. Еске сақтау қабілеті есіңді тандырады. Кеудесі – көмбе, зердесі – қазына. Бүтіндей бір ғасырдың бүкіл құпиясын көкірегіне хаттаған алтын сандық дерсің* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

- Текті, қадірлі: *Алматы мен Астананың арасына еркін қатынайды. Тұрпатынан тектілігі байқалып тұрады. Уәдесін ешқашан бұзбайды. Тиянақтылығы жағынан ешкімге ұнай бермейтін жапондардың өзін жолда қалдырады. Иілмеген емендей, мәуелі бәйтеректей тұтастық танытады. Әдемі ақсақалдық, қадірлі қарттық деген осы шығар. Міне, сондықтан бұл белесті тұғырлы тоқсан дейміз* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан // Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

- Кеңсе бастығы ұқыпты, жауапты, мұқият, тәртіпті, талапты адам болуы шарт. Махмұт Қасымбековтің бір бойында осынау абзал қасиеттердің бәрі бар. Соның бәрінің бастауында – сірә, бір кездері тақымы терден құрғамаған, елім, жерім деп күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеген шұбыртпалы Ағыбай секілді батыр бабасынан қалған елшілдік қасиет жатса керек! Сондай текті тұқымның түлегі, асылдың тұяғы, алтынның сынығы іспеттес азаматтың есімін Елбасы тектен-тек елемегенін байқаймыз (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

- Ұлттың ұйытқысы: *«Нағыз ғалым» деген ұғымды айшықтайтын белгілі бір өлшемдер бар. Соның ең бастысы – зерттеушінің өз саласында талассыз мойындалуы. Егер оның беделі биік, еңбектері ерекше болса, алыс-жақын елдердегі әріптестері төбесіне көтеріп, алақанға салып аялайды... Ал, осы талаптардың бәріне лайық адам ұлттық мұратты берік ұстанса, барша жұрт жаппай қадірлейтін тұлғаға айналады... Ал енді жоғарыда*

аталған ерекшеліктердің бәрі де бойынан табылатын зерттеушілерді ұлттың ұйтқысы, зиялылардың зиялысы деп бағалауға болар (Бауыржан Омаров Генетик //Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз).

- Шыншыл: *Шалды таптық. Шал дегеніміз шындық екен! «Казахская правда» жоқ бұл күнде. «Казахстанская правда» бар. Алдан Әйімбетов те келместің кемесіне мініп кеткен... «Шал» кеткенімен, шындық сол шырылдаған күйі қалып қойыпты* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).

- Қарапайым, атаққұмар емес: *Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ең жақын үзеңгілес серігі Махмұт Базарқұлұлы Қасымбеков туралы көп адам біле бермеуі де мүмкін. Өйткені бұл кісі жылт-жылт етіп теледидарға көп шыға бермейді* (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар).

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» сұңғыла сөзі 1. Көп білетін, білгір. 2. Тез сезе қоятын, зерек, зерделі. 3. Жерг. Қу, сұм, залым түрінде сипатталған.

Публицистикалық дискурста тілдік тұлғалар бұл сөзді актив қолданысқа енгізуге тырысатыны байқалады:

Кесте 1

Бекен Қайратұлы (Адамтану ілімі //Егемен Қазақстан, 2019, 3 қыргүйек).	Бауыржан Омаров (Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).
Әрбір халықтың табиғи жаратылысында өзін басқалардан ерекшелеп тұратын кемел қасиеті болады. Айталық, ағартушы Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Орынборда жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегінде, қазақ жаратылысы өте таза халық, оның сана-сезімі мен сұңғылалығы біреу салып берген тар шеңберге сыймайды десе, ХІХ ғасырда өмір сүрген поляк зерттеушісі А.Янушкевич күнделігінде, «қазақтардың ақыл-ой қабілеті мен сұңғылалығына еріксіз таңырқай, таңданбасқа амал жоқ» деп халқымыздың басқалардан артық кемел қасиеті жайлы тамсана жазады	Тіпті әдебиеттанудағы салмағы ешкімнен кем емес, сөз өнерінің сұңғыласы Зейнолла Қабдолов пен теорияның жілік майын шағатын зиялының зиялысы Зәки Ахметовтің өзі қажет кезінде Қирабаевқа құлақ қоятын секілді көрінетін. Бұл үйлесімді ұштағанның бір-біріне деген қадір-құрметі керемет еді

Байқап отырғанымыздай, тілдік тұлғалар сұңғыла сөзінің мағынасын кеңейте түскендері байқалады. Соның нәтижесінде Бауыржан Омаров сөз

өнерінің сұңғыласы деген тіркес түзсе, Бекен Қайратұлы бұл сөзге терминдік мән береді. Журналист Қаз дауысты Қазыбек бидің Жәнібек батырды сынағанын, «Аяз би» ертегісіндегі Жаманға өзін сынатқанын мысал ретінде келтіре отырып: «Жоғарыдағы оқиғалардан біз қазақта аса керемет адамтану ілімі болғанын аңғарамыз. Бұл ілімді аталарымыз «сұңғылалық» деп атаған. Бірақ екінің бірі сұңғыла бола бермейді. Сұңғылалық – адамға сезімтал түйсік, терең таным арқылы берілетін қасиетті ілім. Мұндай ілім иелерін қазақ қоғамы ел бірлігін сақтайтын, әділ үкім ететін би, яғни қазы етіп сайлайтын болған.

Ғылымда адамтану, яғни сұңғылалық ілімін физиономистика деп атап, бұған: «Адамның сыртқы табиғи қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін негіздей отырып, тұлғаның жеке мінез-құлқын аңғару арқылы ішкі сырын аңдай алатын ғылыми психологиялық сала» деген анықтама беріпті», – дейді (Адамтану ілімі //Егемен Қазақстан, 2019, 3 қыргүйек). Яғни журналист *сұңғыла* сөзін «физиономистика» атауының баламасы ретінде ұсынады.

«Тұлға» концептісін сөз етуде публицистердің ұстанымы, көзқарасы бір болғанмен, өз ішінен ерекшеліктер де байқалады. Тіпті екі журналист бір тұлғаны – Қали Сәрсенбайұлын сөз еткенде де түрлі қырынан сипаттайды.

Кесте 2

Нұртөре Жүсіп	Бауыржан Омаров
Өнер тақырыбы – Қали Сәрсенбайдың оң жамбасына келетін орайлы тақырып. Кітаптағы өнер әлемін зерделеген айшықты мақалалар жетіп артылады (Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). Ол Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Қанафия Телжанов, Зейнолла Қабдолов, Дүкенбай Досжанов, Оспанхан Әубәкіров және тағы басқалар туралы толғана жазады. Саясат әлемінің сырттандары туралы сары майдан қыл суырғандай сыр суыртпақтайды (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).	Қали Сәрсенбай. Ол өмір бойы өнер тақырыбына қалам тербеп келеді. Баяғыда Жексенқұл мен Қосшығұлдың ауылы – Қызылсайға арнайы барып жазған, өзіне ұшан-теңіз бедел әкелген «Қайыспас қара кемпірлері» де ән тарихынан тамыр тартқан дүние еді. Қали Сәрсенбай қазақ өнеріндегі теңдессіз тұлғалар туралы портреттер топтамасын жасады. Әбілхан Қастеев, Әубәкір Смайылов, Молдахмет Кенбаев, Қанапия Телжанов, Ришат және Мүсілім Абдуллин, Әзірбайжан Мәмбетов, Сәбира Майқанова, Фарида Шәріпова, Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков, Сәбит Оразбаев, Нұрғиса Тілендиев, Амангелді Сембин, Әйткеш Толғанбаев, Әнуар Боранбаев, Ілия Жақанов, Әшірбек Сығай, Салехетдин Айтбаев, Ерболат Төлепбай, Бексейіт Түлкиев сынды тарлан таланттардың ел-жұрт біле бермейтін қырларына көбірек үніліп, әсерлі эсселер, ойлы очерктер, мәнді

	мақалалар жазды. Автор өз тақырыбын жетік білгендіктен осы жарияланымдар өнер туындысы секілді тартымды болып шықты. Бұл дүниелердің бәрін өнерге баулитын оқу орындарында қосымша құрал ретінде пайдалануға болады.
Көргенділік пен көрегенділік бір Қалидың басында бар. Кісілік те, кішілік те (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). Жалпы, Қали – көркем кісі. Қалиды Қали етіп тұрған нәрсе – оның жан сарайы – көркемдік кемелдікке толы жан әлемі (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).	Қалидың көсемсөздік шығармашылығының бір бөлігі – қазақ өнерінің сан-саласы туралы проблемалық мақалалар. Мұның бәрінде ұлттық мүдде жан-жақты ескерілген. Ол – өнердегі тазалықтың, дәстүр жалғастығының жоқтаушысы. Жазса, өнер өлмесін, оның туы жығылмасын деп жазады. Алыптар шоғырының баршаға белгілі үлгі-өнегесін үздіксіз насихаттайды. Сол үрдісті ұстанған кейінгі жастарды көрсе, кәдімгідей қуанады. Қали Сәрсенбай қазақ өнеріне көлеңке түсіретін келеңсіздіктерге қарсы тұратын ұлттық иммунитеттің ролін атқарып келеді (Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).
Қалидың өзім білетін, ерлікке парапар бір ісін айтайын. Қай жылдары, Храпунов қалада әкім болып тұрғанда Алматының 153 жылдығы деген мәселе көтерілді. Сол тұста «Алматы ақшамының» Бас редакторы газеттің маңдайшасына «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деп бадырайтып жазып қойды. «Біз де қазақ аман тұрса, «Алматы ақшамы» шыға беретініне, осы сөздің мың жыл тұратынына сендік. Алматы аман болса, бұл сөзіміз де мың жылдың жүгін арқалап тұрар деп түсіндік. Оның үстіне бұл сөзді жаздырып отырған да – Намыс» деп жазды	Қали Сәрсенбай – «Алматы ақшамы» газетінің тарихындағы үшінші бас редактор. Үшінші бас редактор газеттің өзгеше тынысын ашты (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар). ... Кейде редакторлығың жазуыңнан, ал жазуың редакторлығыңнан асып түсіп жатады. Бұл да өлшем емес. Жұрт сенің газет шығара алатын өнеріңді жаппай мойындауы шарт. Болды! <i>Бар-жоғы бес-алты қазақтың ғана еншісіне тиген майталман бас редактор болу бақыты біздің кейіпкеріміздің маңдайына жазылыпты</i> (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3

Қалекен. Айтса – айтқандай, биыл Алматының 1000 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын болды. Уақытты алдын ала болжау деген осы емес пе?!. (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). Тобырлар құнжың қаға қылмындап тұрғанда аталы сөзді алқалы басылымның маңдайшасына жазып қоюының өзі батылдық емес пе!?. (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан).	(1313). 2016, 21-27 қаңтар). Алматы қаласын әр жылдарда басқарған қайраткерлерді түгелдеп, әрқайсысының портретін жасады. Осы мақалаларды топтап, кітап етіп бастырып шығарды. Бұл бұрын ешкім қолға алмаған тың жоба болатын. «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деген тіркесті «Астана ақшамының» ұраны етіп алды. «Қоғамда әлі де болса жаны сірі бөтен пиғылдан хабар беретін кертартпа пікірлерге нүкте қою мақсатында осы сөзді газет атауының ұшар басына қашап жаздық», – деп түсіндірді мұны.
--	--

Екі мақалада да бір адамды – Қали Сәрсенбайдың өмір жолы, шығармашылығы сипатталғанмен, екеуінің берілуі екі түрлі. Журналистердің ұстанымы да, нысаны да бір болғанмен, ерекшелігі көп: Бауыржан Омаров журналистің бала кезі, жас кезі, журналистикаға, өнер тақырыбына баруға ықпал еткен адамдар («Жайылма» ауылындағы орта мектептің мұғалімі, қазақтың белгілі жазушысы Пернебай Дүйсенбин) туралы, журфакты бітірген соң газеттегі қызметін корректорлықтан бастағаны, көп қиындық көргені, газетке жарияланған КОКП Орталық Комитетінің қаулысынан сегіз абзац түсіп қалуына байланысты қызметтен кетуіне тура келгені, пәтерден пәтерге көшіп жүргені, 19 пәтер ауыстырғаны, жасынан халық әндерін айтып үйренгені, «Ақбақайды» кәдімгі кәсіби әншілердей шырқайтыны, өз ісінің шебері, бейнетінің зейнетін көргені, беделді шығармашылық тұлғаларды газеттің жұмысына тартып, Ақшамның» авторлар тобын қалыптастырғаны, өзінің алдындағы басшыларды қадірлей біліп, солардың дәстүрін жалғастырушы ретінде танылғаны жайында сөз ете келіп: «Ол – жаныңды нұрландыратын жаймашуақ журналистиканың өкілі. Қазіргі кейбір ақпаратшылар қолданатын арзан тәсілдерге қолын былғамайды. Мақалаларын оқып шыққан соң сәтті спектакль көргендей әсер аласың. Сөз өнерінің сахнасындағы бұл «спектакльдердің» қай-қайсысы да адам айтқысыз аншлаппен өтіп жатқанын сезесің. Сондықтан біз оны «Қазақ көсемсөзінің Қаллекиі» деп сеніммен атаймыз. Өзі Қали болса, өзі өнерлі болса, өзі өнерді жазса, біздің саланың Қаллекиі болмағанда кім болмақ?!» деген ой түйеді (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Бауыржан Омаров Қали Сәрсенбайдың «Қайыспас қара кемпірлер» деген мақаласын тілге тиек етсе, Нұртөре Жүсіп «Шал мен шындық» атты еңбегін талдай отырып, журналисті темірден түйін түйген ұстамен

салыстырады. Қали Сәрсенбайдың шығармашылығын Абай дәстүрімен байланыстыра отырып, сентенцияға толы ойларын:

- Айтар сөзі, көрсетер өнегесі жоқтар өсекпен күн көріп жүр.
- Біздің қоғамда жақсылардың атын атай бермейтін бір иттік бар.
- Дүниені сұмдық көңілсіздік басқан кезде көңілденіп кететін адамдар болады.
- Біреулердің тірлігіне қарасаң өмірге біреуден өш алу үшін келген тәрізді. Өне бойы жанығып, жанұшырып жүреді.
- Қазіргі қоғамды ұстап тұрған – өтірік тәрізді.
- Біреуге әкесі жасай алмай кеткен жақсылықты жасайсың, бірақ «әкеңнің» деген сөз оның тіл ұшында тұрады.
- Әдетте құсатын адам, әсіресе, запыран құсатын адам жаны шығып кете жаздамай ма, ал, мен күлімсіреп отырып құсқан адамды көрдім.
- Рушыл емес, рухшыл жігіттердің қатары көбеймей тұр.
- Тіліңді білмесең, өмірбақи тіліңді тістеп өтесің.
- Бата бере алмайтын ақсақалды бақытсыз деуге болатын шығар.
- Біраз нәрсені көріп келе жатырмыз. Еңіреп отырып ет жегендерді де көрдік.
- Бізге ағып бара жатқандар емес, жүзіп бара жатқандар керек.
- Қарызға сұрап алған қуаныштың ғұмыры қысқа.
- Мәселе мақұлмен шешілмейді, ақылмен шешіледі.
- Тұлға топқа емес, ұлтқа қызмет етеді.
- Көргенсізде көз болмайды, санасызда сөз болмайды.
- Елге барса алдымен әкесіне емес, әкімге сәлем беретіндер бар...;

мақалаларының тақырыпаттарын *«Ешкімді сағынбайтын баланы көрдім»*, *«Атқа қай жағынан мінуді білмейтіндер»*, *«Өсектің өлетін күні бар ма екен?!»*, *«Ақиқат айтылған жерде өзіңді адам сезінесің»*, *«Домбыра ұстай білген бала елді де ұстай біледі»*, *«Өнердің түбіне өлермендік жетеді»*, *«Оның ары 86-жылы өліп қалған...»*, *«Өсектөбе»*, *«Аға» деген ауру бар...»*, *«Ұлылықтың бетін жуатын жан бар ма?»*, *«Өз жаныңыз өзіңізде ме?»* санамалап көрсетеді.

Бұдан екі журналистің мақаласы бір адамды сипаттауға арналғанмен, әрқайсысының тұлғаның қасиетін өзінше ашқанын, өзінше танытқанын пайымдаймыз. Яғни жиынтық тілдік тұлға бір кезеңде өмір сүріп, бір ұстанымда болып, бір тақырыпты сөз еткенімен, публицистикалық дискурстағы әр тілдік тұлғаның ерекшелігі, сөз саптауы, ой қорытуы ерекше болатынын аңғарамыз.

Еліміз тәуелсіздік алып, сөз бостандығы орнағандықтан, бұл кезеңдегі тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында қоғамның ащы шындығы да көрсетілген. Сол себепті «тұлға» концептісі бірыңғай жағымды жағынан ғана сипатталмай, керітартпа қылықтар да көрсетілген.

Күйзеліске түскен: *Кәсіби спортшыларды күйзеліске ұрындырмау жайы қарастырылған ба? Айталық, біздің елде жоғарыдағыдай жағдайды зілтеміршілер бастан өткеруде. Оның әртүрлі себептері барын білеміз.*

Қалай десек те, дәл қазір И.Ильин, Ж.Қыдырбаев, А.Өтешов т.б. зілтеміршілер күйзелісті жағдайда екені анық. Мысалы, жақында бұрын Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан еліміздің V жазғы Спартакиадасы өтті. 102 кило салмақта бақ сынаған Илья Ильин жұлқа көтеруде 170 кило, серпе көтеруде 200 килоны еңсеріп, қоссайыс қорытындысы бойынша 370 килоны бағындырды. Жеткен жері осы. Бұл азамат 2012 жылы Лондон олимпиадасында қоссайыс бойынша 418 килоны бағындырса, 2015 жылы Грозныйда өткен РФ президенті кубогында екі бірдей әлем рекордын жаңартып, қоссайыста 437 килоны еңсерген еді. Қараңыз қазіргі қоссайыс қорытындысы мен $(437-370=67)$ бұрынғы нәтижесінің айырмасы: – 67 кило. Міне, бұл спорттағы күйзелістің, яғни бәрнаут дертінің салдары. Айтпағымыз, болашақта осы дерттің алдын алатындай мүмкіндік жасалған ба бізде? (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Бағасын ала алмаған: Нұрмахан аға, сөйтіп, намысына қылау түсірмей өмірден өтті. Оның сонау қиын-қыстау кезде жасаған ел білетін әрекеті «Журналист батыр бола ала ма осы?» деген сауалдың басын ашып берді. Бола алады екен! Ол үшін ақпарат құралының өкіліне қолына қару ұстап, майданға барып, жауды жайпап, ерлік жасау міндетті емес екен. Әр пенденің ғұмырында сын сағаты талай рет соғатын көрінеді. Сол кезде сыр бермейтіндер сирек. Нұрмахан ағамыз – сол сиректің бірі. Бәлкім, жалғыз өзі шығар. Мұндай сын оның алдынан талай рет кезіккен. Соның ешқайсысынан сүрінбепті. Күні кешеге дейін белгісі жоқ батыр, атағы жоқ алып арамызда ашаңдап жүрді. Осыны біз жете сезіне қойғанымыз жоқ (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Уақытынан бұрын қартайған: Академик Серік Қирабаев биыл тоқсанға толады. Оған жеткен де, жетпеген де бар. Ғылым адамдарының дені алпыстан асар-аспаста маңдайы жылтыраған қасқабас қартқа айналады. Кейбірінің тегеуріні тежеліп, қуаты қайтып, таяққа сүйеніп, еңкіш тартады. Енді бірі қазір айтқанын қазір ұмытып, «адам қартайғанда бір баланың» күйін кешеді. Бірқатары қоғам ісінен, заман тіршілігінен іргесін аулақ салып, күн ұзаққа қағазға көміліп, үйінде отырады. Ал әдебиеттанудың алыбы саналатын атақты академикті бұлардың ешқайсысының қатарына қоса алмайсың (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Орыс рухында тәрбиеленген: Кеңес кезіндегі тағы бір келеңсіз оқиға. Ел басқаруға детдомда тәрбиеленген адамдардың тартылуы. Бұл тіпті патша ағзам заманында жоспарланған екен. «Бұратана халықтарды жоюдың жолы – әке-шешесіз жетім балаларды пайдалану» депті патшалық отарлаушылар. Төңкерістің алдында Жетісу өлкесінің генерал-губернаторы Колпаковский қырғыз-қазақтың жетімектерін жинап алып Ыстықкөлде және тағы бірнеше жерде мектептер ашып, орыс рухында тәрбиелеуді бастаған болатын. Бұл саясат Кеңес Одағы орнаған алғашқы

жылдары қатты қарқын алды. Нәтижесінде, жетім қалған мыңдаған балалар мен кедейдің ұрпағын әспеттеп жүздеген детдомдар (жетімдер үйі) ашып, қазақ балаларын орысша оқытып, өзіне қарсы тәрбиеледі (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске / Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Темекенің зардабына ұшыраған: Ресми дерек бойынша, Қазақстан халқының 30 пайызы, яғни 4,8 миллион адам темекі тартады. Осылардың 1 миллионы әйел заты, яғни қыз-келіншек, кемпірлер. Тіпті осындағы әйел жасыныстылардың 120 мыңы 13-15 жастағы жасөспірім қыздар болса, 12-14 жас аралығындағы жеткіншектердің 10 пайызы, 15-17 жас мәлішеріндегі бозбалалардың 21 пайызы, 18-19 жастағы жас жігіттердің 32 пайызы, 20-29 жастағылардың 39 пайызы шылым шегеді екен. Сол сияқты 29-59 жастағы ер адамдардың 65 пайызы темекіге құмар... (Бекен Қайратұлы Темекінің тауқыметі //Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша).

Баланың денсаулығына мән бермей жүр: Қазіргі таңда қазақ қоғамын қатты алаңдатып отырған дүние – қыз-келіншектердің шылымқұмарлығы. Темекіге үйір әйелден дені дұрыс сәби тумайды. Себебі іштегі балаға оттегімен қоса түтін баратындықтан сәбидің ақыл-есі кемістікке ұшырауы мүмкін. Темекі құрамындағы аса зиянды полоний элементі (Po210) әйелдің жатырындағы жұмыртқа жасушаларына жиналып, токсиндік улы зат ретінде мутация тудырады. Баланың кемтар болып тууына басты себеп осы (Бекен Қайратұлы Темекінің тауқыметі //Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша).

Ысырапшыл: Қазір той көп. Өткенде аста-төк дастарқан басында аты алты Алашқа мәлім бір ағамыз тік тұрып тілек айтты. «Қазақ шаршаса тойдан шаршасын, тәңірім халқымды осындай дыр-думаннан айырмасын». Ел оған ду да ду шапалақ ұрды кеп. Бұл әрине, шала масаң, тоқ халықтың нәпсі қалауына дөп тиген сөз. Бұрын байқампапыз, қазіргі той – бәзбір пенделер үшін көңіл көтеру құралы екен. Яғни, тойдағы топалаң адамды уайымнан арылтады. Сонда Абай атамыз «Уайым-қайғыны орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды қарекетпен азайт» деп білмей айтты ма?! (Бекен Қайратұлы Той жарыс //Егемен Қазақстан, 2019, 2 тамыз).

«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», – деп Абай айтқандай, тұлғаның қалыптасып, өсіп-жетілуі де, азып кетуі де де қоғаммен байланысты болатыны белгілі. Сол себепті журналистің сипаттауындағы қоғам мен тұлғаның (жеке адамның) көп ұқсастығы бар. Сол қоғамды өзгерте алатын жеке тұлғалар екенін ескерген публицист сұхбаттарында өз ісінің шебері болған, белгілі бір саланың мамандарын сөзге тартады. Мысалы, «Асыл арна» телеарнасының бас директоры Мұхамеджан Тазабек (Біздің мақсатымыз – ізгілікке шақырып, іріткіден қайтару); Моңғол елінің вице-премьері, тарих ғылымдарының докторы Өлзийсайханы Энхтүвшин (Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту шарасын қолдаймыз); Нұр-Сұлтан қаласының тарихына қатысты зерттеулер жүргізіп, материалдар жинаған өлкетанушы-зерттеуші, шаһардың байырғы тұрғыны, статистика саласының ардагері Жеңіс Кәрібаев

(Мемлекет мүддесінің асыл арқауы); тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Әбжанов (Сәтбаев тағылымы – қазақ зиялысының темірқазығы); Ұлттық спорт қауымдастығының атқарушы директоры Рахат Жақсыбай (Елордада этнофестиваль өтеді); Жазушы, драматург Әнес Сарай (Менің бала кездегі өмірім түгелдей спорт еді); Оспан батыр Исламұлының туған немересі Өркен Нәбиұлы («Жолбарыс сынды ақырғы, Оспан батыр атылды»); ақын Серік Тұрғынбекұлы (Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен); Тарихшы ғалым Қойшығара Салғараұлы (Шынайы тарих халықтың рухын оятады); т.с.с. Публицист елге беделді, өз ісінің ұңғыл-шұңғылын жетік меңгерген мамандарды, ғалымдармен сұхбат жүргізіп, өзекті мәселелерді сөз етеді, елдің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап іздейді.

Сонымен, публицистикалық концепт түзілуінің өзіндік жолы бар:

- ақиқат болмыс туралы түрлі ақпарат;
- сенімді ақпарат көздері;
- тілдік тұлғаның аялық білімі;
- концептінің негізгі белгілерінің мәтінде көрініс табуы;
- негізгі белгілердің объективті, субъективті тұрғыдан сипатталуы;
- тілдік аталымның дискурстық тұрғыдан сипатталып, концепт ретінде көрініс табуы.

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсындағы концептілерді зерттеу арқылы журналистің көзқарасын, дүниетанымын, аялық білімін, оқырманға әсер ету үшін қолданған риторикалық құралдарын, тәсілдерін айқындауға болады.

2.3 Публицистикалық дискурстағы «Қазақ» концептісінің когнитивтік моделі

«Қазақ» концептісі тілдік тұлғаның дискурсындағы негізгі концептілердің бірінен саналады. Тілдік тұлғалардың дискурстарында «Қазақ» концептісі бірнеше когнитивтік модельде көрініс тапқан. Сол арқылы қазақтың шынайы болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрін көрсетеді. Атап айтқанда:

- Текті халық
- Хандық құрылымда, ел басқаруда тегіне, хан тұқымынан болуына мән берген халық
- Қоғамдық жүйені шайқалтпай ұстап тұратын мызғымас рухани-мәдени ұстыны бар халық
- Дәстүрін сақтаған халық
- Сауатты халық
- Шәкірттерін қазақы танымның терең қайнарынан сусындатқан халық
- Ұрпағына дұрыс тәрбие бере білген халық
- Рухты халық
- Тарихы терең халық
- Ұлттық-рухани тамыры бар ел
- Жүздік құрылымында рулық үлес жоқ халық

- Ынтымағы жарасқан халық
- Сыртқы жаудан қауымдасып қорғанған халық
- Ұлыстың бүтіндігін ойлаған халық
- Бірлігін жоғалтпаған халық
- Мың өліп, мың тірілген халық
- Азайып кеткен халық
- Батагөй халық
- Шарифат жолымен жүруге тырысатын халық
- Сабырлы халық
- Үлкенін сыйлап, қадірлей білген халық
- Шүкіршілік ете білетін халық
- Аманатқа адал халық
- Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық
- Тапқыр халық

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында халықтың өткені мен бүгінін тарихи тұрғыдан талдай отырып, «Қазақ» концептісін жағымды, жағымсыз мәнде сипаттайды. Жоғарыда келтірілген атрибутивті сипаттамалар жағымды сипатта болса, сонымен қатар қоғам дамуына байланысты, өзге халықтарға еліктеуден, ұлттық құндылықтарға мән бермеуден пайда болған жағымсыз сипаттарын сынайды.

Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғасы шындықты көрсетуі керек. Сондықтан ұлтын қаншалық жақсы көргенмен, кемшілігін де ашып көрсетеді. Мұндай модельдерді де өз ішінен саралауға болады:

- Мақтаншақ халық
- Тарихи санасынан айырылып қалған халық
- Озық дәстүрінен айырылып қалған халық
- Орыс рухында тәрбиеленген халық
- Тілінен айырылып қалған халық
- Сабырынан айырылған халық
- Аманатта адалдығын ұмытқан халық
- Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық
- Ысырапшыл халық
- Тойға шашылатын халық
- Тілімен зиян келтіріп жүрген халық
- Бата бере алмай қалған халық
- Ат тергемейтін болған халық
- Артық мақтайтын халық

Туған халқын екі жақты сипаттай отырып, тілдік тұлғалар өнегесімен тарихта қалған тұлғаларды үлгі етіп, ұлттық болмысты сақтауға шақырады. Тілдік тұлғалар қазақ танымындағы «тектілік» ұғымын Ақтамберді жырау (*Елден елді аралап, Текіден текті саралап Сынға толса сияғы, Әлбеті шамның шырағы, Мұхиттан сүзіп шығарған, Қымбатты гауһар бағасы*) мен Сыпыра жыраудың (*Бай баласы байға ұқсар, Байлаулы тұрған тайға ұқсар. Би баласы биге ұқсар, Алты қанат үйге ұқсар, Хан баласы ханға*

ұқсар, Биік-биік шыңға ұқсар. Құл баласы құлға ұқсар, Мал таптаған гүлге ұқсар) сөздерін келтіре отырып: «Әрине, жыраулар білмей айтпайды. Өйткені «тектілік» дегеніміз – адам бойындағы асыл қасиеттер парасаттылық үлгісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа үзілмей берілетін сабақтастық. Егер бұл дәстүр үзілген-бұзылған жағдайда сол этнос құриды», – деп түйіндейді (Бекен Қайратұлы Тектілік феномені //Егемен Қазақстан, 2019, 23 шілде).

Біздің дәуірдің 575-581 жылдары Түркі қағанатын билеген Таспар (Тобо) дүниеден өткен тұста ұлыс басқару жарғысы бойынша үлкен баласы Далобян таққа отыруы тиіс болғанмен, орданың би-бектері бұған келіспей басқа әйелінен туған Аньлоны таққа отырғызғанын, жолы бола тұра тақсыз қалған Далобянға тағылған айып, оның шешесінің тексіз жерден шыққандығы болғанын, ұлы көшпенділер империясын құрған Шыңғыстың кезінде мықтылық таныта алатын Жамуқа шешен болғанмен, жетінші атасы жат болғандықтан оған қағандық орын мәңгілікке бұйырмағаны туралы тарихи деректерді келтіре отырып, көшпелілер қоғамында хандық құрылымда, ел басқаруда тегіне, хан тұқымынан болуына мән берілгенін ескертеді.

Жыраулар поэзиясынан, отты жыр жолдарын, Абай өлеңдерін мысалға келтіре отырып, рухсыз халықтан мұндай жыр тумайтынын, халқымыздың бойында отты рух болмаса, ғаламда көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын дархан далаға ие бола алмайтынымызды айтады. Антрополог академик Оразақ Смағұловтың «Қазақ халқының шығу тегі» атты еңбегінде қазақ халқы осыдан қырық ғасыр бұрын Еуразия даласында дара этнос ретінде қалыптасқаны физикалық антропология арқылы дәлелденгенін дәйек ретінде келтіреді.

Ұзақ жыл сарапталған морфофизиологиялық зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, тілдік тұлғалар қазақтың үш жүздік құрылымында ешқандай, рулық, туыстық үлес жоқ екенін, фольклор мен ежелгі жыр-дастандарда да жүзге бөліну жайлы бір ауыз сөз жоқ екенін, морфологиялық, генетикалық деректер бар қазақ – бір қазақ, жүзде генетикалық сипат жоқ екенін дәлелдейтінін айтады. Халықтың қоғамдық жүйені шайқалтпай ұстап тұратын мызғымас рухани-мәдени ұстыны – институционализмі болғанын айта келіп, ғасырлар бойы эволюциялық жолмен дамып, ұзақ сұрыпталу арқылы толық мойындалған, сөйтіп әр кез қоғамдық қатынасты реттеуші нормалар мен әлеуметтік топтар арасындағы құқықтық статустарды сақтауға бағытталған аса қуатты құрылым ретінде «билер институты», «байлар институты», «бәйбішелер институты», «жезде-жеңгелер институты», «ақын-жыршылар институты», «батырлар институты» т.б. атайды.

Өткен ғасырларда жүздік құрылым ұлыстың басын біріктіретін, сыртқы жаудан қауымдасып қорғану үшін қолданылғанын ескерте келіп, XIV-XV ғасырларда осындай бірігудің арқасында Қазақ хандығы күшейіп, жүздіктер өздерінің байырғы қоныстарын қайтарып, Қазақ ордасына қосып алғанын, «жүздік бірлік» концепциясының арқасында қазіргі Атыраудан Алтайға, Тобылдан Қордайға дейінгі жеріміз сақталып қалғанын айтады.

Тектілігінің арқасында қазақ өзінің ұлттық қасиетін, ұлыс бірлігін жоғалтпағанын тілге тиек етеді (Бекен Қайратұлы Жүздік құрылымда рулық үлес жоқ //Егемен Қазақстан, 2018, 20 ақпан).

Демограф ғалым Мақаш Тәтімовтің 1994 жылы жарық көрген «Демографиялық кескін» атты жазбасын негізге ала отырып, Бекен Қайратұлы публицистикалық дискурстарында әрқилы саяси-экономикалық қыспақтың кесірінен, соңғы үш ғасырда қазақ халқының 6 млн 600 мың адамға кемігені жайлы деректі келтіреді.

Осындай дерек Нұртөре Жүсіптің публицистикалық дискурстарында да молынан орын алады: *1929 жылы Қазақстан бойынша азы 10 мың, көбі 20 мың жылқы біткен, елім-жерім деген, халқым деген 500 байды барынан тәркілеп, бала-шағасымен итжескенге айдап жіберді. 1932 жылы бай кеткесін мал кетті, мал кеткесін жан кетті. Елді аштық жалмады. 1936-38 жылдардағы репрессияда қазақтың қаймақтары, асыл азаматтары қырышын болды. Одан соң 1941-45-те майданға жіберді. Міне, содан қалған шал-шауқан, бала-шағамен бүгінгі күнге дейін әлсіреп жетіп, көктеп-көгеріп келеді. Осы аралықтарда өткенмен байланыс үзілді. Бар байлығымыздан айырылып қалдық. Ұлттық кодымыз осы тұста бел ортасынан морт сынған. Бірақ, шүкір, қазір қираландап, жаралы арыстандай орнымыздан тұрып келеміз. Тағдыр бізді таңдады. Біз, бүгінгі ұрпақ, сол ата-бабамыздан үзіліейін деп жеткен ұлттық кодты сақтап, дұрыстап, келер ұрпаққа жалғайтын буынбыз. Көпір десе де болады. Осынау ата-баба байлығын келешекке аманат ете алсақ, қазақ бағзы қалпына, рухани кемеліне жетеді (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018).*

Журналистер отарлау мақсатын көздеген патшалық Ресей мен Кеңес үкіметінің сұрқия саясатының кесірінен ұрпақ орыс рухында тәрбиеленіп, ұлттық құндылықтарынан айырыла бастағанын нақты дәйектер келтіре отырып дәлелдейді: *«Ел басқаруға детдомда тәрбиеленген адамдардың тартылуы. Бұл тіпті патша ағзам заманында жоспарланған екен. «Бұратана халықтарды жоюдың жолы – әке-шешесіз жетім балаларды пайдалану» депті патшалық отарлаушылар. Төңкерістің алдында Жетісу өлкесінің генерал-губернаторы Колпаковский қырғыз-қазақтың жетімектерін жинап алып Ыстықкөлде және тағы бірнеше жерде мектептер ашып, орыс рухында тәрбиелеуді бастаған болатын. Бұл саясат Кеңес Одағы орнаған алғашқы жылдары қатты қарқын алды. Нәтижесінде, жетім қалған мыңдаған балалар мен кедейдің ұрпағын әспеттеп жүздеген детдомдар (жетімдер үйі) ашып, қазақ балаларын орысша оқытып, өзіне қарсы тәрбиеледі» (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске / Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).*

Орыс тілді ақпарат құралдарындағы деректерді жоққа шығарып, қазақтың сауатты халық болғанын дәлелдейді. Бұл орайда әсіресе ауыл молдаларының ықпалы күшті болғанын ескертеді: *«Атам замандағы қазақтың қамын жеген ел басы, топ басылардан (Абай) бастап, ақ патшаның*

тұсындағы ағартушылар, одан қалды кешегі ХХ ғасыр басында «қазақ үшін шам қылған жүрек майын» (Сұлтанмахмұт) Алаш арыстарының өмір-тарихын оқысаңыз, барлығында бірдей «алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан» дейтін елеусіз ғана тіркес тұрады. Мысалы үлкен ағартушы Ыбырай Алтынсаринді алайық, ол да алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, соның арқасында 1850 жылы Орынбордағы қазақ-орыс мектебіне оқуға түседі. Ұлы Абай ше, ол да ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқығаны айтылады. Ұлт ұстазы саналып жүрген Ахмет Байтұрсыновтың да өмірбаянында «1882-1884 жылдары ауыл молдасынан оқыған» дейтін жоғарыдағы елеусіз тіркес тұр (Бекен Қайратұлы «Ауыл молдасынан оқыған...» //Егемен Қазақстан, 2018, 8 тамыз).

Ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханды тоғыз жасында әкесі Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың оқуына бергенін, Мағжан Жұмабаев ауыл молдасынан сауатын ашып, одан кейін бес жыл Қызылжардағы Бегішев медресесінде білімін жалғастырғанын, Міржақып Дулатов ауыл молдасынан хат танып, екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алғанын, Ілияс Жансүгіров те әуелі молданың алдын көргеннен кейін Алматыдағы мұғалімдер даярлайтын курсқа аттанғанын, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы ауыл молдасынан хат танығанын нақты дәйектер келтіре отырып дәлелдеп, қазақ халқын ұрпағын қазақы танымның терең қайнарынан сусындатқан, ұрпағына дұрыс тәрбие бере білген, ұрпағының баянды, байсалды, байыпты, иманды болуына қатты мән берген халық ретінде сипаттайды. «Ұлың өссе, ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» деген мәтелді мемлекет ұстынының өзегі ретінде сипаттайды.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында «Қазақ» концептісі мен «тұлға» концептісі сабақтаса, бір-бірімен тығыз байланыста өрілген. Халық жекелеген адамдардан құралатыны сияқты «халық» концептісінің құрамындағы бірқатар когнитивті модельдер жеке адамдарға, тұлғаларға тән болып келеді. Ондай модельдерге «Батагөй халық», «Шариғат жолымен жүруге тырысатын халық», «Сабырлы халық», «Үлкенін сыйлап, қадірлей білген халық», «Шүкіршілік ете білетін халық», «Аманатқа адал халық», «Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық», «Тапқыр халық», т.с.с. атауға болады.

Бұл модельдерде ең алдымен қазақ халқы, қазақ азаматтары ислам дінін ұстанған, шариғат жолымен жүруге тырысатын халық ретінде сипатталады. Мұндай публицистикалық дискурстарында атақты сахабалар – Әбу Һурайра мен Абдулла Аббастың сөздерінен, Майлықожа жыраудың жырларынан, Абай атамyzдың қарасөздерінен келтіре отырып, Рамазан айы, ораза талаптары, айт намазы, Құрбан айт, шариғат шарты жайында сөз етеді. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы шариғат талаптарынан аспағанын тілге тиек етеді.

Дінтанушы, ғалым Қайрат Жолдыбайұлының қазақтың «бата» ұғымы Құранның беташары «фатиха» («фатқа», «фата», «бата») сүресінің рухани құндылығымен тығыз байланысты, өйткені қасиетті кітапта айтылғандай фатихасыз құлшылық болмайтыны сияқты, қазақта батасыз істің пәтуасы да болмайтыны туралы тұжырымын келтіре отырып, қазақта дастарқан батасы, сапар батасы, ұзатылған қызға беретін бата, сонымен қатар бір тәңірден елге, жұртқа, қауымға жақсылық, тыныштық тілеп жасайтын бата, т.б. бата түрлері көп екенін ескертеді: «Дана халқымыз: «Жауынменен ел көгерер, батаменен ер көгерер» немесе «Баталы ұл арымас, батасыз құл жарымас» деп бекер айтпаған. Яғни жастар «ер болып көгеру» үшін дана қарияларды әдейі іздеп барып, бата алу дәстүрі бұрынғы қазақ қоғамында берік сақталған. Тіпті ұлыстың мызғымас ұстыны десе де болады. Мысалы атақты Шақшақ Жәнібек батыр бозбала кезінде елуді еңсеріп, танымы толысқан Төле биге келіп: «Уа, биеке, бозбала болдым, ерлік қылайын ба, әлде сізден үлгі алып билік құрайын ба, батаңызды беріңіз?» дегенде Төле: «Өгізінді өрге салма, Қанатың талар, Наданға көзіңді салма, Сағың сынар, Досыңа өтірік айтпа, Сенімің кетер, Дұшпанға шыныңды айтпа, Түбіңе жетер, Қыс қарға жығарын, Ұрыншақ жарға жығарын ұмытпа, Тұмаудың түбі құрт, Тұманның түбі жұт, Ақылдың түбі құт қарағым, Менің батам – осы!» деген екен».

Батаға «халқымыздың байырғы тұрмыс-салтымен берік ұштасқан, күнделікті өмір дағдысындағы адами қарым-қатынастың рухани қажеттілігін өтеуге бағытталған, ағайын-туыс, жегжат-жұрағаттың бір-біріне ыстық ықылас-пейілін білдіретін, сонымен қатар жасы үлкен адамдар немесе ел ағалары өздерінің тілек-дұғасын айтып, жастарға дұрыс бағыт-бағдар сілтейтін сөзді сөз, Құран аяттарынан алынып, ұйқасты жыр форматында қазақыланған дұға-тілек» деген анықтама бере отырып, мұндай құнды дүниеімізді жаттан сіңген «тост» дейтін дәстүрге жығып беруге болмайтынын айтады.

«Қазақ» концептісінің жағымсыз мәнді когнитивтік модельдері де «жеке адам», «тұлға» концептілерімен сабақтас: «Мақтаншақ халық», «Орыс рухында тәрбиеленген халық», «Тілінен айырылып қалған халық», «Сабырынан айырылған халық», «Аманатта адалдығын ұмытқан халық», «Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық», «Ысырапшыл халық», «Тойға шашылатын халық», «Тілімен зиян келтіріп жүрген халық», «Бата бере алмай қалған халық», «Ат тергемейтін болған халық», «Артық мақтайтын халық», т.с.с. Байқап отырғанымыздай, жағымсыз мәнді модельдер мен жағымды мәнді модельдер антонимдік сипатқа құрылған.

Кесте 3

Жағымды	Жағымсыз
Шүкіршілік ете білетін халық: Қазақтың үлкен ақыны Қадыр Мырза Әли «Иірім» атты естелік кітабында, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ауыл өмірін суреттей отырып: «Әжеміз сыртқы	Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық: Шырағым, құдай берген құтты шаңырағыңа реніш айтушы болма! Қазіргі азаттықтың

киімдерін шешіп, жастығының астына салып қисаяды. Содан соң дауысын шығарыңқырып, «О, Құдай! Бергеніңе шүкір!» дейді. Солай, деп Жаратқанға ризашылық білдіріп жатқан әжеміздің жалғыз ұлынан қара қағаз келген, күйеу баласынан қара қағаз келген! Шалынан түк хабар жоқ. Сөйте тұра «О, Жаратқан! Бергеніңе шүкір!» дейді. Несіне шүкір дейді?! Осы сұрақты біз әжемізге қоямыз. «Шүкір дегенде не деймін?! Бұдан да жаман болуы мүмкін ғой» дейді ол. Мен бұдан жаман күндерді көз алдыма елестете алмай, шаршаймын да ұйқыға кетем» деп жазыпты. Міне, бұл ғасырлардан үзілмей жалғасып келе жатқан қазақтың имани әдебі, қиындыққа шүкір етудің шынайы үлгісі (Бекен Қайратұлы Шүкіршілік нығметі //Егемен Қазақстан, 2018, 5 маусым). 1931 жылдың күзінде «Шәкәрімнің отбасы түгелімен қамауға алынсын» деген суық хабар жетіп, ағайын-туыс, бала-шаға, азан-қазан, у-шу болысады. Сол кезде қажының 50 жыл отасқан жары Айғанша бәйбіше: «Кәне, тоқтатындар, біз 50 жыл шалқып өмір сүрдік, ендігі бір зауалдың келетін уақыты болды емес пе, бұрынғы бақытты өмірлеріңе неге шүкіршілік етпейсіңдер!» деп ақырған екен (Бекен Қайратұлы Шүкіршілік нығметі //Егемен Қазақстан, 2018, 5 маусым).	қадірін білмесең, ешқашан ел болмайсың, балам! Тыныштық бар жерде бақ тұрады!» Адамдардың пендешілікпен өмірдегі аз-кем қиындыққа төзбей, өкпе-назын білдіргенде, Халифа ақсақалдың айтқаны есіме түседі. Біз барды дер кезінде бағалай алмай жүрміз-ау... (Бекен Қайратұлы Тыныштық бар жерде бақ тұрады //Егемен Қазақстан, 2017, 10 мамыр). Абай атамыз жоғарыдағы Исмаил ғалым пікірін қазақы таныммен тамаша тәпсірлеп, 14-қарасөзінде «Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері, депті. Дәл қазіргі әлеуметтік желілердегі «тисе терекке, тимесе бұтаққа» бағытталған айқай-сүрең, бүгінгі өміріне разы-қош емес әсіре «батырлар» әрекеті жоғарыда Абай атамыз айтқан «айда, батырлатулар» (Бекен Қайратұлы Тыныштықты сөз бұзады //Егемен Қазақстан, 2018, 28 тамыз).
Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық: Біз бүгінгі жыландай жұтынып тұрған мына ғасырда қазақтығымызды сақтап, ұлт ретінде жойылып кетпей, қалай аман қалмақпыз? Ол үшін ұлттық кодты жаңғыртып, «бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының	Тарихи санасынан айырылып қалған халық: Тарихи сананың бұлай ойрандалуы, әсіресе, отаршылық қыспаққа ұшыраған әрбір халықта сөзсіз болады. Мұндай сипат ұзақ жыл отаршылық заманды басынан өткерген қазақ

тұғырнамасы» керек. Ал ұлттық жады дегеніміз не? Ол сол халықтың бойына біткен аңғарымпаздығы мен сұңғылалық қасиеті. Мысалы, ауыз әдебиетімізде бағзыдан келе жатқан «Аяз би» атты ертегі бар. Онда Мадан деген хан қырық уәзіріне «Ең жаман адамды табыңдар!» деп тапсырма береді. Уәзірлердің тауып келгені «жаман адам» болмай шығады. Ол аңғарымпаздық, сұңғылалық қасиетке ие әрі ұлттық жадысын сақтаған жан екен.

Тағы бір мысал, күллі қазаққа аты мәлім Толыбай сыншы жолаушылап келе жатып, анадй жерде құмға көміліп, қуарып жатқан жылқының бас сүйегін көзі шалады. Тізгінді тартып тұра қалып «Мынау ерен жүйріктің басы екен, имек тұмсық, бөкен танау, көзінің ойындысы терең, жарқабақ, екі жақтың ортасы алшақ, тістері әлі жалтырап тұр, сүйегі қандай асыл еді жануардың. Тұмсығына қарағанда шоқтығы биік, аяғы ұзын, қоянтірсек, серпіні қатты, сіңірлі екен. Құмдауыт, босаң, көбелең жерде бәйге бермейтін, жасы тоғыздан асып, онға қараған шағында өлген екен, жануар. Өлгеніне үш жыл болыпты», депті.

Мінеки, ұлттық жадысы бүлінбеген бұрынғы ата-бабаларымыз қу сүйекке қарап-ақ оның қандай жануар болғанын айтып берген. Жоғарыдағы қубас арқылы тұлпарды жазбай таныған Толыбай да, ханның іс-әрекетінен оның тек-тұқымын біле қойған Жаман да осы «ұлттық код – ұлттық жады» ілімін игергендер (Бекен Қайратұлы Ұлттық код һәм қазақтың жады //Егемен Қазақстан, 2017, 24 тамыз).

халқының да бойынан табылары анық. Мысалы, Ресейдің Ағарту министрлігі 1870 жылы «Ресейде тұратын жат жұрттықтарды орыстандыру шаралары» атты құжат қабылдап, бұратана халықтардың тарихи санасын әлсірету үшін арнайы шаралар қарастырған (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым).

Осы сала бойынша ұзақ жыл зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі академик Манаш Қозыбаев: «Бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін қолданылатын ең төте тәсіл – халықты өз тарихи санасынан айыру. Бұл үрдіс 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін де жалғасып, жаңадан орнаған кеңестік идеологияның басты құралы болды. Мысалы, Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдары Одақ бойынша барлығы 194 ұлт пен ұлыс өмір сүрген болса, 1991 жылы Одақ құлағанда осылардың 50 пайызы тарихи санасын жоғалтқандықтан, ұлт ретінде жойылып кетті», дейді (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым).

Қазір қандай бір жиынға барсаңыз, басқарушы қазақ бір орысты көрсе соның тілінде жиынды бастайды. Ол адам ана тілін біледі. Енді неге жиынды қазақша жүргізбейді? Өйткені онда тарихи сана жоқ. Осы

	орайда тарихи сана дегеніміз тек қана тіл білумен өлшенбейді екен. Онда гендік тектіліктің нышаны жатыр. Соған қарағанда, тарихи санасы өшкен адам тексізденеді. Оның бойында иман, обал-сауап дегеннен жұрнақ қалмайды. Қазіргі ұлттық сипатқа айналған сатқындық, жемқорлық, жағымпаздықтың түп-тамыры осында жатыр (Бекен Қайратұлы Тәрбие өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2019,12 шілде).
Тапқыр халық: Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрінде «ат тергеу» дейтін өте маңызды әдеп бар. Аталмыш әдептің әуелгісі ұлысқа, елге, қауымға, еңбегі сіңген құрметті адамның атын тіке атамай, жанама ат қойып қадірлейді. Атап айтқанда «Қажы ата», «Би ата», «Батыр аға», «Өз ана» т.б. деген сияқты. Мысалы, ақын-жыршы Жамбыл Жабаевты ауыл-аймақ, ел-жұрты атын атамай «тәте» деп әспеттеген. Бұл дәстүрдің астарында қазақтың үлкенді сыйлау, абыройлы тұлғаларды қадірлеу сияқты аса құнды сыйластығы жатқаны аян (Бекен Қайратұлы Ат тергеудің астарында ұят бар //Егемен Қазақстан, 2018, 25 қаңтар). Сол сияқты атасы басқа әулетке жаңадан түскен келін, келген еліне сый-құрметтің белгісі ретінде күйеуінің туыстарын тіке есімімен атамай, арнайы ишаралап ат қою дәстүрі болған. Үлкендер жас келін тарапынан «тергеу» арқылы қойылған есім-атауларға қарап, оның тапқырлығын, шешендігін, ойлылығын аңғара алатын. Мысалы, қайын ата, қайын ағаларына – саятшы болса «бүркітші ата, аға», діндар адам болса «молда ата, аға», жақсы киінетін, сым-	Ат тергемейтін болған халық: Қазір осы дәстүр бұзылды. Бұған себеп көп. Соның бірі – жаңа түскен келінді күйеуінің фамилиясына көшіретін заң. Атасының атын айтуға ұялатын келіндерге кеңестік идеология сол атасының атын фамилия етіп тіркеп беріп, ұялмай баттитып айта беруіне жол ашты. Сөйтіп байырғы ұлттық дәстүр, құндылықтардың бұзылуынан қазір ата-ене, қайынағаларын сыйлайтын келіндер азайды. Неге? Өйткені, ғасырлар бойы қалыптасқан сыйластық, ата дәстүр, таным бұзылды. Яғни ұяттың орны ауысып кетті. Ұялуға тиіс дүниеден ұялмайтын әдет қалыптасты. Қазақтың «ат тергеу» дәстүрінің астарында ұлы күдірет «ұят» дейтін ұғым жатқан-тын. Соны жоқ ету арқылы, ағайынгершілік, сыйластықтан ажырап қалдық емес пе?! (Бекен Қайратұлы Ат тергеудің астарында ұят бар //Егемен Қазақстан, 2018, 25

батты адам болса «сері ата, аға», жасына қарай «кіші ата, аға» деген сияқты т.б. ат қойса, қайындарына қалжыңға негізделген, күлкілі аттар да қояды. Мысалы, тапалды «сұңғақ бойлы», жалқауды «пысық қайным» деген сияқты (Бекен Қайратұлы Ат тергеудің астарында ұят бар //Егемен Қазақстан, 2018, 25 қаңтар).	қаңтар).
Сабырлы халық: Демек, үлкен спортта, қарапайым өмірде күнделікті кездесіп жататын әділетсіздікті кезекті бір сынақ деп түсініп, оған сабырлылық таныта білген, онымен қатар алдағы табысты күндерден үміт үзбей, адал терін төккен жанның ақысы ешқашан текке кетпейді. Бұған жоғарыдағы Жақсылық Үшкөмпіровтің әрекеті мен тағдыры дәлел. Жақсылық ағамыздың спорттағы жеткен жетістігі оның сабыры мен төзіміне берген тағдырдың сыйы. Жақаң 1980 жылы 29 жасында Олимпиада биігін бағындырса, отыз жасында Әлем чемпионы атанды. Келесі, яғни 1982 жылы Әлем кубогының иегері атанды. Неткен қажыр, неткен сабыр, неткен қайсарлық! (Бекен Қайратұлы Сабырлы жетер мұратқа... //Егемен Қазақстан, 2018, 15 наурыз).	Сабырынан айырылған халық: Атам қазақта: «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген аталы сөз бар. Қазіргі біздің спортшыларға осы Жақсылық пен Мараттың сабыры мен төзімі жетіспейді. Сондай-ақ тұла бойларында ұлы мақсат, ірі арман жолындағы өлермендік жоқ (Бекен Қайратұлы Сабырлы жетер мұратқа... //Егемен Қазақстан, 2018, 15 наурыз).

Тілдік тұлғалардың когнитивтік модельдерінен қазақты бұрынғы қазақ және жаңа қазақ деп екіге бөлу сипаты аңғарылады. Публицистер халықтың өткені мен бүгінін таразылап, сараптай отырып, ұлттық болмысты нақтылауды көздейді. Мысалы: *Ұлтымыз кезінде кемел болған. Дала дарыны еді. Сол кемел ұлтқа неше түрлі кесел-кесепат тиді* (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). *Ақиқатты жоқтаған, аталы сөзге тоқтаған елміз! Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласы, барлық Қазақстан азаматы үшін баға жетпес құндылық. Осы орайда бір нәрсені баса айтқым келеді: Бүгінгі қазақ журналистикасы – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың, береке мен бірліктің ұйытқысы. Әсіресе қазақтілді басылымдар Ұлттық тәуелсіздіктің шынайы жанаашырлары болды. Қиналғанға демеу,*

мұңайғанға медет болды (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Жоғарыда келтірілген модельдер негізінен бұрынғы қазаққа тән болса, төмендегі модельдер **жаңа қазаққа** тән:

Тарихи санасынан айырылып қалған халық: Тарихи сананың бұлай ойрандалуы, әсіресе, отаршылық қыспаққа ұшыраған әрбір халықта сөзсіз болады. Мұндай сипат ұзақ жыл отаршылық заманды басынан өткерген қазақ халқының да бойынан табылары анық. Мысалы, Ресейдің Ағарту министрлігі 1870 жылы «Ресейде тұратын жат жұрттықтарды орыстандыру шаралары» атты құжат қабылдап, бұратана халықтардың тарихи санасын әлсірету үшін арнайы шаралар қарастырған (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана // Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым).

Озық дәстүрінен айырылып қалған халық: Жоғарыдағы пікірімізге дәлел ретінде айтарымыз тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Мәшімбаев отарлаушылар қазақтың байырғы дәстүрін әлсірету арқылы, санасын мәңгүрттендіріп, жат өркениетке бас игізіп, мәдени ассимиляцияға ұшыратып, ұлтсыздыққа душар етерін жақсы білді де осыдан кейін олар ең әуелі дәстүрлердің озық үлгілерін жоюмен айналысты, дейді (Бекен Қайратұлы Бата берудің әдебі // Егемен Қазақстан, 2018, 29 наурыз).

Орыс рухында тәрбиеленген халық: Кеңес кезіндегі тағы бір келеңсіз оқиға. Ел басқаруға детдомда тәрбиеленген адамдардың тартылуы. Бұл тіпті патша ағзам заманында жоспарланған екен. «Бұратана халықтарды жоюдың жолы – әке-шешесіз жетім балаларды пайдалану» депті патшалық отарлаушылар. Төңкерістің алдында Жетісу өлкесінің генерал-губернаторы Колпаковский қырғыз-қазақтың жетімектерін жинап алып Ыстықкөлде және тағы бірнеше жерде мектептер ашып, орыс рухында тәрбиелеуді бастаған болатын. Бұл саясат Кеңес Одағы орнаған алғашқы жылдары қатты қарқын алды. Нәтижесінде, жетім қалған мыңдаған балалар мен кедейдің ұрпағын әспеттеп жүздеген детдомдар (жетімдер үйі) ашып, қазақ балаларын орысша оқытып, өзіне қарсы тәрбиеледі (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске / Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Тілінен айырылып қалған халық: Бүгінгі таңда еліміздегі тілдік бірлік, яғни қазақ тілінің мәртебесі лайықты тұғырда деп айта алмаймыз. Төрт-бес жыл бұрын елордада өткен ресми жиында бұрынғы Мәжіліс депутаты Алдан Смайыл, министрліктердің 80-90 пайызы қағаз жүзінде ғана іс-қағаздарын қазақ тіліне көшіргенін, мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігі – 23 пайыз, Индустрия және сауда министрлігі – 26 пайыз, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – 14,10 пайыз, Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі – 18 пайыз, Ақпараттандыру және байланыс агенттігі – 2 пайыз іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізеді деген деректі айтты. Қазір де

атқарушы билік осы шамадан кемімесе, артқан жоқ деген ойдамыз (Бекен Қайратұлы Тіл алауыздығы //Егемен Қазақстан, 2017, 8 тамыз).

Сабырынан айырылған халық: *Атам қазақта: «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген аталы сөз бар. Қазіргі біздің спортшыларға осы Жақсылық пен Мараттың сабыры мен төзімі жетіспейді. Сондай-ақ тұла бойларында ұлы мақсат, ірі арман жолындағы өлермендік жоқ* (Бекен Қайратұлы Сабырлы жетер мұратқа... //Егемен Қазақстан, 2018, 15 наурыз). ...

Аманатта адалдығын ұмытқан халық: *Қазір сіз бен біз аманаттың қадірін түсінбей, білмей жүргеніміз болмаса, бұрынғылар аманаттың алдында арын да, намысын да, ұятын да, салтын да сатпаған. Аманатқа қылдай қиянат жасамаған. Шындығына осы күні біз ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай, «Даланың шыдам-төзімін Дарытқан бойға алыппыз, Асылын әттең өзінің, Әлі ұқпай жүрген халықпыз...»* (Бекен Қайратұлы Адамгершіліктің шыңы //Егемен Қазақстан, 2018, 7 ақпан).

Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық: *Шырағым, құдай берген құтты шаңырағыңа реніш айтушы болма! Қазіргі азаттықтың қадірін білмесең, ешқашан ел болмайсың, балам! Тыныштық бар жерде бақ тұрады!»* Адамдардың пендешілікпен өмірдегі аз-кем қиындыққа төзбей, өкпе-назын білдіргенде, Халифа ақсақалдың айтқаны есіме түседі. Біз барды дер кезінде бағалай алмай жүрміз-ау... (Бекен Қайратұлы Тыныштық бар жерде бақ тұрады //Егемен Қазақстан, 2017, 10 мамыр).

Ысырапшыл халық: *Қазір той көп. Өткенде аста-төк дастарқан басында аты алты Алашқа мәлім бір ағамыз тік тұрып тілек айтты. «Қазақ шаршаса тойдан шаршасын, тәңірім халқымды осындай дырдуманнан айырмасын». Ел оған ду да ду шапалақ ұрды кеп. Бұл әрине, шала масаң, тоқ халықтың нәпсі қалауына дөп тиген сөз. Бұрын байқамппыз, қазіргі той – бәзбір пенделер үшін көңіл көтеру құралы екен. Яғни, тойдағы топалаң адамды уайымнан арылтады. Сонда Абай атамыз «Уайым-қайғыны орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды қарекетпен азайт» деп білмей айтты ма?!* (Бекен Қайратұлы Той жарыс //Егемен Қазақстан, 2019, 2 тамыз).

Тойға шашылатын халық: *Өткен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласы дәл бүгіндей ас-тойдың буына бөленіп, асып-тасыды. Айталық революционер-жазушы Сабыр Шариповтың айтуынша, 1860 жылы Ұлытау өңірінде атақты бай Ерден Сандыбаевқа ас берілген екен. Оған Ақмола, Сырдария, Торғай облысынан адамдар шақырылған. Асқа 160 жылқы, 200 қой сойылған. Бірінші келген аттың бәйгесіне – 100 жылқы, екінші атқа – 50, үшінші атқа – 30, төртіншіге – 25, 5-9-шы орынға іліккен жүйріктерге – 20 жылқыдан, 10-15-орынға тұрақтағандарға – 7 жылқыдан, барлығы – 620 жылқы, 200 қой жұмсалса, 1894 жылы бір басына 2600 жылқы біткен Қарқаралы уезінің байы Жаманбала Құрмановқа ас беріліп, оған 160 қой, 100 жылқы сойылыпты... Ерейментауда өткен Сағынайдың асында жұмсалған шығын әйгілі Тәж*

Махал мавзолейін салуға жұмсалған қаржымен пара-пар түскендей (Бекен Қайратұлы Той жарыс //Егемен Қазақстан, 2019, 2 тамыз).

Тілімен зиян келтіріп жүрген халық: *Ал қазір адамдар тілімен, саяси таяздығымен, надандығымен, әсіре ұлтшылдығымен айбалтадан да қатты зиян келтіріп жатыр. Оның себебінен: татулық, береке, ынтымақ жойылуы мүмкін. Себебі жалған үрей адамдарға күмән салады, жақсы ниеттерінен қайтарады, достарды араздастырады және күнәға итермелейді. Сөйте тұра осындай бүлікке ұрынған пенделер ниетім жақсы, ұлтымның қамы, қазақтың болашағы деп ақталады һәм солай ойлайды (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).*

Бата бере алмай қалған халық: *Өткен қоғамда осы «тост» ұғымын өмір сүру дағдысына айналдыру арқылы жоғарыдағы қасиетті батаның құнын әлсіретіп алдық. Ақырында міне, бата мен тосты қойыртпақтап айтатын, оның не екенін ажырата алмайтын бір буын өсіп шыға келді (Бекен Қайратұлы Бата берудің әдебі //Егемен Қазақстан, 2018, 29 наурыз).*

Ат тергемейтін болған халық: *Қазір осы дәстүр бұзылды. Бұған себеп көп. Соның бірі – жаңа түскен келінді күйеуінің фамилиясына көшіретін заң. Атасының атын айтуға ұялатын келіндерге кеңестік идеология сол атасының атын фамилия етіп тіркеп беріп, ұялмай баттитып айта беруіне жол ашты. Сөйтіп байырғы ұлттық дәстүр, құндылықтардың бұзылуынан қазір ата-ене, қайынағаларын сыйлайтын келіндер азайды. Неге? Өйткені, жасырлар бойы қалыптасқан сыйластық, ата дәстүр, таным бұзылды. Яғни ұяттың орны ауысып кетті. Ұялуға тиіс дүниеден ұялмайтын әдет қалыптасты. Қазақтың «ат тергеу» дәстүрінің астарында ұлы құдірет «ұят» дейтін ұғым жатқан-тын. Соны жоқ ету арқылы, ағайынгершілік, сыйластықтан ажырап қалдық емес пе?! (Бекен Қайратұлы Ат тергеудің астарында ұят бар //Егемен Қазақстан, 2018, 25 қаңтар).*

Артық мақтайтын халық: *Қазіргі қоғамда мадақ һәм мақтау көп. Басқасын былай қойып, тек әлеуметтік желіні алыңызшы. Жасы бар, жасамысы бар тіпті, елағалық дәрегейге жеткен азаматтардың өзі бірін бірі тамсана-таңдана мақтайды-ау, шіркін. Осылардың қайсысы шын, қайсысы жасанды, бақай есепке құрылған мадақ-мақтау екенін ажыратып түсіну қиын. Кейбір мерейтой немесе шығармашылық кешке, жаңа туындысының тұсаукесеріне бара қалсаңыз, ол адамның атына айтылған қолпаш сөзден басыңыз айналып, көзіңіз қарауытады (Бекен Қайратұлы Артық мақтау – жанға қас //Егемен Қазақстан, 2017, 5 қыргүйек).*

Публицист қазақ халқының бұлайша өзгеруін, азуының себебін «мылтықсыз майданмен» байланыстырады: «Дәл қазір дүние жүзі халықтары арасында ақыл-ой, ғылым-білім, билік-бедел таласы жүріп жатыр. Абайша айтқанда, малға емес, миға талас басталды. Бұл «соғыста» кім мықты сол жеңеді де, оның өмір сүру салты басқаларға үлгі ретінде ұсынылып, жеңілген жақтың құндылығы мансұқталады. Бұл процесті қазіргі әлеуметтанушылар

«мылтықсыз майдан» деп атап жүр. Яғни, қарау-жарақ қолданбай-ақ бір ұлтты немесе бір мемлекетті жоқ ету деген сөз» (Бекен Қайратұлы Мылтықсыз майдан //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Сондай мылтықсыз майданның кесірінен қазақ ұлттық болмысынан ажырап, жаңа қазақ, жаңа қоғам қалыптасқанын көрсетеді. Оқырманның сезіміне әсер ете отырып, тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында Абайдың «Біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезін біржолата жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік» деп «Заманында ел басы, топ басы деген кісілер болады екен, көші-қонда болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басымен, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгіргізбек болмайды екен. Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... Кәнікі, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылды» деген сөздері мен Жұмабай Шаштайұлының «Ұлттың тұтастық сезіміне нұқсан келтіретін мұндай құбылысқа тоқтау салдыратын мезгіл жеткендей. Ақсақалдық тоқтамға құлақ асатын бейіл әлі де бар, бірақ соған лайықты тұлғаны шам алып іздесең де таппайсың. Үлкенді сыйлап, қадір тұту құндылығы біржолата құрдымға кетпей тұрғанда, қазақтың әлеуметтік зердесінің бүгінгі жағдайын үңіліп, ерекшеліктерін сала-сала бойынша ашып тастайтын ізденістер қажет-ақ. Қазақтың ең кәделі шараларының бірі – торқалы той, топырақты өлім, осыларды атқару барысында халқымыздың болмыс-бітімі бүкпесіз көрінеді. Бала-шағасының аузынан жырып, тапқан-таянғанын ортаға салатын мәрттік, ағайынға тасбауыр қарақазан сараңдық, соларға қазылық жасап, ақ-адал сөзін айтатын үлкендік қазақ өмірінің байтағында бірінен-біріне жалғасып жатады. Құрбандыққа бара алатын қасиетті әспеттеп, қазіргі тілмен айтқанда, оған басымдық беретін әділетті ахуал орнағаны абзал. Осы міндеттерді атқару барысында ата-баба салтын түбегейлі жаңғыртып, қазаққа қызмет ететін тұжырымдамасын ғылыми тұрғыдан байыптамайынша, ұлтты тұтас серпілтіп, сергітудің кілтін таппай әлі де сенделе беретін сияқтымыз» деген сөзін келтіре отырып: «Жұмабай Шаштайұлының қаламынан туған жолдар бүгінгі қазақ қауымының болмыс-бітіміне берілген баға, ұлт саулығына қойылған диагноз іспетті. Сонау Абайдан бүгінгі Жұмабайға дейін жалғасқан ұлт жанайқайына құлақ түрер жан бар ма? Елдік негізді құрайтын екі мінезді қайта қалыпқа келтірудің жолын табатын қазақ қайраткерлері қайда?» – деп өз ойын түйіндейді (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы // Айқын. №17 (2893). 2016, 4 ақпан).

Қазіргі кезде «мылтықсыз майдан» деп аталған үдеріс туралы тілдік тұлғалардың ұстанымы бір-бірімен сабақтас. Қару-жарақ қолданбай-ақ бір

ұлтты немесе бір мемлекетті жоқ етуге бағытталған құйтұрқы саясат туралы Бекен Қайратұлы 1950 жылдары АҚШ-тың барлау ұйымдарын басқарған Аллен Даллестің доктринасынан дәйексөз келтіреді: «Соғыс аяқталды, өмір өзінің бейбіт арнасына түсті. Енді біз адам баласын миғұлаға айналдырып жіберуіміз қажет. Әсіресе бұл жұмысты Кеңес Одағынан бастау керек. Адамның миы мен санасы ауытқушылыққа бейім. Сондықтан ондағы халыққа өздерінің байырғы құндылықтарын мансұқ ететін, былық-шылықты көркем түрде тықпалау қажет. Мұны іске асыру үшін олардың ішінен одақтас табамыз да, оның құлағына өткендегі трагедиялық оқиғаларды ызыңдаймыз да отырамыз. Әдебиет пен өнерді байырғы дәстүрінен айырып, халық жадынан орын алған үлгілерді олардың миынан шығарып тастаймыз. Содан кейін әдебиет те, кино да, театр да адам баласының хайуанға тән сезімін оятатын дүниелерді үздіксіз насихаттайтын болады. Осындай шығармалар жазған авторларды көкке көтеріп дәріптеу ісін енгіземіз... Расында, төңірегінде не болып жатқанынан хабардар азғана адамның болуы мүмкін. Оларды мазаққа, күлкіге айналдыратын әдіс-тәсілдерді ойлап табамыз...».

Публицист бұған қарсы тұрудың нақты жолдарын көрсетеді: «Біріншіден, қашанда заман мен адам ара қатынасы өте маңызды. Адамды тәрбиелеу арқылы заманды түзеуге болады... Екіншіден, қазіргі қазақ қоғамы көп ұлтты. Бұл ерекшелікті ескермесе болмайды. Осы орайда елімізде өмір сүріп жатқан ұлттардың біртекті, тең дәрежеде дамуына толықтай мүмкіндік туғызбайынша, мемлекеттік аураның тұтастығын сақтай алмаймыз. Өйткені өзінің байырғы құндылығынан ажырап қалған ұлттың басқаға жаны ашымайды. Осыдан барып ұлтаралық келісім бұзылады. Яғни, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностың кемелденуі арқылы мемлекеттік тұтастық сақталады. Үшіншіден, адами бірліктің туы – имандылық, адамгершілік, мінездегі көркемдік пен өмірдегі сабырлық мәселесі аса сауатты түрде қоғамға толық кірігуіне ұмтылған абзал. Иманы бар адам ұлтын, мемлекетін, халқын сыйлайды. Оның бейбіт ғұмыр кешуіне мүдделі болады. Төртіншіден, өзінің байырғы құндылығынан айрылған халықтың руханияты – мәдени геоданизмге ұшырайды. Бұл дегеніміз – «өзінің құндылығын қор, басқаның қоқсығын зор тұту» деген сөз. Ең қиыны бұндай келеңсіздікке көп жағдайда елдің саяси элитасы ұшырайды. Атақты саясаткер Збигнев Бжезинский ежелгі Рим империясы сияқты алып мемлекеттердің құлауына себеп болған дүние осы депті. Тіпті алып ел Кеңес Одағының ыдырауына себеп болған дүниенің бірі – мәдени геоданизм екенін әркім біле бермейді» (Бекен Қайратұлы Мылтықсыз майдан //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Бұл орайда Нұртөре Жүсіп бұқаралық ақпарат құралдарына көп міндет жүктейді: «...Әлемдік ақпарат та біздің әлеуметтік желіні жаулап алды. Сонда онсыз да тығырыққа тіреліп, жүйкесі жұқарып жүрген адамға бұл қосымша соққы болады емес пе? Мені солардың обалына қалып отырған жоқпыз ба деген ой мазалайды. Айта берсек, көп, тіпті, бұдан да сорақылары өріп жүр. Біржыныстылар, кісі өлтіргіштер, педофилдер, жан-жануармен жыныстық

катынасқа түсетіндер, соның бәрін жариялап не таппақ? Соны пайдалы деп ойлай ма бұлар? Әрине, сырттан келіп жатқан саяси шабуыл деп те қарауға болады. Бәз біреулер қазақ халқының болашағы бұлыңғыр болғанын қалайтын шығар...

Журналистиканың міндеті ауыр, жұртшылықты жаңалықпен қарық қылып, қоғамды дұрыс жаққа бағыттауы керек, адамзатқа пайдалы болғаны абзалырақ», – дей келіп, *қазақтың ежелден келе жатқан қалпы, ұлттық ұғымы тәуелсіз заманда қайта жаңғыруы тиіс екенін, ол арзан көріністерден құралмауы керектігін айтады* (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018).

Сонымен, публицистикалық дискурстың тілдік тұлғаларының концептілерін талдау негізінде концептуалды мәтіндегі 1) автордың аялық білімін, нақты дереккөздерге негізделген білімін; 2) коммуникативті ұстанымын – автордың діттемін; 3) концептуалды ойды жеткізетін тілдік құралдар жүйесін айқындай аламыз.

2.4 Тілдік тұлғалардың дискурсындағы «қоғам» концептісі

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсындағы «қоғам» концептісі өз ішінен бірнеше модельдерге жіктеледі. Атап айтқанда:

- Тектілігінен айырылған қоғам
- Рухынан айырылған қоғам
- Рухани құндылықтарынан айырылған қоғам
- Тілінен айырылған қоғам
- Бетке ұстар азаматтарынан айырылған қоғам
- Ұлттық жадынан айырылған қоғам
- Мызғымас рухани-мәдени ұстынынан айырылған қоғам
- Озық дәстүрінен айырылған қоғам
- Тарихи жадынан айырылған қоғам
- Тілдік алауыздық жайлаған қоғам
- Тарихы бұрмаланған қоғам
- Мәңгірт болған қоғам
- Ел арасына іріткі түскен қоғам
- Өнері ақсап қалған қоғам
- Ұлттық руханияты бүлінген қоғам
- Отарлық қамытын киіп, бодандалған қоғам
- Орыстандырылған қоғам
- Шетқакпай көрген қоғам
- Тәуелсіздік алған қоғам
- Тәуелсіздікті дұрыс пайдалана алмай отырған қоғам
- Болашақта түзелетін қоғам
- Түзелуге бет алған қоғам

«Қоғам» концептісі де «Қазақ», «Тұлға» концептілерімен сабақтас. «Қоғам» концептісі негізінен синхрондық тұрғыда, бүгінгі таңдағы

болмысына сәйкес сипатталған. Бұл жағынан алғанда, «қоғам» концептісі мен «тұлға» («жаңа қазақ») концептісі сарындас болып келеді.

«Қоғам» концептісінің когнитивтік модельдерінен тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында қоғамдағы ащы шындықты бүкпесіз айтуға тырысқанын, қоғамда белең алған келеңсіздіктермен күресуге бел байлағанын аңғарамыз.

«Қоғам» концептісінің когнитивтік модельдері негізінен себеп-салдарлық қатынасқа құрылғанын байқауға болады:

Кесте 4

<i>Себеп</i>	<i>салдар</i>
Тектілігінен айырылған қоғам	Тарихы бұрмаланған қоғам
Рухынан айырылған қоғам	Орыстандырылған қоғам
Рухани құндылықтарынан айырылған қоғам	Ұлттық руханияты бүлінген қоғам
Тілінен айырылған қоғам	Тілдік алауыздық жайлаған қоғам
Бетке ұстар азаматтарынан айырылған қоғам	Шетқақпай көрген қоғам
Ұлттық жадынан айырылған қоғам	Отарлық қамытын киіп, бодандалған қоғам
Мызғымас рухани-мәдени ұстынынан айырылған қоғам	Өнері ақсап қалған қоғам
Озық дәстүрінен айырылған қоғам	Мәңгірт болған қоғам
Тарихи жадынан айырылған қоғам	Ел арасына іріткі түскен қоғам

«Қоғам» концептісінің когнитивтік модельдерін бірнеше фреймге жіктеуге болады. Яғни қоғамның тарихы бұрмалануына, тілдік алауыздық жайлауына, мәңгірт болуына, ел арасына іріткі түсуіне, өнерінің ақсап қалуына, ұлттық руханиятының бүлінуіне, отарлық қамытын киіп, бодандалуына, орыстандырылуына, шетқақпай көруіне тектілігінен айырылуы, рухынан, рухани құндылықтарынан айырылуы, тілінен айырылуы, бетке ұстар азаматтарынан айырылуы, ұлттық жадынан айырылуы, мызғымас рухани-мәдени ұстынынан айырылуы, озық дәстүрінен айырылуы, тарихи жадынан айырылуы себеп болған. Алайда тәуелсіздік алуына байланысты қоғам түзелуге бет алған, болашақта түзеледі. Ол үшін тәуелсіздікті дұрыс пайдалана білу қажет, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін күресуіміз қажет. Бұдан «қоғам» концептісінің когнитивтік модельдері динамикалы сипатта екенін көреміз. «Қоғам», «Қазақ», «тұлға» концептілерін схемаға түсірер болсақ, өткен замандарда координатаның жоғары жағында болғанмен, отаршылық қамыты киілген жылдардан бастап динамиканың күрт құлдырап кеткенін, тәуелсіздік алған жылдардан бастап қайтадан көтеріле бастағанын көреміз.

Қазақтың шынайы болмысы сақталған кезеңді «атам қазақ», «атамыз қазақ», «бұрынғы қазақ», «қазақ» деген концептілердің бойына жинақтап, сол кезеңде ұлттық дәстүр, тіл, діл, дінге ерекше мән берілгенін айта келіп,

мақал-мәтел, тәмсілдерді пайдалана отырып, тілдік тұлғалар ол кезеңді былайша сипаттайды: «*Атамыз қазақ* «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп тегін айтпаған. Бақытты отбасын құру үшін қайткен күнде бай болу міндетті емес. Отбасылық тәрбиенің жақсы сабақтастығы үзілмеуі шарт. Қазақтар дәл осы сабақтастыққа қатты мән берген. Ұлына текті, тәрбиелі жерден қыз алып берген. Шаңырақ тәрбиесін үзбеу үшін, сенімді, ұлағатты отбасының қызына ұлын ертерек атастырып қоятын болған. Сөйтіп, отбасылық тек-тәртіптің сақталуына айрықша мән берген. Өйткені тексіз-тәрбиесіз, көргенсіз келін шаңырақтың ішкі тәртіп-тәрбиесін бұзатын болғандықтан, осы жайдан қатты сақтанған. Алда-жалда кейбір тәрбиесі осалдау жас келін табалдырық аттаса, емендей енелері сыртқа дымын білдірмей, өз өнегесін үйретіп, тәрбиелеп алып отырған» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

«*Атам қазақ* «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп бекер айтпаған. Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын! Алданып қалма, ағайын!» (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында өткен ғасырлардағы отаршылдар халқымызды жүздеген ғасыр бойымызға атаның қаны, ананың сүтімен дарып, сүйекке біткен тектілік қасиетінен айырып, «қазақтың жан дүниесіндегі осы отты рухын тонағанын», кеңестік кезеңде байларды тәркілеп, оқыған ұлт зиялыларының көзін жойғанын сөз етеді.

Аспаннан түскен жасын-ды,
Жасынға тіктім басымды.
Теңізден маржан сүзгендей,
Теріп бір алды-ау асылды, –

деген жыр жолдарын келтіре отырып, академик Манаш Қозыбаевтың, тарихшы-этнолог ғалым Жамбыл Артықбаевтың сөздерін негізге ала отырып, кеңестік колонизаторлар бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін халықты өз тарихи жадысынан айырғанын, өткен тарихымыздың ақиқат болмысын парықтау қабілетінен айырғанын айтады (Бекен Қайратұлы Надандықтан туған мақтан //Егемен Қазақстан, 2017, 10 тамыз). Соның салдарынан елді аздыратын тексіз әрекеттер өркениет үлгісі ретінде ұсынылып, «Текіден текті туады, тектілік жолын қуады», «Тексізді төрге шығарма» дейтін қазақтың көне ұстанымы жайына қалғанын айтады (Бекен Қайратұлы Тектілік феномені //Егемен Қазақстан, 2019, 23 шілде).

Кеңес заманында қазақ тарихы марксистік идеология, отаршылық көз-қарас тұрғысынан жазылып, жарымжан күйге ұшырап, бүтін ұрпақ ұзақ жыл осы жарымжан тарихпен сусындағанын, соның зардабынан ұлттық сана мен тарихи таным бұзылғанын ескертеді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Мәшімбаевтың деректерін негізге ала отырып, отарлаушылар қазақтың байырғы дәстүрін әлсірету арқылы санасын мәңгүрттендіріп, жат өркениетке бас игізіп, мәдени ассимиляцияға ұшыратып, ұлтсыздыққа душар етерін жақсы білді де осыдан кейін олар ең

әуелі дәстүрлердің озық үлгілерін жоюмен айналысқанын жеткізеді (Бекен Қайратұлы Бата берудің әдебі //Егемен Қазақстан, 2018, 29 наурыз).

Бұл орайда тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында дәйекті (аргументті) өте ұтымды пайдалана білгенін көреміз. Қоғамдағы ахуалды шынайы көрсету үшін публицистер білікті ғалымдардың еңбектеріне, сол кезеңде лауазымды қызмет атқарып, бәрінің басы-қасында болған тұлғалардың сөздеріне сүйенеді. Мәселен, кеңестік кезеңде мемлекеттік идеология саласында жұмыс атқарған жазушы Бекежан Тілегеновтің 1992 жылы жарық көрген «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-толғауындағы деректерге сүйене отырып, Қазақ Кеңестік Республикасының идеология жөніндегі хатшылары қазақтың ұлттық аспаптар оркестрінің рөлін кемітіп, әсіресе домбыраны жойып, қазақ өнерін симфониялық оркестрге айналдырып жіберу үшін атсалысқанын айтады. Сонымен қатар қазақ ән өнерінің зерттеушісі Ахмет Жұбановты «КСРО халық әртісі» атағына ұсынғанда республика идеологтары «қазақтың ұлттық өнерін зерттеген адамға мұндай атақ беру жарамайды», – деп, сызып тастағаны, 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігіне «Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрін апару керек пе, жоқ па?» деген талас басталғанда декаданы өткізуге жауапты комиссия төрағасы: «Қазақтың музыкасы кімге керек, Мәскеуге оның қандай қажеті бар?» деп шешім қабылдағаны жайында дерек келтіреді. Сонымен қатар композитор Ілия Жақановтың сөзін келтіре отырып, 1920-30 жылдары қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, сөздері өзгертілгенін, бұрмаланғанын айтады. Сондай-ақ өнертанушы зерделі Жәнібек Кәрменовтің «Халық әндері мен композиторларының әндері» атты еңбегінен «1933 жылы 200-ден аса халық әні сотталды. Мұның бәріне тағылған айып – «феодалдық дәуір туындылары» немесе «ескінің сарқыты» дегенге саяды. Кейбірі арнайы тапсырмамен «жаңа заманға» лайықталып сөзі немесе әні өзгертілді. Бұл науқан 1951 жылы тағы бір қырағылықпен жүргізіліп, барлық әндер қатаң цензурадан өткізілді. Әсіресе діни атауы бар сөздер тұтқындалды. Осылай үш мың жылдық тарихы бар қазақ әнінің қанаты қатыгездікпен қырқылды. Қатал уақыттың диірмені жаныштап, аштық пен түрмеден ақсөңке болған ел мәдени мұрасынан, әнінен айырылған соң, арқасы жауыр, мұрны тесік тайлақтай бәрінен безіп, жетекке жүре берді. Рухани тапшылыққа, тоқырауға ұшырады. Төл сөз түрмеге кетті. Жаңа жасанды сөз жанға жарық түсірмеді. Көптеген әндер айтылмай ұмыт қалды. Тіпті қазақ даласын жаяу аралап тірнектеп жүріп жинаған А.Затаевичтің 1500 әні шаң жұтып архивте қалды. Қызығып қолына алған жан «заманның қырағылығынан» қорықты. Себебі бұл әндер жоғарыдағы сұрыптаудан өтпей қалған еді» деген дерек келтіреді (Бекен Қайратұлы Халық әнінің тоналу тарихы //Егемен Қазақстан, 2018, 13 шілде).

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тарихи сана мен мәңгүрттікті антоним ретінде өзара қарсы қояды. Философия ғылымдарының докторы Арғын Қасымжановтың тарихи санаға берген анықтамасын (әрбір жеке адам, тұтас ұрпақтың өткен тарихты сезінуі, өзінің шыққан тегін,

өлкесін, халқын, нәсілін, оның рухани түп-тамырларын танып-білуге ұмтылып, сана-сезімнің оянуы) келтіре отырып, оны мәңгүрттікпен салыстырады да: «Отарлаушылар езгіге түскен халықты ең алдымен тарихи санасынан айырып, мәңгүрттікке ұшырауына күш салады» деген тұжырым жасайды (Бекен Қайратұлы Надандықтан туған мақтан //Егемен Қазақстан, 2017, 10 тамыз).

Тілдік тұлғалар дәйек ретінде ғалымдардың еңбектерімен қатар отарлаушылардың хаттарын, жазбаларын да пайдаланған. Отарлаушылар жүздік құрылымды қазақты ыдыратқыш құрал ретінде пайдаланғанын айту үшін 1819-1821 жылдары Сібір генерал-губернаторлығын басқарған М.Сперанский патшаға жазған хатындағы «Қазақ жерінде сексеуіл деген ағаш бар. Соны бір-біріне ұрып жарады екен. Сол сияқты қазақтар үш жүзге, руға бөлінеді. Біз соларды сексеуіл сияқты бір-біріне ұрып жаруымыз керек» деген сөзін («Мәдени мұра» журналы. 2015. № 2(59). 38-б.) келтіреді (Бекен Қайратұлы Жүздік құрылымда рулық үлес жоқ //Егемен Қазақстан, 2018, 20 ақпан).

Сонымен қатар отарлаушылардың зымиян пиғылын әшкерелеу үшін АҚШ-тың барлау ұйымдарын басқарған Аллен Даллестің доктринасынан дәйек келтіреді (Бекен Қайратұлы Құлдық ұрғызудың құпиясы //Егемен Қазақстан, 2018, 17 қазан); сол кезеңдердегі қаулы-қарарлардан дәйек келтіріледі: «...Қазақты жою үшін ұлтымыздың руханиятына тікелей жасалған қиянат қаншама? Мысалы, Н.С.Хрущев билікке келген соң кіші халықтардың әдебиет-өнер саласындағы жат пиғылдармен күресу жайында тапсырма болды. Осыны орындау үшін 1959 жылы 15-19 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясы қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, нәтижесінде қазақ ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылды. Бұдан құтылудың жолы – қазақ руханиятының түп-тамырын өзгертіп, еуропалық мәдениетке алмастыру қажет деген шешімге келді. Соның ішінде шығармашылық қауымды ұлттық таным, тарихи сананы жаңғыртатын тақырыпқа соқтырмай, тек қызыл сөзді көпіртіп, көркем әдебиет жазуға жарыстырып қоя берді. Онымен қоймай арнайы (өндіріс, ауыл еңбекшілері, халықтар достығы, т.б.) тақырып таңдап беріп, мол қаламақы төлеп, жазған-сызған дүниелерін қатаң бақылап отырды» (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске //Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Жазушы-этнограф Ақселеу Сейдімбектің сөзін негізге ала отырып, тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақ халқы өз тарихына империялық Ресейдің көзімен қарап келгенін, бүтін ұрпақ сол талғам-таныммен тәрбие алып өскенін, Ресейдің отарлау саясатына қолшоқпар болғандарды шетінен «Орта Азияны жабайылықтан құтқарушылар» деп оқытқанын, кейін ұрпағы өз бабаларын өздері тілдеуге, өз аталарын өздері қорлауға мәжбүр болғанын айтады. Мұндай сорақылық тарих, көркем әдебиет, кино, театр, бейнелеу өнері сияқты рухани салаларда берік орныққанын ескертеді.

Қазақ қоғамындағы алауыздық, жіктелушіліктің себебін тілдік тұлғалар: «Тілдік алауыздық – отарланған этностарға тән құбылыс. Ең қиыны, отарлаушылар тілінде білім алған, сол тілде көзін ашып, рухын ұштаған қауым өзінің ежелгі тегінен жериді де олардың рухани мұрасына құлықсыздық танытумен қатар, билік пен байлықты өз қандасымен бөліскісі келмейтін әлеуметтік іштарлық дертіне шалдығады. Сөйтіп, ежелгі бұқара мен өз тамырынан айырылған жаңа өркениетке бауыр басушы жандайшап элитаның арасы ажырайды. Нәтижесінде, уақыт өткен сайын бірін бірі жатырқаушы қоғамдық жік қалыптасады», – деп түсіндіреді (Бекен Қайратұлы Тіл алауыздығы //Егемен Қазақстан, 2017, 8 тамыз).

«Тәуелсіздік қазаққа не берді?» деген сұраққа тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында түрліше жауап береді. Мысалы, Нұртөре Жүсіп Қазақстан журналистикасы тәуелсіздік тұсында айтарлықтай шыңдалып, жетілгенін, қазақ газеттері көптеп ашылғанын айта келіп: «Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласы, барлық Қазақстан азаматы үшін баға жетпес құндылық. Осы орайда бір нәрсені баса айтқым келеді: Бүгінгі қазақ журналистикасы – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың, береке мен бірліктің ұйытқысы. Әсіресе қазақтілді басылымдар Ұлттық тәуелсіздіктің шынайы жанашырлары болды. Қиналғанға демеу, мұнайғанға медет болды» (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір), «Ұлт мүддесі ең алдымен Тәуелсіздік ұғымына табан тірейді. Осы тұрғыдан алсақ, қазақ басылымдарының барлығы дерлік осы мақсаттан ауытқыған жоқ. Бұл қуанышты жағдай. Мемлекеттік, елдік мәселелерге келгенде қазақ баспасөзі бекем бағыт ұстанып отыр. Меншік түріне қарамастан қазіргі қазақтілді баспасөз барынша ұлт мүддесі үшін қызмет етіп келеді. Мемлекеттік тілімізді тұғырына қондыру, ұлттық салт-дәстүрді, қасиет-қалыбымызды сақтау жағынан келгенде қазақтілді басылымдар ылғи да «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жүр. Ұлт ұпайын түгендеу бір күндік шара емес. Оған күн сайын кірпік қақпай қызмет ету керек. Менің ойымша, біздің ұлттық баспасөз осы бағытты Темірқазық етіп отыруы тиіс» (Нұртөре Жүсіп Баспасөз – қоғамның барометрі // Айқын. 2019, 23 маусым), – деп жазды.

Бауыржан Омаров Жабайхан Әбділдиннің «Тәуелсіздікті тек атқан таңмен, шыққан күнмен ғана салыстыруға болады», – деген сөздерін келтіре отырып (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан), тәуелсіздік алған соң Мұрат ақынның жыр жинақтары сияқты көне мұраларымызбен қайта табысқанымызды тілге тиек етеді (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). Ал Қайрат Бекенұлы «Тәуелсіздік қазаққа не берді?» деген сұраққа әркім әрқилы жауап айтатынын ескерте келіп: «Бірақ көкірегі ояу, көзі қарақты әрбір қазақ білуге тиіс жалқы ақиқат: тәуелсіздік – әлемде тарыдай шашырап жүрген қазақтың басын қарашаңырақта қауыштырды», – деп жауап береді (Бекен Қайратұлы Қарашаңырақта қауышқандар //Егемен Қазақстан, 2019, 10 сәуір). «Ұлт рухының инвесторы» атты мақаласында тілдік тұлға «Бұл көш – ұлт

тарихындағы теңдессіз оқиға ретінде бағалануы тиіс. Өйткені бұл қазақтар – бейбіт күнгі ел экономикасының өрлеуіне, дәстүрлі этномәдениеттің үзілмеуіне, әсіресе, демографиялық өсім мен тілдің, қолданбалы өнер мен ұлттық музыка жанрының өркендеуіне орасан зор үлес қосты. Демографтардың мәліметіне сүйенсек, осы жылдары шекара асқан елдің ұрпағы қазір 2 млн-ға өскен. Және қандай ұрпақ, уызға жарыған ұлағатты ұрпақ. Бүгінгі таңда ел мәдениеті мен экономикасының әр саласында түрен салып жүрген 60-жылдары «қытай асып келген шалдардың» тұқым-тұяғы қазір мық шегедей мығым қауымға айналды. Елге ел қосылса – құт деген осы емес пе?!» – деп, тәуелсіздіктің арқасында қазақ еліне келіп, толысып жатқан оралмандардың қоғамдағы орнын, маңызын көрсетеді (Бекен Қайратұлы Ұлт рухының инвесторы //Егемен Қазақстан, 2017, 21 маусым).

Қайрат Бекенұлы публистикалық дискурсында тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлт тарихын танытудың салқар көші оңалып кете қоймағанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді: «Кеңестік кезеңде қалыптасқан еуроцентристік көзқарас шын тарихымызды танып білуге мойын бұрғызбай отырса, екінші жақтан эрозияға ұшыраған ұлттық танымның өзі тереңге тарта алмай қайраңдап қалып жатыр» (Жалған тарих жарға жығады (Бекен Қайратұлы Жалған тарих жарға жығады //Егемен Қазақстан, 2019, 14 тамыз).

Публицист қазіргі қоғамда сатқындық, жемқорлық, жағымпаздық дерті жайлап отырғанын айта келіп, одан құтылу жолдарын көрсетеді: «Ол үшін алдымен бастауыш және орта білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту керек. Бұрынғы отарлық пиғылдың астары сіңірілген орта мектеп оқулықтарын жойып, оның орнына ұлттық танымды терең сіңірген оқу құралдарын енгізген жөн. Ол үшін алдымен осы салаға терең маманданған оқулық авторларын дайындаған дұрыс. Демек, оқулық авторларын дайындайтын арнайы институт қажет.

Одан кейін адамның тарихи санасын қалыптастыратын дүние – иман. Адам талантты, білімді, шебер ұйымдастырушы болуы мүмкін. Бірақ бойында имани қасиет болмаса, атқарған ісінен ешкім береке таппайды. Түп нәтижесі зиянға шығады. Ендеше, имандылықты отбасынан бастаған дұрыс. Балабақшалардың ересектер тобына имандылық жайлы арнайы дәрістер өткізуді Білім және ғылым министрлігі қолға алуы керек» (Бекен Қайратұлы Тәрбие өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2019,12 шілде).

Қоғамды түзетуді мақсат еткен журналистер тығырықтан шығудың жолын көрсету үшін халық ауыз әдебиет үлгілеріне, аят-хадистерге, мақал-мәтел, ақын-жыраулардың сөзіне иек артады: *«Сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар» тым көбейген қоғамның күйі қандай болады? Төртінші сөзінде «Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді Абай. Қазіргі қазақ қоғамына қарасақ, «құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ» тірлікпен жүрген жандар көп. «Құдай*

маған ештеңе бермей жатыр, неге мені көрмейді» деп босқа налып, салы суға кетіп жатқандар қаншама? Біржан сал айтқандай, «бай болмақ, кедей болмақ, Құдайдан-ды» дегендей, Жаратқан әр пендесіне тиісті несібесін береді-ау. Бірақ, азға алданып, адамдығын малданып, «Құдай береді» деп қарап жатқандар аз емес. Абай сөзін тиісінше тәпсірлесек, «Әуелі Құдайға сыйынып» дегені – әрекет қыл дегені емес пе? «Әрекет түбі – берекет» дейді дана халқымыз. «Өз қайратыңа сүйеніп» дегені – ақылың мен біліміңе, парасатың мен білігіңе сеніп, тағы да іс қыл дегені. «Еңбегіңді сау» деп отыр. «Жатпа, тоқтама, отырма» деген сөз (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Сонымен, публицистикалық концепт тіл мен саясаттың әсеріне, басылымның ұстанымына, публицистің қызметіне, жеке шығармашылығына байланысты болады. Публицистің тілі арқылы журналистің рухани, мәдени құндылығы, қоғамдық-саяси ұстанымы, коммуникативті діттемі, әдеби, эстетикалық әлемі көрінеді. Публицистикалық концепт арқылы автордың тілдің когнитивті, коммуникативті, экспрессивті қызметін қалай қолданатыны аңғарылады. Яғни концептуалды ойын, ақпараттың прагматикалық жағын адресатқа жеткізу үшін қандай құралдарды қолданатыны көрінеді.

2.5 Публицистикалық дискурстағы сентенция құбылысы

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға көбінесе өз ойын сентенцияға құрайды. Зерттеуші А.Әділова сентенцияға былайша анықтама береді: «Сентенция дегеніміз – белгілі авторы бар, адам, қоғам өмірінің сан алуан қырын қамтитын, терең мазмұнды, көркем, әсерлі, кітаби-жазба әдебиеттерде ұшырасатын, мәні контексте ашылатын ықшам сөйлем (синтаксистік бірлік). Мұндай сөйлемдер жай сөйлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді» [121].

Қазақ публицистикасындағы сентенциялардың тақырыптары алуан түрлі болып келеді:

- Адамгершілік
- Иmandылық
- Ел
- Заман
- Азаттық
- Тәуелсіздік
- Еңбек
- Ғылым
- Ұлттық рух
- Ұлттық өнер
- Ұлттық код
- Ұлттың тарихы
- Ұлт мұраты
- Ұлттық мүдде

- Тарихи сана
- Ұлттық тіл
- Бүліктен сақтану
- Отбасы
- Отбасы құндылықтары
- Ана
- «Толық адам»
- Бір кем дүние

Адамгершілік тақырыбындағы сентенцияларында тілдік тұлғалар Мұхамед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадистеріне («Жаратушының ең жек көретін нәрсесі – мақтан үшін жасалған амалдар»), Абайдың қарасөздеріне жүгініп, өз пайымдауларын жасайды. Мысалы: «Мақтансүйгіштік – ол өзін байсалды тұлға ретінде толық сезіне алмайтын, жетілмей қалған иллюзиясын толтырудың басқа тәсілін таппаған пенделерге тән дүние. Бізге Алла Тағаланың әмір-үкімін жеткізуші Мұхамед пайғамбардан жеткен өсиеттің бірінде: «Жаратушының ең жек көретін нәрсесі – мақтан үшін жасалған амалдар», – дейді. Демек, Жаратушы қаламаған дүниеге біздің құмар болмағымыз өкінішті емес пе?!» (Бекен Қайратұлы Артық мақтау – жанға қас //Егемен Қазақстан, 2017, 5 қыргүйек).

Бұл үрдіс әсіресе имандылыққа қатысты сентенцияларда жиі кездеседі. Мысалы, «Оразаның нығметі» атты мақаласында Бекен Қайратұлы Рамазан айында ауыз оразасымен қатар көз бен құлаққа да «ораза» қажет, яғни ораза ұстаған адам жаман сөз айтудан, естуден, ұрыс-керістен аулақ жүргені абзал екенін ескерте келіп, атақты сахаба Әбу Һурайра жеткізген хадисті («Кім жалған сөйлеуді, жалған амал қылуды қоймаса, оның тамақ пен сусын ішпей жүруі Аллаға қажет емес»), Абайдың қарасөздерін («Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек») келтіреді (Бекен Қайратұлы Оразаның нығметі //Егемен Қазақстан, 2019, 16 мамыр).

Сондай-ақ тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында елді бірлікке, ынтымаққа шақыру үшін де қасиетті «Құран» мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетінен дәйек келтіреді: «Бүлік немесе ел ішінде болатын берекесіздіктен сақтану жайлы қасиетті Құран мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетінде нақты нұсқаулар бар. Жалпы адам баласы барда қандай да бір бүліктің болмай қалуы мүмкін емес. Бүліктің пайда болатыны жайлы пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадистерінде айтып кеткен. Сондықтан да болуы мүмкін бүліктен сақтану, оған әзір болу пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетінен болып табылады. Ол үшін алдымен – білім, ақыл, хикмет (даналық), дұрыс амал, сабыр, ыждағат керек» (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Сонымен қатар тілдік тұлғалар тақырыпқа тұздық ретінде мақал-мәтелді ұтымды пайдалана білген: Атам қазақ «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп бекер айтпаған (Бекен

Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Публицистер оқырманға түсінікті болуы үшін мақал-мәтелді әрі қарай дамытып, сипаттайды. Мысалы: «Атамыз қазақ: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді. Елу жыл дегеніміз – бір ұрпақтың толық алмасу кезеңі. Жүз жылда заман өзгеріп, жаңа құндылықтар пайда болады. Осындай кезеңде кім өзінің байырғы құндылығын сақтай алады, соның ұрпағы азбайды, өзі тозбайды» (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым). Сол арқылы айтайын деп отырған сөзін нақтылай түседі.

Публицистер тілімізде белгілі бір нұсқада қалыптасып, тұрақтанып кеткен мақал-мәтел, тәмсілді өз тарапынан өзгерте отырып, жаңаша екпін береді. Мысалы: «Өйткені толық адам дәрегейіне жете алмаған пенде өмірді шынайы көруге қабілетсіз. Өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

Тілдік тұлға *Өзің білме, білгеннің тілін алма* деген ең жаман қарғысты мақсатына сәйкес өзгертіп қолданған. Бұл сөйлемді «санасы бүркемеленген, тұңғыық әрі тұрақсыз» адамдарға қатысты пайдаланған. Сол арқылы мұндай, бірбеткей, сыңаржақ адамдарды ең жаман қарғысқа ұшыраған жандар ретінде сипаттайды. Бұл тәсіл публицист сөзінің оқырманға өтімділігін, әсерлігін күшейте түскен.

Сондай-ақ Абайдың «Мақтау — жел сөз жанға қас, Қошеметшіл шығарған» деген өлең жолдарындағы афоризмді әрі қарай дамыта отырып, айтатын ойына сәйкес «Артық мақтау жанға қас» деп өзгертеді: «Мақтан бар жерде адам баласы рухани жетілмейді. Рухани жетілмеген адам қай тараптан болсын рухты, кемел дүние тудыра алмайды. Яғни адамды рухани мүгедектік, арылмас дертке шалдықтыратын дүние ол – мақтау. Әр нәрсенің шегі болатын сияқты мақтау мен мадақтың да шегі бар. Артық мақтау жанға қас» (Бекен Қайратұлы Артық мақтау – жанға қас //Егемен Қазақстан, 2017, 5 қыргүйек).

Публицист Абайдың «толық адам» концепциясын пайдалана отырып, әрі қарай дамытады. Ол үшін ұлы ақынның лексиконындағы дәрегей сөзін де мақсатты түрде пайдаланады: «Өйткені *толық адам дәрегейіне* жете алмаған пенде өмірді шынайы көруге қабілетсіз» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген тұжырымын негізге ала отырып, ғұламаның сөзін әрі қарай дамытады. Қашан да заман мен адам арақатынасы өте маңызды екенін, А.Даллестің жоспары адамды аздыру арқылы заманды, қоғамды бұзуға негізделгенін ескерте келіп: «Адамды тәрбиелеу арқылы заманды түзеуге болады» деген тұжырым (сентенция) жасайды.

Көркем шығармаларда сентенция кейіпкердің тілінде келуі мүмкін болғанмен, публицистикалық дискурста сентенциялар авторлық

баяндауларда ғана қолданылады. Сол арқылы тілдік тұлға баяндалған оқиғаға қатысты өз пайымын білдіріп, оқырманына әсер етуге, сендіруге тырысады. Яғни сентенцияларды қолдануда публицистердің стратегия, тактикасы көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда, сентенциялар қазіргі кезде қалыптасып жатқан мақал-мәтелге ұқсайды.

Нысанға алынған публицистердің ішінде әсіресе Бекен Қайратұлының дискурсында сентенция жиі кездесетінін байқадық. Мысалы, «Мылтықсыз майдан» атты мақаласында тілдік тұлға бүгінгі таңда байырғы адами құндылықтар жойылып бара жатқанын айта келіп, қандай бір халық заманға сай өсіп-өркендеп, әлем қауымдастығы алдында өзінің ұлттық бет-бейнесін сақтап қалу үшін сан ғасырдан бері үзілмей келе жатқан байырғы құндылықтары: салты мен дәстүрі, тілі мен діні, ешкімге ұқсамайтын тұрмыстық һәм рухани қарым-қатынас ерекшеліктері үлкен рөл атқаратынын ескертеді де: «Рухани-мәдени құндылықтарын сақтай алмаған ұлттың болашағы бұлыңғыр» деген тұжырым жасайды (Бекен Қайратұлы Мылтықсыз майдан //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Еліміз тәуелсіздік алып, ұлттық болмысымызға қайта оралуымызға байланысты публицистер ұлттық құндылықтарды жиі сөз етеді: *Азаттық жолы – азапты жол. Сол жолда кең даланың әр тасының түбінен ақиқат іздейді. Іздеген інжу табады* (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі //Айқын, 2016, 9 ақпан). *Демек, тіл тұтастығы – тәуелсіздік кепілі. Осы түйінге қарсы ұғым: тіл алауыздығы – мемлекет соры* (Бекен Қайратұлы Тіл алауыздығы //Егемен Қазақстан, 2017, 8 тамыз). *Бұл өмірде төрт құбыласы түгел жан болмайды* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Сонымен қатар Тұңғыш Президентіміздің рухани жаңғыруға бағытталған үндеулеріне өз ой-тұжырымдарын сентенцияға құрады:

Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айрықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Бір сөзбен айтқанда, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілтінің бүтін болуы (Бекен Қайратұлы Ұлттық код һәм қазақтың жады //Егемен Қазақстан, 2017, 24 тамыз). *Бұл дерттен құтылмай ол халық ешқашан толық тәуелсіздікке қол жеткізе алмайды. Бұдан құтылатын жалғыз жол халықтың болмысындағы ұлттық код – отты рухты ояту* (Бекен Қайратұлы Отты рух //Егемен Қазақстан, 2019, 4 мамыр).

Кейде публицистер сентенциясын контекстік антонимдерден құралған антитезаға құратынын байқаймыз: *Рух дегеніміз – ол көзге көрінбейді, халықтың гендік биосферасында болатын үрейді жеңу қуаты. Үрей – қан арқылы ұрпақтан ұрпақ жалғасып кете беретін аса қатерлі құбылыс.*

Қандай бір қауымның рухани еркіндігі (тәуелсіздігі) халқының бойындағы үрейдің аз-көптігімен өлшенеді. Болашағының баянды болуын ойлайтын жұрт ұрпағының отты рухын шыңдайды, жетілдіреді (Бекен Қайратұлы Отты рух //Егемен Қазақстан, 2019, 4 мамыр).

Бұл мәнмәтінде Бекен Қайратұлы *рух* пен *үрей* сөздерін өзара қарсы қоя отырып (*Рух* дегеніміз – ол көзге көрінбейді, халықтың гендік биосферасында болатын үрейді жеңу қуаты. *Үрей* – қан арқылы ұрпақтан ұрпақ жалғасып кете беретін аса қатерлі құбылыс), контекстік антоним түзген. *Рух* сөзін пайдалана отырып, *отты рух, рухани еркіндік* (тәуелсіздік), т.с.с. тіркестер қалыптастырады. Мұнда автор *рух, үрей* сияқты дерексіз атауларды деректі зат ретінде сипаттайды (*қан арқылы ұрпақтан ұрпақ жалғасып кете беретін, қауымның рухани еркіндігі (тәуелсіздігі) халқының бойындағы үрейдің аз-көптігімен өлшенеді, болашағының баянды болуын ойлайтын жұрт ұрпағының отты рухын шыңдайды*). Публицист дискурсында мұндай тезаурустар мақсатты түрде қолданылғанын аңғарамыз.

Тілдік тұлғалар сентенцияларында антонимдік жұпты ұйқасқа құрып, тіркескен сөздерінің дыбыстарын ойнатады. Мысалы: Атам қазақ «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп бекер айтпаған. *Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын!* (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым). «*Баршылықты* көтере алмайды, *жоқшылық* келсе, күйрей жеңіледі» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз). Сол арқылы сентенцияға көркемдік үстеп, оқырманның есінде жатталып, қатталып қалуына мүмкіндік туғызады.

Ойын нықтау, шегелеу мақсатында публицистер сентенцияларында синонимдерді үсті-үстіне пайдаланады. Мысалы: «Ал қазір адамдар *тілімен, саяси таяздығымен, надандығымен, әсіре ұлтшылдығымен* айбалтадан да қатты зиян келтіріп жатыр. Оның себебінен: *татулық, береке, ынтымақ* жойылуы мүмкін. Себебі жалған үрей *адамдарға күмән салады, жақсы ниеттерінен қайтарады, достарды араздастырады және күнәға итермелейді*. Сөйте тұра осындай бүлікке ұрынған пенделер – *ниетім жақсы, ұлтымның қамы, қазақтың болашағы* деп ақталады һәм солай ойлайды. Бірақ олар кеменің баяғыда тесіліп қалғанын түсінбейді. Кез келген амалды істемес бұрын адам *ниетін дұрыстап, ақыретке деген пайдасы мен зиянын өлшеу керек*. Жалпы, демократия дегенге елітіп, кеменің бүлінуіне еркіндік беруге болмайды (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

«Қоғамның да, мемлекеттің де тірегі – отбасы. Ал *берекелі, өнегелі* отбасын құру отағасы мен отананың қолындағы шаруа. Яғни, үйдің ері мен әйелі. Ол үшін бұл екі тұлғаның болмысы бүтін болуы керек. Яғни, екеуі де *иманды, парасатты, отбасылық өмірді мемлекеттің негізі деп қарайтын, ісіне адал, күнделікті тірлігіне харам дүние қолданбайтын, көршінің хақысына ұқыпты, ағайын-туғанға қайырымды, бір-біріне бауырмал, жәрдемшілігімен ерекшеленуі керек*. Осындай толыққанды тұлғалық

қасиетке ие емес адамдар толық отбасын құра алмайды» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

«Сондықтан да олардың *ойлау жүйесінде, іс-әрекетінде, жүріс-тұрысында* жасандылық мүнкіп тұрады. Ең жаманы – өзінің *әлсіздігі мен ақылсыздығының* кесірінен тап болған іске *басқаны кінәлауға, орынсыз өсек-шағым айтуға* бейім тұрады. Басты кемшілігі – өмір толқындарын *сана сүзгісінен өткізбей-ақ шикі күйінде қабылдап, оң-терісін ажыратпай жатып* қолма-қол жүзеге асырып жібереді» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

Синоним ретінде жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін ғана емес, тұтас сөйлемдерді үсті-үстіне пайдаланған: «Сыртқы әлемі үнемі басқаға тамсанумен өмірден өтеді. Күнделікті құбылмалы өтірікке алданып өмір сүреді. Баршылықты көтере алмайды, жоқшылық келсе, күйрей жеңіледі. Өйткені толық адам дәрегейіне жете алмаған пенде өмірді шынайы көруге қабілетсіз. Өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды. Жарты адамның шынайы бет-бейнесін ешқашан көре алмайсыз, себебі санасы – бүркемеленген, тұңғыық әрі тұрақсыз» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

Тілдік тұлғалар дискурстарында ғұламалардың, ғалымдардың, сала мамандарының сөзіне жүгінеді: «Әйгілі шығыстанушы-ойшыл Н.Рерихтің тілімен айтсақ: «Адамзат аурасы негізінен ол мекендеген жер планетасының аурасына айналады». Яғни, заман мен адам аурасы тұтас құбылыс» (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым). «Осы орайда үнді жұртының көсемі Рабиндранат Тагордың «әрбір халық әлемдік қоғамдастық алдында өзінің басқаға ұқсамайтын ерекше ұлттық болмысымен дараланып тұрмай, басқаның қаңсығын қадір тұтса, ол халық жойылуға бет бұрған, қасірет жолындағы ұлт» дегенін де ұмытуға болмайды» (Бекен Қайратұлы Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым). «Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады» деп ұлы Ахаң айтқандай, қазақ тілі қазақ үшін – рухани компендиумы мен ауызекі энциклопедиясы, мәдени, ғылыми және ағарту ошағы емес пе?! Өйткені ана тілімізге халқымыздың көзқарасы, кісілігі мен парасаты, саяси мұраттары мен қоғамдық көкейкесті арман-тілегі, әлеуметтік және тарихи жадысы сіңген. Осыны түсіну, түйсіну үшін бізге зор ақылдың қажеті шамалы (Бекен Қайратұлы Тіл алауыздығы //Егемен Қазақстан, 2017, 8 тамыз).

Публицистердің сентенциялары қайталауларға дыбыс ойнатуларға құрылған. Мысалы: «*Бұл заман – біліктінің заманы. Бұл заман – білімдінің заманы* (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір). *Азаттық жолы – азапты жол* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Әнді тонау – тарихты тонау* (Бекен Қайратұлы Халық әнінің тоналу тарихы //Егемен Қазақстан, 2018, 13 шілде).

«Осындай *толыққанды* тұлғалық қасиетке ие емес адамдар *толық отбасын* құра алмайды. *Жартыкеш отбасын* құрады, *жартыкеш* ұрпақ

тәрбиелейді. Жартыкеш отбасынан жартыкеш тәрбие алған бала Абай атамыз айтқандай, «не өзі адам боп жарытпайды, не ата-анаға жақсылық көрсетпейді...». Терендеп айтсақ: *тәрбиесіз өскен бала көршінің баласын бүлдіреді*, ол екінші көршінің баласын бүлдіреді, сөйтіп, бір ақымақтың кесірінен күллі ауыл-аймақ бүлінеді» (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз).

Мұндағы қайталаулар сол сөзге екпін түсіру, оқырманның назарын аударту үшін қолданылған. Соңғы мысалда қайталаулар үсті-үстіне қолданылғанын байқауға болады (Осындай *толыққанды* тұлғалық қасиетке ие емес адамдар *толық отбасын* құра алмайды. *Жартыкеш отбасын* құрады, *жартыкеш* ұрпақ тәрбиелейді. *Жартыкеш отбасынан жартыкеш* тәрбие алған бала; *тәрбиесіз өскен бала көршінің баласын бүлдіреді*, ол екінші көршінің баласын бүлдіреді, сөйтіп бір ақымақтың кесірінен күллі ауыл-аймақ бүлінеді). Мұнда Бекен Қайратұлы *толық, жартыкеш, бала, бүлдіреді* сөздерін қайталай отырып, әдемі өрнек түзген: *толық, жартыкеш* сөздерінен контекстік антоним жасаған, түбірлес сөздерді қайталаған: *бүлдіреді, бүлінеді; толық, толыққанды; тәрбие, тәрбиелейді, тәрбиесіз*).

Публицистердің дискурстарында отбасы, отбасы құндылықтарына ерекше мән берілген: *Отбасы – мемлекеттің өзегі* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Қоғамның да, мемлекеттің де тірегі – отбасы. Ал берекелі, өнегелі отбасын құру отағасы мен отананың қолындағы шаруа* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз). *Отбасынан өнегелі тәрбие көрген ұрпақ қоғамының ұстыны іспеттес* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша).

Сонымен қатар отбасының берекесін кіргізетін еңбек, оқу-білім, ғылым тақырыбына арналған сентенциялар да көп: *Жұмыс адамды ширықтырады, еңсені көтереді* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). *Еңбекпен келген дәм тәтті болады. Дәметуде дәм болмайды* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Ғылымға адам әртүрлі жолмен келеді. Біреу кәсіп іздейді, біреу нәсіп іздейді* (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. 7 (1421). 2018, 15-21 ақпан). *Ұлт жаппай еңбекқор болғанда ел еңсесі биіктейді. Ешкім ешкімге алақан жаймайды. Масылдық пизыл жоғалады. Сондықтан халқымыздың «Масыл болма, асыл бол!» деген ақ батасы кез келген қоғам мүшесінің қаперінде болғаны жөн* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Тілдік тұлғалардың қоғам, ұлт қамы, қоғам туралы сентенциялары да көптеп саналады: *Біртұтас ұлт болу, бәсекелік қабілетті арттыру, мәдени және сана ашықтығына ұмтылу, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлету, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік сияқты болмыс-бітімге қол жеткізу – ұлт мұраты* (Нұртөре Жүсіп Елбасының ұлттық идеясы // Егемен Қазақстан. 2017, 17 сәуір). *Қазақтың ежелден келе жатқан қалпы, ұлттық ұғымы Тәуелсіз заманда*

қайта жаңғыруы тиіс. Ол арзан көріністерден құралмауы керек (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). *Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласы, барлық Қазақстан азаматы үшін баға жетпес құндылық* (Нұртөре Жүсіп Ханда қырық кісінің ақылы болады // Айқын. 2019, 23 сәуір).

Сонымен, публицистердің сентенциялары қоғамды толғандырып жүрген көкейтесті мәселелерге арналған. Олар көбінесе қазақы дүниетанымға негізделіп, шариғат қағидаларына, мақал-мәтелдерге, Абай философиясына, ғұлама-ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа ала отырып түзілген. Оқырманын баурап әкететін экспрессивті бояуы жоғары. Сол себепті сентенцияларды мақал-мәтел ретінде қабылдауға болады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Концепт ақиқат болмыспен, адамдардың көзқарас, дүниетанымымен, ұстанымымен байланысты болады. Сондықтан концептіні екі жақты сипаттау қажет: бір жағынан, ол мәтінде сөз түрінде көрініс табатындықтан, лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді; екінші жағынан, адресант пен адресаттың ақпаратты қабылдауы, ойын түсінуі ескерелетіндіктен, когнитивтік тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Яғни мән – журналист – оқырман – мән коммуникативті тізбегі түзіледі. Автор діттеміне сәйкес журналистің айтайын деген ойын оқырман дұрыс түсініп, қабылдауы тиіс. Бұл жерде журналистің аялық білімі, ойын жеткізуі, тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуі ғана маңызды емес, сонымен қатар оқырманның ақпараттағы кодты дұрыс аша білуі, аялық білімі соған сәйкес болуы қажет. Тілдік тұлғаның тілін зерттеуде 1) концептілерді ортақ белгілеріне қарай жіктеу қажет; 2) концептілердің қалай көрініс тапқанын, концептуалды ойды қалыптастыруда публицист ғалам туралы білімін ғалам бейнесінің үзігі ретінде концептіге қалай жіктегенін айқындау қажет; 3) негізгі концептілерді анықтай отырып, идеялық-тақырыптық жіктелісін, публицистің аялық білімін нақтылау керек.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың концептілерін сөз еткенде концептуалды ұстанымдарын, қоғамдық-саяси, мәдениеттанымдық дүниетанымын ескеру қажет. Концептілерді қолданудағы мақсатын, діттемін айқындау қажет. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың негізгі концептілерін сипаттау арқылы журналистердің азаматтық ұстанымын, халықты неге үндегенін, нені мақсат ететінін түсінуге болады. Бұл орайда еліміз тәуелсіздік алуына байланысты қоғамдағы жаңару мен жаңғыру да ескеріледі. Публицистикалық концептіні зерттеуде 1) нақты дәйектер; 2) дәйек арқылы негізделген ғалам бейнесінің үзіктерінің концептуалдануы; 3) пресуппозиция (логикалық, экзистенциалдық, лингвистикалық); 4) концептідегі тілдік білім; 5) тілдік құралдар; 6) жазарманның мақсатына сәйкес тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу қабілеті ескеріледі.

Ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде зерттеуге негіз болған Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп,

т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселері тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жазылған. Бұл кезеңде еліміз егемендік алып, қоғамдық-саяси жаңалықтарға, өзгерістерге байланысты публицистикалық дискурс та жаңа серпінге ие болды, этос, логос, пафостың өзгеруіне байланысты қоғамдық санада да өзгерістер болды, Бұл кезеңдегі тілдік тұлғалардың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауы мен танытуында ұқсастық көп болды.

Тәуелсіздік алған кезеңдегі тілдік тұлғалардың дискурсында негізгі концептілер айқын көрініс тапқан. Бұл кезеңдегі публицистикалық дискурстағы негізгі концептілер ретінде «Қазақ», «Қоғам», «Тұлға» концептілерін атауға болады. Тілдік тұлғалардың ұстанымдары, көзқарасы, ұстанымдары осы концептілер арқылы көрінеді. Публицистикалық дискурстағы концептілерді тақырыптық топтарға жіктеуде бірқатар концептілер өзара тоғысатынын байқауға болады. Соған байланысты концептуалды құрылымында біртекті ұқсатулар да бар. Тілдік тұлғаның қалыптасуына үш түрлі экстралингвистикалық фактор ықпал етеді: әлеуметтік; ұлттық-мәдени; психологиялық факторлар. Біріншіден, кез келген тұлғаға әлеуметтік заңдылық әсер етеді. Екіншіден, ол – өзі шыққан этностың тарихи дамуы нәтижесі. Үшіншіден, оның уәждемелік бейімділіктері биологиялық қажеттіліктерінің, әлеуметтік және физикалық шарт-жағдайдың адамның психикалық сферасына (күйіне) ыңғайлануынан, икемделуінен туындайды.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында «Қазақ» концептісі мен «тұлға» концептісі сабақтаса, бір-бірімен тығыз байланыста өрілген. Халық жекелеген адамдардан құралатыны сияқты «халық» концептісінің құрамындағы бірқатар когнитивті модельдер жеке адамдарға, тұлғаларға тән болып келеді. Ондай модельдерге «Батагөй халық», «Шариғат жолымен жүруге тырысатын халық», «Сабырлы халық», «Үлкенін сыйлап, қадірлей білген халық», «Шүкіршілік ете білетін халық», «Аманатқа адал халық», «Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық», «Тапқыр халық», т.с.с. атауға болады. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға көбінесе өз ойын сентенцияға құрайды. Сол арқылы тілдік тұлға баяндалған оқиғаға қатысты өз пайымын білдіріп, оқырманына әсер етуге, сендіруге тырысады. Яғни сентенцияларды қолдануда публицистердің стратегия, тактикасы көрінеді.

3. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

3.1 Публицистикалық дискурстағы стратегия мен тактика

Публицистикалық дискурс семиотикасында прагматикалық аспектінің орны ерекше. Себебі онда тілдік тұлғаның сөйленімді қалай құрайтыны, адресат бейнесі, яғни оқырманның тілдік санасына әсері қарастырылады. Публицистикалық дискурсты зерттеуде сөйленім семиотиканың тілдік белгісі, таңбасы ретінде көрінеді. Мәтін түзуші соның көмегімен санасындағы дүниені тілдік құрылымға түсіреді. Бұл мәтін бөліктерін синтагмалық, парадигмалық бағытта зерттеуге мүмкіндік береді. Публицистің тілдік тұлғасын зерттеуде семантика (тілдің лексикалық қабаты), синтактика (мәтіннің құралуы), прагматика (коммуникативті діттем) ескерілуі қажет. Бұл орайда Ч. Моррис: «Отношение семиотики к наукам двоякое: с одной стороны, семиотика — это наука среди других наук, а с другой стороны, это — инструмент наук. Она изучает знаковую систему, но ее единицей является особый знак, обладающий особым, реляционным свойством, который он приобретает в функциональном процессе своего выявления. Такую функцию в тексте выполняет «высказывание», — дейді [122, 118-с.].

Публицистикалық дискурсты семиотикалық модель бойынша талдау мәтін авторының ойын, діттемін түсініп, сөзінің астарын түсінуге жол ашады. Семиотикалық тұрғыдан талдамайынша тілдік таңбаның мәнін түсіну мүмкін болмайды [123]. Себебі мәтінге түрткі болған жайттарды, тілдік тұлғаның діттемін, мақсатын, шынайы болмысты, экстралингвистикалық факторларды ескеру қажет. Семиотикалық талдау арқылы пресуппозицияны, тілдік тұлғаның аялық білімін, жағдаятты анықтауға болады, тілдік тұлғаның сөйленім түзудегі мақсаты антропоэлектік тұрғыдан сарапталып, адресант пен адресаттың қатынасы зерттеледі.

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын талдауда мәтіннің түзілуіне негіз болған мәтінге негіз болған факторлар, мәтіннің түзілуі, қабылдануы толыққанды ескерілуі керек. Мұнда сөйлеушінің аялық білімі, нені айтпақ болғаны, діттемі, қалай жеткізгені, т.с.с. ескерілуі керек. Осы орайда профессор З.Ерназарованың «Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асыратын, екі жақты әрекет жатыр. Әрекетті тудыру, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтау — сөйлеушінің мақсаты. Мақсатқа сай таңдалған құралдардан құрылған мәтінде немесе сөйлеу әрекетінің таңдалған түрінде жиі қайталанатын ерекшеліктер мен белгілер, стильдік қолданыс түрлері болады. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі бір стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады» деген пікірін толық құптаймыз [124, 17-б.].

Публицистикалық дискурсты концептуалдық тұрғыдан зерттеуде тілдік тұлғаның қандай дәйектерді пайдаланғаны, оны қалай жеткізгені ескеріледі. Сол арқылы публицистикалық дискурста дәйектің қалай көрініс табатыны – нақты дәйек – дәйектің мәтінге енгізілуі – дәйектің концептідегі денотативті ойға қатысы (мәтінге енгізудегі мақсаты) – дәйектің субъективті-модальдік тұрғыдан бағалануы (тілдік тұлғаның дәйекті негіздеудегі ұстанымы) – дәйек негізіндегі тілдік тұлғаның тұжырымы, ой қорытуы айқындалады. Профессор Қ.Есенова мәтінде прагматикалық ұстанымның жүзеге асуы туралы былай дейді: «Болмыстағы оқиғалар БАҚ арқылы реципиент санасында белгілі бір бейнеде көрініс табады. Осы бейненің қалыптасу жолдарын былайша көрсетуге болады: мәтін ақиқат болмыстағы қандай да бір оқиғаға, фактіге негізделеді; ол фактілерге қатысты материал іріктеледі; адресант ақпаратты іріктейді және оған өз субъективті бағасын береді; ақпараттың мәтін түрінде ұсынылуы үшін белгілі бір тілдік құралдар таңдалып, модельге түсіріледі, сөйтіп мәтін түзіледі; дайын мәтін реципиентке ұсынылады. Газет мақаласына арқау болған ақпарат бастапқы, пайда болған сәтінен оқырманға ұсынылғанға дейін осындай басқыштардан өтеді. Мұнда негізгі күш те, жауапкершілік те адресантқа (журналистке) түседі» [17,14-б.].

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын прагматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде 1) қоғамды толғандырған өзекті мәселені дөп басып таба білгенін байқаймыз, ол мақаланың тақырыпаттарынан да анық байқалып тұрады; 2) белгілі бір мәселеге қатысты оқырманға ой салып, зерделеуіне түрткі болады; оны сұрақтарды қолдануынан да көруге болады; 3) тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында ойына түздік болатын дәйектерді келтіру арқылы өз ойын нықтап, дәлелдеуге тырысады немесе қарсы пікірлерді келтіре отырып, өз ойын дәлелдеуге, оқырманның көзін жеткізуге тырысады; 4) тілдік тұлғаның ой тұжырымдарынан жағдаятқа қатысты ұстанымы, субъективті бағасы көрінеді. Осыған байланысты К.Ныязбекова: «Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары, ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан журналистер қауымын «ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар» деп тануға негіз бар екендігін ескертеді [125].

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында локутивті, иллюкутивті, перлокутивті актілерді орнымен қолдана білген. Соның нәтижесінде журналистердің өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға түрлі жаңалықты, ақпаратты жұртшылыққа жеткізуді мақсат ететіндіктен, онда фактуалдық ақпарат молынан беріледі. Мысалы: *Кеше елордада Халықаралық Түркі академиясының ұйымдастыруымен алдағы жылы атап өтілуге тиіс Алтын*

Орда мемлекетінің 750 жылдығына арналған іс-шара өтті (Ұлық ұлыс ұлықталды //Егемен Қазақстан, 2019, 1 қараша).

Жақында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен елордадағы Ұлттық академиялық кітапхана ұжымы бірлесіп, «Ұлы даланың ұлы есімдері: идеялар мен тағдырлар мұрасы» атты дөңгелек үстел өткізді (Ұлы дала есімдері ұлықталды //Егемен Қазақстан, 2019, 25 қазан).

Бұл ақпараттарды фактуальды (интеллектуалдық, дескрипті, объективті, концептуалды) ақпаратқа жатқызуға болады. Мұнда негізінен өтіп жатқан іс-шара жайында ақпарат беріледі.

Публицистикалық дискурста тілдік тұлға **коммуникативті стратегиясына** сәйкес сөз болып отырған іс-шараға, уақиғаға қатысын, ойын, көзқарасын білдіріп, реципиентке әсер етуді көздейді. Сол себепті ақпарат прагматикалық, бағалауыштық, субъективті сипат алады. Мысалы: *Алдымыздағы сенбі күні елорда төрінде күрес түрлерінен әлем чемпионаты басталады. Бұл Токио олимпиадасы қарсаңында ұйымдастырылып отырған лицензиялық мәртебесі бар ресми жарыс болғандықтан, күллі дүниеде күрестен үміті бардың бәрі қатысары анық. Қысқасы, алуан-алуан мықтылар бозкілемде белдесіп, білек қарымын танытар алапат айқас болайын деп тұр. Аталған жарысқа балуандармен қатар, құрметті қонақ ретінде ғалам мойындаған мықтылар да келіп, чемпионаттың нәрін кіргізіп, сәнін көркейтпек көрінеді. Соның бірі – адамзаттың алыбы, классикалық күрестен (грек-рим күресі) аса ауыр салмақта 3 дүркін Олимпиада, 9 дүркін әлем, 12 дүркін Еуропа чемпионы Александр Карелин* (Аты аңызға айналған //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Мұнда ақпарат жалаң берілмей, автордың осы шараға қатысты ұстанымы да білдірілген. Ол *елорда төрінде, ғалам мойындаған мықтылар, чемпионаттың нәрін кіргізіп, сәнін көркейтпек көрінеді, адамзаттың алыбы, алуан-алуан мықтылар бозкілемде белдесіп, білек қарымын танытар алапат айқас болайын деп тұр*, т.с.с. тілдік бірліктердің көмегімен берілген. Осындай экспрессивті бірліктерді қолдану арқылы журналист бұл шараны қолдайтынын, ұнататынын, тілектестігін білдіреді.

Сол сияқты «Егемен Қазақстан» газетінің 2019 жылдың 11 қыркүйегіндегі санында жарияланған «Отандастар қоры» үлкен мақсат жолында қызмет етеді» атты мақалада да автордың осы оқиғаны қолдайтыны байқалады: *«Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап атажұртқа әлемнің әр тарапынан миллионнан астам ағайын оралды. Ұлы дала еліне бет түзеген көштің тізгінін ұстаған азаматтардың қатарында қарапайым қазақтар, білімді жастармен қатар білікті мамандар да көп. Олардың бірі кәсіпте, енді бірі білім мен ғылым саласында еңбек етіп жүр. Қандастарымыздың әлі де тарихи Отанына көптеп оралары заңдылық. Осы орайда шетелдегі отандастарды қолдау туралы мемлекеттің бүгінгі атқарып жатқан жұмысы жайында «Отандастар қоры» КЕАҚ президенті, мемлекет қайраткері Нұртай Әбіқаевпен жүргізген сұхбатты ұсынып отырмыз*

(«Отандастар қоры» үлкен мақсат жолында қызмет етеді //Егемен Қазақстан, 2019, 11 қыргүйек).

Мақаланың тақырыпатынан-ақ («Отандастар қоры» үлкен мақсат жолында қызмет етеді) журналистің позициясы анық байқалады. Мақала авторы «Отандастар қорына», ісіне ризашылығын білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар сол шара бағытталған «атажұртқа әлемнің әр тарапынан миллионнан астам» азаматты да жоғары бағалап, субъективті ұстанымын білдіреді. Оған *Ұлы дала еліне бет түзеген көштің тізгінін ұстаған азаматтар, білімді жастар, білікті мамандар, миллионнан астам ағайын*, т.с.с. бағалауыштық тілдік бірліктердің қолданылуы дәлел. Бұл орайда журналист нысанға алынып отырған субъектілерді мақсатты түрде *ағайын, Ұлы дала еліне бет түзеген көштің тізгінін ұстаған азаматтар, қарапайым қазақтар, білімді жастар, білікті мамандар, қандастарымыз, отандастар* деп атайды. Олардың Қазақстанға келуін атажұртқа әлемнің әр тарапынан миллионнан астам ағайын оралды, Ұлы дала еліне бет түзеді, тарихи Отанына көптеп оралуы, т.с.с. түрінде сипаттайды. Әсіресе *ағайын, қандастарымыз* түрінде (тәуелдік категориясының бірінші жағында) беруі автордың атажұртына келген азаматтарға іш тартуы, өзіне жақын тартуы, туысына балауы өзім/өзге оппозициясы тұрғысынан алғанда да автордың субъективті көзқарасын, прагматикалық ұстанымын білдіреді.

Оқырманға ақпарат жеткізуге бағытталған мәтіндер дескриптивті сипатта келсе, прагматикалық бағыттағы мәтіндерінде субъективті байыптауы көрінеді. Публицистік дискурстағы тілдік тұлға ақпарат құралдарының бұл қызметін терең түсініп, ұтымды пайдалана білген.

Сонымен қатар осы мақаламен мазмұндас «Қиырдағы қазақтың әлеуетін қалай көтереміз?» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 қыргүйек) атты мақалада автор баяндауында **номинативті және прагматикалық функцияны** шебер үйлестіре білген: «Отандастар» қоры КЕАҚ вице-президенті Мағауия Сарбасов мырзаның айтуынша, ең әуелі диаспораны мемлекеттік қолдау туралы құжат дайындалып, соның негізінде «Қазақ картасын» енгізу көзделуде екен. Мұндағы мақсат – іштегі һәм сырттағы қандастар жайлы барлық ақпарды шоғырландырып, елге оралған немесе оралушы ағайындарға ақпараттық, құқықтық кеңес беру, қажет жағдайда көмек көрсету мәселесін шешу ісі күн тәртібіне қойылмақ. Бұл жұмыстар «бір терезе» қағидасы арқылы – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және Ішкі істер министрліктерінің жұмыстарын үйлестіру арқылы іске аспақ.

Келесі бір іргелі жоба – шетелдегі қазақтар үшін «Qazaq úi» және «Абай» мәдени орталықтары, «Атамекен» іскерлік үйлерін ашу. Осы арқылы сырттағы қандастарымызға қазақ ұлтының қадір-қасиетін, салт-дәстүрін бойына сіңіруге жол ашылмақ. Сондай-ақ қор бизнес және инновацияларды дамыту бағытын көздейтін «Saýda» штабы арқылы қазақ диаспорасы мен қазақстандық бизнес өкілдерінің іскерлік байланыстарын орнатуға ықпал етпекші. Осы ретте «Отандастар» бизнес инкубаторы арқылы ұлттық нақыштағы өнім өндірушілерді қолдау, қандастар арасынан шыққан дарынды

кәсіпкерлердің бизнес-идеялары мен инвестициялық жобаларына қолдау көрсету, т.б. шаралар бар. Бұл жұмыстар шетелдерде құрылатын «Атамекен» қазақ іскерлік үйі желісі негізінде «Самұрық-Қазына», «Қазақ туризм», «Қазақ инвест», «Атамекен» палатасы сияқты қаржы институттарының араласуымен атқарылмақ.

Мәтінде журналист **коммуникативтік стратегиясын** стильдік тұрғыдан арнайы тілдік бірліктер арқылы (*елге оралған немесе оралушы ағайындарға ақпараттық, құқықтық кеңес беру, қажет жағдайда көмек көрсету мәселесін шешу ісі күн тәртібіне қойылмақ, сырттағы қандастарымызға қазақ ұлтының қадір-қасиетін, салт-дәстүрін бойына сіңіруге жол ашылмақ, ұлттық нақыштағы өнім өндірушілерді қолдау, қандастар арасынан шыққан дарынды кәсіпкерлердің бизнес-идеялары мен инвестициялық жобаларына қолдау көрсету, т.с.с.*) бере білген. Яғни тыңдарманға нақты ақпарат берілумен қатар автордың соған қатысты өзіндік ұстанымы, көзқарасы айқын көрінеді.

Публицистикалық дискурста тән **оқырманды сендіру, иландыру стратегиясын** мақсат еткен журналист мақалаларында дәйекке жиі жүгінеді. Дәйек – танымның алғашқы сатысы. Әрі қарай дәйекті талдай отырып, оқырманға әсер ететіндей, көңіл күйіне ықпал етіп, соған сендіруге бағытталған әрекеттер орындалуы керек. Дәйекті бақылап, ой түю, ой қорыту нәтижесі ретінде ғана келтіру жеткіліксіз, келтірілген дәйек негізінде оқырманның көзі ашылып, сенуі керек. Дәйек негізінде айтылған ақпаратқа иландырып, ықпал ету қажет. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында жағдаятты талдап, дәйек келтіру арқылы оқырманның өзі тұжырым жасауына негіз қалайды.

Дәйек прагматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізілген жағдайда **тіл – идеология – дүниетаным – шындық төрттігінен құралған стратегия** жүзеге асады. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында бұл стратегияны іске асыра білген.

Журналист дәйек ретінде **бірнеше тактиканы қолданады.**

1. Фотосуреттерді көп пайдаланады. Жоғарыда сөз болған Абылай ханның хаттары туралы баян еткен мақаласында хаттардың түпнұсқа суреттерін берген (Ә қосымшасы). «Тұрардың Қытайға құпия сапары» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 2019, 16 тамыз) да қайраткер бейнеленген, тақырыпқа қатысты мазмұнды суреттер келтірілген. «Еңбекші қазақ» басқармасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан) атты мақаласында журналист суреттің «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 27 қараша күнгі №272 санында жарияланғанын айта келіп, суреттің астына адамдардың аты-жөні, кімнің қандай міндет атқаратыны жайлы да ақпарат берілгенін тілге тиек етеді. Суретте қызметкерлердің аты-жөні лауазымдық міндетіне қарай жазылғанын ескерте келіп, зерттеуші Тілекқабыл Боранғалиұлының еңбектерін пайдалана отырып, адамдарды отырған ретіне қарай атайды. Әрине, мұндай дәйектер тарихшы ғалымдар үшін де, жалпы көпшілік үшін де өте маңызды.

«Жазықсыз жазаланған журналистер» (Егемен Қазақстан, 2019, 21 қараша) атты мақаласында 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің Қызылордадан Алматыға көшіп келген ұжымы бейнеленген сурет берілген. Суретте 1937-1938 жылдары жазықсыз жазаға ұшырап атылған азаматтардың бет-әлпеті сызылып тасталғанын да айтады. Мұндай суреттер ең мықты дәйек болумен қатар оқырманына көп мағлұмат беретіні түсінікті. Әрі журналистің сөзі дәйекті, шынайы екенін де білдіреді.

2. Статистикалық мәлімет жиі қолданылған. «Жылқыға төнген зауал» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан) атты мақаласында: «Қысқасы, қазақ даласында 1916 жылы 4,3 млн жылқы болса (1928 жылғы КСРО атласы құжаттамасынан). 1940-жылдың басында 1 млн-ға жетер-жетпес жылқы қалыпты. Бұл жылқылардың 30 пайызын екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда зеңбірек сүйретуге майданға аттандырды», – деп нақты дәйектер келтіреді.

«Ұлттық спорт үздіктері анықталды» (Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан) атты мақаласында Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының атқарушы директоры Нұрсұлтан Ибрагимовтың сөзін негізге ала отырып, көкпардан 2 халықаралық, 4 республикалық жарыс, 2 республикалық турнир; аударыспақтан 1 халықаралық, 5 республикалық жарыс, 2 республикалық турнир; теңге ілуден 1 халықаралық, 4 республикалық жарыс, 1 республикалық турнир; жамбы атудан 6 халықаралық, 4 республикалық жарыс, 1 республикалық турнир; бәйге түрлерінен 1 республикалық жарыс, 2 республикалық турнир; құсбегіліктен 1 халықаралық, 3 республикалық жарыс, 1 республикалық турнир өткізілгені, яғни, спортшыларымыз осы жылы 13 халықаралық, 22 республикалық жарыс пен 9 республикалық турнирге қатысқаны туралы дерек келтіреді.

«Үржарда туып, Ұлан-Батырда атылған қазақ» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан) атты мақаласында Ұлан-Батыр қаласында қазақ тілінде жарық көрген «Нәубет құрбандары» атты кітаптағы деректерді негізге ала отырып, 1938-1950 жылдар аралығында атылған немесе қандай да бір жаза жүктеген 1250-ге жуық моңғолиялық қазақтардың аты-жөні жарияланып, тізімде 1239-ыншы болып «Чокоманов Махмуд (т)» деген адамның есімі тұрғанын ескертеді де анықтамалықтан «1917 жылы Қазақстанның Семей облысы, Үржар ауданында туған. Өмірінің көбі Шығыс Түркістанда өткен. 1944 жылы 27 ақпанда моңғол шекарашыларының қолына түсіп, Қобда қаласында сегіз ай тергеуде жатқан. Осы жылдың қазан айында Ұлан-Батыр қаласына жөнелтіліп, қатаң бақылауға алынған. 1951 жылы 7 сәуір күні тұтқындалып, 29 маусымда арнайы комиссияның №2 бұйрығымен ату жазасына бұйырылған. 1991 жылы 6 желтоқсанда Жоғары сот әкімшілік кеңесінің 184-ші кепілдемесімен ақталған» деген дерек келтіреді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қандай да бір ақпаратты беруде сол мәселеге тікелей қатысы бар, сол іспен айналысушы адамдармен тілдесіп, сөздерін негізге алады. Мысалы, «Қандастарға қамқорлық (Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде) атты мақаласында автор:

«Оның («Отандастар қоры» КЕАҚ президенті Н. Әбіқаев – Г.Е.) айтуынша, қор алғаш ашылған 22 сәуірден бастап, бүгінге дейін 1640 қандасымыз хабарласыпты. Одан бөлек қоғамдық қабылдауға түрлі мәселелермен 1587 адам келген. Орталық қызметіне жүгінген қандастардың жалпы саны 3227-ге жеткен. Сондай-ақ қор оралман мәртебесінің мерзімі өтіп кеткен 1300 адамға жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алуға көмек көрсетіпті. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен мүшәйра, терме, қолданбалы өнер, ұлттық әндер аталымы бойынша жыл сайын «Қасиетті қазақ елі» халықаралық өнер фестивалін өткізу дәстүрге айналууда екен.

Мұндай қолданыс басқа публицистердің дискурсында да жиі кездеседі: *Бір жылдан кейін Қабиболла Сыдиықұлы құрастырып шығарған «Ақберен» жинағына да елдің жаппай аңсары ауды. Бұл турасында белгілі қаламгер, әдебиет зерттеушісі Өтеген Оралбаев: «Ақжолтай «Алдаспанға» ерген «Ақберен» ұлттың өзін өзі танудағы жаңа бір белесі болып есте қалды», – деп жазды (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір).*

Бір жылдан кейін Қабиболла Сыдиықұлы құрастырып шығарған «Ақберен» жинағына да елдің жаппай аңсары ауды. Бұл турасында белгілі қаламгер, әдебиет зерттеушісі Өтеген Оралбаев: «Ақжолтай «Алдаспанға» ерген «Ақберен» ұлттың өзін өзі танудағы жаңа бір белесі болып есте қалды», – деп жазды (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір).

2. Сөзін дәйекті ету үшін публицист ғалымдардың, зерттеушілердің сөзін негізге алады.

«Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша) атты мақалада психопедагогтардың «Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы. Өйткені сәби бала көзін ашып көргенін қайталаумен тәрбиеленеді. Отбасында рухани-имани дұрыс тәрбие көрген бала қоғамға пайдалы. Ол өз ісіне ие, сенімді, жігерлі болып өседі. Ал алдау, арбауға ұшырап, қағажу көріп өскен бала жігерсіз, сенімсіз, іс-әрекетте тұрақсыз болады» деген сөзін келтіреді.

Сол күні белгілі генетик ғалым, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбай біздің әріптестерімізге сұхбат беріп, өзі ашқан жаңалықты егжей-тегжейлі түсіндіріп жатты. Сынақтан соңғы радиация кез келген организмге залал келтіретініне дау жоқ-ты. Оның үстіне тұқым қуалау жыныс клеткалары арқылы жүретіні де белгілі. Сондықтан ғалымдар қауіпті кеселдің бірінші ұрпаққа әсер етуі мүмкін екенін айтады (Бауыржан Омаров Генетик //Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз).

«Тұлғаға тағзым жасалды» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан) деген мақаласында публицист тарих ғылымдарының докторы, академик Мәмбет Қойгелдиевтің «Смағұл – XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі күрделі кезеңнің ұлы тұлғасы. Оның идеясы, ұстанымы болашаққа үлгі. Ол ең әуелі, сол тұста жаңадан бекіп келе жатқан тоталитарлық жүйеге ашық

қарсы шықты. Егер оның идеясы жеңіске жеткенде отызыншы жылдардағы қырғын болмайтын еді. Болашақта зиялылар тарапынан Солтүстік Қазақстан облысы аумағында бір ауданға көрнекті қайраткердің есімін берсек деген ұсыныс көтерілуде. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласындағы №78 орта мектепке Смағұлдың есімі берілмек. Оның артында қалған мұрасы өте құнды. Ел оны білуі керек» деген сөзін дәйек ретінде келтіреді.

Сөйлеуші, пікір білдіруші субъектінің статусын, беделін көрсету, яғни коммуникатордың әлеуметтік образы арқылы да публицист айтылып отырған сөздің қаншалық дәйекті екенін көрсетеді. Журналист сол саланың мамандарын, ғалымдарды (тарих ғылымдарының докторы, академик Мәмбет Қойгелдиев, қазақтың қабырғалы қаламгері Қалихан Ысқақов, антрополог-академик Оразақ Смағұлов, т.с.с.) сөзге тартады. Мысалы: «Жылқыға төнген зауал» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан) атты мақаласында қазақтың қабырғалы қаламгері Қалихан Ысқақовтың жазбасына сүйенеді: «Біздің елде өткен ғасырдың 30-жылдары ел асыраған зиялы азаматтарының бірде-бірінің қазір елде зираты жоқ. Сол жылдары колхоз ұйымдастырамыз деп, белсенділер бытырап жүрген елді бір жерге жинағанымен, түн ішінде жүктерін артып алып, жан-жаққа қашып кетеді екен. Халық әлі тұрақтанып болмаған, киіз үйде отырған Қаратай елін күндіз әкеліп бір жерге қамаса, түнде үйлерін жығып алып Қытай асып, Моңғол асып кете берген. Содан аудан бойынша әлгі белсенділер «маңқа» болды деп, жұрттың жылқысын жиып алып, әр ауылдың тұсына ор қаздырып, пулеметпен түгін қалдырмай қырып тастаған. Одан кейін соғыс келді. Он сегіз бен қырықтың арасындағы жастардың бәрі майданға аттанды. Ал қырықтан асқандардың бәрін «труд армияға» алып кетті. Содан біздің өлке «жетімдер мен жесірлердің өлкесі» деп атанды».

Журналист бұл орайда тұлғаны сипаттауда әлеуметтік статусын, атақ-дәрежесін айтып қана қоймай, қайраткердің еткен еңбегін, қосқан үлесін де нақтылайды. Мысалы: «Сонымен қатар тағзым кезінде *филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, қоғам қайраткері, республикалық «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының төрағасы Сабыр Қасымов, смағұлтанушы-академик, Ресей елінен марқұмның күлін туған топырағына жеткізген азамат* Дихан Қамзабекұлы қатарлы ғалымдар сөз сөйлеп, Алаш арысының сан қырлы болмысы жайлы баяндады (Бекен Қайратұлы Тұлғаға тағзым жасалды //Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан).

Журналист дәйек ретінде ғалымдардың, көрнекті тұлғалардың сөзін келтіруде **бірнеше тәсілді қолданады**: бірде сөйлеушінің сөзін түпнұсқа қалпында, төл сөзбен берсе, енді бірде өз сөзімен төлеу сөзге айналдырады. Мысалы: «Сондай-ақ тың туындылар авторының замандасы, мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді: «Халықтың тарихын білмей келешекті бағамдай алмайсыз. Бүгінгі тұсауы кесіліп отырған кітаптар ұлтымыздың рухани қазынасына қосылған үлкен еңбек», – десе, келесі кезекте сөз тізгіні бұйырған Парламент Мәжілісінің депутаты Сауытбек Абдрахманов өз сөзін жазушы Ә.Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен –

кітапхана» деген тағылымымен бастап, тұсауы кесіліп жатқан қос кітаптың авторы Мырзатай Жолдасбековтің тұлғасын шығармашылық һәм қайраткерлік жағынан талдап түсіндірді. Депутат мырзаның пайымынша М.Жолдасбеков әуелі Орхон жазуларын жаңашалап канондық текст жасай алды. Екіншіден, тәуелсіздік идеологиясын Елбасымен бірге жүргізе білді, үшіншісі – бүгінгі екі кітап. Әсіресе «Қорқыт Ата кітабы». Эпостың интеграциясы оғыз-қыпшақ ажырамаған тұста Сыр бойында туған. Кейінгі редакциялары Әзербайжан топырағында жетілдірілген. Бұл үлкен тарихи миссияның орындалуы. Биыл Қорқыт атаның 1320 жылдық мерейтойы. Туындының поэтикалық лебі, көркемдігі ең бастысы ескі сарынның сөз саптауы өте жақсы сақталған» (Бекен Қайратұлы Даралап Ұлы дала ұлағатын // Егемен Қазақстан. 2019, 21 қазан).

Мұндағы мақсат – тындарманын фактілердің тасқынына қалдырып, басқалардың сөзін үсті-үстіне беріп, жалықтырып алмау үшін, стильдік қайталаулардан бас тартып, дәйектердің берілуін де өзгертіп отырған.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында адресат факторын ескере отырып, дәйек келтіруде бірнеше тәсілді шебер үйлестіре біледі. Бұл ойымызға дәлел ретінде «Егемен Қазақстан» газетінің 2019 жылғы 21 қазандағы санында жарық көрген Бекен Қайратұлының «Даралап Ұлы дала тұлғаларын» атты мақаласындағы баяндау сипатын алуға болады: «Айта кетейік, маңызды басқосудың модераторы, тарихшы-ғалым, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі аталған тұсаукесерге Ұлы дала мұрасына құрметпен қарайтын тұлғалар және ежелгі түркінің ұрпақтары жиналып отырғанын көпшілікке ризашылықпен жеткізіп, қос туындының бірі «Ұлы Дала әдебиеті» кітабы Халықаралық Түркі академиясының қолдауымен жарық көргенін жеткізді.

Осылай жақсы жаңалық естіп, қанаттанған қауым қос туындының авторы Мырзатай Жолдасбековтің өзекжарды пікіріне құлақ түрді.

– Қорқыт ата – барша түркі жұртына ортақ VIII ғасырда өмір сүрген тұлға. Сол себепті оның мұрасын Түркия, Әзербайжан, Түрікменстан ғалымдары терең зерттеуде. Бұл үрдістен қазақтар да қалыс қалған жоқ. Үлкен ғалымдар М.Әуезов, Ә.Марғұлан, т.б. Қорқыт жырына назар аударды. Батырлық жырлар жинағы болып табылатын абыз мұрасы XIV-XV ғасырларда Анадолы топырағында жинақталып, кітапқа айналған. Бұл туынды әлемге «Қорқыт Ата кітабы» деген атпен танымал. Осылардың ішінде бүгінге жеткен жырдың екі нұсқасы ғылымға белгілі. Соның бірі – Ватикан кітапханасында түрік жазбалары қорында сақталған, көлемі 107 парақ. Бұл нұсқа 6 жырдан тұрады. Тілдік тұрғыдан осман-түркі тіліне жақын әрі жыр мәтіндеріне қареке (белгі) қойылған. Ал мына тұсауы кесіліп отырған алдарыңыздағы кітап оғыз-қыпшақ тілінде жазылған Дрезден нұсқасының қазақша транскрипциялануы. Туынды сөздігімен қоса қазіргі тілімізге ыңғайластырылған. Бұл істі Гүлім Шәдиева қарындасымызбен бірлесіп 4 жылдың ішінде атқарып шықтық, – деген ғалым ағамыз «Қорқыт ата кітабын» аударудағы басты ерекшеліктерге тоқталды. Соның ең біріншісі –

түпнұсқа факсимилесін оқып, транскрипциясының жасалуы. Екінші ерекшелігі – алдыңғы транскрипцияларда басқаша оқылған күмәнді сөздерді қайта қарап, оған жаңаша түсініктеме берілгені, үшінші ерекшелік – жырдағы қыпшақ элементтеріне баса назар аударылды. Төртінші ерекшелік – сөздік құрастыру барысында тарихи-салыстырмалы тіл зерттеулері үшін ғана емес, этнолингвистикалық, этнографикалық зерттеулер үшін де маңызды дүниелер жасалды» (Бекен Қайратұлы Даралап Ұлы дала ұлағатын //(Егемен Қазақстан, 2019, 21 қазан).

Бұл мәнмәтінде журналист модератор қызметін атқарған тарихшы ғалым, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлінің сөзін төлеу сөзге айналдырса, қос туындының авторы Мырзатай Жолдасбековтің сөзінің біраз бөлігін түпнұсқа күйінде береді. Алайда ғалымның бүкіл сөзін толық беру арқылы оқырманды жалықтырып жіберетінін түсінген журналист ғалымның сөз сөзімен баяндап, төлеу сөзге айналдырады да басты ерекшеліктерін санамалап көрсетеді. Ол үшін *бірінші ерекшелік, екінші ерекшелігі, үшінші ерекшелік, үшінші ерекшелік* сияқты тіркестерді қолданады.

Одан әрі қарай публицист нақты фактілерді өз сөзімен баяндауды жөн көреді: «Аталмыш кітап бұған дейін де қазақ тіліне аударылған. Алғаш рет 1986 жылы әдебиетші ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен М.Байділдаев орыс тіліндегі нұсқа бойынша қазақшаласа, кейінгі жылдары фольклортанушы Ш.Ыбыраевтың басшылығымен бір топ ғалымдар түрік тіліндегі нұсқасынан қазақшалаған екен. Ал мына кітаптың өзгешелігі – түпнұсқадан кең мағыналы түрде түсіндірілуінде», «Сөзінің соңында ғалым ұзақ жыл айналысқан әдеби зерттеулерін толыққанды түрде шығарып берген Халықаралық Түркі академиясының басшысы Дархан Қуандықұлы мен екінші туынды «Қорқыт Ата кітабына» демеушілік жасаған Болат Жәмитұлына көпшіліктің алдында зор алғысын білдірді».

Ал кітап авторының тебіреніске, толғанысқа толы сөзін өзгертпестен, сол қалпында төл сөзбен береді: «Сондай-ақ туындыны қазақшалауға бұған дейін ежелгі көк түріктерден жеткен мұра Орхон ескерткіштерінің жыр мәтінін қазақшалаған тәжірибем көп көмегін тигізді. Өйткені Орхон мұралары өзіне дейінгі мың жылдықтар тарихын бойына сіңірген аса құнды қазына. Қорқыт мұрасы да осы үрдіспен сабақтасып жатқандықтан тәңір қолдап, жұмыс оң шешімін тапты», – деді М.Жолдасбеков.

Автор сөзі ретінде *dedi* етістігінен бөлек *көпшілікке ризашылықпен жеткізіп, жарық көргенін жеткізді, көпшіліктің алдында зор алғысын білдірді*, т.с.с. тіркестерді пайдаланады. Сондай-ақ ақпараттың жеткізілуін адресант тұрғысынан (берілуі, жеткізілуі) ғана емес, реципиенттің қабылдауы тұрғысынан да сипаттайды: *Осылай жақсы жаңалық естіп, қанаттанған қауым қос туындының авторы Мырзатай Жолдасбековтің өзекжарды пікіріне құлақ түрді*.

Бекен Қайратұлы сөз субъектісінің беделін көрсетумен қатар ол сөздің қандай басылымда жарияланғанын нақтылау арқылы аргументацияны

күшейте түседі. Ғалымның ауызша сөзін немесе біреуден естіген сөзін келтіріп отырмағанын, нақты дереккөздерді келтіре отырып публицист ғылыми стильдің тәсіліне жүгінеді: «Көрнекті ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметов 2001 жылы «Парасат» журналының 9-санында жарық көрген «Рухани кәмпеске» атты мақаласында: «...Аса қатерлі мәселенің бірі – қазақ ұлтын жер бетінен тұтас жоғалтып жіберіп, олар жайлаған ұлан-байтақ, бай өлкені босату үшін жоспарлы бағдарламалар да болған. Бұл Ресейдің жеті қат жер астында сақталатын мемлекеттік құпиясы. Сондықтан ол құжаттарды ешқашан қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз» деп жазыпты.

Публицистикалық стильдің **ықпал ету, иландыру тактикасына** байланысты журналист бұл ақпаратқа қатысты өз ойын білдіре отырып, өз ойын әрі қарай сабақтастырады, ол үшін арнайы тілдік құралдарды (расында) пайдаланады, қосымша фактілер келтіреді: «Расында, ғалым ағамыздың жоғарыда айтқан пікірімен келіспеу мүмкін емес. Кеше ғана күні батқан Кеңес дәуірінің өзінде қазақты орыстандыру саясаты патша кезіндегі «ұлттар мен ұлыстардың бірігуі» (слияние нации и народностей) атты ұранның өңін сәл өзгертіп «халықтар достығы – интернационализм» деген желеумен жалғастырды. Мысалы, 1926 жылғы санақтың қорытындысы бойынша Кеңес билігі орнағанда одақ көлемінде 194 ұлт пен ұлыс өмір сүрген болса, одақ құлағанда солардың тең жартысы жер бетінен жойылып кетіпті. Аман қалғандардың бірі – қазақ («Рухани кәмпеске» //(Егемен Қазақстан, 17 қазан). Сол арқылы айтылып отырған сөзге, ақпаратқа оқырманын сендіріп, ойын нықтай түседі.

3. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында дәйек ретінде дінімізден, салт-дәстүр, ауыз әдебиет үлгілерінен мысал келтіреді.

«Уәдеге берік бол!» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан) атты мақалада дінімізде уәдеге аса маңыз берілгенін, «Құранда» уәдеге қатысты бірнеше аят бар екенін ескерте келіп, «Исра» сүресінің 34-аятынан, пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисінен, мұсылман ғұламаларының тәпсірлерінен келтіреді. Сонымен қатар атам қазақтың уәдеге қатысты «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, емен ағаштың иілгені – сынғаны» немесе «Айтылған сөз атылған оқпен тең» деген сөздерін (мақал-мәтел) дәйек ретінде алады.

Тілдік тұлғаның өзіндік ғалам бейнесі мифологиялық, діни прецедентті мәтіндерден ғана құралмаған. Онда отандық, шетелдік әдебиеттің сипаттары да бар. Сонымен қатар қазақтың дүниетанымымен, салт-дәстүрімен де байланыстырады: «Көшпенділер ұғымында адамның адамгершілігі оның уәдеге беріктігімен, басқадан артықшылығы уәдесін орындай алатын мықтылығымен өлшенген. Яғни, уәденің өмірдегі маңызы жайлы ескіден жеткен:

Жерден жердің несі кем?

Егін шықса, гүл өссе.

Ерден ердің несі кем?

Уәдесін үде етсе, –

деп келетін мағыналы жыр шумағы бар. Сол сияқты ел арасында көп айтылатын қара өлең жолдарында «Қош бол, сәулем, көргенше, Қайта айналып келгенше, Уәдеңе берік бол, Мен сендікпін өлгенше» дейтін де тіркес бар. Мұның бәрі ежелгі қазақ қоғамында уәде ұғымының мән-маңызы өте зор болғанына айғақ».

Публицист өз тұжырымын қазақтың аңыздарынан мысал келтіре отырып та дәйектейді: «Бірде Қырым билеушісі Мамай ел ішін бүлдіргені үшін ноғайлының Ақпанбет батырын өлтіріп, жұртын ойрандайды. Ақпанбет өлерінде үзеңгілес серігі кегенес Кен Жанбайға адам шаптырып: «Жалғыз ұлым Тастемірді өлімнен құтқарсын» деп одан ақыреттік уәдесін сұратады. Уәде алған Кен Жанбай батыр хан жасағының алдынан шығып Ақпанбеттің ұлына сауға сұрайды. Мамайдың қаһарынан қорыққан жасақ басшысы көнбейді. Ақыры ақырет уәдесін орындау үшін Кен Жанбай егіз ұлының сыңары үш жасар Жанұзакты досының ұлының орнына өлімге беріп, Тастемірді құтқарып уәдесін орындапты (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан).

Бұл орайда Бекен Қайратұлының қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін көп білетіні, шебер пайдалана білетіні аңғарылады. Мақаланың соңында автор: «Өте ертеде қолы қарулы жігіт бір адамды байқаусызда өлтіріп қояды. Өлген адамның туыстары қазыдан «қанға қан» үкімін сұрайды. Жігіт айтады: «Алыста тұрушы едім, жақындарыммен қоштасайын, қарыздарымды жабайын. Үш күнге мұрсат берсеңіз». Қазы көпшілікке қарап: «Бұған кепіл болатын адам бар ма?» дейді. Ешкім үндемейді. Сол кезде бір қария шығып: «Мен кепіл боламын. Ол келмей қалса, менің басым алынсын» дейді. Ел-жұрт аң-таң, өйткені бұл қария ана жігітті танымайды.

Арада үш күн өтеді. Уәделі күні елдің бәрі жаза алаңына жиналады. Өлгі кісі өлтірген жігіт жоқ. Жұрт біткен оның жолына қарап тұр. Бірақ ешкім көрінбейді. Ел «жігіт өтірік уәде берген екен, мына қарияға обал болатын болды-ау» деп ойлайды. Бір кезде көпшілік алыстан қара терге түсіп жүгіріп келе жатқан жігітті көреді. Оның уәдесінде тұрғанына бәрі таңғалады. Жігіт айтады: «Елім алыс болғандықтан уақыттан кешіктім, бірақ бәріне үлгердім, енді өлімге дайынмын». Уәдеден таймаған азаматқа ел риза. Жағдайға қаныққан өлген адамның туыстары да «біз кешірдік» дейді.

Қазы көпшілік алдында өлім жазасы үкім етілген жігіттен: «Сен өлетініңді біле тұрып келдің, неге қашып кетпедің?» дейді. Ол: «Мен уәдемде тұрмасам, кейін мұсылмандар арасында уәденің құны жойыла ма деп қорықтым» дейді. Қазы қарияға бұрылып: «Сіз бұл адамды танымай тұрып неге кепіл болдыңыз?» дейді. Ақсақал: «Кейін мұсылмандар арасында уәдеге сенушілік әлсірей ме деп қорықтым» депті. Уәдеге берік болайық, ағайын!» – дейді.

Публицистиканың **ықпал ету стратегиясын** негізге алған журналист мақаласында діттеміне (интенциясына) жеткен. Мақаланың тақырыпаты да, соңғы тұжырымы да (реплика) мәндес. Мақаласын «Қазақта бұрыннан келе жатқан «Уәде – құдай аты» дейтін өте мәнді тіркес бар. Неге мәнді? Өйткені

уәде бұзылып, оның қоғамдағы рухани һәм имани құндылығы әлсіреген жерде береке қашады. Өйткені уәде дегеніміз – қауымды берекесіздіктен сақтайтын әрі адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынасты бұзбай ұстап тұратын мызғымас ұстын», – деп бастаған журналист эпилемманы тиімді пайдалана білген. Яғни «Қазақта бұрыннан келе жатқан «Уәде – құдай аты» дейтін өте мәнді тіркес бар» деген тұжырым жасайды да шегініс жасап: «Неге мәнді?» деген сұрақ қояды. Кейін оның бірнеше уәжін көрсетіп, ойын дәлелдейді: «Өйткені уәде бұзылып, оның қоғамдағы рухани һәм имани құндылығы әлсіреген жерде береке қашады. Өйткені уәде дегеніміз – қауымды берекесіздіктен сақтайтын әрі адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынасты бұзбай ұстап тұратын мызғымас ұстын». Бұл тұрғыдан алғанда, Бекен Қайратұлының риторикалық тәсілдерді шебер меңгергенін, орынды пайдаланғанын көреміз.

Публицистикалық тілдік тұлғаға әмбебаптық сипат тән [126]. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақ тілінің сөздік қорын терең меңгерген, сөздерді орнымен жұмсай білетін сөз зергері, ауыз әдебиетінің мол мұрасын игерген, тарихтың тереңіне бойлай білетін, ислам дінінің білгірі ретінде көрінеді. Білікті журналист ретінде сөз етіп отырған мәселесін жан-жақты ашуға тырысатыны байқалады. «Темекінің тауқыметі» (Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша) атты мақаласында публицистикалық тілдік тұлға анатомия, физиология, медицина, химия, физика, т.с.с. көптеген салалардың маманы ретінде көрінеді. Мысалы: «Жоғарыдағы зерттеу қорытындысына қарағанда: темекі адамның тәбетін қашырады, ас қорытуды нашарлатады, асқазанда жара, ерін, тіл және өңешке қатерлі ісік ауруын тудырады, дененің инсулин бөліп шығару қабілетін азайтып, диабет ауруына ұрындырады, ми қызметінің қалыпты ырғағын бұзады, жүрек ауруына бірден-бір себеп, көздің көруі нашарлайды, бет-жүзге әжім ерте түседі, тез қартайтады, тіс ерте түседі, операциядан кейінгі жара жазылмай әурелейді, есте сақтау қабілеті төмендейді, тамырды қатайтады, т.б. дерт түрлері темекі тарту себебінен болатыны анықталып отыр»...

Мақалада адамның тәбетін қашырады, ас қорытуды нашарлатады, асқазанда жара, ерін, тіл және өңешке қатерлі ісік ауруын тудырады, дененің инсулин бөліп шығару қабілетін азайтып, диабет ауруына ұрындырады, ми қызметінің қалыпты ырғағын бұзады, жүрек ауруына бірден-бір себеп, көздің көруі нашарлайды, бет-жүзге әжім ерте түседі, тез қартайтады, тіс ерте түседі, операциядан кейінгі жара жазылмай әурелейді, есте сақтау қабілеті төмендейді, тамырды қатайтады, т.с.с. сияқты аурудың симптомдары; жатырындағы жұмыртқа жасушалары, мутация тудырады, ақыл-есі кемістікке ұшырауы мүмкін, оттегі, іштегі балаға оттегімен қоса түтін барады, токсиндік улы зат, ағза никотинге тәуелді, т.с.с. термин сөздер, тіркестер, тұтас сөйлемдер – журналистің көп ізденгенінің жемісі. Бұл ретте тілдік тұлға сала мамандарының, ғалымдардың еңбектерінен үзінді келтірмей, өз сөзінде осындай атауларды дұрыс қолдана білген. Бұл да оқырманын өзіне тартудың жолы. Сол арқылы публицистикалық дискурста

тілдік тұлға өз діттеміне жете алады, оқырманын сендіріп, әсер етеді. Осындай ізденімпаздығының арқасында тілдік тұлғалардың мақалалары танымдық сипатта болып келеді. Адресат мақаланы оқи отырып, болған жайды, ақпаратты білумен қатар таным көкжиегін кеңейтіп, маңызды ақпарат алады.

«Халық әнінің тоналудың тарихы» (Егемен Қазақстан, 2018, 13 шілде) атты мақаласы да танымдық сипаттағы мақалаларға жатады. Себебі оқырман бұл мақаладан да танымдық материал таба алады. Автор Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы «Жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деген сөзін келтіре отырып, «Елдің ұлттық-рухани тамыры дегеніміз не?» деген сұрақ қояды да оны «халықты сан ғасырдан бері адастырмай, алып келе жатқан салт-дәстүрі, фольклоры, әні мен жыры» деп сипаттайды. Осылардың ішінде әсіресе әннің ұлт руханияты үшін орны айрықша екенін ескертіп, дана Абайдың, қазақ әнінің білгір маманы Б.Ерзаковичтің, ғалым Г.Потаниннің сөздерінен дәйек келтіреді.

Алайда кеңестік дәуірде отарлаушы идеология қазақ әнін ақсату үшін барын салғанын айта келіп: «Зерттеушілердің айтуына қарағанда, халқымыздың 12 мыңға тарта әні бар екен. Осылардан таспаға түсіп, айтылып жүргені – 250-ге жуығы ғана. Басқасы жойылған. Неге?» деген сұрақ қояды да оған жауап ретінде бірнеше дәйекті (1992 жылы жарық көрген «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-толғауында Қазақ Кеңестік Республикасының идеология жөніндегі хатшылары қазақтың ұлттық аспаптар оркестрінің рөлін кемітіп, әсіресе домбыраны жойып, қазақ өнерін симфониялық оркестрге айналдырып жіберу үшін атсалысқаны, қазақ ән өнерінің зерттеушісі Ахмет Жұбановты «КСРО халық әртісі» атағына ұсынғанда республика идеологтары «Қазақтың ұлттық өнерін зерттеген адамға мұндай атақ беру жарамайды!» – деп, сызып тастағаны, 1958 жылы «Мәскеуде өтетін қазақ өнерінің онкүндігіне Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрін апару керек пе, жоқ па?» деген талас басталғанда декаданы өткізу бойынша комиссияның төрағасы: «Қазақтың музыкасы кімге керек, Мәскеуге оның қандай қажеті бар?» – деп шешім қабылдағаны, 1920-30 жылдары қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, өзінің о бастағы сөзінен, мәнінен ажырағаны, Үкілі Ыбырайдың «Толқын» әні: «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деп, «Ақбаян» әні: «Ой, Ленин, қараңғыда көп елің» деген қайырмамен шырқалғаны, Үлебайдың қалжыңдап шығара салған «Дударай» әні ұлттар достығы үшін Мәриям Жагорқызының әні боп ел санасына сіңгені, т.с.с.) келтіреді.

Мұндай танымдық мақалалар Бауыржан Омаров пен Нұртөре Жүсіптің публицистикалық дискурсында да елеулі орын алады: «Сол күні белгілі генетик ғалым, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбаев біздің әріптестерімізге сұхбат беріп, өзі ашқан жаңалықты егжей-тегжейлі түсіндіріп жатты. Сынақтан соңғы радиация кез келген организмге залал келтіретініне дау жоқ-ты. Оның үстіне тұқым қуалау жыныс клеткалары

арқылы жүретіні де белгілі. Сондықтан ғалымдар қауіпті кеселдің бірінші ұрпаққа әсер етуі мүмкін екенін айтады» (Бауыржан Омаров Генетик //Ана тілі. №9 (1371). 2017, 2-9 наурыз).

Бірегей концептуалды құрылымда тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдің қызметін жан-жақты пайдаланған:

- 1) аналитикалық қызмет; бұл орайда публицистикалық дискурс ғылыми стильге біршама жақын келеді. Тілдік тұлға дәйектерге сүйеніп, нақты ақпарат беру арқылы оқырманға ықпал етуді көздейді;
- 2) назар аудару, басымдық беру; концепт құрылымдағы негізгі ойға оқырманның назарын аудартуды мақсат етеді;
- 3) көркем бейнелі қызмет; көркем тілмен бейнелеу арқылы оқырманның санасында жаңа бейне тудыруды көздейді. Сол арқылы сөзін өтімді етіп, оқырманын баурап алуға тырысады.

Осының негізінде логикалық, риторикалық, көркем, публицистикалық пропозициялар көрініс табады. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың бірегей концептуалды құрылымында ғылыми-танымдық, көркем және публицистикалық ойлау жүйесі аңғарылады.

3.2 Публицистикалық дискурстағы тақырыпаттың мотивация тудырудағы қызметі

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында оқырманын елең еткізіп, мақаланы бастан-аяқ оқып шығуға мотивация тудыруда бірнеше тәсілді қолданады. Публицистердің мақалалары алыстан менмұндалап, шақырып тұруының бір сыры тақырыпаттарына байланысты.

Нұртөре Жүсіптің «Біз кімнен кембіз?», «Қазақтың қызы», «Елес пен белес», *«Тәуелсіздік лебі: ел мен жер»*, *«Мың құмырсқа және біз»* атты публицистикалық шығармалар жинағы бар. Жинақтарға енген мақалалардың («Елдің рухын көтеретін не нәрсе?», «Қиын-қыстау күн туса... қайтеміз?» «Қазақтың көбею мәселесі қалай болады?», «Ел тумайын демейді, үкімет туғызбай отыр», «Біз кімнен кембіз?», «Желкеге мінген жалқаулық», «Жерден жерігендер», «Қазақ – көңілшек халық, ал нарық көңілге қарамайды», «Сауатсыз әкім сорға бітеді», «Мәселені шешпейтін адам себеп іздейді, шешетін адам әдіс іздейді», «Құлық және құлқын», «Алдымызда – Ақмола, артымызда – Алматы», «Айдалада отырып алақайлағаны несі», «Жиырма екінші баптың астындағы жылан», «Отанымызды отап тастамасақ болғаны», «Алтаудың алауыздығынан төртеудің түгелдігі қымбат», «Құлдан құл туады», «Тіл төңірегінде түйткіл көп», «Бұл қазаққа тойдан гөрі ой керек», «Қазақы қамсыздық» «Мәртебелі мырзалар мелшиіп отыр», «Қалғыма, қазақ!» «Үйге үндемей кірген бәле», «Кеңкелес ұрпақ көбейді», «Мұнайдан түскен табыстың белгілі бір бөлігін тілді дамытуға жұмсау керек», «Бір орыс келіншек базарда бесік іздеп жүр», т.с.с.) тақырыптарынан-ақ қаламгердің қарымы анық байқалады.

Бекен Қайратұлының мақалаларындағы тақырыпаттардың өзіндік уәжі бар. Мысалы: «Сато Иуя – қазақ күресінің үздігі» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 тамыз), «Мылтықсыз майдан» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек), «Үржарда туып, Ұлан-Батырда атылған қазақ» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан), «Толық адам һәм бақытты отбасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз), «Жалған тарих жарға жығады» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 тамыз), «Рухани кәмпеске» (Егемен Қазақстан, 17 қазан), «Алтын жүзік оқиғасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 тамыз), «Желтоқсаншы» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан), «Қаламгердің қайсар қызы» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан), «Еңбекші қазақтың» 1000-саны» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан), «Еңбекші қазақ» басқармасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан), «Ұлттық код һәм қазақтың жады» (Егемен Қазақстан, 2017, 24 тамыз), «Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым), «Бата берудің әдебі» (Егемен Қазақстан, 2018, 29 наурыз), «Адамгершіліктің шыңы» (Егемен Қазақстан, 2018, 7 ақпан), «Қарашаңырақта қауышқандар» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 сәуір), «Оразаның нығметі» (Егемен Қазақстан, 2018, 16 мамыр), «Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша), «Темекінің тауқыметі» (Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша), т.с.с.

«Сато Иуя – қазақ күресінің үздігі» атты мақаласының (Егемен Қазақстан, 2019, 20 тамыз) тақырыпатын көрген оқырман «Өзі қазақ күресі болса, оған жапон не корей палуанының қандай қатысы бар?» деп таңғалып, бірден сол мақаладан бастап оқитыны белгілі. Сол сияқты «Үржарда туып, Ұлан-Батырда атылған қазақ» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан) деген тақырыпатты көрген бойда «Ол кім болды екен? Қайран, қазақ, көрмеген қорлығы жоқ!» – деп, оқырман бірден осы мақалаға шұқшия қалатыны түсінікті. «Жылқыға төнген зауал» деген тақырыпат та оқырманын бірден елең еткізетіні белгілі (Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан).

«Халық әнінің тоналу тарихы» (Егемен Қазақстан, 2018, 13 шілде) деген тақырыпат та оқырманның таңданысын тудырып, халық әні қалай тоналып жатқанын білуге талпындырады. «Алтын жүзік оқиғасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 тамыз) деген тақырыпат та оқырманын бірден баурап, қандай оқиға болғанын білмекке ынталандырады. Ал «Рухани кәмпеске» (Егемен Қазақстан, 17 қазан) деген тақырыпаттағы тіркеспейтін сөздердің қатар берілуі оқырманын бейжай қалдырмасы түсінікті. «Ұлт рухының инвесторы» атты мақала да (Егемен Қазақстан, 2017, 21 маусым) осындай оқыс тіркес түзуі арқылы оқырманын үйіріп алады. Әдетте алауыздық адамдар арасында болады. Публицист мақаласына «Тіл алауыздығы» (Егемен Қазақстан, 2017, 8 тамыз) деген ат беру арқылы жұртшылықтың назарын бірден аудартады. Тіпті «Қате қолданған екен!» деп те ойлап қалуы мүмкін. Дұрысында, бұл – автордың мақсатты түрде қолданып отырған тактикасы.

«Ақмышта туып, АҚШ-тан озған» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 шілде) деп аталатын тақырыпат та – сәтті шыққандардың бірі. Оның үстіне *Ақмыш*, *АҚШ* сөздері ұйқасып келген. Оқырман «Бұл кім болды екен?» деп бірден

елең ете қалатыны түсінікті. Мақала 100, 200 метрлік қысқа қашықтықта КСРО-ның сегіз дүркін чемпионы, КСРО Халықтары спартакиадасы және Еуропа кубогының жеңімпазы, алты рет Одақ рекордын жаңартқан жүйрік, атақты желаяқ Әмин Тұяқов жайында. Мақаланың осылай аталуы туралы автор: «Сонау бір жылдары Маңғыстау өңіріне танымал Құлшық Жұбаев деген ақсақал Әмин Елемесұлын әлем-жәлем сөзбен әспеттеп жатпай-ақ *Ақмышта туып, АҚШ-тан озған* деп бір-ақ ауыз сөзбен түйген екен. «Ақмыш» – Маңғыстау өңіріндегі саяхатшылар көп баратын Шерқала маңында орналасқан таудың аты, яғни ол – желаяқ ағамыздың кіндігі кесілген жер. Ал Құлшекеңнің «АҚШ-тан озған» деген келесі тіркесін тәпсірлесек, АҚШ пен КСРО мемлекеттері бір-біріне дес бермей, үзенгі қағысып тайталасып тұрған 1960 жылдары екі ел арасында «Ғасыр жарысы» деген атпен 4х100 метрлік эстафеташылар сайысы өтіп тұрды. Осы турнир 1965 жылы Киевте ұйымдастырылып, алып империя Кеңес одағының абыройын қорғау үшін Әмин Тұяқов, Ғұсман Қосанов, Эдвин Озолин, Николай Политико төрттігі жасанып жарыс жолына шығып, бір жыл бұрын Олимпиада чемпионы болған АҚШ эстафеташыларын шаңға көміп, құмға бөктіріп айды аспанға шығарады. Жоғарыдағы Құлшық қария осыны айтып отыр», – деп түсіндіреді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сөз ететін материалын алдымен жан-жақты ізденіп, егжей-тегжейлі зерттейтіні байқалады. Сол мәселе төңірегінде сөз еткен, зерттеген кісілердің еңбектерін оқып, әр сөзін зерделегені аңғарылады. Мысалы: «Үшінші бас редактор газеттің өзгеше тынысын ашты» (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

«Қазақ баспасөзінде қаламы қарымды жүйрік журналист жүздеп саналады. Ал барған жеріне береке үйірілетін, редакцияны ұлағатты ұстаханаға айналдыра алатын бас редакторды санап шығуға қос қолдың саусағының өзі жеткілікті. «Алматы ақшамының» бүгінгі бас редакторы да солардың санатына кіреді» (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Тіпті сұхбат алғанда да мәселеге байыппен қарап, дайындықпен келетінін көреміз. 2019 жылдың 29 сәуірінде «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатын Оспан батыр Исламұлына арнап мақаланы «Жолбарыс сынды ақырғы Оспан батыр атылды» (Егемен Қазақстан, 2019, 29 сәуір) деп атаған. Мақаланың тақырыпаты ақын Жәркен Бөдештің өлеңінен алынғанын тілге тиек ете отырып, батырдың Алматы қаласында тұратын немересі – Өркен Нәбиұлымен сұхбатын: «Сәуірдің 29-ы – «Жолбарыс сынды ақырғы Оспан батыр атылды» деп ақын Жәркен Бөдеш жырлағандай, XX ғасырдың 40-жылдары Шыңжаң-Алтай қазақтары арасында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшысы Оспан батыр Исламұлының атылған күні. Сонымен қатар биыл асылзаданың туғанына 120 жыл толып отыр», – деп бастайды. Бұл сұхбаттың тақырыпаты («Жолбарыс сынды ақырғы Оспан батыр

атылды»), ол газеттің 29 сәуірдегі санында жарық көруі де Бекен Қайратұлының мұқияттылығын, ыждағаттылығын танытса керек.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тақырыпаттың тыныс белгілерін де мақсатты түрде қолдана білген. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінің 2018 жылғы 8 тамыздағы санында «Ауыл молдасынан оқыған...» атты мақаласында автор көп нүктені мақсатты түрде пайдаланғанын, оның қызметін толық түсінгенін аңғарамыз. Сол арқылы осы сөйлемнің соңында айтылар ойдың көп екенін меңзейді. Мақаланың беташарында публицист: «Қандай да бір әлеуметтік тұрғыдан топтасқан қоғамдық жүйені шайқалтпай ұстап тұратын, жүздеген ғасырлар бойы шындалған мызғымас рухани-мәдени ұстыны болады. Бұны ғылыми тілде «институционализм» деп атайды. Яғни бұл дегеніміз – көптеген ғасырлар бойы эволюциялық жолмен дамып, ұзақ сұрыпталу арқылы толық мойындалған, сөйтіп әркез қоғамдық қатынасты реттеуші нормалар мен әлеуметтік топтар арасындағы құқықтық статустарды сақтауға бағытталған аса қуатты құрылым», – дей келіп, қазақ қоғамында ондай құрылымдық институттардың бірі – ауыл молдасы болғанын айтады. Алайда кеңестік идеологияның салдарынан бұл мәселенің зерттелмегенін, зерттеуге тыйым салынғанын айтады.

Бекен Қайратұлы ұлттық қоғамның негізі ұстыны болған ауыл молдаларына былайша баға береді: «Қазіргі таңда көбіміз байқай бермейтін мынадай бір қызық дерек бар. Атам замандағы қазақтың қамын жеген ел басы, топ басылардан (Абай) бастап, ақ патшаның тұсындағы ағартушылар, одан қалды кешегі ХХ ғасыр басында «қазақ үшін шам қылған жүрек майын» (Сұлтанмахмұт) Алаш арыстарының өмір-тарихын оқысаңыз, барлығында бірдей «алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан» дейтін елеусіз ғана тіркес тұрады. Мысалы үлкен ағартушы Ыбырай Алтынсаринді алайық, ол да алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, соның арқасында 1850 жылы Орынбордағы қазақ-орыс мектебіне оқуға түседі. Ұлы Абай ше, ол да ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқығаны айтылады. Ұлт ұстазы саналып жүрген Ахмет Байтұрсыновтың да өмірбаянында «1882-1884 жылдары ауыл молдасынан оқыған» дейтін жоғарыдағы елеусіз тіркес тұр. Сол сияқты ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхановты әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың оқуына берсе, Мағжан Жұмабаев ауыл молдасынан сауатын ашып, одан кейін бес жыл Қызылжардағы Бегишев медресесінде білімін жалғастырған. Міржақып Дулатов та осы жолмен жүрген. Жақанның өмір-тарихын зерттеуші заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дулатбеков, бала Міржақып ауыл молдасынан хат танып, екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады дейді. Жетісудың дүлдүл жыршысы Ілияс Жансүгіров те әуелі молданың алдын көргеннен кейін, Алматыдағы мұғалімдер даярлайтын курсқа аттанған. Батыс Алаш қайраткерлерінің бірі Халел Досмұхамедов те ағасы Дәулетүмбеттің ықпалымен ауыл молдасынан хат таныса, екінші алашшыл тұлға Жанша

Досмұхамедов болыстық орыс-қазақ мектебіне бармай тұрып, ауыл молдасынан сабақ алған екен. Ал баянауылдық мықтылардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыровты алғашында Мұқан дейтін ауыл молдасы оқытса, танымал ғалым Қаныш Сәтбаев та осы жолдан өткен. Атақты Жүсіпбек Аймауытов да Бармұхамед деген ауыл молдасынан үш жыл оқыған. Мұндай дерек солтүстік тумалары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің де өмірбаяндарында жазулы тұр. Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы да алғашында ауыл молдасынан оқып, арабша хат таныпты»...

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тақырыпаттарын танықтық мәнде құрып, оқырманын елең еткізу стратегиясын қолданған. Осы орайда «Тұлғаға тағзым жасалды» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан), «Ұлттық спорт үздіктері анықталды» (Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан), «Толық адам һәм бақытты отбасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 10 тамыз), «Жылқыға төнген зауал» (Егемен Қазақстан, 2019, 20 желтоқсан), «Желтоқсаншы» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан), «Қаламгердің қайсар қызы» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан), «Еңбекші қазақтың 1000-саны» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан), «Еңбекші қазақ» басқармасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан), «Қандастарға қамқорлық» (Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде), «Жаңа емле ережесі түсіндірілді» (Егемен Қазақстан, 2019, 4 желтоқсан); «Сауатсыз әкім сорға бітеді», «Мәселені шешпейтін адам себеп іздейді, шешетін адам әдіс іздейді», «Құлық және құлқын», «Алдымызда – Ақмола, артымызда – Алматы», «Айдалада отырып алақайлағаны несі», «Жиырма екінші баптың астындағы жылан», «Отанымызды отап тастамасақ болғаны», «Алтаудың алауыздығынан төртеудің түгелдігі қымбат», «Құлдан құл туады», т.с.с. мақалаларының тақырыпаттарын оқыған көрермен нақтылықты керек етіп, мақалаға бірден сүңгіп кетеді.

Ал «Жалған тарих жарға жығады» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 тамыз), «Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша), «Құрбан айт – ұлық мейрам» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 тамыз), «Тәрбие өзегі – тарихи сана» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 шілде), «Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана» (Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым), «Дүние – бақтың жемісі» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 мамыр), «Айлардың қайырлысы – Рамазан» (Егемен Қазақстан, 2019, 6 мамыр), «Тыныштықты сөз бұзады» (Егемен Қазақстан, 2018, 28 тамыз), «Күнә иесін қорлайды» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 маусым), «Уәдеге берік бол!» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан), «Жүздік құрылымда рулық үлес жоқ» (Егемен Қазақстан, 2018, 20 ақпан), «Ат тергеудің астарында ұят бар» (Егемен Қазақстан, 2018, 25 қаңтар), «Тыныштық бар жерде бақ тұрады» (Егемен Қазақстан, 2017, 10 мамыр), т.с.с. мақалаларында публицистің тұжырымы тақырыпат ретінде берілген.

Бекен Қайратұлының тақырыпаттарындағы тұжырымдар көбінесе аят, хадистерге негізделетінін көреміз. Мысалы: «Дүние – бақтың жемісі»

(Егемен Қазақстан, 2019, 22 мамыр), «Айлардың қайырлысы – Рамазан» (Егемен Қазақстан, 2019, 6 мамыр), «Тыныштықты сөз бұзады» (Егемен Қазақстан, 2018, 28 тамыз), «Күнә иесін қорлайды» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 маусым), «Дүние – бақтың жемісі» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 мамыр), т.с.с.

Бекен Қайратұлы «Айлардың қайырлысы – Рамазан» (Егемен Қазақстан, 2019, 6 мамыр) атты мақаласының тақырыпатына ғалым сахаба Абдулла Аббастың «күндердің қайырлысы – жұма, айлардың қайырлысы – Рамазан» деген сөздерін негізге алған. Сол сияқты «Адамгершіліктің шыңы» (Егемен Қазақстан, 2018, 7 ақпан) атты мақаласында автор мұсылман әлемінің сардар сахабасы Әбубәкір Сыдықтың «Аманат – адамгершіліктің шыңы» деген сөздерін келтіреді. «Дүние – бақтың жемісі» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 мамыр) атты мақаласының соңында автор: «...Біз қазір «Дүние» дейтін алып бақтың ішінде жүрміз. Жақсы істер атқарып, жаман әдеттерден қашып, «дүние»-бақтағы игіліктерді теріп алуға толық мүмкіндік берілуде. Пенде баласы, қабыңыздың ішін қалай толтырып жүрсіз, оған да бір қарап қойыңыз!!!» деген тұжырым жасайды. «Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым) атты мақаласында қасиетті «Құранға», пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне, Имам Әл-Бұхаридің сөздеріне сүйене отырып, тұжырым жасайды.

Ал «Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша) атты мақаласында қазақтың «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсілін негізге отырып, баланың от басы, ошақ қасында көрген тәрбиесі мен үйренген өнегесі оның өмірлік ұстанымына айналатынын айтады. Бұл мақаланың тақырыпатына да өзек болған. «Күнә иесін қорлайды» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 маусым) атты мақаланың тақырыпаты да осымен сабақтас. Яғни қазақтың ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтел, тәмсілдерді де тақырыпатқа негіз етіп алғанын байқаймыз.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 5 қыргүйектегі санында жарық көрген «Артық мақтау жанға қас» атты мақаласының тақырыбына Абай Құнанбайұлының *«Мақтау – жел сөз жанға қас қошеметшіл шығарған»* деген өлең жолдары үлгі болғанын аңғарамыз. 2018 жылдың 11 сәуірінде жарияланған «Надандықтан туған мақтан» атты мақаласында автор Абайдың «Қазақ барында «баймын» деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады» деген сөздерін келтіре отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы мақтан түрлерін сөз етеді. Сол сияқты «Толық адам һәм бақытты отбасы» (Егемен Қазақстан, 2017, 10 тамыз) атты мақаласының тақырыпатына да Абайдың толық адам туралы тұжырымдары өзек болған.

Тілдік тұлғалар сұхбаттарына тақырыпат қоюда да көп ізденгені байқалады. Мұнда да сұхбаттасушының әр сөзіне зер сала отырып, оқырманын бірден баурап әкететіндей, экспрессиясы мол тұжырымдарын таңдап алады. Мәселен, ақын Серік Тұрғынбекұлымен болған сұхбатқа Бекен Қайратұлы «Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен» (Егемен Қазақстан, 2019, 26 сәуір) деп ат қойса, тарихшы ғалым Қойшығара

Салғараұлымен болған сұхбатына «Шынайы тарих халықтың рухын оятады» (Егемен Қазақстан, 2019, 5 сәуір) деп айдар тағады.

Журналист диспозиция кезеңінде айтайын деген ойын синтагмалық ретке салып, субконцептерді парадигмалық (тік) конфигурациядан синтагмалық (көлденең) конфигурацияға түсіруде ерекше шеберлік көрсетеді. Мәселен, автор публицистикалық шығармаларында оқырманын баурап алу мақсатымен мақаланың басында: «Ұшқын» газетінің алғашқы редакторы Халел Есенбаевтан бастап, 1938 жылы газет тізгінін қолына алған Сақтаған Бәйішевке дейінгі 18 редактордың 12-сі атылыпты.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жүргізілген зиялыларды қудалау науқаны журналистерді де айналып өткен жоқ. Қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай «қараңғы қазақ көгіне күн болуға» ұмтылып, алаш үні «Қазақ» газетінің рухында тәрбиеленген бір буын кеңестік дәуірдің алғашқы жылдары барлығы дерлік газет-журнал маңына топтасты (Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2019, 21 қараша), – деп бастайды да негізгі ойын кейін өрбітеді.

«Ұшқын» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің тарихын, қай кезден бастап шыққанын, кімдер жұмыс істегенін айта келіп автор: «Сөзіміздің басында 1919-1938 жылдары газет басқарған 18 редактордың 13-і атылды дегенді айттық. Бұлар – кімдер? Әуелгісінен бастасақ, тұңғыш редактор Халел Есенбаев 1938 жылы атылса, одан кейінгілер – Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, О.Исаев, Ғ.Тоғжанов, А.Мусин, Ж.Сәдуақасовтар да алғашқы редактордың тағдырын құшыпты (Жазықсыз жазаланған журналистер//Егемен Қазақстан, 2019, 21 қараша), – мақаланың басындағы сөзін әрі қарай тарқатады.

Бекен Қайратұлы «Хазіреттер қазынасы» атты мақаласының басында «Ақмола облысы Астрахан ауданының Жалтыр стансасы маңында «Әулиелер ордасы» атты көне қорым бар. Жергілікті жұрт оны «Тоғыз әулие зираты» деп атайды. Өйткені бұл жерге Арқа өңіріне белгілі халқымыздың діни-рухани ағартушылары жерленген» деген ақпарат бере отырып, оқырманын бірден елең еткізеді (Хазіреттер қазынасы //Егемен Қазақстан, 2019, 14 қараша). Оқырман мұндай ақпаратқа бірден қызығып, көне қорымда кімдер жерленгенін, қандай қазына барын білуге тырысып, мақаланы бірден оқып шығары сөзсіз.

Яғни тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында оқырманын баурап алу, мақалаға қызығушылығын оятып, бірден оқып шығуға мәжбүр ету үшін стратегияны мақсатты түрде әрі ұтымды пайдалана білген.

3.3 Публицистикалық дискурстағы конъюнкциялар және сөз ықпалдастығы

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында конъюнкцияларды да шебер пайдалана білген. **Конъюнкция** – сөйлемдерді, құрылымдарды логикалық тұрғыдан байланыстыру үшін қолданылатын тілдік бірліктер.

Мысалы: *Осы орайда біз жоғарыдағы «Отарлау һәм отаршылық» тақырыбын терең зерттеген ғалым-теоретиктердің пікірін көлденең ұстай отырып, «отарлану ойраны» немесе «құлдық ұрудың» құпиясы жайлы ой бөліспекпіз* (Бекен Қайратұлы Құлдық ұрғызудың құпиясы //Егемен Қазақстан, 2018, 17 қазан). *Ал мұсылман әлемі бұл ғылымды «Илмул Фироса» деп атап, оны үйренуге өте-мөте мән берген* (Бекен Қайратұлы Адамтану ілімі //Егемен Қазақстан, 2019, 3 қыргүйек).

Байқап отырғанымыздай, тілдік тұлғалар конъюнкция қызметінде қыстырма сөздерді де, шылауларды пайдаланған. Бұл орайда публицист мәтіннің стилистикалық құрылымына ерекше мән беріп, барлық тілдік деңгейдегі бірліктерді жүйелі ұйымдастыра білгенін көреміз.

Тілдік тұлғалар мәтіннің когезиялық сипатын арттыру үшін *осы орайда, қызық болғанда, сол сияқты, сонымен қатар, атап айтсақ, ал, одан кейін, осыған қарағанда, қысқасы, т.с.с.* коннекторларды пайдаланған. Бұлар мәтін ұластырушылық қызмет атқарып, публицистің ойын сабақтап, негіздей түсу үшін қолданылған. Мысалы: *Осы орайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атамекенге аңсап келген ағайындар мәселесіне байланысты қосымша іс-шаралар қабылдау жайлы Үкіметке тапсырма берді* (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). *Қызық болғанда, мұндай оқиганы көзі көріп, тірідей куә болған Германия канцлері Людвиг Эдхардтың өзі шыдай алмай, көзінен моншақ-моншақ жас үзіпті. Өйткені корей президенті қонақ үйде де, көлік ішінде отырып та, ресми кездесу кезінде де тек жылаумен болған екен* (Бекен Қайратұлы Корейлер қалай көгерді? //Егемен Қазақстан, 2019, 1 шілде). *Қабырға газеті демекші... Осы бір қарабайыр «ақпарат құралының» жұмысына араласуы, жалпы, журналистикаға қызығушылығы Жаркенттегі Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепке КазГУ-дің филология факультетінің түлегі Дәулет Қасеновтің мұғалім боп келуінен басталды* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Айтпақшы, Қуаныш аға баяғыда Төлеген Адамсопиев сыйға тартқан строкомер-сызғышты әлі күнге дейін сақтап келеді* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Осыған қарағанда, бұл адам да қызылдар құрбаны екені анық* (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша).

Жиынтық тілдік тұлғалар сөз ықпалдастығын стилистикалық тәсіл ретінде шебер меңгеріп, орнымен пайдалана білген. **Сөз ықпалдастығы** – оқырманның мәтіндегі ойды түсінуіне, түйсінуіне, қабылдауына, бағалауына әсер ету мақсатымен жекелеген сөздер мен тіркестерді, құрылымдар арнайы қолданылатын стилистикалық тәсіл. Ондай құрылымдар оқырманға әсер етіп, не нәрсеге ерекше назар аудару қажет екенін білдірумен қатар сөйлемдерді байланыстырып, ұластырып та тұрады. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сұрақтарды мәтін байланыстыру, мәтін ұластырушы құрылым ретінде шебер пайдаланған. Мысалы: *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық*

мақаласында, жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», деді. **«Елдің ұлттық-рухани тамыры» дегеніміз не?** Ол халықты сан ғасырдан бері адастырмай, алып келе жатқан салт-дәстүрі, фольклоры, әні мен жырғы (Бекен Қайратұлы Халық әнінің тоналу тарихы //Егемен Қазақстан, 2018, 13 шілде).

Сұрақ қою арқылы журналистер оқырманның назарын осы мәселеге аударады да жауабын өзі айтады. Ол үшін себеп-салдар мәнді жалғаулықтарды пайдаланады: **Мұны неге айтып отырмыз? Өйткені Маресьев сияқты марқасқа қазақтан да шықты. Ол жігіт қазір ортамызда аман-есен жүр. Аты-жөні – Сиязбек Мейрамұлы Дәлиев. Бұл азаматтың қос қолы қолтығынан жоқ** (Бекен Қайратұлы Тағдыр сынағын жеңген жігіт //Егемен Қазақстан, 2019, 1 шілде).

Кейде мұндай жалғаулықтарды үсті-үстіне қайталап пайдаланады: **Қазақта бұрыннан келе жатқан «Уәде – құдай аты» дейтін өте мәнді тіркес бар. Неге мәнді? Өйткені уәде бұзылып, оның қоғамдағы рухани һәм имани құндылығы әлсіреген жерде береке қашады. Өйткені уәде дегеніміз – қауымды берекесіздіктен сақтайтын әрі адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынасты бұзбай ұстап тұратын мызғымас ұстын** (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан).

Сол арқылы айтылып қойылған сұрақтың, сөз болып отырған мәселенің қаншалық құнды екенін көрсетеді. Тіпті көбінесе оны тізбектеп, біріншіден, екіншіден, үшіншіден... сияқты контекстуалдық құрылымдармен береді: **Жоғарыдағы доктринадан нендей қорытынды түйеміз? Біріншіден,** қашанда заман мен адам ара қатынасы өте маңызды. Адамды тәрбиелеу арқылы заманды түзеуге болады (Бекен Қайратұлы Мылтықсыз майдан //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Сұрақ-жауапқа құрылған мұндай конструкциялары әрдайым себеп-салдар мәнді болып келе бермейді. Кейде түсіндірме мәнді құрылымды болып келеді. Мысалы: **Жоғарыдағы естеліктен қандай ой түйеміз? Егерде** шыдамсыздық танытып немесе болып жатқан әділетсіздікке төзбей **Жақсылық спортты тастап кеткенде не болар еді. Көзге көрініп, көңілге сезіліп тұрған шындық: Жақаңның басына бақ боп байланған бүгінгі атақ-абыройдың бірі де болмас еді** (Бекен Қайратұлы Сабырлы жетер мұратқа... //Егемен Қазақстан, 2018, 15 наурыз). **Десе де, қазақты жою үшін ұлтымыздың руханиятына тікелей жасалған қиянат қаншама? Мысалы,** Н.С.Хрущев билікке келген соң кіші халықтардың әдебиет-өнер саласындағы жат пиғылдармен күресу жайында тапсырма болды. Осыны орындау үшін 1959 жылы 15-19 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясы қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, нәтижесінде қазақ ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылды. Бұдан құтылудың жолы – қазақ руханиятының түп-тамырын өзгертіп, еуропалық мәдениетке алмастыру қажет деген шешімге келді. (Бекен Қайратұлы Рухани кәмпеске / Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Келтірілген мәнмәтіндерде журналистер егерде, мысалы сияқты құрылымдарды мақсатты түрде пайдаланған. Сол арқылы өз ойын оқырманның санасына сіндіруді мақсат етеді, оқырманның эмоциясына қозғау салғысы келеді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында үсті-үстіне сұрақ қоя отырып, жауабын нақты көрсету арқылы да ойын қазықтай түсуді мақсат етеді. Мысалы: *Ендеше, осы бір «нашар жаратылыс» иесі неге тыныштықтан жалыққыш келеді? Оны бұзатын дүние не?* **Жауап:** ол – бүлік (Бекен Қайратұлы Шүкіршілік нығметі //Егемен Қазақстан, 2018, 5 маусым).

Кейде публицистер күмәнді, екіұшты сұрақ қояды да оған өзі нық, сенімді жауап береді. Ол үшін *әрине, сөзсіз, т.с.с.* құрылымдарды пайдаланады. Қысқаша жауап беріп, әрі қарай ойын нақтылап, шегелей түседі. Мысалы: **Бұдан құтылатын жол бар ма? Бар, әрине.** Ол үшін алдымен бастауыш және орта білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту керек. Бұрынғы отарлық пиғылдың астары сіңірілген орта мектеп оқулықтарын жойып, оның орнына ұлттық танымды терең сіңірген оқу құралдарын енгізген жөн. Ол үшін алдымен осы салаға терең маманданған оқулық авторларын дайындаған дұрыс. Демек, оқулық авторларын дайындайтын арнайы институт қажет (Бекен Қайратұлы Тәрбие өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2019,12 шілде).

Сұрақтың берілуінде де өзіндік заңдылық, тәртіп бар. Бірқатар сұрақтары тұтас сөйлем түрінде келсе, енді бірқатар сұрақтары нақты, қысқа (*Неге? Неге мәнді?, т.с.с.* эллипстік құрылымда келеді. Мысалы: *Тарихи санасы бүлінбеген адам, өзінің байырғы бастауына қайткен күнде де оралады. Ондай тұлға некен-саяқ. Қазіргі ана тілін білмейтін қазақтар осы тарихи сана болмағандықтан өз болмысына қайта бұрыла алмай жүр. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар ағамыз алғаш ғарыштан оралғанда ана тіліне өте шорқақ болатын. Бір жылдың ішінде толық үйреніп алды. Неге?* (Бекен Қайратұлы Тәрбие өзегі – тарихи сана //Егемен Қазақстан, 2019,12 шілде).). *Қазақта бұрыннан келе жатқан «Уәде – құдай аты» дейтін өте мәнді тіркес бар. Неге мәнді?* (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан).

Қысқа сұрақтар алдыңғы ойға ерекше екпін түсіреді, айтылып жатқан ойға өзектендіре түседі. Сонымен қатар алдыңғы ойды сабақтастыра отырып, *мұны//бұны, бұдан, ол, осы, бұл, т.с.с.* сілтеу мәнді есімдіктерді, *жоғарыдағы, жаңағы, т.с.с.* анафоралық құрылымдарды пайдаланады. Мысалы: **Мұны неге айтып отырмыз, Жоғарыдағы доктринадан нендей қорытынды түйеміз?, Бұдан құтылатын жол бар ма?, т.с.с.**

Журналист мұндай сұрақтарды қою арқылы тақырыпқа өзек болып отырған мәселенің маңызын, құндылығын нақтылай түседі: **Біз бұл тақырыпты неге қозғап отырмыз? Өйткені француз ғалымы Фрэнсис Фанон айтқандай, отарлаудан азат болған ел өздерін қанша тәуелсіз сезінгенімен олардың бойында рух бостандығы болмайды, ол тілдік бөліну**

мен ұлттық маргиналдануынан көрініп тұрады екен (Бекен Қайратұлы Отты рух //Егемен Қазақстан, 2019, 4 мамыр). **Мұны неге айтып отырмыз? Өйткені Маресьев сияқты марқасқа қазақтан да шықты. Ол жігіт қазір ортамызда аман-есен жүр. Аты-жөні – Сиязбек Мейрамұлы Дәлиев. Бұл азаматтың қос қолы қолтығынан жоқ** (Бекен Қайратұлы Тағдыр сынағын жеңген жігіт //Егемен Қазақстан, , 2019, 1 шілде).

Осылайша журналист өз ойын негіздеп, дәйектей түседі. Алайда қойылған сұрақтың бәріне публицист өзі жауап бере бермейді. Кейде басқа да дереккөздерді пайдаланады. Мысалы: ... *Яғни, «қарау-жарақ қолданбай-ақ бір ұлтты немесе бір мемлекетті жоқ ету» деген сөз. Оны іске асыру жолы қандай?* Бұл сұраққа жауапты біз 2002 жылы жарық көрген ресейлік жазушы В.Карповтың «Генералиссимус» кітабынан табамыз. Бұл туындыда 1950 жылдары АҚШ-тың барлау ұйымдарын басқарған Аллен Даллестің доктринасы жарияланыпты...».

Байқап отырғанымыздай, журналист қазіргі кезде мылтықсыз майдан жүріп жатқанын ескерте келіп, *Оны іске асыру жолы қандай?* деген сұрақ қояды да ол сұрақтың жауабы ретінде ресейлік жазушы В.Карповтың «Генералиссимус» кітабындағы 1950 жылдары АҚШ-тың барлау ұйымдарын басқарған Аллен Даллестің доктринасын дәйек ретінде келтіреді. Яғни өз ойына сендіру үшін журналист дәйекті өте ұтымды пайдалана білген. Ол сөздің иесі, доктринасы да оқырманды шүбәсіз иландырады. Яғни оқырманын нақты психологиялық күйге жеткізіп, сендіруді мақсат етеді.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы сұрақтарының бәрі де жауап беруді қажет ете бермейді. Яғни журналистің сөзқолданысында риторикалық сұрақтар да жиі кездеседі. Мысалы: **1925 жылдың мамыр айында республика астанасы Орынбордан Қызылордаға қоныс аударуына байланысты «Еңбекші қазақ» (бұрынғы «Ұшқын») газетін Сыр бойына бұйдалап жеткізген газеттің төртінші редакторы – Смағұл Сәдуақасов ше?** Бұл арыс 1933 жылы темір жол апатына ұшырамағанда бәрі бір қызыл сүргіден аман өтпес еді (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша). *Айтса – айтқандай, биыл Алматының 1000 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын болды. Уақытты алдын ала болжау деген осы емес пе?!* (Нұртөре Жүсіп, Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Кітап оқығанда алдына жан салмайды. Екі тілге де жорғадай жосылып тұр. Ұйғыршаны да ешкімнен кем білмейді. Енді журналист болмаған несі қалды?!* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Апай да қызық. Бұл бір мединститутқа барамын деп жанығып жүргендей, дәрігерлердің оқу ордасын қызғыштай қорығаны несі?* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). **Желтоқсан дауылы көтерілген 16-сы күні Анар қыз қасында сыныптасы Гүлшат бар жастармен бірге алаңға ентелеп жетіп бармай ма? Халық көп** (Бекен Қайратұлы Қаламгердің қайсар қызы //Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан). *Той арқылы жарысып, басқадан озам деу*

үлкен қасірет. Абай атамыз 18-қарасөзінде: *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деді емес пе?! Ендеше, қазақ баласы той жарысты тоқтатып, ар мен ілім жарысына ұмтылсақ екен* (Бекен Қайратұлы Той жарыс //Егемен Қазақстан, 2019, 2 тамыз).

Мұндай сұрақтар автордың ойын нықтау, шегелеу мақсатында құрылған. Мәселен: Абай атамыз 18-қарасөзінде: *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деді емес пе?* деген құрылымдағы сұрақ жауапты қажет етпейді. Оны Абай атамыз 18-қарасөзінде: *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», - деді ғой* деп те беруге болады. Осылай шегелей отырып, автор әрі қарай өз тұжырымын айтады: *Ендеше, қазақ баласы той жарысты тоқтатып, ар мен ілім жарысына ұмтылсақ екен. Ал ол кісінің тазалығы мен адалдығын көрмейсің бе?! Бірден аудандық партия комитетіне барып: «Мына жас журналист керемет баяндама жазып шықты», – деп басшыларға жар салады. Бірінші хатшы Шаймұқан Сәпиевтің өзі құлақтанады* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Үйлену, үй болудың түп негізінде – ұрпақ қалдыру, ұрпақ тәрбиелеу, ұрпақ көбейту деген құндылықтар жатқан жоқ па? Осы жайтты ойланатындар бар ма?* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).

Журналистер сұрақ қоя отырып қарама-қарсы мәнді ойын білдіреді: *Нәрестелерін қоқыс жәшігіне, көшеге, қуыс-қуысқа тастап кетіп жатқан сондай жандарды «Ана» деп әспеттей аламыз ба? Олар да «мына өмірге перзент әкелдім» деп мақтанып, мерейлене ала ма?!.* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Талай рет тұғырға шықты. Талай рет еңіске түсті. Үміт күтетін үлгілі перзентінен ғайыпта көз жазып қалды. Соның бәрі жанына батпайды ғой дейсіз бе?!.* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Келтірілген мәнмәтіндердегі сұрақтар ойды терістеу мақсатында берілген: *Нәрестелерін қоқыс жәшігіне, көшеге, қуыс-қуысқа тастап кетіп жатқан сондай жандарды «Ана» деп әспеттей аламыз ба? – жоқ, әспеттей алмаймыз! Олар да «мына өмірге перзент әкелдім» деп мақтанып, мерейлене ала ма?!.* – жоқ, мақтана алмайды, мерейлене алмайды! *Соның бәрі жанына батпайды ғой дейсіз бе?! – жанына әбден батады, жанын жегідей жейді! ...Есігінің алдындағы бес-алты сотық жерін қайратына сүйеніп, игеріп жатқан қанша қазақ бар?! – жоқ, бірде-бір қазақ жоқ!, т.с.с.*

Публицистер тыныс белгілерді – сұрақ белгісі мен леп белгісін қатар қолдану тәсілін ұтымды пайдалана білгенін байқаймыз.

Бауыржан Омаров сұрағы мен таңданысын сұрақ белгісі мен леп белгісін қосақтау арқылы беріп, ойын нақтылап, шегендей түседі. Мысалы,

«Көсемсөздің Қаллекиі» атты мақаласында Қаллекей сынды өнер майталмандарымен сабақтастыра отырып: *Ол – жаныңды нұрландыратын жасымашуақ журналистиканың өкілі. Қазіргі кейбір ақпаратшылар қолданатын арзан тәсілдерге қолын былғамайды. Мақалаларын оқып шыққан соң сәтті спектакль көргендей әсер аласың. Сөз өнерінің сахнасындағы бұл «спектакльдердің» қай-қайсысы да адам айтқысыз анилагпен өтіп жатқанын сезесің. Сондықтан біз оны «Қазақ көсемсөзінің Қаллекиі» деп сеніммен атаймыз. Өзі Қали болса, өзі өнерлі болса, өзі өнерді жазса, біздің саланың Қаллекиі болмағанда кім болмақ?!–* деп жазады (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Тілдік тұлғалар мақалаларының тақырыпаттарын да сұраулы конструкциямен береді де мақаланың өн бойында сол сұраққа жауап береді. Мысалы: *Әлем қауымдастығы алдында тәуелсіз ел ретінде өмір сүріп отырған этностардың басты қорғаны – мемлекеті мен оның мызғымас шекарасы десек, одан кейінгі қажеттіліктер қатарына: тілі, діні, салт-дәстүрі, тарихы мен мәдениеті, сонымен бірге демографиясы кірері анық. Бұрынғы бабаларымыз «көп қорқытады, терең батырады» дегенді бекер айтқан жоқ. Бұл тәмсіл бүгінгі таңда «демографиялық саясат» деген атпен өзекті болуда* (Бекен Қайратұлы Қиырдағы қазақтың әлеуетін қалай көтеріміз? //Егемен Қазақстан, 2019, 10 қыргүйек).

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында кейде сұрақтарға жауап берместен, ашық қалдырады. Сол арқылы бұл мәселенің қоғамда әлі шешімін таба қоймағанын, осыған көңіл бөлу керектігін көрсетеді. Мысалы: *Осы орайда біздің қазақ спортында осы мәселеге қатысты зерттеу-зерделеу бар ма? Кәсіби спортшыларды күйзеліске ұрындырмау жайы қарастырылған ба? Айталық, біздің елде жоғарыдағыдай жағдайды зілтеміршілер бастан өткеруде. Оның әртүрлі себептері барын білеміз. Қалай десек те, дәл қазір И.Ильин, Ж.Қыдырбаев, А.Өтешов т.б. зілтеміршілер күйзелісті жағдайда екені анық* (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Бекен Қайратұлы «Мазасыздық синдромы» деп аталатын мақаласының соңын ашық сұрақ күйінде аяқтайды: *Мысалы, жақында бұрын Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан еліміздің V жазғы Спартакиадасы өтті. 102 кило салмақта бақ сынаған Илья Ильин жұлқа көтеруде 170 кило, серпе көтеруде 200 килоны еңсеріп, қоссайыс қорытындысы бойынша 370 килоны бағындырды. Жеткен жері осы. Бұл азамат 2012 жылы Лондон олимпиадасында қоссайыс бойынша 418 килоны бағындырса, 2015 жылы Грозныйда өткен РФ президенті кубогында екі бірдей әлем рекордын жаңартып, қоссайыста 437 килоны еңсерген еді. Қараңыз қазіргі қоссайыс қорытындысы мен $(437-370=67)$ бұрынғы нәтижесінің айырмасы: – 67 кило. Міне, бұл спорттағы күйзелістің, яғни бәрнаут дертінің салдары. Айтпағымыз, болашақта осы дерттің алдын алатындай мүмкіндік*

жасалған ба бізде? (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Мұндай қолданыстар шебер журналистің қоғамдағы пісіп, өртеніп тұрған мәселелерге өзіндік үн қосуы болып табылады. Сол арқылы жауапты адамдардың осы мәселеге арнайы көңіл бөлуін талап етеді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында коммуникатор-реципиентке әсер ету мақсатымен мәтінді әлеуметтік-психологиялық категория ретінде пайдаланады. Мысалы:

Әдебиетші-қаламгер отбасында туып, қазақы тәрбиеге шомылып өскен Анар қарындасымыз да әке жолын қуып әдебиетші боламаққа ниет еткенімен жолы бола қоймапты (Бекен Қайратұлы Қаламгердің қайсар қызы //Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан).

Бұл орайда автор өзім/өзге оппозициясын ұтымды пайдалана білген. Ол үшін тәуелдік жалғауының бірінші жағын өзіне жақын тарту, іс-әрекетін мақұлдау мәнінде пайдаланған

3.4 Публицистикалық дискурстағы когезия және ретроспекция тәсілдері

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында когезия тәсілі ұтымды қолданылған. Оқырманның назарын аудару мақсатында журналистер жалпыдан жекеге ойысу тәсілін шебер пайдаланады. Мысалы: «М.Шоқамановтың қайта ұсталуына себеп: 1951 жылдың наурыз айында Моңғолия ІІМ тарапынан бас прокурордың атына «1944 жылдан бері тергеліп, аяқталмай қалған Шоқаманов ісін қайта көтеру жайлы» өтініш келіп түседі. Сөйтіп прокурордың шешімімен осы жылдың 26 наурызында Махмұт Ыбырайұлы екінші рет тұтқындалады. Тергеу ісі 48 күнге созылып, Махаңа ресми түрде «Гоминданға қарсы Моңғол мемлекеті тарапынан берілген тапсырманы орындамай кешіктіру себепті қылмыстық кодекстің 62-ші тармағы бойынша айып тағылды» делініпті» (Бекен Қайратұлы Үржарда туып, Ұлан-Батырда атылған қазақ //Егемен Қазақстан, 2019, 17 қазан).

Немесе: *«Оған себеп мынау: 1930 жылдың басында БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин арнайы жиын ашып республиканың бас басылымы «Еңбекші қазақ» газетін бұрынғы алашордашыл бағыт ұстануда, кері тартпа ескішіл, ұлтшыл «Қазақ» газетінің ізімен кетіп бара жатыр деген айықпас айып тақты. Барлық пәле осы айыптан басталған сияқты* (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2019, 21 қараша).

Келтірілген мысалдарда журналист *М.Шоқамановтың қайта ұсталуына себеп, оған себеп мынау*, т.с.с. тілдік бірліктерді пайдаланып, түсіндірмелі құрылымды сөйлемдер құрайды. Сол арқылы оқырманның назарын осы фактіге аударады, сол арқылы өзінің діттемін жеткізеді, журналистік позициясын білдіреді.

Мұндай құрылым Бауыржан Омаровта да көп кездеседі: *Серік ағаның сыны бұзылмайтын себебі бар. Өйткені, әйгілі академикті өз шаңырағында*

тағы бір академик баладай баптап, бар жағдайын жасап келеді. Қазақ қыздарының арасынан шыққан танымал ғалым Әлия Бейсенова қалың елге қадірлі Қирабаевтың қартаюына жол берген жоқ. Сондықтан Серік ағаның **бағы мен бабы** қатар жүрді. Академик әлі күнге дейін ғылыми қызметтен қол үзген емес. Көрнекті ғалымды ширақ күйден ажыратпай тұрған себептің тағы бірі – осы (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Сонымен қатар тілдік тұлғалар мұндай түсіндірмелі құрылымдарда санамалау әдісін де тиімді пайдаланады:

Жалпы мұсылман ғалымдары бүліктің зияны жайлы былай дейді:

1. Адамдарды қызықтырады. Имам Ибн Хазм: «Бүліктің гүлі ешқашан жеміс бермейді» деген. Яғни, бүлік басталғанда гүл сияқты алдамшы кейіпте адамдарды қызықтырып өзіне тартып тұрады. Іәм шайтан бүлікті адамдарға жақсылықтың нышаны сияқты көрсетіп, бұл іс болашақта көп жеміс беретіндей үміттендіреді. Бірақ бүлік-фитна ешқашан жеміс бермейді.

2. Ақыл-есті кетіреді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с): «Ақыл-есті кетіретін бүліктер (фитналар) келеді. Ол келгенде бірде-бір ақыл-есі дұрыс адам таба алмай қаласыңдар» деген хадисі бар. Осы хадисті риуаят еткен Хузайфа (р.а): «Арақ-шарап бүлік сияқты мас қылмайды, бүлікке мас болу одан да қатты ақыл-есті кетіреді» деп тәпсірлеген. Және ол: кімде-кім харамды халал деп, ал халалды харам дейтін болса, ол адамның бүлікке (фитнаға) ұрынғаны, деген.

3. Жаппай жояды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтқан хадис-қиссада: «Бір қауым кемеге мінеді. Жартысы үстіңгі қабатта қалады да ал екінші жартысы төменге түседі. Кеменің түбіндегілер шөлдеген сайын үстіндегілерден барып су сұрап мазаларын алады. Жоғарыдағылар ренжіп су бермей қояды. Кеменің түбіндегілер: «Кеменің астында су бар емес пе, мына жерді тесейік те, аналарды мазаламай, суды емін-еркін ішіп отыра берейік» дейді. Сөйтіп біреуі айбалтамен кеменің түп ағашын шаба бастайды. Егер де, бұл ақымақты еркіне қалдырса, барлығы құриды, ал тоқтатса, барлығы құтылады». (Бұхари, Термези, Ахмад). Осы хадисті тәпсірлеген Нұғман ибн Башир: «Бүлікшілер кеменің астыңғы қабатындағы адамдар сияқты, олардың қолындағы балтаны алыңдар» дейді (Бекен Қайратұлы Бүлдіру оңай, бүтіндеу қиын //Егемен Қазақстан, 2019, 14 маусым).

Кейде мұндай құрылымдар түсіндірме сөйлем түрінде берілмей, сұраулы сөйлем арқылы беріледі. Сұраққа *біріншіден, екіншіден, үшіншіден, т.с.с.* құрылымдармен жауап беру арқылы сол сұрақтың жауабы дәйектеліп, нақтыланады: *«Жоғарыдағы доктринадан нендей қорытынды түйеміз? Біріншіден, қашанда заман мен адам ара қатынасы өте маңызды. Адамды тәрбиелеу арқылы заманды түзеуге болады... Екіншіден, қазіргі қазақ қоғамы көп ұлтты. Бұл ерекшелікті ескермесе болмайды. Осы орайда елімізде өмір сүріп жатқан ұлттардың біртекті, тең дәрежеде дамуына толықтай мүмкіндік туғызбайынша, мемлекеттік аураның тұтастығын*

сақтай алмаймыз (Бекен Қайратұлы Мылтықсыз майдан //Егемен Қазақстан, 2019, 12 қыргүйек).

Автор кейде сұрақтың мақаланың тақырыпаты ретінде қолданып, бүкіл мақалада соған жауап беріп, дәйектер келтіреді:

«Корейлер қалай көгерді?»

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Корей елінің экономикасы адам көргісіз құлдырады. Тіпті әлемдегі ең кедей мемлекеттердің қатарына қосылды. 1962 жылғы даму көрсеткіші бойынша Оңтүстік Корея Азия елдерінің ішінде соңынан санағанда Үндістаннан кейін екінші орында тұрды.

Халқының қамыс шақай мен шиден тоқылған дөңгелек қалпақтан басқа іліп алар киімі болмады. Осы тұста елді мұндай күйден құтқаратын тек ұлттық идеология екенін түсінген бір зиялылар ел басында отырған тұлғаларға барып, «корей халқы тауықтан жақсы ма, әлде жаман ма?» деген жалғыз сұрақ бойынша бүкілхалықтық сауалдама жүргізуге үгіттейді. Сауалдама жүргізіледі. Әрине, ел тұрғындары түгелдей «Корей адамы тауықтан жақсы» деген жауапқа тоқтайды. Олай болса, дейді жоғарыдағы зиялылар: «Әрбір корей тауықтан бұрын оянып, іске кіріссін» деп үндеу тастайды. Осы бір қарапайым ғана сауалдама күллі халықты ерте тұрып, еңбекке жұмылдыра алған. Бұл – бір.

Екіншіден, елдің экономикалық әлеуетін көтеріп, өндіріс орындарын ашу үшін аса қомақты қаржы керек болады. Оны қайдан таппақ? Ел ағалары ақылдаса келе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қақ жарылған неміс жұртының бір бөлігі Германия Федеративтік Республикасынан қарызға қаржы сұрап елші аттандырды. Ол тұста немістер қанды соғыста қирап қалған өндіріс ошақтарын жандандыру үшін жанталасып жатқан. Ауыр жұмыс атқаратын шахталар мен емханаларда тазалықшылар жетіспейтін. Корейлер осы екі жұмысты өздері атқарып, алған қарызды жұмысшылардың еңбек ақысы арқылы төлеуге келісіп, 140 миллион марка несие алады»

Кейде журналист сұрақ қоя отырып, ол сұраққа өзі жауап береді де санамалау әдісін қолдана отырып, оған бірнеше факт келтіреді: «Орыс тілінсіз күніміз жоқ» деу – ішкі жаудың сөзі? Олай емес. Талдап көрейік:

Біріншіден, қазақ тілі – орыс тілі келмей тұрғанда тұтас қазақ хандығының мемлекеттік тілі болып, өз функциясын толық атқарған. Демек, қазақ тілі мемлекеттік тіл функциясын атқаруға қарымы әлі де толық жетеді.

Екіншіден, орыс тілі қазақ даласына отты қарудың күшімен кіріп, қазақ тілінің мәртебесін зорлықпен тартып алған. Сондықтан ол қазақ тілінің алдында – қылмыскер.

Үшіншіден, қазіргі дүние жүзіндегі тілдердің жұрт мойындаған ықпалдылығы жағынан орыс тілі – 3-інші санаттағы тіл. Ендеше, орыс тілін жақтаушылар құдықтағы құрбақа секілді «аспанның үлкендігі құдықтың аузындай ғана» деп орыс тіліне жармасып алуы ешқандай ақылға сыймайды.

Төртіншіден, тәуелсіздіктен кейін қазақ тілі Ата заңымызда мемлекеттік тіл деп жазылды. Ендеше оның үстемдігінің аты затына сай болуы керек.

Бесіншіден, қазіргі әрқилы қоғамда көп адамдар бір тілді ғана еркін меңгерген болады да, өзі өмір сүріп отырған ортада сол тілдің үстемдік алуы үшін күш салады. Оның заңға, арға, әділеттікке сай келетін, келмейтінімен санасып жатпайды. Қазіргі Қазақстанда орыс тілінің үстемдігін сақтап қалғысы келетіндер осылар. Олар ескі сүрлеуден шыққысы келмейді және қазақ тілі жауынгерлерінің төзімділігінің де шегі бар екендігімен санаспайды» (Бекен Қайратұлы Тілдер соғысы //Егемен Қазақстан, 2019, 10 маусым).

Яғни журналистер санамалау тәсілін мәтінқұраушы, мәтінге когеренттілік үстеуші құрал ретінде пайдаланғанын көреміз.

Сонымен қатар сөзінің қорытындысында, қандай да бір тұжырым жасауда *әрине, сөйтіп, сонымен, т.с.с.* тілдік бірліктерді мәтін байланыстырушы, ұластырушы элемент ретінде пайдаланады. Мысалы: *«Сөйтіп, үкімет күллі корей жастарына сауға салады. «Корей халқының болашағы үшін жас жанын пидә етіп, шетелге ақысы аз жұмысқа кім барады?»». Қолма-қол 46 мың қыз-жігіт білек сыбанып шығады. Көбі орта мектептің жоғары сынып оқушылары (Бекен Қайратұлы Корейлер қалай көгерді? //Егемен Қазақстан, 2019, 1 шілде). Әрине, пенде баласын мақтап-мадақтаған дұрыс. Мақтанды сүймейтін жан баласы жоқ (Бекен Қайратұлы Артық мақтау – жанға қас //Егемен Қазақстан, 2017, 5 қыргүйек).*

Публицистер қыстырма құрылымдарды пайдалана отырып, экспрессивтілікті күшейтуге, оқырман мен арада коммуникативтік байланыс орнатуға тырысады: *Енді мына бір оқиғаға назар салайық. Өте ертеде қолы қарулы жігіт бір адамды байқаусызда өлтіріп қояды. Өлген адамның туыстары қазыдан «қанға қан» үкімін сұрайды. Жігіт айтады: «Алыста тұрушы едім, жақындарыммен қоштасайын, қарыздарымды жабайын. Үш күнге мұрсат берсеңіз». Қазы көпшілікке қарап: «Бұған кепіл болатын адам бар ма?» дейді. Ешкім үндемейді... (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан). Айта кетейік, маңызды басқосудың модераторы, тарихшы-ғалым, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі аталған тұсаукесерге Ұлы дала мұрасына құрметпен қарайтын тұлғалар және ежелгі түркінің ұрпақтары жиналып отырғанын көпшілікке ризашылықпен жеткізіп, қос туындының бірі «Ұлы Дала әдебиеті» кітабы Халықаралық Түркі академиясының қолдауымен жарық көргенін жеткізді (Бекен Қайратұлы Даралап Ұлы дала ұлағатын //Егемен Қазақстан, 2019, 21 қазан). Қазіргі таңда көбіміз байқай бермейтін мынадай бір қызық дерек бар. Атам замандағы қазақтың қамын жеген ел басы, топ басылардан (Абай) бастап, ақ патшаның тұсындағы ағартушылар, одан қалды кешегі ХХ ғасыр басында «қазақ үшін шам қылған жүрек майын» (Сұлтанмахмұт) Алаш арыстарының өмір-тарихын оқысаңыз, барлығында бірдей «алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан» дейтін елеусіз ғана тіркес тұрады (Бекен Қайратұлы «Ауыл молдасынан оқыған...» //Егемен Қазақстан, 2018, 8 тамыз). Бір қызығы, оларға сол корбюродан бірден бөлімге барудың да сәті оңайлықпен түсе қоймады.*

Біразы әбден сілікпесі шығып, секретариатта сенделді (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Мұндай құрылымдар осы фактіге оқырманның назарын аудару, акцент жасау мақсатында қолданылған. Профессор Н.Уәли ақпаратты сөзде дұрыс орналастыру автор мен реципиенттің өзара әрекеттестігін күшейтетінін айта келіп: «Маңызды ақпаратқа рецензенттің қызығушылығы арта түседі. Маңызды ақпарат автор тарапынан жіберілген «стимул» ол қабылдаушы санасында «тітіркендіргіш» қызметін атқарып, реакция тудырады. Сондай-ақ мәтіндегі жүйемен берілген әрбір күшті дәйек автор тарапынан жіберілген стимул ретінде мәтін қабылдаушының реакциясын тудыруға тиіс. Сөйтіп, қабылданған мәтін сананың эмоционалды, интеллектуалды бөліктеріне әсер етеді, – дейді [25].

Тілдік тұлға нақтылау мәнді қыстырма құрылымдарды мақсатты түрде пайдаланады: **Мысалы**, қазақ халқын алайық. **Басқасын айтпағанда**, зеңгір көкте емін-еркін ұшып жүретін аспан серісі бүркітті қолға үйретіп, оны құлдық ұрғызатын бірден-бір жұрт. Осы қазақта «құсты ырғаққа отырғызу» деген тәсіл бар. Оны құсбегілер түз бүркітін құлдық ұрғызу үшін жасайды. **Яғни**, адамға бағынып көрмеген асау құсты, екі діңсектің басын шалып байланған арқанның ортасындағы белағашқа отырғызады да басына томаға кигізіп ұйықтатпай тербетеді (Бекен Қайратұлы Құлдық ұрғызудың құпиясы //Егемен Қазақстан, 2018, 17 қазан).

Осы орайда, біздің қазақ спортында осы мәселеге қатысты зерттеу-зерделеу бар ма? Кәсіби спортышларды күйзеліске ұрындырмау жайы қарастырылған ба? **Айталық**, біздің елде жоғарыдағыдай жағдайды зілтеміршілер бастан өткеруде. Оның әртүрлі себептері барын білеміз. **Қалай десек те**, дәл қазір И.Ильин, Ж.Қыдырбаев, А.Өтешов т.б. зілтеміршілер күйзелісті жағдайда екені анық. **Мысалы**, жақында бұрын Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан еліміздің V жазғы Спартакиадасы өтті. 102 кило салмақта бақ сынаған Илья Ильин жұлқа көтеруде 170 кило, серпе көтеруде 200 килоны еңсеріп, қоссайыс қорытындысы бойынша 370 килоны бағындырды. Жеткен жері осы. Бұл азамат 2012 жылы Лондон олимпиадасында қоссайыс бойынша 418 килоны бағындырса, 2015 жылы Грозныйда өткен РФ президенті кубогында екі бірдей әлем рекордын жаңартып, қоссайыста 437 килоны еңсерген еді. **Қараңыз** қазіргі қоссайыс қорытындысы мен $(437-370=67)$ бұрынғы нәтижесінің айырмасы: – 67 кило. **Міне**, бұл спорттағы күйзелістің, яғни бәрнаут дертінің салдары (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Яғни тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында тілдік құрылымдар орнымен қолданылған. Нақтылау мәнді қыстырма құрылымдар арқылы журналист оқырманды ойлануға мәтінді қабылдауға, түсінуге, назар аударуға, мән беруге шақырады. Бұл орайда профессор Н.Уәли: «Сонымен, сөз коммуникациясы тілдік және тілдік емес құрылымдардан тұрады. Сөйлеген (жазған) сөзде дербестік жоқ, өйткені сөз жайдан-жай айтылмайды

(жазылмайды). Сондықтан сөз хабарлау, сұрау, иландыру, сендіру т.б. тілдік емес мақсаттарға бағынып, коммуникантты қандай да бір әрекет жасауға мәжбүрлейді. Сөйлеген (жазған) сөздің өзі субъектінің (сөйлеуші / жазушы) әрекеті, ал екінші біреуді (тыңдаушы / оқырманды) іс-әрекетке жұмылдыру, яғни сөз (тілдесу) коммуниканттардың біріккен іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады», – дейді [25].

Адресаттың интеллектуалдық санасына әсер ету үшін тілдік тұлғалар өзінің діттемін, мақсатын оқушыға айтып, жариялап отырады. Мысалы: *Жиырма жылдан соң сол елге жолы түскен белгілі журналист Қайнар Олжай америкалық қазақтың кейінгі тағдыры жөнінде «Кебенек киген Күнтуған» деген мақала жазды. Бүгінгі публицистиканың хас шебері Қайнар Олжайдың студент кезінде Нұрекеңнің жөн сілтеуімен баспасөзге араласқанын, сол кісінің жетекшілігімен диплом жұмысын қорғаған шәкірті екенін оқырманның есіне сала кетейік* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Айтпағымыз – болашақта осы дерттің алдын алатындай мүмкіндік жасалған ба бізде?* (Бекен Қайратұлы Мазасыздық синдромы //Егемен Қазақстан, 2019, 19 тамыз).

Сол арқылы оқырманның осыған мән беруін, зейін қоюын талап етеді.

Сонымен қатар публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға ретроспекция тәсілін де тиімді пайдалана білген. Мысалы: *Кейіннен білдік, Нұрмахан ағамыз ол тұста министрлік деңгейіндегі ресми ақпарат мекемесі – Қазақ телеграф агенттігі бас директорының орынбасары болып қызмет істейді екен* (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). *Енді Жақсыбай Сарбалаевтың отбасына қайта оралайық. Оның үлкен ұлы Елдос әкесінің жолын жалғады* (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. 6 (1368). 2017, 9-15 ақпан). *Бұл күнде бізге он-оңай сияқты болып көрінетін 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың бас кезін еске алайықшы. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына сайланған 1989 жылдың маусымында жаздай өте күрделі болатын...* (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). *Сөзіміздің басында 1919-1938 жылдары газет басқарған 18 редактордың 13-і атылды дегенді айттық* (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша). *Бақыт ағамның томаға-тұйықтау көрінетінін, көбіне-көп өз ойымен өзі оңаша жүретінін айттық қой* (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. 6 (1368). 2017, 9-15 ақпан),

Ретроспекция тәсілінде журналистер байқа етістігін жиі пайдалаланғанын көреміз: *Сол кезде байқадық, ақ үй жақтан самсаған әскерлер алаңды бетке алып келе жатыр* (Бекен Қайратұлы Желтоқсаншы //Егемен Қазақстан, 2019, 18 желтоқсан). *Бұрын байқаманпыз, қазіргі той – бәзбір пенделер үшін көңіл көтеру құралы екен. Яғни, тойдағы топалаң адамды уайымнан арылтады. Сонда Абай атамыз «Уайым-қайғыны*

орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды қарекетпен азайт» деп білмей айтты ма?! (Бекен Қайратұлы Той жарыс //Егемен Қазақстан, 2019, 2 тамыз).

Профессор Н.Уәли: «Сөз ықпалын арттырудың тағы бір тілдік емес тәсілдеріне ең маңызды деген хабарды, материалды орналастыра білу. Зерттеулерде (Тарасов Е. Ф. Речевые воздействия как проблема речевого общения. 13-б.) оқырманның немесе телекөрермен, радиотыңдармандардың белгілі бір теле-радиоларға қызығушылық танытып, іш тартып отыратын жағдайда аса маңызды материалды соңына беретіні айтылады. Сондай-ақ оқырман, көрермендер болмаса белгілі бір аудитория (шаршытоп) тиісті каналдарға, басылымдарға бейтарап қарайтындай жағдайда, пәлендей қызығушылық танытып, ықылас білдіре қойматындай тұста аса маңызды ақпаратқа алдымен орын беру керектілігі айтылады. Бұл айтылғандар мәтінді қабылдаушының (қабылдаушылардың) психологиялық күйіне байланысты. Қысқасы, ақпараттарды сөзде дұрыс орналастыру автор мен реципиенттің өзара әрекеттестігін күшейтеді», – дейді.

Кейде тілдік тұлғалар ретроспекция тәсілін пайдаланып, тарихи деректерді келтіреді. Әрі онысын оқырманына да ескертіп отырады: ***Тағы да сәл шегініс жасайық.** Баяғы даулы қаулының кесірінен «Лениншіл жастан» кетіп қалған Қали көп ұзамай жаңадан ашылған «Өркен» – «Горизонт» студент-жастар газетінің жауапты хатшылығына тағайындалды. Әдепкіде жұмысқа ширығып кіріскен... (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).*

Яғни журналист коммуникативтік стратегиясын жүзеге асырып, оқырманның интеллектуалдық санасына әсер ету үшін фактуалды ақпаратты орынды пайдалана білген.

3.5 Публицистикалық дискурстағы субституция тәсілі

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында субституция тәсілі жиі пайдаланылған. **Субституция** – тілдік бірліктердің бірінің орнына екіншісінің жұмсалуды, орын алмасуы. Әдетте субституция тәсілі ойды қайталамау, сөзге көрік беру, бейнелі қолданыс үшін жұмсалады. Бекен Қайратұлы, Нұртөре Жүсіп, Бауыржан Омарұлының публицистикалық дискурстарында субституция тәсілі баспасөздің өзіндік ерекшелігіне сәйкес бірнеше мақсатта қолданылған.

Мысалы: *Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында елордалық зиялы қауым өкілдері кіндік қаланың ескі қорымына сүйек күлі көмілген мемлекет және қоғам қайраткері, алаш арысы Смағұл Сәдуақасовтың басына барып тағзым жасады (Бекен Қайратұлы Тұлғаға тағзым жасалды //Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан).* ***Жарықтық,** нағыз толысқан шағында, бар-жоғы 33 жасында Мәскеу-Донбасс темір жол құрылысында апаттан қайтыс болып, өртелген сүйегі Дон қабірстанында топыраққа көмілмей, құмыра ішінде сақталып келген еді. Арада 78 жыл өткенде, яғни 2011 жылдың қаңтар айында **марқұмның** күлі туған топырағына жеткізіліп, елорданың ескі қорымына жерленген болатын (Бекен Қайратұлы Тұлғаға тағзым*

жасалды //Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан). Темекі денсаулыққа зиян тигізумен қатар адамды материалдық шығынға да ұшыратады. **Оны шегуге** кеткен уақытты ешқашан қайтара алмайсыз. Темекіге жұмсалған ақшаны нағыз ысырапшылық деп айтуға болады. Мәселен, күніне 200 теңгенің темекісін тартқан жан айына 6 мың, жылына **72 мың теңгенің көк түтінін будақтатады**. Орташа 40 жыл шылым шеккен адам темекіге 2 миллион 880 мың теңге жұмсайды екен. Енді уақытқа келсек, бір тал шылым шегуге 5 минут жұмсайсыз. Күніне 20 тал темекі тартқан адам 1 сағат 40 минутын темекі тартуға жұмсайды. 40 жыл шылым шеккен адам ғұмырының 2 жыл 7 айын **түтін жұтуға жұмсайды** (Бекен Қайратұлы Темекінің тауқыметі //Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша).

Келтірілген мәнмәтіндерде публицист субституция тәсілін пайдалана отырып, «Астана» атауының орнына «Елорда», «кіндік қала» атауларын, қоғам қайраткері, алаш арысы Смағұл Сәдуақасовтың атын қайталамау үшін **жарықтық, марқұм** сөздерін пайдаланған. Онысы қазақы ұғыммен, қазақы менталитетке сәйкес құрылғандықтан, оқырманына әрі түсінкті, әрі орынды көрінеді. «Темекінің тауқыметі» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша) публицист **темекі тартты** тіркесінің орнына **оны шегу, 72 мың теңгенің көк түтінін будақтатады, шылым шеккен, түтін жұту**, т.с.с. тіркестерін қолданған.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы субституциялары көркем бейнелерге құрылады: *Бір жылдың ішінде баспахананың бар жұмысын игеріп, кәсіпқой газет басушыға айналды. Қорғасын әріптің уын жұтқан қарбалас кезең жас жігітті көп нәрсеге үйретті* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). Темекіге жұмсалған ақшаны нағыз ысырапшылық деп айтуға болады. Мәселен, күніне 200 теңгенің темекісін тартқан жан айына 6 мың, жылына **72 мың теңгенің көк түтінін будақтатады** (Бекен Қайратұлы Темекінің тауқыметі //Егемен Қазақстан, 2019, 19 қараша).

Бауыржан Омаров көрнекті көсемсөзші Нұрмахан Оразбектің қызмет-лауазымын көрсету үшін субституция тәсілін шебер пайдаланған: *Кейіннен білдік, Нұрмахан ағамыз ол тұста министрлік деңгейіндегі ресми ақпарат мекемесі – Қазақ телеграф агенттігі бас директорының орынбасары* болып қызмет істейді екен. Әйгілі Каз ТАГ-тың басшыларының бірі лекция оқитынына кәдімгідей қуанып қалдық... Сондай **мәртебелі мекеме басшысының** аудармаға жауапты орынбасарының өзі бізге көп нәрсені үйрететін болды енді. **Жаңа оқытушымыз** алғашқы сабағында «лид» және «ақпараттық ілік» деген ұғымдарды тәптіштеп түсіндіруден бастады (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Публицист **министрлік деңгейіндегі ресми ақпарат мекемесі – Қазақ телеграф агенттігі бас директорының орынбасары, мәртебелі мекеме басшысы, жаңа оқытушымыз** сияқты тілдік бірліктерді пайдалана отырып, бір жағынан, Нұрмахан Оразбектің қызметін көрсетсе, екінші жағынан,

студенттің қабылдауын да білдірген. Көріп отырғанымыздай, қаламгерлер қолданысындағы субституция тәсілі қазақи дүниетанымға негізделген әрі экспрессиялық бояуы да қанық шыққан.

Тілдік тұлғалардың субституция тәсілінде есімдіктер жиі қолданылады. Мысалы: **Ол кезде** ақпарат құралдарының бәрі ресми материалдарды осы Каз ТАГ-тан алады. Елдің ең сауатты, ең білікті, екі тілге жүйрік журналистері осы агенттікке жиналатын. **Олардың** аудармаларынан ешқандай мін таппайсың. Ең қиын деген сөздердің қазақ тіліндегі баламасын тауып, мәтінді құлпыртып жібереді. Каз ТАГ-тың лентасына терілген материалдар газет редакцияларының секретариаттарына құбырмен жіберілетін патрон арқылы сартылдап түсіп жатады. Ең ресми дүниелер – **осылар** (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар). **Лидті** әсерлі заметканың хабаршысы сияқты етіп жазып шығу қажет. **Бұдан кейін** ақпараттық ілік жалғасады. **Осының бәрін** соншалықты жатық тілмен миыңа шегелеп тұрып ұқтырады екен (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез // Ана тілі, №2 (1312) 2016, 14-20 қаңтар).

Нұртөре Жүсіп мақалаларында Абай Құнанбайұлының сөздерінен дәйек келтіріп, басшылыққа алып отырады. Алайда ақынның атын қайталамау мақсатында субституция тәсілін ұтымды пайдалана білген: *Абайға жиі жүгінген абзал. «Қазақтың жаманишылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының тайын мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма?», – деп тереңнен толғайды **қазақтың қазыналы қариясы** (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). «Осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады» деген **дананың қарттың** байламы арада жүз елу жыл өтсе де өзгеріссіз қалуына қайран қаласыз! (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан).*

100, 200 метрлік қысқа қашықтықта КСРО-ның сегіз дүркін чемпионы, КСРО Халықтары спартакиадасы және Еуропа кубогының жеңімпазы, алты рет одақ рекордын жаңартқан Әмин Тұяқовты **Одақ рекордын жаңартқан жүйрік, гасырда бір туатын атақты желаяқ, желаяқ ағамыз, Ақмышта туып, АҚШ-тан озған, т.с.с.** тілдік бірліктер арқылы сипаттайды. Мысалы: **Қазақ даласы таланттардан кенде емес. Соның бірі – гасырда бір туатын атақты желаяқ 100, 200 метрлік қысқа қашықтықта КСРО-ның сегіз дүркін чемпионы, КСРО Халықтары спартакиадасы және Еуропа кубогының жеңімпазы, алты рет Одақ рекордын жаңартқан жүйрік Әмин Тұяқов. Сонау бір жылдары Маңғыстау өңіріне танымал Құлшық Жұбаев**

деген ақсақал Әмин Елемесұлын әлем-жәлем сөзбен әспеттеп жатпай-ақ Ақмышта туып, АҚШ-тан озған деп бір-ақ ауыз сөзбен түйген екен. «Ақмыш» Маңғыстау өңіріндегі саяхатшылар көп баратын Шерқала маңында орналасқан таудың аты, яғни ол **желаяқ ағамыздың** кіндігі кесілген жер. (Бекен Қайратұлы «Ақмышта туып, АҚШ-тан озған» //Егемен Қазақстан, 2019, 10 шілде).

Сонымен қатар Бекен Қайратұлы *газет* сөзін қайталамау үшін әрі ойын көркем жеткізу үшін субституция тәсілін пайдаланған. Мысалы: *Осындай ұшқыр ойлы, ұлтишыл тұлғалар жиналған бір ұя – «Ұшқын» газеті еді. Алғашқы саны 1919 жылы 17 желтоқсан күні Орынборда жарық көрген бұл үнпарақтың бірінші редакторы Орал өңірінің тумасы Халел Есенбаевтан бастап, 1938 жылы газет тізгінін қолына алған Сақтаған Бәйішевке дейінгі 18 редактордың 12-сі қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жала жабылып, атылып кетіпті* (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер //Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша).

Келтірілген мәнмәтінде «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жылдығына арналған мақаласында автор *газет* сөзімен қатар *ұшқыр ойлы, ұлтишыл тұлғалар жиналған бір ұя; алғашқы саны 1919 жылы 17 желтоқсан күні Орынборда жарық көрген бұл үнпарақ; басылым; республиканың бас басылымы*, т.с.с. танымдық әрі көркем сөзқолданыстарды ұтымды пайдалана білген.

Соңғы жылдары *оралман* сөзінің қате екені туралы айтылып, оның орнына бірнеше балама қолданылып жүр. «Газет – жаңа қолданыстардың старт алаңы» болғандықтан, Қайрат Бекенұлының жазбаларынан да осы сөздің бірнеше баламасын кездестіруге болады. мысалы: *Осы орайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атамекенге аңсап келген ағайындар* мәселесіне байланысты қосымша іс-шаралар қабылдау жайлы Үкіметке тапсырма берді. Сонымен қатар жаңадан құрылған «Отандастар қоры» КЕАҚ жақсы істерге мұрындық болуда. Қазақстанның қоғамдық жаңаруы аясында Қазақстан Үкіметі бекіткен 2018-2022 жылдарға арналған **шетелдегі қазақтарды** қолдау іс-шаралар жоспарына сәйкес **диаспора жастары** еліміздегі жоғары оқу орындарында тегін оқу квотасы 4 % өсіп, білім алушылар саны 2747-ге жетті. **Отанға оралған қандастарымызды** жұмыспен және баспанамен қамтамасыз ету ісі жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында шешімін тауып жатыр (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде).

Алдағы сәуір айында Нұр-Сұлтан қаласында **Отандастардың** халықаралық форумын өткізу жоспарда тұр. Сол себепті, бүгінгі кездесу жақсылықтың басы болады деген сенім зор», - деді Қырымбек Елеуұлы (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). **Ағайындарымыз «қандас»** мәртебесін алуға өтініш беруден бастап, азаматтық алғанға дейінгі барлық процесті талдап, жалпы құжаттары 46-дан 20-ға дейін қысқарту көзделіп, рәсімдеу тәртібі тек бір орында қана

атқарылмақ (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). **Шетелдегі қандастар** үшін мәдени-рухани байланысты дамыту қажеттілігі басым. Сондықтан біз «**Отандастар қоры**» КЕАҚ бірлесіп, «*Qazaq Yui*» іскерлік орталығы мен «Абай» мәдени үйін құрып, бұлардың белсенді қызмет атқаруын қалаймыз (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). Одан кейін өз ведомствосы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Шахрат Нұрышев, сырттағы елшіліктерде **диаспора** жөнінде өкіл тағайындалғанын айтып, **Қытай еліндегі қандастарға** байланысты ақпармен таныстырды. «Шыңжаң өлкесінде терроризммен күрестің қатаюына байланысты **қандастарға** қыспақ түскені мәлім. Дей тұрғанмен екі еларалық тату дипломатиялық келіссөздер нәтижесінде барыс-келіс шектеуі алынды (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). 2019 жылдың 1 қаңтарынан бері 338 мың этникалық қазақ елшіліктен Қазақстан визасын алды. Қос азаматтығы үшін Қытай елінен шыға алмай жүрген 35 адамның 30-ы елге оралды. Сол сияқты 6,5 мың этникалық қазақ **Қытай азаматтығынан шықты** (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде). Сонымен қатар **сырттағы қазақтардың** рухани қажеттілігін өтеу ісі жалғасын табады. **Жаңадан көшіп келушілерді** Үкімет қабылдаған «Еңбек» бағдарламасы аясында оқытып, мамандандыру шарасы жоспарда бар. Құжат рәсімдеу жұмысы да оңтайланып «Бір терезе» қағидасына көшеді (Бекен Қайратұлы Қандастарға қамқорлық //Егемен Қазақстан, 2018, 23 шілде).

Байқап отырғанымыздай, журналист оралман сөзін мүлде пайдаланбайды, оның орнына атамекенге аңсап келген ағайындар; отандастар; тарихи отанына оралған ағайындарымыз; қандастар; шетелдердегі қазақ диаспорасы; шетелдегі қандастар; Қытай еліндегі қандастар; қандастарымыз; Қытай азаматтығынан шыққан қазақ; сырттағы қазақтар; жаңадан көшіп келушілер, т.с.с. түріндегі жақын тарту, іш тарту мәнді сөзқолданыстарды пайдаланған.

3.6 Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарындағы паремиялардың прагматикалық қызметі

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін де жадына түйіп, орнымен, контекске сай пайдалана білген. Мысалы: *Бізді ерекшелен тұратын: тіліміз, мәдениетіміз, рухани байлығымыз. Мәселен, қазақтың мың мағыналы мақал-мәтелін ағылшын тіліне аударып берсе де, өзгелер түсінбейді. Өйткені олардың ұғымында ондай нәрсе жоқ. Мысалы, «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы». Мен осы мақалды көп шетелдікке аударып беріп ем, олар түсіне алмады, қабылдай алмады. Міне, ұлттық код дегенді Елбасы текке айтып отырған жоқ (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). Сондықтан*

да атамыз қазақ ұрпағының баянды, байсалды, байыпты, иманды болуына қатты мән берген. Тіпті бұрынғы бабаларымыз **«Иә, Алла, бала бер; бала берсең, сана бер, сана бермесең, ала бер»**, – дейді екен. Осыған қарағанда халқымыз санасыз ұрпақтан үміт күтпегені, оның барынан жоғы тиімді екенін өте жақсы білген (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан).

Мәтінде Нұртөре Жүсіп «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген мақалды қазақтың ешкімге ұқсамайтын даралығын, өмірлік ұстанымын көрсетумен қатар тіліміздің ерекшелігін көрсету үшін мақсатты түрде қолданған. Тіліміздің, мәдениетіміз бен рухани байлығымыз басқа елдерге ұқсамайтынын ескерте келіп, бірқатар мақал-мәтелдер өзге тілдерге, оның ішінде ағылшын тіліне аударуға көнбейтінін, сөзбе-сөз аударған жағдайда оны ешкім түсіне алмайтынын, мәнсіз сөз түйдектері боп шығатынын айтады. Сол арқылы қазақтың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ұлттық кодын, рухани кодын сипаттап, мәнін көрсетеді.

Жиынтық тілдік тұлғалар мақал-мәтелдерді көбінесе ұлттық тәрбиеге қатысты қолданғаны байқалады. Мысалы: *Бұрынғылар көп айтатын «Ілгері кеткеннің иті оттайды, кейін кеткеннің келіні ұрлық қылады» деген бір ауыз сөздің астарында атан түйе тарта алмас жүк жатыр* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). *Сол сияқты халқымызда «Қызға қырық үйден тыйым» деген өте мәнді ұғым бар. Бұл да сол ұрпақ тәрбиесіне қатысты айтылған құндылық. «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» дегендей қыздың тәрбиесін ата-анасымен бірге көршісі, оның арғы жағындағы ірге қанат қонған үйлер, одан қалды келесі қоңсылар, тіпті ең шеткі қырқынышы үйге дейінгі ауыл-аймақ бақылауы тиіс деген сөз бұл. Бұдан біздің түйетініміз – ұрпағы тәрбиелі халықтың болашағы зор болмақ* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). *Байырғы бабалардан бүгінге жеткен «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейтін құнды тәмсіл бар* (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша).

Келтірілген мәтіндерде мақал-мәтелдер, бір жағынан, халқымыздың сан ғасырлық өмір жолында жиған тәжірибесін, үлгі-өнегесін танытар дәйек ретінде қолданылса, екінші жағынан, ұлттық құндылыққа иек арта отырып, ойын нықтай түсу, көпсөзділіктен қашу, аз сөзге көп мағына сыйдыру мақсатында қолданылған.

Тілдік тұлғалар ұлттық тәрбиенің, адалдықты, уәдеге беріктіктің мәнін түсіндіру үшін халық әндерін, жыр шумақтарын да пайдалана білген: *Көшпенділер ұғымында адамның адамгершілігі оның уәдеге беріктігімен, басқадан артықшылығы уәдесін орындай алатын мықтылығымен өлшенген. Яғни, уәденің өмірдегі маңызы жайлы ескіден жеткен*

Жерден жердің несі кем?

Егін шықса, гүл өссе.

Ерден ердің несі кем?

Уәдесін үде етсе, – деп келетін мағыналы жыр шумағы бар. Сол сияқты ел арасында көп айтылатын қара өлең жолдарында *«Қош бол, сәулем көргенше, Қайта айналып келгенше, Уәдеңе берік бол, Мен сендікпін өлгенше»* дейтін де тіркес бар. Мұның бәрі ежелгі қазақ қоғамында уәде ұғымының мән-маңызы өте зор болғанына айғақ (Бекен Қайратұлы Уәдеге берік бол! //Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан).

Жиынтық тілдік тұлғалардың халық әндерін, жыр шумақтарын дәйек ретінде пайдалануы бекер емес. Себебі олар да халықтың көпғасырлық тәжірибесінің негізінде пайда болған.

Сонымен қатар кейде мақал-мәтелдер мен ғұламалардың сөздері қатар берілетін кездер де байқалады. Мысалы: *Дана халқымыз «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей»* дегенді бекер айтпаса керек. Сол сияқты ерте дәуірде өмір сүрген үлкен ойшыл Аристотельдің *«Сәби – таза тақта, не жазсаң, соны оқисың»* деуі қазақтың жоғарыда айтылған ақыл таразысымен үндесіп жатыр (Бекен Қайратұлы Ұрпағы мықтының ұлысы мықты //Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша). *«Отбасы немесе шаңырақ сүйіспеншілікке толы болса – ізгіліктің көркем сарайларының бірі, ал берекесіз болса – азаптың терең шұңқырларының бірі»*, – деп жазады мысырлық танымал оқымысты Ата әс-Сынбати (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас//Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Мәтіндерде Аристотельдің, мысырлық танымал оқымысты Ата әс-Сынбатидің афоризмдерін келтіру арқылы тілдік тұлғалар тәрбиенің негізіне қатысты ғылыми дәйектерді ұтымды пайдалана білген.

Әсіресе тілдік тұлғалар Абай Құнанбайұлының мұрасын жетік білетіні аңғарылады: *Дана Абай атамыз 13-қара сөзінде «иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек»* дегеніндей, оразаға берік болуды *нәсіп етсін баршаларыңызға!* (Бекен Қайратұлы Оразаның нығметі //Егемен Қазақстан, 2019, 16 мамыр). *Айтпақшы, бұл үйде өнерге таласы бар* тағы бір парасатты перзент өсіп келеді (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. 6 (1368). 2017, 9-15 ақпан). *Тынымсыз тіршілікте, Абай айтқандай, ақырын жүріп, анық басты.* Ұлы ақынның атап көрсеткеніндей, *«Еңбегің кетпес далаға»*, – деп қанағат ойлап, жайлап қана жұмысын істей берді (Бауыржан Омаров Ақберен (эссе) //Ана тілі. 15 (1429). 2018, 12-19 сәуір). *Яғни Абай атамыздың «Ішінде кімнің оты бар, қар жауса да сөнер ме?»* дегені сияқты адамның жан дүниесіндегі рух бостандығы оның көзінен от болып көрініп тұрады (Бекен Қайратұлы Отты рух //Егемен Қазақстан, 2019, 4 мамыр).

Журналистер ұлы ойшылдың сөздерін білумен қатар орнымен, ұтымды пайдалана білген. Тілдік тұлғалар Абай ақынның шығармаларындағы афоризмдерді дәйек ретінде пайдаланғанын байқаймыз. Оған *Абай айтқандай, Абай атамыздың ... дегені сияқты, Абай атамыз өзінің 12-ші қара сөзінде ... дегені сияқты* құрылымдардың қолданылуы айғақ бола алады.

Бауыржан Омаров мақалаға өзек болған тақырыпаттар мен тақырыпшаларын ұйқасқа, дыбыстық ойнатуларға құра отырып, «тақырыптың тұздығы» деп атап, өлең шумақтарын келтіреді. Мысалы:

Сынның сарбазы

*Айналсаң да ағалап,
Жалынсаң да жағалап.
Бетке бірден айтады,
Бар-жоғыңды бағалап!*

(Тақырыптың тұздығы) (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы
//Ана тілі. 6 (1368). 2017, 9-15 ақпан).

Тілдің тілекшісі

*Көрген емес ұсақтап,
Көңілінің түсі – аппақ.
Күлімсіреп тұрады.
Керекуді құшақтап!*

(Тақырыптың тұздығы) (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы
//Ана тілі. 6 (1368). 2017, 9-15 ақпан).

Сонымен қатар журналистердің дискурстарында ұлттық өнер, ұлттық спорт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар да жиі кездеседі: *Алқалы жиын барысы түстен кейін үздіктерге арнайы берілетін «Алтын тұғыр-2019» марапатына ұласты. Осымен жетінші мәрте ұйымдастырылып отырған сыйлықтың «Үздік мергендер» санаты бойынша – Айткөз Ералхан мен Бабажан Бақдәулет, «Үздік бәйге аттары» – «Қоянқасқа», «Үшқоңыр», «Қызжирен», «Үздік аударыспақшылар» – Аманжол Нұрбек, Құралбай Ермак, Нармағанбет Иманғазыұлы, Ағабек Ғабит, «Қазақ күресінің үздік балуаны» – Нариман Тұтқышев, «Үздік тоғызқұмалақшы» – Ғалымжан Темірбаев, «Үздік бүркітші» – Серікболсын Жалғасұлы, «Үздік теңге ілуші» – Ғалымжан Ізжанов, «Үздік көкпар командасы» – жастар құрамасы, «Үздік көкпаршы» – Құрманбек Тұрғанбек, «Үздік төреші» – Ерлан Жүсіпов, «Үздік жаттықтырушы» – Арслан Қабжанов, «Үздік ұлттық спорт клубы» – «Әулие ата» спорт клубы, «Жаппай көкпар үздіктері» болып Ғалымжан Мырзабаев пен Жомарт Зиябек танылды (Бекен Қайратұлы Ұлттық спорт үздіктері анықталды //Егемен Қазақстан, 2019, 16 желтоқсан).*

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдегі дайын конструкцияларды ғана пайдаланып қоймай, өз тарапынан тосын тіркестер құрап, окказионализмдер түзеді. Мысалы: *«Осылай істесең сені сүйемін, өйтпесең сүймеймін» деу шартты сүйіспеншілік белгісі* (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас//Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Ал ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншіліктің белгісін, араларында қызғаныш бар ма, жоқ па, содан байқауға болады. Бірақ та надан қызғаныштан сүйіспеншілік іздеуге болмайды (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас//Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Кейде сүйіспеншіліктің өзі қызғанышқа ұласып кететін жағдайлар бар. Ондай жағдай **сүйіспеншіліктің отын өшіреді** (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас // Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Бекен Қайратұлы ізденістерінің нәтижесі ретінде бұйдалау сөзін қалыптастырған. Қазақ тіліндегі сөзжасам құрылымдарын басшылыққа ала отырып, журналист *тізгіндеу* сөзінің үлгісімен бұйдалау сөзін түзген: 1925 жылдың мамыр айында республика астанасы Орынбордан Қызылордаға қоныс аударуына байланысты «Еңбекші қазақ» (бұрынғы «Ұшқын») газетін Сыр бойына **бұйдалап** жеткізген газеттің төртінші редакторы Смағұл Сәдуақасов ше? Бұл арыс 1933 жылы темір жол апатына ұшырамағанда бәрі бір қызыл сүргіден аман өтпес еді (Бекен Қайратұлы Жазықсыз жазаланған журналистер // Егемен Қазақстан, 2018, 21 қараша). Себебі Алаш арысы 1921 жылдың қаңтар айынан бастап «Еңбекшіл қазақ» газетін аз уақыт басқарса, екінші рет 1925 жылдың мамыр айында басылым редакторлығына тағайындалып, республиканың бұрынғы астанасы Орынбордан жаңа орталық Қызылордаға газетті **бұйдалап** жеткізген екен (Бекен Қайратұлы Тұлғаға тағзым жасалды // Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан).

Мұнда қаламгер «тізгін» сөзінің «жүгеннің бір бөлігі, екі ұшы сулықтың екі жағына бекітілген жұқа, жіңішке қайыс» деген мағынасының негізінде «бұйда» сөзін (түйенің, өгіздің мұрындығына тағылатын ұзындығы екі-үш құлаш жетек жіп) негізге ала отырып, бұйдалау сөзін құраған.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақ тілінде бұрыннан бар, қазақы дүниетанымға негізделген тұрақты тіркестерді мақсатқа сай пайдалана білген: Елбасының Кеңсесін басқару секілді аса маңызды жұмысты Махмұт Қасымбеков **қамшы салдырмай** атқарды (Нұртөре Жүсіп Махмұт Қасымбеков // Айқын №1 (2877). 2016, 6 қаңтар). Қандай ауыртпалық болса да **қабырғасы қайысып жүріп** көтерді. Езіліп жатса да **еңсесін түсірмеді**. Қалың қазақтың кеудесінде бірінші – намыс оты, сосын үміт пен сенім бар еді (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Әсіресе ұлттық біртектілікті сақтау, ұлттық кодты жойып алмау деген өзекті мәселелерді **соқырға таяқ ұстатқандай** етіп, көрсетіп беруі Елбасы мақаласының салмағын арттыра түседі (Нұртөре Жүсіп Елбасының ұлттық идеясы // Егемен Қазақстан. 2017, 17 сәуір). Ешқайсысы еңбектен қашпайды. Қайта **оза шауып, төске өрлеген** сайын өршелене жұмыс істейді (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Өте орынды талап болатын, бірақ **шаш ал десе, бас алып кететін** халықпыз ғой (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018).

Қазақ тілінде белгілі бір тұлғада қалыптасқан тұрақты тіркестерді пайдалануда журналистер екі түрлі ұстанымды басшылыққа алған:

1) қалыптасқан тіркестерді сол қалпында, өзгертпестен қолданған. Мысалы: Соның арқасында «мың өліп, мың тіріліп», тәуелсіздік дәуіріне аман жетті (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25

казан). Мұнда тілдік тұлға Жұбан Молдағалиевтің атақты поэмасының атауын сол күйі, түпнұсқа қалпында берген;

2) өз тарапынан өзгертіп, жаңаша өң береді. Мысалы, Нұртөре Жүсіп Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармасы арқылы қалыптасып, беки түскен *тар жол, тайғақ кешу* тіркесін *тар жол, тайғақ кезең* деп өзгертеді: *Халқымыз осы уақытқа дейін небір қиын-қыспақ заманды, тағдыр талқаны таусылатындай талай тар жол, тайғақ кезеңді бастан өткерді* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). Сол арқылы қиын-қыстау кезеңді тұтастай сипаттап, шығарманың тақырыбын прецедентті мәтін ретінде пайдалана отырып, шебер дамыта білген.

Сонымен қатар тілдік тұлғалардың өз жанынан шығарған тұрақты тіркестері де баршылық: *Ал қазіргі «көкек-аналар» көңілге нала бұлтын үйіреді* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *Қазір тіл ұшына жиі үйіріліп, қайта-қайта айтыла берген соң, көбіміз мән бермейміз* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол // Айқын. 2019, 25 қазан). *«Іс тетігін кадр табады» деген мазмұндас мәтелді тіл ұшына тиек етер болсақ, Елбасы айқындап, белгілеп берген ұлан-ғайыр істердің бәрін жүзеге асыруға мақалада айтылғандай, «бәсекеге бейімделген мамандар» керек. Сол себепті, қазіргі журналистика салиқалы, сындарлы бағытқа көшуі тиіс. Азаматтарға зияны тимегені жөн* (Нұртөре Жүсіп Елбасының ұлттық идеясы // Егемен Қазақстан. 2017, 17 сәуір).

Журналистер өзінің діттеміне қарай қалыптасқан тұрақты тіркес, мақал-мәтелді әрі қарай дамытып, жалғастырғаны, ойына тұздық еткені байқалады. Мысалы, Нұртөре Жүсіп «Жақсы сөз жан семіртеді» деген мәтелді өрбіте отырып, «Жаман сөз жанды аздырады» деп жалғастырады: Қазақ «жақсы сөз жан семіртеді» дейді, ал жаман сөз қайтпек? Ол жанды аздырады ғой (Нұртөре Жүсіп Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз // Айқын. 19.09.2018). Сол арқылы қазіргі журналистикаға бағыт-бағдар сілтейді.

3.7 Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы тезаурустары

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында авторлық қолданысқа жататын, дербес сипаттағы тезаурустары да бар. Публицистер тілдік парадигмада жоқ, синтагмалық межедегі тілдік бірліктерді пайдалана отырып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған. Мысалы: *Алтекеңнің «Қара кемпірі» Қалекеннің қаламына құт қондырды* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі // Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Кейде сүйіспеншіліктің өзі қызғанышқа ұласып кететін жағдайлар бар. Ондай жағдай сүйіспеншіліктің отын өшіреді (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас // Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). *Ал Қали – кеніш! Қалың ойдың кеніші!* (Нұртөре Жүсіп Қалидың көркем әлемі // Айқын, 2016, 9 ақпан). *Ал ерлі-зайыптылар арасындағы*

сүйіспеншіліктің белгісін, араларында қызғаныш бар ма, жоқ па, содан байқауға болады. Бірақ та **надан қызғаныштан** сүйіспеншілік іздеуге болмайды (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан).

Тезаурус екі түрлі: жалпылама немесе дербес сипатта болады. Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғаларының әрқайсысы өзіне ғана тән, дербес тезаурус түзгенін байқаймыз: *Ол басшылық қызметтерде болған тұста қазақ сөзі жетімдік көрмеді. Асқар Тоқпанов, Асқар Сүлейменов сияқты нөқтаға басы сыймайтын тарпаңдардың тілін тапты* (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір). *Егер сүйіспеншілік көрсоқырлыққа жетелейтін болса, ол – жай құмарлық. Мұндай жұптардың сүйіспеншілігі бір-бірін танығанға дейін немесе кездескенге дейін ғана жалғасады. Өйткені мұндай сүйіспеншілікте тамыр болмайды* (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас//Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). *Қали Сәрсенбай қазақ өнеріне көлеңке түсіретін келеңсіздіктерге қарсы тұратын ұлттық иммунитеттің ролін атқарып келеді* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Келтірілген мәтіндердегі **сүйіспеншіліктің отын өшіреді, надан қызғаныш, шартты сүйіспеншілік белгісі, жылт етпе, әңгүдік сүйіспеншілік, сүйіспеншілік көрсоқырлыққа жетелейді, мұндай сүйіспеншілікте тамыр болмайды**, т.с.с. – ұлттық танымға негізделген, әр автордың өзі жасаған қолданыстар.

Сонымен қатар кейде тілдік тұлғалар қазақтың ақын-жырауларының, сөз зергерлерінің тезаурустарын пайдаланып, дамыта түскендерін де байқаймыз. Бұл әсіресе Бауыржан Омарұлының қаламына тән. Қаламгер Дулат Бабатайұлының «Әкеңнің айтқан аз сөзін құтысына көңіліңнің төгіп алма, дәлдеп құй!» деген жыр жолдарын өрбіте отырып, былайша сөз саптайды: **Әкенің айтқан тағыз бір ақылы мынау: «Өз ауыздығыңды өзің тартып жүр, біреу тартса, езуіңді жыртып жібереді».** Бұл сөздің мағынасын кейін қызметке араласқан кезде тереңірек түсінді. Сондықтан **мінез-құлықтың құтысын төңкеріп алмай, сабырлы болуға дағдыланды** (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам // Ана тілі. №15 (1325). 2016, 14-25 сәуір).

Екі мәтінде де әңгіме өзегі әкенің өсиетіне қатысты. Бауыржан Омарұлы Дулат Бабатайұлының елге танымал жыр жолдарын прецедентті мәтін ретінде шебер пайдалана білген. Сол сияқты Сәкен Сейфуллиннің

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара жырласын!

Сұлу сымда перне әуені,

Перне әуені жыр айтар.

Көңіл ашар тербеу әні,

Тербеу әні сыр айтар

деген жыр жолдарын ұтымды пайдалана отырып: *Соңғы кезде «Жайылмадан» шыққан қыз-жігіттердің қолына не қалам, не домбыра ұстайтынына әбден көз үйренді. Сөйтіп, Пернебай ағамыз қаламға құмартқан Қали інісінің **сыршыл сезімінің пернелерін дөп басып, қабілет-қарымының құлақ күйін келтіріп берінті.** Сол құлақ күйі келіскен әуенді ұғымтал шәкірттің әзірге бұзып алған жері жоқ* (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар) деген тезаурус түзеді. Әдебиет әлеміне еркін жүзетін қаламгердің мұндай қолданыстары ой сабақтастығын көрсетумен қатар аз сөзге көп ойды сыйдыру мақсатында қолданылған. Мұндай қолданыстар оқырманның да әдебиетке жүйрік болуын талап етеді. Сонда ғана автордың діттемін, айтайын деген ойын толық түсіне алады.

Жиынтық тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсында тосын, ешкімде қайталанбаған окказионалды қолданыстар көп кездеседі. Мұндай қолданыстар оқырманын баурап, өзіндік әлеміне жетелейді.

Кереғар ұғымдарды шендестіру арқылы журналист соны тіркестер түзеді. Мысалы, «Рухани кәмпеске» атты мақаласында кеңес үкіметінде балалар үйі көптеп ашылғанын, онда тәрбиеленген балалар қазаққа қарсы қару ретінде қолданылғанын *«Детдомда тәрбиеленген бала үкіметтің айрықша «жақсы көретін» тұлғасы болып саналды. Тіпті **осындай тексіздік мақтанышқа айналды.** Детдом балалары жаппай билікке келді. Ұлт руханиятының осынышама құлдырап, кәмпескеленуіне бұл адамдардың қосқан үлесі ұшан-теңіз»,* – деп береді (Рухани кәмпеске //(Егемен Қазақстан,17 қазан). Мақала авторының *Детдомда тәрбиеленген бала үкіметтің айрықша «жақсы көретін» тұлғасы болып саналды, тексіздік мақтанышқа айналды, Ұлт руханиятының осынышама құлдырап, кәмпескеленуі* сияқты тіркестері арқылы публицистикалық дискурстың ықпал ету, сезіміне әсер ету қызметін ұтымды пайдаланған.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста сөз өнерінің майталмандарын әскери өнердің сарбаздарымен, журналистиканы ғылыммен сабақтастыра, салыстыра отырып баян етеді: *Жаңаарқа жері алты алашқа әйгілі азаматтарды топтап түлетсе де, әлдеқашан бақилық болған «бес маршалдың» әулетінен атақты әскери қолбасшылар шыға қоймады, әрине. Оның есесіне **әдебиеттанудың әйдік маршалы шықты.** Жастайынан ауыз әдебиетінің үлгілерін жаттап өсті. Әдебиеттану саласынан ғылыми еңбек қорғады. Академик атанды. **Әдебиеттанудың ұстаханасы – Әдебиет және өнер институтын** басқарды. Ұлы Абайдың шығармаларын зерделеген еңбектері үшін Мемлекеттік сыйлық алды. Қазір де қазақ әдебиетшілерінің көшін бастап тұр. Ендеше, Серік Смайылұлы **маршал** емей кім?* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз). Ғылымда *«**дәйектеме келтіру индексі**»* деген ұғым бар. Ғылыми еңбектер деңгейінің бір өлшемі осыған қарап бағаланады. Бүгінде жазғандарынан дәйексөз көп келтірілетін баспасөз өкілінің бірі – Қали Сәрсенбай. Ол анау-

мынау емес, ылғи бір марғасқалардың тіліне тиек болады (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Сонымен қатар әдебиеттану саласы бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы ауыл ақсақалдарының кеңесімен сабақтастырыла сөз етіледі: *Барлық сала секілді әдебиеттанудың да өзіндік жазылмаған заңдары мен жарияланбаған ережелері бар. Мәселен, Әдебиет және өнер институтында докторлық диссертациялар қорғалар алдында ғылыми мекеме басшылары Серік ағамен ақылдасады. Себебі, тағы бір доктор қатарға қосылғалы тұр. Ол ертең жас әдебиетшілердің тағдырын шешеді. Ол шын ғалым ба, әлде, көлденең көк атты ма, оны айқындап алған дұрыс. Төбеден тоқпақтап, киіз қазықты жерге кіргізгісі келетіндер де болмай қалмайды. Соларға тосқауыл қою үшін де тегеурін керек. Әдебиеттануға қадам басқан әр ғалым Мұхтар Әуезовтің есімін иеленген институттың атына кір келтірмеуі керек. Сондықтан әйгілі Әуезовтің көзін көрген қадірлі Қирабаевтың бейресми батасы өте маңызды. Әдебиеттану ғылымының атасы мен батасына айналған абыройлы ақсақалдың қолдауымен осы салаға келген қыз-жігіттер әзірге оны ұятқа қалдырып көрген жоқ* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Бұл орайда публицист қазақы танымға сәйкес *көлденең көк атты, төбеден тоқпақтап, киіз қазықты жерге кіргізгісі келетіндер, атына кір келтірмеу, бата, ұятқа қалдырып көрген жоқ, т.с.с.* тіркестерді пайдаланаыд.

Публицистикалық дискурстың негізгі мақсатына сәйкес тілдік тұлға өзінің діттемін, коммуникативтік стратегиясын жүзеге асырып, тұжырым жасау арқылы елді соған иландырады, бой ұсынуға шақырады: *Сүйіспеншілік ұялаған қоғам, отбасы тыныштық пен берекенің бастауы* (Бекен Қайратұлы Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). *Ашсаң аузыңнан, тілдессең тіліңнен табатын зұлмат заманда өмір сүрді. Тұрлауы жоқ тіршілік «табаным тасқа тиер деп, қияға сақсынып шығуға» үйретті. Қазақ болмысының қаншама құпиясы көкірек көзіне шемен болып қатып қалды. Жылымықтың жылылығы еріте алмаған талай тылсым дүние әлі де абзал ағаның ішкі әлемін торлап тұрған секілді көрінеді* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Тілдік тұлғалардың *Сүйіспеншілік ұялаған қоғам, отбасы тыныштық пен берекенің бастауы; отбасы мүшелеріне еркіндік сүйіспеншілік арқылы беріледі; сүйіспеншілік арқылы берілетін нығымет отбасылық бірлік-берекені арттыра түседі; ерікті тұлғалар ерікті қоғамды түзейді; баланың отбасы ошақ қасында көрген тәрбиесі мен үйренген өнегесі оның өмірлік ұстанымына айналады; отбасынан әбес қылық көріп өскен бала үлкейгенде соны жасайды; шаңырақты ізгілік сарайына айналдыратын амал – отбасылық сүйіспеншілік. Ал азап шұңқырына түсіретін іс – отбасы мүшелері бірін бірі жеккөрушілік; Сүйіспеншіліктің отына жылынып өскен ұрпақ өмірде мейірімді, қайырымды, сыпайы, шынайы болады; сүйіспеншілік*

дегеніміз – тек отбасының ғана емес, әулеттің, тұқым-жұрағаттың мұраты; халықтың болашағы кейінгі жастарына байланысты; Ұрпақ тәрбиесі – мемлекеттің ұстыны, ұлттың тұғыры; темекі – бірден әсер етпейтін, бірақ қауіптілігі азая қоймайтын қатерлі у; уәде дегеніміз – қауымды берекесіздіктен сақтайтын әрі адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынасты бұзбай ұстап тұратын мызғымас ұстын; тарихи санасы жетілмеген, яки қалыптаспаған халық өзінің ұлт ретіндегі толық болмыс-бітімін сақтай алмайды; мемлекет ретінде жойылып кетпеудің, ұлт ретінде ассимиляцияға ұшырамаудың басты кепілі – бұқараның тарихи санасын ояту; әрбір нәрсенің өзегі болатыны сияқты біз сияқты жаңадан тәуелсіз болған халық үшін тәрбиенің негізгі өзегі – тарихи сана болуы тиіс; ұрпағына тарихи санасын қалыптастыра алмаған халықта болашақ жоқ; өзінің өткенін білмеген ұрпақ, болашағына бағдар жасай алмайды; тарихи санасы бүлінбеген адам өзінің байырғы бастауына қайткен күнде де оралады деген тұжырымдарындары оқырманның жүрегінен орын алып, өмірлік кредосына айналады, афоризм ретінде тілдік дайын бірлікке айналады.

Осындай ұлағатты сөзге, афоризмге толы мақаласын автор «Сүйіспеншіліктің анасы – ықылас» деп атап, тақырыпатын да тұжырымға құрған. Мұнда мақаланың негізгі мазмұны кодқа салынғандықтан, оқырман қызығып, имплицитті байланысты ашуға тырысады.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурста реципиенттерді көбірек қамтуды мақсат еткендіктен, тілдік тезаурусында жалпылама тезаурусты басшылыққа алады. Сол себепті журналистің тезаурусы көпшілікке түсінікті болып шыққан: *Ал тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлт тарихын танытудың салқар көші оңалып кете қойған жоқ. Оған себеп те баршылық. Кеңестік кезеңде қалыптасқан еуроцентристік көзқарас шын тарихымызды танып білуге мойын бұрғызбай отырса, екінші жақтан эрозияға ұшыраған ұлттық танымның өзі тереңге тарта алмай қайраңдап қалып жатыр* (Бекен Қайратұлы Жалған тарих жарға жығады //Егемен Қазақстан, 2019, 13 желтоқсан). *Ашсаң аузыңнан, тілдессең тіліңнен табатын зұлмат заманда өмір сүрді. Тұрлауы жоқ тіршілік «табаным тасқа тиер деп, қияға сақсынып шығуға» үйретті. Қазақ болмысының қаншама құпиясы көкірек көзіне шемен болып қатып қалды. Жылымықтың жылылығы еріте алмаған талай тылсым дүние әлі де абзал ағаның ішкі әлемін торлап тұрған секілді көрінеді* (Бауыржан Омаров Тұғырлы тоқсан //Ана тілі. №11-12 (1373-1374). 2017, 17-29 наурыз).

Профессор Н. Уәли: коммуникативтік тұлғаның тезаурусын «субъектінің әр түрлі зат, құбылыс уақиға, іс-әрекет т.б. туралы ұйымдасқан, жүйеленген білімі» түрінде сипаттайды. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында қарсы пікірлер дәйек ретінде келтірілгенмен, автордың ұстанымы анық байқалып тұрады. Осыған байланысты мұндай мәтіндерді мономәтін ретінде қарастыру қажет.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында

- 1) қоғамдағы өзекті мәселені көтереді;
- 2) басылымның бағытын, ұстанымын ескере отырып, оқырманға лайықтап беруге тырысады;
- 3) дәйектер келтіріп, өз ойын, ұстанымын білдіреді;
- 4) тілдегі түрлі құралдарды пайдалана отырып, тұжырым жасайды, оқырманын сендіруге тырысады.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын прагматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде 1) қоғамды толғандырған өзекті мәселені дөп басып таба білгенін байқаймыз, ол мақаланың тақырыпаттарынан да анық байқалып тұрады; 2) белгілі бір мәселеге қатысты оқырманға ой салып, зерделеуіне түрткі болады; оны сұрақтарды қолдануынан да көруге болады; 3) тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында ойына тұздік болатын дәйектерді келтіру арқылы өз ойын нықтап, дәлелдеуге тырысады немесе қарсы пікірлерді келтіре отырып, өз ойын дәлелдеуге, оқырманның көзін жеткізуге тырысады; 4) тілдік тұлғаның ой тұжырымдарынан жағдаятқа қатысты ұстанымы, субъективті бағасы көрінеді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында локутивті, иллокутивті, перлокутивті актілерді орнымен қолдана білген. Соның нәтижесінде журналистердің өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға түрлі жаңалықты, ақпаратты жұртшылыққа жеткізуді мақсат ететіндіктен, онда фактуалдық ақпарат молынан беріледі. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға коммуникативті стратегиясына сәйкес сөз болып отырған іс-шараға, уақиғаға қатысын, ойын, көзқарасын білдіріп, реципиентке әсер етуді көздейді. Сол себепті ақпарат прагматикалық, бағалауыштық, субъективті сипат алады.

Публицистикалық дискурста тән оқырманды сендіру, иландыру стратегиясын мақсат еткен журналист мақалаларында дәйекке жиі жүгінеді. Дәйек прагматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізілген жағдайда тіл – идеология – дүниетаным – шындық төрттігінен құралған стратегия жүзеге асады. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында бұл стратегияны іске асыра білген. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сөз ететін материалын алдымен жан-жақты ізденіп, егжей-тегжейлі зерттейтіні байқалады.

Бірегей концептуалды құрылымда тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдің қызметін жан-жақты пайдаланған:

- аналитикалық қызмет; бұл орайда публицистикалық дискурс ғылыми стильге біршама жақын келеді. Тілдік тұлға дәйектерге сүйеніп, нақты ақпарат беру арқылы оқырманға ықпал етуді көздейді;
- назар аудару, басымдық беру; концепт құрылымдағы негізгі ойға оқырманның назарын аудартуды мақсат етеді;

- көркем бейнелі қызмет; көркем тілмен бейнелеу арқылы оқырманның санасында жаңа бейне тудыруды көздейді. Сол арқылы сөзін өтімді етіп, оқырманын баурап алуға тырысады.

Осының негізінде логикалық, риторикалық, көркем, публицистикалық пропозициялар көрініс табады. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың бірегей концептуалды құрылымында ғылыми-танымдық, көркем және публицистикалық ойлау жүйесі аңғарылады.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында конъюнкцияларды да шебер пайдалана білген. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сұрақтарды мәтін байланыстыру, мәтін ұластырушы құрылым ретінде шебер пайдаланған. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында когезия тәсілі ұтымды қолданылған. Оқырманның назарын аудару мақсатында журналистер жалпыдан жекеге ойысу тәсілін шебер пайдаланады. Публицистер қыстырма құрылымдарды пайдалана отырып, экспрессивтілікті күшейтуге, оқырман мен арада коммуникативтік байланыс орнатуға тырысады. Сонымен қатар публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға ретроспекция тәсілін де тиімді пайдалана білген. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында субституция тәсілі жиі пайдаланылған. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы субституциялары көркем бейнелерге құрылады. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін де жадына түйіп, орнымен, контекске сай пайдалана білген. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдегі дайын конструкцияларды ғана пайдаланып қоймай, өз тарапынан тосын тіркестер құрап, окказионализмдер түзеді. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында авторлық қолданысқа жататын, дербес сипаттағы тезаурустары да бар. Публицистер тілдік парадигмада жоқ, синтагмалық межедегі тілдік бірліктерді пайдалана отырып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған.

Публицистикалық дискурста тілдік тұлға түрлі жаңалықты, ақпаратты жұртшылыққа жеткізуді мақсат ететіндіктен, онда фактуалдық ақпарат молынан беріледі. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға коммуникативті стратегиясына сәйкес сөз болып отырған іс-шараға, уақиғаға қатысын, ойын, көзқарасын білдіріп, реципиентке әсер етуді көздейді.

Сонымен, тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында

- қоғамдағы өзекті мәселені көтереді;
- басылымның бағытын, ұстанымын ескере отырып, оқырманға лайықтап беруге тырысады;
- дәйектер келтіріп, өз ойын, ұстанымын білдіреді;
- тілдегі түрлі құралдарды пайдалана отырып, тұжырым жасайды, оқырманын сендіруге тырысады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның орнын, маңызын айқындау үшін алдымен публицистикалық дискурстың негізгі (инвариант) белгілерін, басқа функционалдық стильдердегі дискурстардан айырмашылығын нақтылап алу қажет. Публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшелігі:

- көпшілікті қоғамдағы жаңалықтармен, болып жатқан оқиғалармен тез арада хабардар ететіндіктен, публицистикалық дискурсқа тездік тән. Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір жаңалықты бірінші боп жеткізуді мақсат етеді;
- публицистикалық дискурс көпшілікке арналғандықтан, тілі жеңіл де түсінікті болуына мән беріледі;
- публицистикалық дискурста автордың өзіндік ұстанымы, көзқарасы көрінеді. Көбінесе автордың көзқарасы мен БАҚ-тың (газет-журнал, теледидар арнасы, т.с.с.) ұстанымы тоғысып жатады.
- публицистикалық дискурс қызық, соны, жаңа болуы, танымдық сипаты арқылы оқырманын баурап әкетуді көздейді;
- публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға баяндап отырған оқиғаға қатысты өз сезімін, көзқарасын білдіріп, баға береді;
- публицистикалық дискурс қоғамдық пікірді қалыптастырады;
- публицистикалық дискурста қоғам мүшелерін қандай да бір іске жұмылдыру көзделеді.

Публицистикалық дискурс дәйекті болады (жеке атаулар, дата, статистикалық мәлімет, дәйексөздер пайдаланылады); ақпараттың нақтылығы, дәйектілігі, сала терминологиясын пайдаланып, фактілер егжей-тегжейлі сипатталады; қоғамдық-саяси лексика, стандарт, клише көп қолданылады; сөйлеу тіліне тән элементтермен қатар көркем айшықтар қолданылады.

Қазақ тіліндегі публицистикалық дискурстың дамуын шартты түрде үш кезеңге жіктеуге болады:

- қазақ публицистикасының қалыптасып, дами бастаған кезеңі (1870-1917);
- публицистика дамуының кеңестік кезеңі (1917-1990);
- тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистика (1991 жылдан қазірге дейінгі кезең).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистердің көзқарасы, ұстанымы, тілдік құралдарды пайдалануы когнитивтік, прагматикалық тұрғыдан қарастырылуы керек. Сол себепті тілдік тұлғалардың дүниетанымын, тілдік санадағы ғалам бейнесін түсіну үшін концептілерді қарастыру қажет. Жұмысымызда тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде Бекен Қайратұлы («Егемен Қазақстан»), Бауыржан Омаров («Ана тілі»), Нұртөре Жүсіп

(«Айқын»), т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселерін талдауға негіз еттік. Бұл қаламгерлерді таңдап алуымыздың бірнеше себебі бар: біріншіден, үшеуі де тәуелсіздік алған жылдары өнімді еңбек етіп келе жатқан тұлғалар, екіншіден, үшеуінің де қаламы ұшталып, басқа журналистерге үлгі болатындай, төселген, өзіндік ойы, жазу мәнері қалыптасқан; үшіншіден, қаламгерлердің көтерген тақырыптары да ұқсайды, бір мәселені бәрі де сөз еткен. Бірақ әрқайсысы түрліше танытып, түрліше сипаттаған; төртіншіден, үшеуі де ана тілін, ұлттық ділді, ұлттың тарихын жетік меңгерген, элитарлық деңгейдегі тұлғалар; бесіншіден, үшеуі де – қатарлас, замандас адамдар.

Жұмыста жекелеген тұлғаларды негіз ете отырып, тұтас сол кезеңдегі жиынтық тілдік тұлғалардың ұстанымдарын, өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге, талдауға тырыстық. Ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде зерттеуге негіз болған Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп, т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселері тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жазылған. Бұл кезеңде еліміз егемендік алып, қоғамдық-саяси жаңалықтарға, өзгерістерге байланысты публицистикалық дискурс та жаңа серпінге ие болды, этос, логос, пафостың өзгеруіне байланысты қоғамдық санада да өзгерістер болды. Бұл кезеңдегі тілдік тұлғалардың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауы мен танытуында ұқсастық көп болды.

Жұмысымызда осы үш журналистің еңбектерін негізге ала отырып, қазіргі кездегі публицистік дискурстың авторларының – тілдік тұлғалардың мақалаларын зерттеу нысанымызға алдық. Ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде зерттеуге негіз болған Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп, т.с.с. журналистердің мақала-очерк, эсселері тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жазылған. Бұл кезеңде еліміз егемендік алып, қоғамдық-саяси жаңалықтарға, өзгерістерге байланысты публицистикалық дискурс та жаңа серпінге ие болды, этос, логос, пафостың өзгеруіне байланысты қоғамдық санада да өзгерістер болды. Бұл кезеңдегі тілдік тұлғалардың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауы мен танытуында ұқсастық көп болды.

Тілдік тұлғаның қалыптасуына үш түрлі экстралингвистикалық фактор ықпал етеді: әлеуметтік; ұлттық-мәдени; психологиялық факторлар. Біріншіден, кез келген тұлғаға әлеуметтік заңдылық әсер етеді. Екіншіден, ол – өзі шыққан этностың тарихи дамуы нәтижесі. Үшіншіден, оның уәждемелік бейімділіктері биологиялық қажеттіліктерінің, әлеуметтік және физикалық шарт-жағдайдың адамның психикалық сферасына (күйіне) ыңғайлануынан, икемделуінен туындайды. Бұл орайда үш қаламгер де қазақы ортада өскен; қазақ мектебінде оқыған; ұлттық тәрбие алған; ұлттық құндылықтарды бағалай біледі; салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа жетік; дін қағидаларын біледі; қазақ тарихын біледі, үлгі тұтатын тұлғалары да ұқсас; т.с.с. Бұл жағынан алғанда, тілдік тұлғалардың әлеуметтік-этникалық сипаты ұқсас. Соған сәйкес ұлттық дүниетанымы, көзқарасы да ұқсас. Яғни үш тілдік тұлғаның ғаламның тілдік бейнелері де ұқсас. Сондықтан Бекен Қайратұлы, Бауыржан

Омаров, Нұртөре Жүсіп сынды қаламгерлерді қазіргі кездегі публицистикалық дискурстағы жиынтық тілдік тұлғаға жатқызуға болады. Алайда әрқайсысының өзіндік танымы, көзқарасы, ұстанымы, сөз мәнері ерекше болуына байланысты әрқайсысын жеке (индивидуалды) тілдік тұлға ретінде де қарастыра отырып, ұқсастығы мен ерекшелігін сөз етеміз.

Тілдік тұлғаны зерттеуде құндылықтарға ерекше мән беріледі. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың тұлғалардың концептосферасында отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, имандылыққа шақыру, адамгершілік, т.с.с. құндылықтар маңызды орын алған. Осыған байланысты тілдік тұлғалардың негізгі концептілерінде қоғам, тұлға, халық жағымды, жағымсыз мәнде көрсетіледі. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында заман ауысса да өзгермейтін, адамгершілік, имандылық, т.с.с. мәңгілік құндылықтар дәріптеледі.

Тәуелсіздік алған кезеңдегі тілдік тұлғалардың дискурсында негізгі концептілер айқын көрініс тапқан. Бұл кезеңдегі публицистикалық дискурстағы негізгі концептілер ретінде «Қазақ», «Қоғам», «Тұлға» концептілерін атауға болады. Тілдік тұлғалардың ұстанымдары, көзқарасы, ұстанымдары осы концептілер арқылы көрінеді. Жиынтық тілдік тұлғалардың шығармаларында «Қазақ», «Қоғам», «Тұлға», «Ауыл» концептілері аксиологиялық концепті ретінде сипатталды. Себебі олар ғалам бейнесін эстетикалық, утилитарлық тұрғыдан көрсетеді. Яғни аталған концептілер өзіндік концептосфера түзген. Жиынтық тілдік тұлға бір-біріне тәуелсіз, жекелеген тұлғалардан құралады. Олар зерттеуші тарапынан ғана дискурсындағы ұқсастық, пікір тоқайластығы бойынша біріктіріледі. Жиынтық тілдік тұлға белгілі бір кезеңде өмір сүріп, нақты оқиғаларды суреттеген, қоғамда өзіндік орны бар, тілдік шеберлігі ұшталған қайраткерлерден құралады. Тілдік тұлғаның жиынтық тілдік тұлғаның лингвориторикалық бейнесі риторикалық дәйектердің заңдылығы бойынша құрылып, ұлттың мәдениеті, ділі, дүниетанымын танытады.

Ұлттық публицистикадағы концептілерді зерттеуде

- қазақы танымға негізделген жекелеген концептілерді автордың түсінуі мен оқырманның қабылдауы;
- тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстағы концептосферасы, қазақ журналистикасындағы негізгі концептілер,
- тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі өзекті концептілер;
- публицистикалық дискурстағы әмбебап концептілердің функционалды-стистикалық ерекшелігі ескерілді.

Бұл мәселелер қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу өзегі болған емес.

«Қоғам» концептісі «Қазақ», «Тұлға» концептілерімен сабақтас. Соған байланысты концептуалды құрылымында біртекті ұқсатулар да бар. «Қоғам» концептісі негізінен синхрондық тұрғыда, бүгінгі таңдағы болмысына сәйкес сипатталған. Бұл жағынан алғанда, «қоғам» концептісі мен «тұлға» («жаңа қазақ») концептісі сарындас болып келеді. «Қоғам» концептісінің когнитивтік модельдерінен тілдік тұлғалардың публицистикалық

дискурстарында қоғамдағы ащы шындықты бүкпесіз айтуға тырысқанын, қоғамда белең алған келеңсіздіктермен күресуге бел байлағанын аңғарамыз.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың сөз еткен мәселелерінен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілдік тұлғалардың концептосферасын нақтылауға болады: шынайы болмыс: оқиғалар, тарих, тұлғалар; рухани әлем: мәдениет, дін, діл, тіл, өнер-білім; әлеуметтік мәселе, азаматтық қоғам: халықтың тұрмысы, ахуалы, мақсат-мүддесі; т.с.с. Публицист оқырманға хабарламаны дәйекті етіп жеткізуге тырысатындықтан, дискурс ойды жеткізуде маңызды орын алады. Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистің ойын қалай жеткізетініне, тілдік құралдарды шебер пайдалана білуі, мақсат-діттеміне сәйкес дәйектерді қолдана білуіне ерекше мән беріледі. Яғни дискурста ақпараттың қалай берілгені, қандай құралдар қолданылғаны ескеріледі. Дискурстағы ой прагматикалық мақсат – оқырманын баурап, әсер ету, мәтіндегі материалды бере отырып, әрекетке ұмтылдыруды көздейді. Сол себепті жұмыста публицистикалық дискурс концептуалды ойды жеткізетін ұғымдық категория ретінде қарастырылды.

Тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсын зерттеуде журналистің коммуникативті діттемі, аялық білімі, тәжірибесі, тілдік санасы ескерілуі керек. Яғни тілдік факторлармен қатар тілден тыс факторларға да ерекше мән беріледі. Газет мәтіндерін толыққанды тексеру үшін тілдің өз ішіндегі факторларды ғана ескеру аздық етеді. Себебі мәтіннің түзілуінде тілден тысқары (экстралингвистикалық) факторлар маңызды орын алады.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың негізгі концептілерін сипаттау арқылы журналистердің азаматтық ұстанымын, халықты неге үндегенін, нені мақсат ететінін түсінуге болады. Бұл орайда еліміз тәуелсіздік алуына байланысты қоғамдағы жаңару мен жаңғыру да ескерілді. Публицистикалық концептіні зерттеуде 1) нақты дәйектер; 2) дәйек арқылы негізделген ғалам бейнесінің үзіктерінің концептуалдануы; 3) пресуппозиция (логикалық, экзистенциалдық, лингвистикалық); 4) концептідегі тілдік білім; 5) тілдік құралдар; 6) жазарманның мақсатына сәйкес тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу қабілеті ескерілді.

Публицистикалық дискурстағы жиынтық тілдік тұлғаны зерттеу нәтижесінде журналистердің ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлгенін, әр мақаланы жазу барысында тынбай ізденгенін, аялық білімі өте ауқымды, элиталық деңгейдегі тілдік тұлға екенін аңғаруға болады. Оны шеттен енген сөздерге тамаша балама ұсынуынан, философиялық категорияларды қазақы дүниетанымға негіздей отырып сипаттауынан байқаймыз. Публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары қазақтың ұғымына жақын, сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді жиі қолданған. Сол арқылы публицист оқырманын баурап алуға, жақын тартуға тырысады. Жаңа атауларды беруде бүгінгі таңдағы тілдік тұлғалар үш тәсілді пайдаланып келеді: 1) қазақ тіліндегі баламасын беру; 2) мәнін нақтылап, түсіндіру, сипаттау; 3) қазақ тіліндегі баламаларымен қатар, синоним ретінде беру; 4) айқындауыш ретінде

жарыстыра беру. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында сөздерді саралауда тілдік бірліктерді оқырманның тілдік санасындағы білім деңгейіне қарай, қабылдауына жеңіл болуын мақсат еткен. Бұл орайда әсіресе белгілі бір атауларды қайталамау, стандарттан қашуды көздеп жасалған бағалауыш мәнді сөздер көбейе түскенін байқаймыз. Публицистикалық дискурстағы сөзқолданыстарды талдай отырып, журналистердің шеттілдік атаулардан қашпағанын көреміз. Алайда оқырманның аялық білімін ескере отырып, ойы түсініксіз болып қалмауы үшін түрлі тәсілдермен шеттілдік сөздердің мағыналарын нақтылап отырған.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың концептілерін сөз еткенде концептуалды ұстанымдарын, қоғамдық-саяси, мәдениеттанымдық дүниетанымы ескерілді. Бауыржан Омаров публицистикалық дискурсында Абай, Махамбет ақын, Сырым батырдың сөз саптауларын шебер пайдалана білген, Нұртөре Жүсіп Мұқағали Мақатаевтың өлеңіндегі жыр жолдарын прецедентті мәтін ретінде ұтымды пайдаланған.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын прагматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде 1) қоғамды толғандырған өзекті мәселені дөп басып таба білгенін байқаймыз, ол мақаланың тақырыпаттарынан да анық байқалып тұрады; 2) белгілі бір мәселеге қатысты оқырманға ой салып, зерделеуіне түрткі болады; оны сұрақтарды қолдануынан да көруге болады; 3) тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында ойына тұздық болатын дәйектерді келтіру арқылы өз ойын нықтап, дәлелдеуге тырысады немесе қарсы пікірлерді келтіре отырып, өз ойын дәлелдеуге, оқырманның көзін жеткізуге тырысады; 4) тілдік тұлғаның ой тұжырымдарынан жағдаятқа қатысты ұстанымы, субъективті бағасы көрінеді.

Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалар көбінесе өз ойын сентенцияға құраған. Сол арқылы тілдік тұлға баяндалған оқиғаға қатысты өз пайымын білдіріп, оқырманына әсер етуге, сендіруге тырысады. Яғни сентенцияларды қолдануда публицистердің стратегия, тактикасы көрінеді. Публицистердің сентенциялары қоғамды толғандырып жүрген көкейтесті мәселелерге арналған. Олар көбінесе қазақы дүниетанымға негізделіп, шарифат қағидаларына, мақал-мәтелдерге, Абай философиясына, ғұлама-ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа ала отырып түзілген.

Публицистикалық дискурсты концептуалдық тұрғыдан зерттеуде тілдік тұлғаның қандай дәйектерді пайдаланғаны, оны қалай жеткізгені ескерілді. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсын прагматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде 1) қоғамды толғандырған өзекті мәселені дөп басып таба білгенін байқаймыз, ол мақаланың тақырыпаттарынан да анық көрінеді; 2) белгілі бір мәселеге қатысты оқырманға ой салып, зерделеуіне түрткі болады; оны сұрақтарды қолдануынан да көруге болады; 3) тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында ойына тұздық болатын дәйектерді келтіру арқылы өз ойын нықтап, дәлелдеуге тырысады немесе қарсы пікірлерді келтіре отырып, өз ойын дәлелдеуге, оқырманның көзін жеткізуге

тырысады; 4) тілдік тұлғаның ой-тұжырымдарынан жағдаятқа қатысты ұстанымы, субъективті бағасы көрінеді.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында локутивті, иллокутивті, перлокутивті актілерді орнымен қолдана білген. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға түрлі жаңалықты, ақпаратты жұртшылыққа жеткізуді мақсат ететіндіктен, онда фактуалдық ақпарат молынан берілген. Публицистикалық дискурста тілдік тұлға коммуникативті стратегиясына сәйкес сөз болып отырған іс-шараға, уақиғаға қатысын, ойын, көзқарасын білдіріп, реципиентке әсер етуді көздеген. Сол себепті ақпарат прагматикалық, бағалауыштық, субъективті сипат алған.

Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында мәтін байланыстыру, мәтін ұластырушы құрылым ретінде сұрақтарды, конъюнкцияларды, когезия, ретроспекция, субституция тәсілін шебер пайдалана білген. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында қазақтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін де жадына түйіп, орнымен, контекске сай пайдалана білген. Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдегі дайын конструкцияларды ғана пайдаланып қоймай, өз тарапынан тосын тіркестер құрап, окказионализмдер түзеді. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында авторлық қолданысқа жататын, дербес сипаттағы тезаурустары да бар. Публицистер тілдік парадигмада жоқ, синтагмалық межедегі тілдік бірліктерді пайдалана отырып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зуев К.В. К вопросу о воздействующей функции языка // Язык. Текст. Дискурс : межвуз. сб. науч. тр. - Ставрополь : Пятигорский гос. лингв, ун-т, 2003. - Вып. 1. - С. 58-61.
2. Әміров Р. Газет тілінде ұшырасатын кейбір сөз тіркестері жөнінде //Тіл мәдениеті және баспасөз – Алматы:Ғылым, 1972. – 224 б.
3. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғыл. канд. дисс. ... :10.02.02.- Алматы, 1996. - 29 б.
4. Коньков В.И. Речевая структура газетных жанров.- СПб. : - СПбГУ, 2004. - 220с.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана:Елорда, 2001. – 230 б.
6. Кожина Н.М. О понятии стиля и месте языка художественной литературы среди функциональных стилей. - Пермь, 1962. – 190 с.
7. Майданова Л.М., Дускаева Л.Р. Жанры публицистического стиля // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М.Н. Кожинной. - М., 2003. С. 79-88.
8. Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиатекстов (опыт исследования современной английской медиаречи). М.: Едиториал УРСС, 2005. - 288 с.
9. Чередниченко И. Основные функции журналистики (семиотический взгляд) // Невский наблюдатель. --2002. - № 1(7). - С. 51-63.
10. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. Логико-семантические проблемы. - М. : Наука, 1976. - 383 с.
11. Борисова О. А. К вопросу об онтологии Г. Фреге // Современная логика: проблемы теории, истории и применения в науке. СПб., 2000. С.436-439.
12. Степанов Ю.С. В мире семиотики //Семиотика.- М.: Радуга, 1983. - С. 5-36.
13. Падучева Е.В. Высказывание и его соотнесенность с действительностью. - М.: Наука, 1985. - 271 с.
14. Николаева Т.М. Лингвистика текста и проблемы общей лингвистики // Изв. АН СССР. Серия Литературы и языка. -1977.-Т. 36,№4.
15. Будниченко Л.А. Экспрессивная пунктуация в публицистическом тексте (на материале языка газет). Автореф. дис...д-ра филол. наук. - СПб, 2004.-43 с.
16. Ширина Е.В. Антропоцентризм, текстуального пространства публицистики // Средства массовой информации в современном мире. - СПб. : СПбГУ, 2002. - С. 122-124.
17. Васильева В.П. Проблема трансформации личности в процессе массовой коммуникации // Журналистика в 2001 году: СМИ и вызовы нового века: тез. научно-практ. конф. - М., 2002. - Ч. IV. - С. 29-30.
18. Булыгина Т.А., Шмелев А.Д. Языковая концептуализация мира (на материале русской грамматики). Прагматика. Семантика. Лексикография.

Вид. Время. Лицо. Модальность. - М. : Школа. Языки русской культуры, 1997.-578 с.

19. Ворожбитова А.А. Лингвориторическая парадигма: теоретические и прикладные аспекты. - Сочи : Сочинский гос. ун-т туризма и курортного дела, 2000. -319 с.

20. Гаврилова М.В. Дискурс-анализ СМИ в современной зарубежной лингвистике // Журналистика и социология: Журналистика в перспективе социологической культуры: материалы науч.-практ. семинара. Санкт-Петербург. 4 декабря 2003 г. - СПб. : СПбГУ, 2004. - С. 45-51.

21. Желтухина М.Р. Тропологическая суггестивность масс-медиального дискурса: к проблеме речевого воздействия тропов в языке СМИ. - М. : Ин-т языкознания РАН, 2003. - 656 с.

22. Добросклонская Т.Г. Медиадискурс как объект лингвистики и межкультурной коммуникации // Вестник Московского ун-та. Сер. 10. Журналистика. - 2006. - № 2. - С. 21-31.

23. Землянова Л.М. Медиадискурсы и новостные фрейминги (исследования современных зарубежных коммуникативистов) // Вестник Московского гос. ун-та, Сер. 10. Журналистика. -2006.-№2(март-апрель).-С. 8-19.

24. Бүркітов О. Ұлттық баспасөздің мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі //Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. - Астана, 1999. - 459 б.

25. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

26. Ибраева Ж. Қазақстанның саяси дискурсындағы саясаткерлердің тілдік тұлғасы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 2010. -№2 (32).

27. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдарының негізінде). – Алматы, 2007. - 450 б.

28. Біреудің ақысын жеу – күнә //Ана тілі. 2018, 8 ақпан

29. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. - Алматы: Елшежіре, 2013.

30. Көзбояуы жоқ көріністер //Ана тілі. 2018, 25 қаңтар

31. Долинин К.А. Интерпретация текста (французский язык). М.: Просвещение, 1985. 288 с.

32. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов. 6-е изд. М.: Флинта: Наука, 2004. 384 с.

33. Кухаренко В.А. Интерпретация текста / Учеб. пособие для студ. пед. институтов. М.: «Просвещение», 1988. 192 с.

34. Львов М.Р. Риторика. Учеб. пособие. М.: Изд. центр «Akademia», 1995.473 с.

35. Грабельников А.А. Русская журналистика на рубеже тысячелетий. Итоги и перспективы. Монография. М.: Изд. РИП-холдинг, 2001. 336 с.

36. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. Филол. ғыл. доктор. ... автореф.: -Алматы, 2008. – 46 б.

37. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
38. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. - 2006. №4. – 40-46-б.
39. Жаманбаева Қ.Ө. Тілдік қолданысының когнитивтік негіздері; эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
40. Ерсултанова Г. Cognitive lingua-cultural methodology as a universal model for the formation of the language personality - Opcion. – Volume 34(87-2), 2018. – pp. 208-219
41. Седов К.Ф. Речевое поведение и типы языковой личности // Культурно-речевая ситуация в современной России. - Екатеринбург : Уральский ун-т, 2000. - С. 298-311.
42. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 2001. - 400 с.
43. Вейсгербер Л. Язык и философия // Вопросы языкознания. - 1993. - №2. - С. 114-124.
44. Ерсултанова Г. «Тілдік тұлға» ұғымының құрылымдық мәні //-2019. №3. – 151-155 бб.
45. Виноградов В.В. Поэтика русской литературы: Избранные труды. - М. : Наука, 1976.-511 с.
46. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. - М. : Политиздат, 1975. - 303 с.
47. Богин Г.И. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов. - Л. : Ленинградский ун-т, 1984. - 250 с.
48. Дьяченко Л.И. Журналист как языковая личность в светской хроникальной заметке // Журналистика в 2001 году: СМИ и вызовы нового века: тез. науч.-практ. конф. - М., 2002. - С. 19-20.
49. Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. М.: Гнозис, 2002. 284 с.
50. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М. : Наука, 1987.-261 с.
51. Ерсултанова Г. Language personality in the context of journalism (mass media) - AD ALTA: Journal of International Disciplinary Research. Volume 9. 2019. – P. 90-96
52. Ерсултанова Г. Заманауи тіл біліміндегі тілдік тұлға ұғымы туралы түсінік, Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – №6 (50) – 89-92 б
53. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / Волгоград. гос. пед. ун-т; н.-и. лаб. «Аксиол. лингвистика». Волгоград: Перемена , 2002. 476 с.
54. Томашевская К.В. Типы языковой личности в экономическом дискурсе современника // Антропоцентрическая парадигма в филологии. Ч. II. - Ставрополь : Ставропольский гос. ун-т, 2003. - С. 55-62.
55. Жұмалиев Қ. Шығармалары. Алматы: Ана тілі, 2007. –272 с.

56. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1968. – 128 б.
57. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 328 б.
58. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 2004. – 137 б.
59. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976. – 276 б.
60. Сулейменова Э.Д. Языковая картина мира // Контрастивная лингвистика. – Алматы, 1996. – С. 88.
61. Ахметжанова З.К. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира // Этнос және тіл. Академик Ә.Қайдардың 85 жылдық мерейтойына арналған халықар. конф. материалдары. – Алматы, 2009. – Б.175-179.
62. Манкеева Ж. Ғ.Мұстафин шығармаларының мәтінін лингвомәдениеттік аспектіде зерттеу («Шығанақ» романы бойынша) // Ғ.Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Ғ.Мұстафин және қазіргі қазақ прозасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, ҚЭУ, 2002. 274-б.
63. Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2007. -152 б.
64. Рахымжанов К. М.Әуезов драматургиясы: өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 2010. - 132 б.
65. Нұрдаулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. – Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.
66. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: фил.ғыл.док. ... дис. – Алматы, 2009. -303 б.
67. Нұрмұқанов Х. М.Әуезов драмалық шығармаларының эмоционалды-экспрессивті лексикасы. – Алматы, 1969. – 301 б.
68. Оспанов Е. Тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты. Ғ.Мүсірепов шығармалары бойынша: филол. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2010. - 40 б.
69. Зекенова А. М.О. Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантативтік стильдік сипаты: фил.ғыл. кандид. ... дис.: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 147 б.
70. Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің тілдік тұлғасы. филол.ғыл.канд. ... автореф. – Алматы: 2005.
71. Снасапова Г. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол.ғыл.канд ... автореф. – Алматы, 2003. – 29 б.
72. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол.ғыл.канд ... автореф. – Алматы, 2003. – 27 б.
73. Терекоева Ф. Языковая личность К.К.Жубанова (социолингвистическое освещение): автореф. ... канд. филол.наук. – Алматы, 2004. – 20 с.

74. Г. Сапарбекова Шежіреші тілдік тұлғасы (Әбілғазы баһадүрдің «Түркі шежіресі» ескерткіші материалы негізінде зерттеу): филол. ғыл. кандид. ... дис.: 10.02.06. – Алматы, 2010. – 158 б.
75. Имашева Г. Дулатұлының тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 2008. – 2 б.
76. Ермекова Ж. М. Жұмабаевтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010. – 141 б.
77. Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвопоэтикалық кеңістігі. – Алматы: Елтаным, 2013. -328 б.
78. Кушкимбаева А. А. Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі. // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013, қараша.- Б. 367-371
79. Kushkimbayeva A.S., Tumbolova A.O. Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M. Auezov's linguistic personality // The Recent Trends in Science and Technology Management. - London, 2013, may 09-10. - P.150-162.
80. Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы. филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.
81. Жуминова А. Тезаурус языковой личности поэта О. Сулейменова: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2003. – С. 131.
82. Сабинова Г. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж. Нәжімеденов шығармашылық тілі негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010. – 141 б.
83. Қасенов Е. І. Жансүгіров поэзиясындағы «жалғыздық» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. - №4(62). – 74-75-б.
84. Кушкимбаева А. Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы (драмалық шығармалары негізінде): философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2015. – 158 б.
85. Голубева И.В. Опыт создания коллективного речевого портрета (на материале экспрессивного синтаксиса мемуарной прозы). Автореф. дис... д-ра филол. наук. - Краснодар, 2003. - 45 с.
86. Ширина Е.В. Концептосфера публицистов-шестидесятников XIX века // Историческое развитие отечественной и зарубежной журналистики в контексте современности: материалы междунар. науч.-практ. конф. Ростов-на-Дону. 21-23 сентября 2006 г. - Ростов-на-Дону : Ростовский гос. ун-т, 2006., -С. 216-220.
87. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
88. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
89. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис. : 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.

90. Айтова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қолжазба. Алматы, 2005.-146б.
91. Инфантова Г.Г. Сильная языковая личность: ее постоянные и переменные признаки // Речь. Речевая деятельность. Текст: межвуз. сб. науч. тр. - Таганрог : ТГПИ, 2000. - С. 63-69.
92. Полякова В.Н. Экстралингвистические и интралингвистические факторы формирования русской языковой личности (на материале произведений художественной литературы). Автореф. дис... канд. филол. наук. - Ростов-на-Дону, 2002. - 27 с.
93. Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. -Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 123 б.
94. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.
95. Садуакасова С.А. Саяси метафоралардың әлеуметтік аспектісі (Ток-шоу бағдарламалары негізінде). // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. -Алматы. -№3, -2015. Б. 271-278.
96. Ревзина О.Г. Когнитивная организация газетного дискурса // Вестник Московского ун-та. Сер. 10. Журналистика -2006.-№ 2. - С. 42-49.
97. Мильцин В.Н. Национальный менталитет и языковая личность // Филология и культура: Материалы III Между нар. научной конф. 16-18 мая 2001 г. / Отв. ред. Н.Н. Болдырев; Редкол.: Е.С. Кубрякова и др.: Ч. 2. Тамбов, 2001. С. 109-110.
98. Ржанова С.А. Целенаправленный характер использования языковых средств в политических текстах //Журналистика в 2001 году: СМИ и вызовы нового века: тез. науч.-практ. конф.- М., 2002. - Ч. IV. - С. 28-29.
99. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. - М. : Наука, 1993. - 351 с.
100. Сидорова М.А. Публицистический вариант речевого жанра «Портрет человека». Автореф. дис.. канд. филол. наук. - Барнаул, 2005.-20 с.
101. Кушкимбаева А. М.О.Әуезовтің тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейі // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы». –Алматы, 2012, желтоқсан. - № 4 (42). – Б. 55-59.
102. Сусов И. П. Введение в языкознание. М.: Восток - Запад, 2006. 382 с.
103. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
104. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность. Антология / Под общ. ред. В.П. Нерознака. М.: Academia, 1997. С. 280-287.
105. Хазагеров Г.Г. Персоносфера русской культуры // Новый мир, - 2002.-№2.-С. 133-145.

106. Баспасөз – қоғамның барометрі // Айқын. - 2019, 23 маусым
107. Поппер К. Логика и рост научных знаний: Пер. с англ. - М., 1986. -
Цит. по: Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт
исследования. - М. : Языки русской культуры, 1997. - С. 347, 770-771.
108. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики. - М. : РИП-
холдинг, 2002. - 321 с.
109. Станько А.И. Становление теоретических знаний о периодической
печати в России (XVIII в. - 60-х гг. XIX в.). Автореф. дис... д-ра филол. наук.
- Л. : Ленинградский ун-т, 1986. - 38 с.
110. Лазутина Г.В. Основы творческой деятельности журналиста. - М. :
Аспект-Пресс, 2001. - 239 с.
111. Рождественский Ю.В. Введение в общую филологию. - М. : Выс-
шая школа, 1979. - 224 с.
112. Горохов В.М. Основы журналистского мастерства. - М. : Высшая
школа, 1984.- 199 с.
113. Вежбицкая А. Семантические универсалии в описании языков. -
М. : Языки русской культуры, 1999. - С. 3-43; 269-484.
114. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной
грамматики: на материале русского языка. – М.: Языки славянской культуры,
2002. – 736 с.
115. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым,
1999. - 581 б.
116. Виноградов В.В. Поэтика русской литературы: Избранные труды.
- М. : Наука, 1976.-511 с.
117. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, 2006. – 1-т. – А – А. –
752 б.
118. Аралбаева Б. «Еңбекші қазақ» газетінің әдеби тілді дамытудағы
қызметі: фил.ғыл. кандид. ... дис.: 10.02.06. – Алматы, 2009. – 145 б.
119. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, 2006. – 5-т. – 78-б.
120. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, 2007. – 7-т. – 49-б.
121. Әділова А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік
қызметі: филол. ғыл. канд. ... дис. : 10.02.06. – Қарағанды, 1998. – 34-б.
122. Морис Ч.У. Значение и означивание. Знаки и действия // Семиотика / общ. ред. Ю.С. Степанова. - М. : Радуга, 1983. - С. 118-132.
123. Чередниченко И. Основные функции журналистики (семиоти-
ческий взгляд) // Невский наблюдатель. --2002. - № 1(7). - С. 51-63.
124. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі.
– Алматы, 2007. 17-б.
125. Ныязбекова К. Ғаламның медиа-бейнесін қалыптастырудағы
медиа-мәтіндердің рөлі // [http: www.rusnauka.com](http://www.rusnauka.com)
126. Ибраева Ж. Қазақстанның саяси дискурсындағы саясаткерлердің
тілдік тұлғасы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. -
2010. - №2 (32). – 32-36-б.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША А

Ассоциативті эксперимент

Қазақ тіліндегі жекелеген адамдардың жасы мен кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасып келе жатқан тілдік тұлғаның сипатын айқындау мақсатымен Алматы қаласындағы мектептер мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ассоциативті эксперимент жүргіздік.

Ассоциативті эксперименттің мақсаты – ассоциацияның құрылымындағы бейнені анықтау; бейнелі ұқсатуларды айқындау; слот не фреймдердің жандандырудағы бейненің рөлі; төменгі сыныптың оқушылары мен жоғары сынып оқушыларының бейнелі ассоциацияларын салыстыру; студент пен қалыптасқан маманның бейнелі ұқсатуларын салыстыру арқылы филогенездегі бейнені айқындау; гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен техника саласындағы мамандардың, суретші, музыкант сияқты өнер саласындағы қызметкерлер мен заң саласындағы қызметкерлердің бейнелі ассоциацияларын салыстыру арқылы әрқайсысының ерекшеліктерін анықтай отырып, оның себебін, уәжін табу.

Барлығы 819 сауалнама таратылды. Алматы қаласындағы 9 және 11-сынып оқушылары (108 сауалнама); гуманитарлық саладағы Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-гимназияның 9, 10, 11-сынып оқушылары (75 оқушы); физика-математика мектебінің оқушылары (75 оқушы); Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің студенттері (129 сауалнама); Қ.Сәтбаев университетінің студенттері (86 сауалнама); Театр және көркемсурет институтының студенттері қатысты. Ассоциативті экспериментке 8 бен 40 жас аралығындағы азаматтар мен жасөспірімдер қатысты. сауалнамаға қатысушыларға тілдік тұлғаның сипатын ашуға мүмкіндік беретін сауалнама ұсынылды. Яғни сауалнамаға қатысушыларға

- қазақ, жоңғар, орыс, неміс, еврей, қытай, өзбек;
- Қазақстан, Ресей, Қытай, Америка;
- туған жер, ауыл, қала;
- хан, президент, парламент;
- капитализм, коммунизм, комсомол, коммунист, революция, Ленин;
- дәрігер, инженер, тазалаушы, сатушы, жұмысшы;
- білім, профессор, оқытушы;
- жаңа қазақ, рәкет, жұмыссыз, қайыршы, ішімдік, нашақор;
- тағдыр, табыс, сәтсіздік, байлық, кедейшілік, бақыт, қуаныш;
- жақсылық, жамандық, өтірік, шындық, арман, махаббат, қайырымдылық;
- соғыс, бейбітшілік;

- *кітап, радио, теледидар, телефон, интернет;*
- *адалдық, адамгершілік, алдау, бақай есеп* т.с.с.сөздер берілді.

Экспериментке қатысушылар осы сөздерді естігенде ойларына не келетінін сөз, сөз тіркестері, сөйлем, графикалық белгі т.с.с. түрінде көрсетулері керек болды. Сауалнама барысында бір-бірінің ойын қайталамау үшін, бір-біріне кедергі келтірмеу үшін қатысушылар бір-бірінен алшақ отырып, өзара сөйлесуге тыйым салынды. Түсінбеген, қиналған сөздерін қалдырып кетіп отырды. Сауалнамаға қатысушылар сөздердің топтастырылуын негізге алмауы үшін аталымдар алфавит тәртібімен бірелді. Сауалнаманы толтыруға 90 минут берілді.

Алынған реакциялар зерттеу проблемаларына сәйкес өңделді: стимул сөздерді қалай қалай бейнелегеніне, яғни бейнелі *ассоциаттың* болуына, оны сөз арқылы қалай жеткізгеніне, қандай сөздерді қолданғанына мән берілді. Информанттардың жауаптары 1. заттың бейнелену деңгейі, қалай бейнелегені (фрейм, слот); 2. берілген сөзді дәл айқындап, бейнелі түрде сипаттауы; 3. бейненің сипаты: қоғамда қалыптасқан бейне не сауалнамашының өзіндік таным-түсінігі бойынша жіктелді. Зерттеу нәтижесінде онтогенездегі имидж; жас ерекшелігін; кәсіби ерекшелігін; әр кезеңдегі тілдік тұлғаның өзгешеліктерін айқындауға болады. Ол қатысушылардың интеллектуалдық деңгейін, ассоциативті схемасының гипотетикалық үлгісін көрсетеді.

Эксперимент нәтижесінде тілдік тұлғалардың бағалауыштық ерекшелігін былайша көрсетуге болады:

- бірқатар информанттар саналы түрде жіктеген (дифференциалды жіктеу: түпкі мәні – бүкіл мағынасы);
- бірқатары біртіндеп екінші, жанама номинацияны енгізген (түрлі метафоралар);
- бірқатары тілдік механизмді түсінген;
- бірқатары әлемді танып-түсінуде денотаттық ойлаудан бағалауыштық, әлеуметтік бағытқа ойысу, пән бойынша өткендеріне сүйенген;
- 35-40 жастағы информанттардың таным-түсінігі тереңдей түскен, диалектикалық тұрғыдан қабылдаған.

8-9 жастағы бала идеологиялық терминді меңгермеген, ал 12-15-тегі рефлексияшыл тұлға сөздің астарын түсінеді, қоғамда қалыптасқан пікірді ескереді. 15-17 жас аралығындағы жеткіншектерде қалыптасып келе жатқан тілдік тұлға ретінде ғаламды тануда лингвокреативті ойлаумен қатар өздерінің аялық білімі де негіз болған, көбінесе метафоралық қолданыс басым (*жоңғар – басқыншы, хан – Абылай, Әз-Тәуке, Әбілқайыр хан*, өткен заман, бұрынғы уақыт, т.б.). 20-40 жас аралығындағы кісілердің танымы бір-біріне ұқсас, нақты стандарттарға құрылған, ұлттық ділі, танымы толық қалыптасқан (*революция – аласапыран, қантөгіс, ақ пен қызыл*, т.с.с.). Яғни, тезаурус өзінің жеке сипаттамасынан гөрі модельденеді.

8-9, 10-13, 14-17, 20-40 жастағы информанттардың «Байлық», «Қайырымдылық», «Жоңғар», «Жаңа қазақ», т.б. туралы таным-түсінігі ұқсас болып шықты. 8-9 жастағы балаларда *ауыл, қала, соғыс, байлық, болашақ* сөздері біршама ассоциация тудырған. Бұл жастағы балалар байлық сөзін арман, екі қабат үй, айфон, интернет, қымбат көлік, т.с.с. Сөздермен байланыстырса, 20-40 жастағы информанттар қолдың кірі, тұрақсыз, алдау, көз жасы, т.с.с. бейнелі қолданыстармен сипаттаған. 10-11 жастағы балалар *болашақ, байлық, соғыс, профессор, Президент, хансөздерін* таратып жазған. Олардың бағалауыштық сипаттағы сөздері көбейе түскен. 10-17 жастағы жасөспірімдер *Қазақстан* сөзін еліміздің рәміздерімен (елтаңба, әнұран), *туған жер, отансөздерімен* байланыстырса, *Қытайсөзін аласа бойлы, қысық көзді, құмырсқа, кино, Джеки Чан, төбелессөздерімен, Америкасөзін шетел, доллар, Трамп, Голливуд, Бостандық ескерткішімен* байланыстырған, *еврейсөзін* алдауыш, айлакер, сараң ретінде сипаттаса, *өзбекті құрылысшы, ала шапан, би, сату, самса, тандыр*сөздерімен сабақтастырған. Ал *жақсылық, жамандық, өтірік, шындық, қайырымдылық; адалдық, адамгершілік* сөздерін дінмен, исламмен байланыстырған.

8-11 жас аралығындағы балалар *капитализм, коммунизм, комсомол, коммунист, революция, Ленин* сөздеріне ассоциация бере алмаған. Керісінше, 20-40 жас аралығындағы кісілер осы сөздерді түрліше бейнелеген. Информанттардың бір тобы бұл сөздерді (*капитализм, коммунизм, комсомол, коммунист, революция, Ленин*) жағымды құбылыс ретінде (адалдық, шынайы берілгендік, сенім, үміт, т.с.с.) сипаттаса, енді бір тобы жағымсыз тұрғыдан (алдау, өтірік, шетелдің тапсырмасы, опасыздық, отанын сату, қырып-жою, галстук, төсбелгі, жалған ақпарат, т.с.с.) сипаттаған.

Партия сөзін 8-14 жастағы жеткіншектер «НұрОтан», «ЖасОтан» партияларымен ғана байланыстырса, 30-40 жастағы кісілер «НұрОтан», «ЖасОтан» партияларымен қатар Коммунистік партиямен сабақтастырған. Бұл жерде уақыт, кезеңге байланысты партия сөзінің түрліше қабылдана бастағанын, сөздің мағыналық өрісінің кеңейіп, тарылғанын байқаймыз. «Еңбекші қазақ» газетінің әдеби тілді дамытудағы қызметі» атты диссертациялық жұмысында Б.Аралбаева: «Газет бетінде *партия, реализм, әділдік, құқық, адалдық, демократия*сөздерінің мағынасы тарылғанын байқаймыз. Олар *социалистік реализм, социалистік демократия, партияға адалдық, советтік құқық, советтік әділдік* сияқты тіркестер құрап, бір ғана мәнде, бір ғана контекске байланысты ұғынылып, тұрақты тіркес ретінде қолданылған. Олар сөздің басқаша ұғынылуына жол бермей, бір ғана мәнде ұғынылуын талап етті. «*Партия*» сөзінің бір ғана «коммунистік» деген семантикалық компоненті болуына байланысты *партия мүшесі, партия қатары, обком, райком* деген тіркестер үшін қай партияның мүшесі екені, қай партияға қатысты қолданыс екенінің қажеті де болмады. Себебі бір ғана партия болғандықтан, *партия* сөзі «коммунистік партия» деген мәнде ұғынылды. Сол сияқты *идеология* сөзінің негізгі мағынасы белгілі бір әлеуметтік топқа, саяси партияға, белгілі бір қоғамға тән көзқарастар жүйесі

болғанымен, ол тек маркстік-лениндік идеологияға, советтік идеологияға қатысты қолданылды. Сол себепті оны нақтылап, қандай идеология екенін көрсетудің қажеті болмады», – деп жазады.

Яғни XX ғасырдың 20-жылдарында *партия* сөзі бір ғана мәнде ұғынылса, бүгінгі таңда бұл сөздің мағынасы біршама кеңейгенін байқаймыз. Яғни қоғамдағы өзгерістерге байланысты, еліміз тәуелсіздік алуына байланысты пафос, логос, эгос та өзгеріп, тұлғалардың таным-түсінігі өзгеріске түскенін, сол арқылы пафос, логос, эгос тұтастығын көреміз.

8-14 жас аралығында *Президент* сөзінің бейнелі қолданысы ретінде Қазақстан (Н.Назарбаев), Ресей (Путин), Америка (Буш, Трамп, Барак Обама) Президенттері ғана аталады. Ал 20-40 жастағы информанттар олардан бөлек фирманың президенттерін де атаған.

Барлық жастағы информанттар *хан* сөзін Абылай ханмен байланыстырады, 15-25 жас аралығындағы жасөспірімдер Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Керей мен Жәнібек хандарды атаған. Бір қызығы – информанттар *хан* сөзін жағымды жағынан ғана сипаттаған, ел бірлігі үшін күрескен, үш жүздің басын қосқан, т.с.с. Хандарды үстем тап өкілдері, қанаушы тап ретінде сипаттау жоққа тән. *Революция* сөзі 8-11 жас аралығындағы балалар үшін ешқандай ассоциация тудырмаса, 12-20 жастағы жеткіншектер үшін аласапыран, билік үшін күрес, таққа таласу, патшаны құлату, коммунистер, ашаршылық сөздерімен байланыстырылған. Яғни тәуелсіздік алғаннан кейінгі елдің таным-түсінігі біржола өзгергенін көрсетеді.

Эскперименттен қоғам дамуына қарай, қоғамдағы өзгерістерге байланысты ұрпақтар арасындағы сабақтастық біртіндеп үзілетінін, әсіресе идеологияға қатысты дүниелер өткінші екенін байқаймыз. Ал имандылық, адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, т.с.с. мәңгілік құндылықтар ешқашан мәнін жоймайды.

ҚОСЫМША Ә

Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурста фотосуреттерді дәйек ретінде қолдануы

Абылай ханның хаттары туралы баян еткен мақаласында хаттардың түпнұсқа суреттерін берген:

Сурет Ә. 1 - Абылай ханның хаттары



«Тұрардың Қытайға құпия сапары» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 2019, 16 тамыз) да қайраткер бейнеленген, тақырыпқа қатысты мазмұнды суреттер келтірілген:

Сурет Ә. 2 - Тұрардың Қытайға құпия сапары



«Еңбекші қазақ» басқармасы» (Егемен Қазақстан, 2019, 17 желтоқсан) атты мақаласында журналист суреттің «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 27 қараша күнгі №272 санында жарияланғанын айта келіп, суреттің астына адамдардың аты-жөні, кімнің қандай міндет атқаратыны жайлы да ақпарат берілгенін тілге тиек етеді:

1. Редактор Тоғжанұлы Ғаббас.
2. Редактордың әдеби жәрдемшісі Дулатұлы Міржақып.
3. Басқарма хатшысы Бегалыұлы Ғани.
4. Партия жұмысы бөлімін басқарушы Айсарыұлы Әбдірахман.
5. «Еңбекші қазақтың» оқшау сөз жазушы Майлыұлы Бейімбет.
6. Ел хаттарын басқарушы Сегізбайұлы Аманғали.
7. Кеңес құрылысы бөлімін басқарушы Ахметұлы Ілияс.
8. Шаруа бөлімін басқарушы Ешмұқаметұлы Мерғали.
9. Телеграм хабарларын басқарушы Жүсіпұлы Сапа.
10. Ретушер Дәулетбайұлы Мәжит.
11. Әдеби бұйраның хатшысы Ағайдарұлы Абдулла.
12. Зерттеу бұйрасының хатшысы Елшібекұлы Ахмет.
13. Түнгі редактор Илаұлы Әбіл.
14. Басқарма қызметкері Қожахметұлы Шияп.

Сурет Ә. 3 – «Еңбекші қазақ» басқармасы



Суретте қызметкерлердің аты-жөні лауазымдық міндетіне қарай жазылғанын ескерте келіп, зерттеуші Тілекқабыл Боранғалиұлының еңбектерін пайдалана отырып, адамдарды отырған ретіне қарай атайды. Әрине, мұндай дәйектер тарихшы ғалымдар үшін де, жалпы көпшілік үшін де өте маңызды.

«Жазықсыз жазаланған журналистер» (Егемен Қазақстан, 2019, 21 қараша) атты мақаласында 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің Қызылордадан Алматыға көшіп келген ұжымы бейнеленген сурет берілген:

Сурет Ә. 5 - Жазықсыз жазаланған журналистер



Суретте 1937-1938 жылдары жазықсыз жазаға ұшырап атылған азаматтардың бет-әлпеті сызылып тасталғанын да айтады.

Мұндай суреттер ең мықты дәйек болумен қатар оқырманына көп мағлұмат беретіні түсінікті. Әрі журналистің сөзі дәйекті, шынайы екенін де білдіреді.